



И. Давыдов

КӘКІМБЕК САЛЫҚОВ

Ш Ы Ғ А Р М А Л А Р Ы

Жетінші том

ТУҒАН ЕЛ ҚҰШАҒЫНДА

Өлеңдер мен поэмалар



“Фолиант” баспасы
Астана - 2009

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-5

С 18

С 18 Салықов К.

Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2009.

Т. 7. Туған ел құшағында. *Өлеңдер мен поэмалар.* – 360 бет.

ISBN 9965-35-738-2

Көрнекті ақын Кәкімбек Салықовтың көптомдық шығармалар жинағының жетінші томы болып табылатын бұл жыр кітабы «Туған ел құшағында» деп аталды. Лирикалық әсерлі өлеңдер мен әдемі әзілдер, сыртқы сұлулығы мен ішкі мазмұны сай поэмалар талғампаз оқырман көңілінен шығады деп сенеміз.

Кітап көпшілік өлеңсүйер қауымға арналған.

48838

С 4702250202
00 (05) 09

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-35-738-2 (Т. 7)

ISBN 9965-35-115-5

© Салықов К., 2009

© «Фолиант» баспасы, 2009

ЕКІ ПОЭМАНЫ ОҚЫҒАНДА

Алдымда республикалық мерзімді екі басылымда жарық көрген екі поэма жатыр. Екеуінің де аты ұқсас әрі авторы бір акын.

Бірінші поэма – «Кенесарының соңғы сөзі» («Жас Алаш», 23 мамыр, 1993 жыл), екіншісі – «Үкілі Ыбырайдың абактыда қалған сөзі» («Халық кеңесі», 4 қыркүйек, 1993 жыл). Авторы – Кәкімбек Салықов.

*Тәңірінің түспей қоймас құлы сынға,
Досым да, көзден ұшты тусым да.
Ақыры арыз-назым елге жетсін,
Қалғанша сұм қара жер уысында...*

Бұл – Кенесары Қасымұлының бірінші толғанысы. Осылайша басталатын поэма одан әрі Кенесары және оның аруағы атынан сыр шертеді. Тарихи белгілі жайлар болса да, акын сол бір кезеңнің ел басына түскен ауыр зардаптарын, халқының қайғы-қасиетін поэтикалық тілмен тартымды да татымды етіп өрмекше өріп кетеді.

Орыс отаршыларының қазақ жеріне жағалай камал-қорған сала бастағанынан қауіптенген Кенесары «осының артында бір сойқанның немесе ойранның жатқанын» сезе біледі. Ол – орыстардың қазақ даласына қоныстану саясаты. Кененің ендігі жоспары – соған қарсы халықты көтеру болды. Бірақ елдің басын құрау Кенесары үшін оңайлыққа түспегенін тарихты оқыған әрбір қазақ зиялысы білуге тиіс. Әйтпесе, ашынған хан Кене:

*Не керек, жан қысылса, жауға бармай,
Сайландым тар қыспаққа шыдай алмай.
Тыңдамай сұңғыланы мизғұлалар,
Қор болдым елдің басын құрай алмай, –*

демес еді ғой.

Міне, осындай қайсыбір «миғұлалардың» өзіне ермегеніне күйінген Кене енді бірде Абылай хан дүниеден өткен соң қалың қазақтың ел болып, бел буып бірікпегеніне қатты ашынады. Ашынады да, «опық жеген қазақ халқын ақ патшаның қорлығынан босатуға» бел буады. Сөйткен Кене қырғыздардан көмек сұрайын деп жүріп, отаршылар мен сатқын манаптардың қол бөгеуі нәтижесінде кенет дау-дамайға кезігеді. Сонда да болса ол өз халқы үшін құрбан болуға басын тіккен ол өзі өлсе де, рухы тірі қалып, дұшпанына үрей туғызарына бек сенеді:

*Тартынба, кел, Қалиғұл, кес басымды,
Көрмесін тірі пенде көз жасымды.
Жүрегім аттай тулап, шоқтай сөнер,
Денемде балқытайын қорғасынды...*

*Ескердім қазақ-қырғыз – өлке жайын,
Сол үшін кес басымды, желке дайын.
Мен үшін көп ақша мен алтын атап,
Береді жез жалатқан сөлкебайын, –*

дейді.

Одан әрі қаһарын қанжарға жаныған хан Кене манаптардың әзәзілге еріп кеткенінен сескенсе де, Қалиғұл сияқтыларға үрей туғыза: «Өзің де бұл фәниде көп жүрмессің, жұмылмай екі көзің зәрең кетіп», «Аруақ тым алысқа жібермейді» деп өктемдікпен үн қатады. Ақын бұл арада Кенесарының қайсарлығын ұрпаққа ұран етіп отырғандай әсер қалдырады.

*Жерді алып, орыс асса кемелінен,
Жасқанбай қарсы шыққан Кенемін мен.
Есімім маздақ болып жанар әлі,
Жарқ етіп ілкім сәтте сөне білген! –*

деуі оның өз туған халқы алдындағы парызын ту етіп ұстаған батыл да батыр, қаһарман, ержүрек адам екенінен хабар бергендей. Кенесарының: «Адаммын, ал табиғат, құшағыңа, Батыр боп жер бетіне сыймай барам» деуінде де елім деп еңіреп туған ердің ерлігі мен өжеттігі жатқандай. Поэманың бұл тарауында сондай-ақ қазақ-

қырғыз достығының ыдырауы, жалпы түркі тектес халықтардың басы бірікпесе, түбінде ел болып қалыптасудың қиындығы шебер уағыздалады. Хан Кененің: «Не дейін, есен-аман көрем деуші едім, Бауырлас қазақ-қырғыз достасқанын» деп өкініш білдіруі осының куәсі. Және осы бөлімде Науанның өлтірілуі, Ағыбайдың аман қалуы қысқаша болса да көрініс береді.

Ал екінші толғаныс түгелдей Кенесарының өз асыл достарына, батырлары мен билеріне, сарбаздары мен құрбы-құрдастарына, ақсақалдары мен Ағыбай-Науанға айтқан ақырғы аманатымен аяқталады.

Ақын Кәкімбек Салыков Кенесары Қасымұлының монологын оның өз аузымен баяндап, авторды араластырмастан шебер де мағыналы түрде жеткізе білген. Бәлкім, Кененің орнына ақынның өзі сөйлеп кетсе, жалаң баяндау, жалпылама суреттеу, сырттай қызықтау болып шығар ма еді, қайтер еді?

Енді екінші поэма – «Үкілі Ыбырайдың абақтыда қалған сөзіне» құлақ түріңіз. Мұнда автордың шағын ғана кіріспе және соңғы сөзі бар.

*Көп болса ел есінен жаңылған күн,
Үн берді қара жерге қазылған мұң.
«Жау» деген лақап өшті, асқар таусың,
Халқымның данасы боп қабылдандың!*

Автордың бұл айтып отырғаны – бір кезде ГПУ-лар «халық жауы» деп ұстап әкеткен жетпіс жастағы шал – Үкілі Ыбырайдың нақ өзі. Ақын сол бір тар кезеңге қысқаша сипаттама бере түседі де, Ыбырайдың ақталғанын айта келе, ендігі кезегін кейіпкеріне ұсынады:

*...Табылып сылтау сыныққа,
Жазықсыз түстім құрыққа.
Бір сәлем жазып кетейін,
«Айналайын» ұлыққа.
Өлең сөздің қорындай,
Қолтықта, пірім Орынбай!
Қабырғасын түрменің
Ақ қағаз етіп қорынбай...*

Үкілі Ыбырайға тағылған айып – оның сол тұстағы шындықты ашып айтқаны. Автордың дерегіне қарағанда, Ыбырайды тұтқындауға себеп болған нәрсе бір-ақ шумақ өлең жолы сияқты:

*Қыс келсе қадірі өтер өткен жаздың,
Әр ісі паш келеді өнерпаздың...
Шөл жайлап, томар қонған күні құрсын,
Болмаса көл саясы қоңыр қаздың!*

ГПУ-дағылар мұны Ыбырайдың ғашығына айтқан назы деп ұқпай, керісінше, бұл «саясатқа қарсы, колхоз құрылысына қарсы жазылған өлең» деп теріс ұққан да, шалды қамауға алған. Сол атақты «Гэкку» әнінің авторы атанған Ыбырай түрмеде атылған...

Поэмада Үкілі Ыбырайдың түрмеде бастан кешкен тауқыметі мен азабы, сол «Гэкку» әнінің кейінгі ұрпаққа әнұран секілді тарап кеткені, кезінде бұлбұл атанған Күләштің әлемге таратқаны, қазір оның өзге әндерін Қайрат пен Қапаш орындап жүргені, сайып келгенде, ақын рухының тірі, ел аузында жүргені әдемі көрініс танытады. Қысқасы, бұл поэма да оқырманға ұлағат боларлық, тағлым берерлік, өнер адамы, шығармашылық адамы жөнінде айтар айшықты ойы бар сәтті дүние.

*Мақсұт Неталиев,
ақын*



*Бірінші
бөлім*

ӨЛЕҢДЕР

ӨТТІ ҒАСЫР

Өтті ғасыр...

Атомшыл заманды алып,
Бітті Одақтың ғұмыры тәмамдалып.
Өтті Семей сілкініп «полигонын»,
Көп мақта үшін әкеті Аралды алып.

Жұт пен соғыс қабаттап арандадық,
Сансыз шаңырақ құрыды қараң калып.
Отыз екінші жыл жұтса,
Соғыс келіп
Батыс жаққа жаутандап алаңдадық.

Ел тозғанда талықсып Жеңіс келді,
Мимырт етті
«Мұртты шал» немістерді.
Қара қағаз ауылымды қамықтырды,
Бітеу жара тым баяу тегістелді.

Ақ ешкі мен ақ сиыр конар бағы,
Анамның да тұрмысы оңалмады.
Көршіміздің оралса бәрі түгел,
Біздің үйге үш арыс оралмады.

Өтті ғасыр...

Иншалла, танытты елді,
Қазак деген атымды алып берді.
Құдай оңдап,
Ақыры қайран елім,
Егемендік қызығын анық көрді.

Осы еді ғой
Ұраны Абылайдың,
Көш түзедік,
Ел болып құрдық айбын.
Есен қалдық тарихта
Өліп-талып,
Тамшы жаска жиналды күллі қайғым.

Төрге әкелдік
Зар шеккен барды ақтарып,
Мағжан аға оралды ардақталып.
Сәкен, Ілияс, Бейімбет қайта туды,
Алты алаштың дұрыстап тармақтадық.

Өтті ғасыр...
Алсыншы өмір демін,
Дербестігім таркатты көңіл шерін.
Бірақ, шіркін,
Біле алмай елеңдеймін,
Үкілі Ыбырай қай жерге көмілгенін.

Аян болды
Ар үшін алысқандар,
Орнын тапты Ахметтей абыз жандар.
Кешегіге кешірім еткізбейді,
Шәкәрімдей құдыктан табылғандар.

Өтті ғасыр...
Толқимын қаламды алып,
Мұң мен шерге кетіппін маманданып.
Қос ғасырдың куәсі атанамыз,
Осы күнге жеткендер аман қалып.

Селк еткізіп шақырса сезім өлең,
Көргенім көп осы екі көзімменен.
Ескі ғасыр сақтайық жақсылығын,
Жамандығы кетсінші өзімнен.

01.01.2000

ӘРІ СӘЛЕМ, ӘРІ АЛҒЫС

Ассалаумағалейкум! Көкшем менің!
Сексен қыз – қарсы алғанда сексен көлің
Желпінтіп аппақ шашын бас иеді,
Баяғы өз қолыңда өскен төлің.

Армысын, бауыр, туыс көкшеліктер,
Жарасты эн-күй артқан көш-көлікпен.
Көргенде өздерінді көңіл тасып,
Кеттім ғой әудем сәтте өзгеріп мен.

Бой жазса туған жерде қайран дарын,
Жалғасың Жезқазғанда арман-жалын.
Жезкиік Сарыарқада жүйткіп жүрсе,
Өзге емес, ол «Гәккуден» қалған сарын.

Құрбылар алса кірпік құрығына,
Көрінбес тәтті мезет бірі күнә.
Мөп-мөлдір жанарлары бой балқытты,
Махаббат шомылғандай тұнығына.

Белгілі бар биігім шалқып жеткен,
Сендерсің сұлу сазды қарқынды еткен.
Сағыныш сарқылмаған бар сырымды
Айтады асқақ әнім «Аққу жеткен».

Шақырып шалқар шабыт ерке күнге,
Қырандай тау бөктерлеп кетемін бе?!
Тел өскен тентектермен қыз соңында,
Сырымбет жүргендеймін етегінде.

Көз салған Есілге де, Ертіске де,
Жүрегін кей досымның желсіз деме.
Быр тықыр тақалғандай бәрімізге,
Нығметжан келіп қалды жетпіске де.

Төгілтсем талай арнау жыр бұлағын,
Аңсаушы ем мектептестер нұр жұмағын,
Жасында жүрек өртеп,
Ынтық еткен,
Қалыпты әже болып құрбыларым.

Не дейін...
Баршаңызды құттықтаймын,

Сәлемге тап осындай күтті сай күн,
Немере-шөберелі болыңыздар,
Шау тартып арасында құлын-тайдың.

Бәріңе ыстық сәлем үйгім келді,
Сыр айтып ақ тұмардай түйдім белгі.
Меруерт, Зина, Әгір, Зейнікеш-ау,
Тап қазір беттеріңнен сүйгім келді.

Армысың, жеңешелер, ағаларым,
Сендердің маған жүлде бағаларың.
Асықпай әр шаңыраққа тәжім етіп,
Келіп тұр армансыз бір аралағым.

Дос-жаран, зиялы топ алқа толған,
Сендердің маған сүйеу арқа болған.
Жетпіске тақағанда бір сілкініп,
Бұлбұлдай түлеп тұрмын баққа конған.

Жол тартып арнасам да неше күнді,
Шығардым қажу білмес еселі үнді.
Тілектес елі-жұртым есен болса,
Жүзге де байқап қалдым жетерімді.

Не бітер қуанышта қызбағанға,
Қыс тақап, қол сілтеп тұр күз маған да.
Сіздерден бұрынырақ кім іздесін,
Бас ауырып, балтырым сыздағанда?

Бірі сал, бірі сері, бірі керім,
Мың алғыс алыңыздар, інілерім.
Әндеткен сандуғаштай қарындастар,
Пәк жүрек лүпілімен бірігемін.

Маған деп сайлап Көкше күйлі алаңын,
Әндетіп бүкілелді жинағаның –
Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай
Аруаған сол ғой мәңгі сыйлағаның.

Жан сыры жырға оранса кесектеліп,
Толкыдым ақ жарылар кезек келіп,
Тап осы кездесуді айтарсыздар,
Кетті деп алдымызда есеп беріп.

07.06.2000.

Көкшетау

КӨГІЛДІР ӨЛКЕМ КӨКШЕТАУ

Көгілдір мұнар жамылған,
Жаралған көк ніл ағыннан,
Есімің, Көкше, ертегі.
Гауһардай көкшіл жайнаған,
Көлдерің көзді байлаған,
Сексені бірдей сал-сері.

Есігін жұмақ күзеткен,
Оқжетпес бойын түзеткен,
Көк ала таудай желкілдеп.
Жұмбақтас төсін аялап,
Айнала тауды саялап,
Бурабай жатыр мөлттілдеп.

Аққу-қаз шыкса айданға,
Басылар дерт пен қайғың да
Саңкылдап «Гәкку» жеткесін.
Біржан мен Ақан орнатты,
Үкілі Ыбырай қолдатты
Көкшеде әннің Меккесін.

Қарағай, қайың аралас,
Көк терек, шырша паналас
Орманда марал адасқан.
Жаһанда жердің төресі,
Абылай конған жер осы
Хандық пен салдық жарасқан.

Көгілдір тұмар тамсантақан,
Жұпарлы ауаң аңсатқан.
Көкшетау, саған құмармын.
Бір күні ажал қызығып,
Ғұмырым кетсе үзіліп,
Көгеріп қайта шығармын.

10.04.2000.

Көкшетау – Алматы

КӨКШЕДЕГІ КӨРІНІС

Көкшетау жер сұлуы жалғандағы,
Ауасы жанға жайлы зәмзәм дәрі.
Жадырап жаз келгенде балбырап тұр,
Желкілдеп ақ күмістей қаудандары.

Ажары аппақ гүлдің арайланған,
Баяғы сен секілді қарай қалған.
Қарағай, қайың, терек коршаулаған
Тамаша сал табиғат сарай салған.

Қыз-алаң орман шетін гүлдендірген,
Түрлі түс тіл жетпестей біздер білген.
Жәудір көк, сал қырмызы, мөлдір сары,
Бояулар талдың басын түрлендірген.

Ақ қайың ақ балтыры аппағын-ай,
Керегін екі көздің тапқанын-ай!
Жарылып жалғыз жүрек кетер ме екен,
Қол созған ақ білектен сақта, Құдай.

Төгілсе ыстық кайнар сезім селі,
Шыдатты сыр білдірмес төзім мені.
Ақ қайың елестетті ақ төсінді,
Сенің жас, жүрегің мас кезіндегі.

Сан қызық тамсандырған толып жатыр,
Жас елік елең қағып колымда тұр.

Білгендей ауыл жаққа мен келгенін,
Аккулар айна көлге қонып жатыр.

Арулар жайлағандай кең көшені,
Аккулар жүрек шетін емдеседі.
Толқыма, тентек жүрек, шыда деймін,
Алдыңда биші қыздар кездеседі.

06.06.2000.

Қарағанды – Көкшетау

БУРАБАЙ ТАҢЫ

Бурабай көліне мен ғашықтандым,
Қызықтым сәулесіне ашық таңның.
Сұлулық базарына қоңсы қондым,
Жанталас артта қалды асыққан күн.

Жан анам келбетіндей саябырлы,
Жарығын күн де маған жая білді.
Ну орман, күміс көлді мейірленіп,
Менімен бірге құшар сая кірді.

Келемін жағалауға шығыс жақтан,
Жапырақ желбірейді дыбыс баққан.
Басында әр бұтаның өз құсы бар,
Өзінше ұя басып ырыс тапқан.

Ақ айдын күн билейді жарқынында,
Балайсың құдіретке жарқылын да.
Көл шеті ашық жатқан жас арудай,
Таза ауа таңертеңгі салқынында.

Күрсінген көк шыршаның өңі қандай,
Ақ елік үркіп кетті шөлі қанбай.
Мөлт еткен жанарына карап қалдым,
Селк етпей, үн шығармай өлі жандай.

Үйректер саскалақтап ізін бағып,
Барады суға әшекей сызық салып.
Аккулар аландамай сүйіседі,
Қарайсың ой бұзылып қызып-жанып.

Береді бұдан артық тынысты кім,
Табиғат оң қабағы дұрыс бүгін.
Баяғы бала күндей елтіп тұрмын,
Құшақтап туған жердің тыныштығын.

07.08.2000.

Бурабай

СӘСКЕДЕГІ БУРАБАЙ

Көл шеті қызық сәскеде,
Хан базарға ұқсайды.
Жиналып қалған халық бар,
Қызуы қаркын ұштайды.

Өзді-өзі әуре көпшілік,
Су кешіп серуен құрумен.
Жасайсың сен де көршілік,
Саяда жақсы сұлумен.

Арулар жатыр құмдақта,
Төсінде алма тепсініп.
Мұршаң жоқ көзді бұрмаққа,
Қыскандай ептеп ерсілік.

Көргенім көзден ұшады,
Қырымға барып жасымда.
Аяқты бүгін тұсады,
Үш немерем қасымда.

Бір шал жатыр көсіліп,
Менен де егде өң-түрі.
Қарайды маған тесіліп,
Ажары жап-жас кемпірі.

Қонғандай қолға бала құр,
Көл жакқа қарап балбырап.
Бір кішкентай бала жүр,
Насыбайы салбырап.

Кел менімен жүр десем,
Құшағын жайды ата деп.
Папаңның аты кім десем,
Жауап берді папа деп.

Шомылып мәз боп күледі,
Толқыған судан шошынбай.
Алладан Мәриям тіледі:
«Шөбере бер, – деп, – осындай».

07.08.2000.

Бурабай

* * *

Шаңқай түсте Бурабай,
Күлімдеп қана жатады.
Қызыққа қанып бірталай,
Рахатқа жаның батады.

Көл шеті торғын ну орман,
Аумайды төсі айнадан.
Айнала таулар нұр қонған,
Анталап көзді байлаған.

Ақ ботасын тоғытқан,
Ақ інгендей бәйбішем;
Немеремді шомылтқан,
Қызыққа көзбен дәл түсем.

Қақ төбеден нұр шуак
Қызуы қаулап түсіп тұр.
Қалың жұрт суда жүр шұбап,
Жұпарлы ауа ысып тұр.

Құмқайрақ, су да жып-жылы,
Алтын мен күміс жарқырап.
Естілмей нәзік сыбдыры,
Көлге кеп түсті жапырақ.

Үңіліп ауған назары,
Қайыңға көңілім сенуде.
Жағаға қарап жанары,
Жапырағым жүр ғой менің де.

Жапырақты судан шығарып,
Ақ балтыр қойдым қасына.
Ақ қайың күлсе құп алып,
Қараймын көлге асыға.

Ойландым сырын ұққанша,
Қайыңда бар ғой ет жүрек.
Немерем судан шыққанша,
Өзім де тұрдым елжіреп.

09.08.2000.
Бурабай

* * *

Жадымнан шықпас ешқашан,
Сәтті күн отты түйірі.
Шақырып шабыт толқытар,
Жезкиік жонда үйірі.

Сыр төксем құстар шулаған,
Айданды шалқар көлдеймін.
Бір ауыз өлең тумаған
Күндерде құмды шөлдеймін.

Таудағы ұшан судаймын,
Дүркіреп аққан сарқырап.
Мезетін сәттің бұлдаймын,
Туғандай айым жарқырап.

Тағдырмен жүрсем алысып,
Өмірден күтіп дұрыстық.
Шаттық пен қайғым жарысып,
Бермейді бір сәт тыныштық.

08.05.2000.

Бурабай

* * *

Тау ішінде тауды жырлап өтемін,
Көл шетінде құсқа құрмет етемін.
Қырға шықсам, қызыл ішік киген қыз,
Жырлай-жырлай өзіңді іздеп өтемін.

Жаршысымын туып-өскен даланың,
Акку-қазға сәлем айтар бар әнім.
Сұлу көрсе бір сүймеуге хақым жоқ,
Жүдеп тұрмай, жүрек тілін аламын.

12.08.2000

* * *

Бурыл тартқан шашына біреу күйінсе,
Ішіме сыймай мырс етіп күлкім жеңеді.
Ақ шашыма қызығып біреу сүйінсе,
Жаныма рахат, бой жазар жылу енеді.

Шашымда менің жылтыраған кара жоқ,
Секілдімін көп жылқыда дара көк.
Жас келіншек сәлемдессе ата деп,
Бойым қызып, жүрегімде жанады өрт.

Мың толғанып,
Шомылсам ойға жай тауып,
Егделік, шіркін, қалыпсың ғой байқалып.

Жасару жок,
Жүзге карай аяңдап,
Жұбанамын өлеңмен кару кайтарып.

08.08.2000.

Бурабай

* * *

Біреулер жүр еліктіріп хандарды,
Оны халық ішіне түйіп аңғарды.
Депутат жүр елпелектеп соларға,
Қолпаштаумен үкімет тапқан заңдарды.

Кім әкетті қанша бұйым мүлікті?
Кім құртты миллиондаған түлікті?
Барша халық ішіне тұнған жанартау,
Қыздырып тұр іштегі үлкен күдікті.

09.08.2000.

Бурабай

* * *

Сүйемін, Көкше, сыйлағыш рахат салтыңды,
Тебіреніп кетсем, төгіліп өлең, ән туды.
Құшаққа алып екі беттен өпкендей,
Ниетің таза, мейірімің неткен тартымды?!

Сексен көлде жаз бойы құстар тойлаған,
Қаңқыл да саңқыл базары қайтты ойнаған.
Күз келсе де маңайдың бәрі тамаша,
Сыңар аққу, қарашы, нені ойлаған?..

Ақ қайың ғажап, аумаиды таныс арудан,
Желпініп қарап болады мұңға салынған.
Қоштасарда ақ білегін кең жайып,
Сездірмейді жүрегін қаққа жарылған.

Сыйлаймын, Көкше, күз келсе қоңыр салқынды,
Сеземін сергек бойымда жаңа қарқынды.
Қысың да жақсы аязды аппақ қарымен,
Бақыт деп білем өзінде өткен әр күнді.

09.08.2000.

Бурабай

ҚАЙДАСЫҢДАР?

Тәңірі-қыздар! Қайдасыңдар?

Не болды?

А.С. Пушкин

Қыз тәңірі, беу, құрбылар,
Қайдасыңдар? Не халде?
Бір көруге қылдыңдар зар,
Жол тоғыспай әуелде.

Сау ма көрік, жанарларың,
Жарқ еткенде жан алған?
Жетпей қойды хабарларың,
Жанға рахат саналған.

Қандай екен тұлғаларың,
Ерке сылқым еліктей.
Бұрса тағдыр шын назарын,
Көрер едім зерікпей.

Шыдау кайда жігерленбей,
Қалсам, шіркін, бір көріп.
Айырбастап жібергендей,
Кеттіндер мен өзгеріп?

Балдырған қыз өңдерінді,
Жадымда есен сақтадым.
Өлең етіп өздерінді,
Ақ тілекті ақтадым.

Жүрген күндер түсер көзге,
Тай-құлындай желіде.
Болғам жок кой мүлдем өзге,
Танырсыңдар мен де.

Көктем де өтті балбырап,
Жадырап жаз да қоштасты.
Қалжырап қайтем абдырап,
Алтын күз берік достасты.

Көп өзгердім мен жырақта,
Шашым аппақ құдаймын.
Кездесе қалсаң бірақ та,
Бір сүйіспей тұрмаймын.

10.08.2000
Бурабай

СӨКПЕЙ ӨТЕМ ДОСЫМДЫ

Тарта-тарта шылымды,
Құмарымды кандырдым.
Алсын ол да тынымды,
Бурабайда қалдырдым.

Тарттым Кремль төрінде,
Көк будакқа мұң артып.
Тарттым қазақ өрінде,
Жезкиікке құмартып.

Өзінде бір дәру бар,
Алға басар ісің де.
Қалды талай арулар,
Көк түтіннің ішінде.

Қылмың қакса қыз-шабыт,
Шектім шылым ащысын.
Таттым қымбат пұл тауып,
Сигареттің тапшысын.

Біреу мүмкін сөгер де,
Тастадың деп кешірек.
Білмеген жан сенер ме,
Қоштасып ем бес рет.

Тарттым ойлы ақ таңда,
Келсе мұңға салар күн.
Біреу шылым тартқанда,
Бәрін де еске алармын.

Өмір кейде мұндасып,
Ащыны да татқызды.
Үйір болған сырласып,
Тәттіні де татқызды.

Соғыс жылдар тым ерте,
Дертті күнде қосылды.
Тұжырым жасап тым келте
Сөкпей өтем досымды.

*12.08.2000.
Бурабай*

КӨКШЕТАУДЫҢ ҚАЛАСЫ

Көкшетаудың қаласы мен даласы,
Қопа көлдің құмқайрақты жағасы...
Бала күнде талай асыр салған жер
Шабыт қозғап жібергенін қарашы.

Қасқыр көріп бұға қалған баладай,
Бұкпа жатыр жан-жағына қарамай.
Беу, ескі дос!
Көтер десем басыңды,
Міз бакпайды жалт қарауға жарамай.

Жетіжылдық ер балалар мектебін,
Тәмамдап ем,
Тентек етіп ерке күн.

Төбелессіз өтпеуші еді үзіліс,
Әр сағатты еске алып сыр шертемін.

Әне, шулы Шағалалы өзені,
Қандай ғажап...
Жар түбінде кезеңі.
Жалаңаяқ ізім жатыр құмдақта,
Дәл көрсетіп балық үйір межені.

Қара мойыл жарқ еткенде жанары,
Шыдай алмас тірі көкірек саналы.
Суға келген
Көрші қызы телміріп,
Қармақтағы ақмарқаға қарады.

Егделік пен ерке күннің арасы,
Алыс екен көрінбестей шамасы.
Осынау қызды
Тым ертерек ұзатқан,
Ол да сенсің, Көкшетаудың қаласы.

*15.08.2000.
Бурабай*

КӨЛ ШЕТІНДЕ КЕШҚҰРЫМ

Бурабайдың кеші – тәңірім құрметі,
Естен кетпес таңғажайып суреті.
Келіншектей көк шымылдық ішінен,
Тау басынан сығалайды күн шеті.

Шығыс жаққа жарық молдау тұр түсіп,
Бұлттар өтті Оқжетпесті бір құшып.
Айдындағы саңқылдады аккумулятор-қаз,
Кетер ме екен ақша бұлтпен бірге ұшып?..

Барша жанға рахат, ләззат тіледім,
Жоғалтпадым көп аккумулятордың легін.
Бурабайға алғыс айттым ішімнен,
Баурайынан ләззат алды жүрегім.

Жар салғандай коштасуға шақырып,
Судан балық шоршып шықты атылып.
Тыңдай қалды жағадағы бар адам,
Құстар әні мұңлы әуенге батырып.

Айдын қалды беті ашылып, жаңарып,
Мен балқыдым әкестердей ән алып.
Әудем сәтте құстар кетті алыстап,
Көп ойлантты дүние қайта жаралып.

Орнағандай әлдеқалай таршылық,
Жаутаң қақты жағадағы талшыбық.
Орман, таулар ойға түсіп мүлгіді,
Жан-жақтағы тыныштыққа малшынып.

Көңіл бастым ауылдасқа жолығып,
Қиял қостым бар сырымды ол ұғып.
Мыж-мыж болған дәу тастардың қасында,
Құж-құж қайнап жатты адамдыр шомылып.

Біздер тұрдық келер күнді сөз қылып,
Ұмыт болды-ау көңілдегі өзге үміт.
Қып-қызыл боп соңғы алтын шапағы,
Күн де батты жақсы адамдай көз жұмып.

11.08.2000.

Бурабай

КӨКШЕДЕГІ КЕЗДЕСУ

Көкшетау қарсы алғанда ән-күйменен,
Пәк сезім қандай ғажап жан билеген?!
Туған жер сый-құрметін көріп қайттым,
Анамдай ақ бесікте әлдилеген.

Қарсы алды інілерім, ағаларым,
Әр әннен есті құштар самал ағын.
Аккудай қарындастар «Гәккулетсе»,
Қыз-шабыт жан талабын жаңаладым.

Күрсінткен өмір жүгі, қайда қалдың?
Сол кеште ауылым қонған айға бардым.
Желбіреп аппак шашым жыр оқысам,
Қайтадан қайрат-жігер қайрап алдым.

Інілер әнімді айтса гитарлатып,
Домбыра бұлт аунатты ырғай шалқып.
Оркестр сексен көлді мың толқытса,
Бой жаздым сағынышты бір таркатып.

Қалқаның болып жүрген көркі қайғы,
Иран сал шырқап салды «Бөркің-айды».
Толқыса «Ақ тырналар», «Аққу жеткен»,
Шыбын жан қалай ғана толқымайды?!

Кездестім бірге оқыған дос-жаранмен,
Сахнадан жыр арнадым, оспақ әнмен.
Бетінен Зейнікештің бір сүйгенде,
Балқыдым бал тосқандай тостағанмен.

Ашылса мектептестің кең жүрегі,
Көрінді тіл катысқан ем тілегі.
Жанары баяғыдай жарқ еткенде,
Мен түгіл бәйбішем де елжіреді.

Құттықтап жыр төгілткен талабымды,
Нығметжан татымды сөз таба білді.
Мың рет шақырсаң да қайтып келмес,
Еріксіз елестетті бала күнді.

Туған ел, сен шақырсаң самғап жеттім,
Бір кешті сан жылға азық, ардақты еттің.
Қайтадан көріскенше күн жақсы деп,
Мың алғыс бәріңізге арнап кеттім.

07.06.2000.

Көкшетау

ҚЫЗЫЛЖАР

Ақ қайың ел жайдары,
Сарыарка алтын айдары.
Абылай қонған бел-белес,
Қазақтың ғажап аймағы,
Серілер туған ғұрпыңнан
Көркіңе терең сыр тұнған,
«Гауһартас» сенсің құлпырған
Қыраны елдің Қызылжар,
Жұмағы жердің Қызылжар.

Орман, көл толы айналаң,
«Гэкулі» өлкем жайнаған.
Тотылар тоқсан сайраған,
Інжу мен маржан байлаған.
Мағжандай қайсар жаралған
Ұлдары арыс сан алуан,
Атадан мирас нәр алған
Қыраны елдің Қызылжар,
Жұмағы жердің Қызылжар.

Жауқазын туған үлбіреп,
Гүлден де сұлу гүлдірек.
Ұлпанға тартқан ұлтжанды,
Қыздары шымқай Қыз Жібек.
Есілдей көпшіл тілегі,
Бірліктің берік тірегі,
Достықтың туы – жүрегі
Қыраны елдің Қызылжар,
Жұмағы жердің Қызылжар.

26.02.2003.

Астана

* * *

Бұлт сүйіп тұр Көкшетаудың төбесін,
Бір қарап қал, қызық сурет көресің.
Еміп жатқан елестейді ақ бота,
Ақша бұлттар арасында енесін.

Тірі құбылыс бұлт шөккен тау мұнары,
Ғаламатқа қанады адам құмары.
Буырқанды Ақ бура тау сілкініп,
Қол жеткізбей аспандағы сыңары.

Көшкен бұлттар кете барды желбіреп,
Қала берді көгілдір тау мөлдіреп.
Кербез Көкше көк шымылдық жамылды,
Анасымен қоштасқандай елжіреп.

Жалғастырып табиғат пен адамды,
Сан толғаныс тербетеді сананды.
Ақ шудаға қарай бердім мен-дағы,
Бұлт ішінен көргендей өз анамды.

06.06.2000.

Көкшетау

КӨКШЕТАУ ТЕАТР АШҚАНДА

Ассалаумағалейкум, Көкшетауым!
Елге құт, маған бақыт есен-сауың.
Қуаныш құтты болсын театр ашқан,
Өнерге орда құрдың, өсер қауым!

Қазақтың сал-серілік бас қаласы,
Атандық ақындықтың астанасы.
Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай,
Құт дарып шоғырланды бастамасы.

Жүрекке жүлде байлар таптың дәрі,
Елге аян Мағжан, Сәкен сақ тындары.
Дүбірі Құлагердің естілгендей,
Саңкылдар сексен көлдің аккумуляры.

Асып тұр арнасынан дария-өлең,
Мақтанам жан толқытар жаңа ұямен.
Сәнді етіп сахнаға талай шығар,
Әндетіп Балуан Шолақ Ғалиямен.

Сал Көкше нұры жанса театрланып,
Жақандай тебіренбесін ақын неғып?!
Нар жүгін тік көтерген қан майданда,
Дәл бүгін бір сілкінер батыр Мәлік.

Шаттанса ақын жүрек ұшады екен,
Құлшынды ел аңсаған құса мекен.
Тап бүгін қатты ұйқыдан аунап түсер,
Ақтұйғын ағаларым Мұса, Көкен.

Театр «Абылайлап» ағындатсын,
Жөптердей Шокан атам бабын тапсын.
Қазақтың жаңа ашылған өнер көші,
Толқытып Сарыарқаны дабыл қақсын!

Ер Көкше! Таңғажайып жаңаландың,
Кең сарай аштың төрін жаңа алаңның.
Сахна саңлақтары, самға, заула,
Аруағы жебеп жүрсін даналардың!

*31.01.2004.
Көкшетау*

АЛЬБОМҒА

Қызықты күнді жоғалтып,
Жаныңды қайғы басқанда,
Қабыл ал, жырым, оңалтып,
Көңілдің бұлтын ашқанда.

Кітапты ашып төрінде,
Әр сөзден кеңес сұрап ал.
Сыр білдірме өңінде,
Түсінде көріп тына қал.

Жалғанып күлкі жанарға,
Шалқысаң бақыт молайып,
Сен жақсы деген хабарға,
Жүремін мен де зорайып.

Альбоммен қиял құраған,
Еркелей берем балаша,
Алыста жүрген бір адам,
Сүйгені қандай тамаша?!

2000

* * *

Қатты кетсе кейде менің бәйбішем,
Қажымаймын сыр айтып.
Ұрсып берген сары алтындай шайды ішем,
Бал косқандай құмартып.

Ол желпінсе біраздан соң қайтадан,
Үн шығарып көрмедім.
Сау емеспін, қалай жауап қайтарам,
Бір сүйгім кеп шөлдедім.

Бір жаксысы сақтамайды жаны зіл,
Ашуы тез бітеді.
Ұрсып-ұрсып біраздан соң бәрібір,
Ақ патшадай күтеді.

Бір сүймесем сағынып та жалынып,
Кетер жүрек біржолата жарылып.

2000

ТОСҚАУЫЛ

Бір сүюдің от-жалыны аязда,
Қуат берер дерт шарпыған әлі азға.
Суық бетке ыстық тілің тигенде,
Өлең жазған секілденер қағазға.

Жүрек сонда бір емес-ау, жүз жанды,
Суып қалған сезді бойым қызғанды.
Естен кетпес ақ боранда сүйісу,
Ақ бетінде нарттай қызыл із қалды.

Жүрсін, шіркін, сондай күндер көбейіп,
Тыным бермес сұм жүрекке не дейік?
Дәм-тұз жазып жазғы аптапта кездестік,
Не де болса кел, сүйісіп көрейік...

Сонда маған құрбым айтты акырын:
– Білеміз ғой ыстық ләззат татымын.
Бір-ақ жола күйіп кетпей тұрғанда,
Енді бойды суытып бер, ақыным.

2000

КЕЛ, БИЛЕЙК, ҚАРЫНДАС

Кім бар дейсің бұл күнде билемейтін,
Қызық осы кәрі-жас бірге үдейтін.
Жеңіп кетер еркекті, әйелді де,
Сезім селі құштарлық үймелейтін.

Не бермекші сезімді ұсақтаған,
Сезім билер аттасаң үш-ақ қадам.
Сұлу саздың
Құлшынған ырғағымен,
Қандай жақсы аруды құшақтаған?!

Таңғажайып тілден де сөз тамады,
Қыз құлшындар елгезек бозбаланы.
Желе-жортып,
Етке ет тиген кезде,
Тұла бойың түп-түгел қозғалады.

Мейлі, болсын кей ару үндемейтін,
Ашық ерке арнайды биге кейпін.
Шыр айналып, шыбын жан толқығанда,
Табылмайды тірі жан күйлемейтін.

Өкінтпесе өмірім өткендегі,
Билемеуші ем жөн көрмей көптен бері.

Кел, билейік, қарындас,
Қайта оралсын,
Ақын аға билемпаз көктемдері.

12.11.2000.

Алматы

ӨЗГЕСІН КӨРЕ ЖАТАРМЫЗ

Жоғалды ескі жалғастар,
Өшірді тарих «өшпесті».
Тағдырлас, сырлас жолдастар,
Некен-саяқ кездесті.

Сау жүріп неге ақсайық,
Бұйырған дәмді татармыз.
Бірлігін елдің сақтайық,
Өзгесін көре жатармыз.

Қу нарықтың алдында,
Демеймін жайдақ, бос қалдық.
Алғыс айтам тағдырға,
Бекінсін біздің бостандық.

Үйреткен өмір күй ғажап,
Талаймен сыйлы қолдастық.
«Мырзаларды» сыйласақ,
Жоғалмасын жолдастық.

2000

ҒАСЫР ҮНІ

Әнуарбек Байжанбаевқа

Әр сөзінен аңқыған ғасыр үні,
Жан тебірентер нар боздақ ашық сыры.
Соңғы хабар соғыстан әкелгенде,
Әнуарбектің әлемге шашылды үні.

Дем бергендей құдірет нұрлап іштен,
Қуат алып намысшыл тұнған күштен;
Шегінуі де уақытша...
Шабуыл да,
Қаз дауысты шығатын бір дауыспен.

Естіді оны ойдағы ел, еңісте де,
Жетті ызғары сескентіп неміске де.
Абылай жебеп тұрғандай
Зор ырғақпен,
Дүбірлі той жеткізді жеңіске де.

Құрманғазы күйінде күйбірі бар,
Маңғаз үні етпеді кімді құмар?!
Тәттімбеттің тартқандай «Саржайлауын»,
Әнуарбектің даусының мың қыры бар.

Радио торабы қалған байып,
Шежіресіне қалайша жалғанбайық?!
Тарлан өнер таласа бой көрсетті,
Левитаны қазақтың Байжанбаев!

15.03.2000.

Алматы

КІМ АСАУ?

Асау тайым бұзық еді,
Тулар тоқым салғанда.
Құлан ұстау қызық еді,
Әжем бие сауғанда.

Болдың, сәулем, сен де асау,
Қол салғанша жақын кеп.
Көреді жұрт мені де асау,
Адуынды ақын деп.

Көп жылқылы елім асау,
Асаулыққа баулайды.
Бәрінен де келіп асау,
Елде бие саумайды.

Мол қымызға жүдә зармыз,
Қоры азайып келеді.
Орыстардан сүт алармыз,
Қымызды кім береді?

Тағдыр, саған көп қой сенім,
Көкірегімде сөнбес нұр.
Бие сауа білер келін,
Жеңешеке кездестір.

17.08.2000.

Бурабай – Алматы

НАЗҚОҢЫР

Қалқаның кербез еді сымбат-сәні,
Бір көру қол жеткізбей қымбаттады.
Көңілден кетсе-дағы көзден кетпей,
Назқоңыр ән толқыны сырғақтады.

Ақжарқын еске түсіп кең жүрегі,
Сағыныш салған әуре жеңді мені.
Бал құндақ бала күнде салған әні,
Жан сая көкірек кернеп келді лебі.

Ажары атқан таңның алауындай,
Дауысы сандуғаштай қалар тынбай.
Тал бойы құба талдай елестейді.
Махаббат ел шетінде жалауындай.

Назқоңыр жаңа туған әнім бе едің,
От па едің, лаулап тұрған жалын ба едің?!
Ырғағын тоғыз толқын толғандырып,
Айтылмас бар сырымды мәлімдедің.

08.06.2000.

Алматы

ЕГДЕЛІК

Есі ауысып кеткендей сүйген пенде,
Жалықпаймын көркінді мың көрсем де.
Сені кемпір дегенге келіспеймін,
Шал дегенге өзімді үйренсем де.

Ағаларым түзетер кате десе,
Мәселе көп бас қатар әлденеше.
Оқ тигендей желкемнен
Шошып кетем,
Көзім түскен келіншек ата десе.

Торға түсіп жастық шақ сағынтқасын,
Аңғырт басым салады бар ынтасын.
Тоқалды айтып
Құр бекер тоқылдаймыз,
Бәйбішеден құдайым жарылқасын.

14.03.2000.

Алматы

САҒЫНЫШТАН ЖАРАЛДЫМ

Сағыныштың сырын айтсам көптеген,
Сағынғаны сыйлағаны деп келем.
Мектептесім телефонмен сөйлесті,
Қайран жүрек балғын кездей төкті өлең.

Енді қайтем бүктемелеп жасырып,
Жеткім келді Саумалкөлге асығып.
Көрер ме едім маған құштар әжені,
Өбер ме едім сағыныштан ашығып?!

Алыс кеткен қыран құстай саналдым,
Аңсау-сусау сағыныштан нәр алдым.
Ата-анамның ұлы болып тусам да,
Азамат боп сағыныштан жаралдым.

Қай заманда ойлайтыным жол камы,
Сол мінезді тағдыр жақсы қолдады.
Бір көруді асыл арман санайтын,
Қандай жақсы сағынар жан болғаны.

17.09.2000.

Алматы

РОМАНС

Сен едің қыз патшасы менің көрген,
Сый болмас бұдан артық өмір берген.
Жас жүрек алабұртып шыдатпайтын,
Сүйгім кеп нарттай қызыл еріндерін.

Табылып дертке дауа есім кеткен,
Жарқ етсең арылдым мың қасіреттен.
Жер шары көз алдымда мың айналды,
Сүйгенде елтіп-балқып екі беттен.

Киіктей тал түбінде белін керген,
Жан едің әр қимылың жеңіл келген.
Аңсарым ақ тамаққа ауып кетіп,
Денемді қытықтайтын демің келген.

Түспейді ғашық деген тұзаққа кім,
Тұзаққа жараспайды ұзақ сарын.
Сан жылдар сағындырып кездескенде,
Келіп тұр баяғыдай құшақтағым.

28.12.2000.

Жезқазған

КҮЗГІ РОМАНС

Татулық құрған қадамды,
Бәйбішем бек зор сыйлайды.
Құмартқан жаным адамды,
Жаттыққа әсте қимайды.

Ауылдас кызға лайык жыр,
Жүрекке талай із салды.
Шақыруға өзі дайын жүр,
Сағынған мені қыздарды.

Толықсып төрім толар ғой,
Ән шалқып, жырым тасыр да;
Әжелер келген болар той,
Сыйластық құрған жасымда.

Келсін-ау бәрі сән құрап,
Дей көрместей қызғанды;
Шақыру, шіркін, жоқ бірақ,
Мен сағынған қыздарды.

Кей құрбым шықпай көңілден,
Көрінбей кетсе алысқа;
Кейбірі өтіп өмірден,
Жұлдыз боп жанды ғарышта.

Айналды көктем арманға,
Жете алмас оған ашық күз.
Жалғыз боп қалдың жалғанда,
Бәйбішем – жаным ғашық қыз.

09.11.2006

НЕМЕРЕЛЕР

Қанат жайса салтанатты сайраным,
Шырқап салар шарықтатып қайда әнім?
Немерелер құлыншақтай құлшынып,
Ортасында жайлау болып жайнадым.

Бірі уық, бірі маған кереге,
Бірі күмбез жетер биік өреге.
Өз баламнан неге ыстық көрінді,
Немерелер... немерелер... немере.

Еркелетсең еркелетер бар еркең,
Ертең келін әкеледі сал еркең.
Қуаныштың құшағына бөленіп,
Шөбереге жететін бол, жан еркем.

Күмбезіңе күлімдеген күн бітсін,
Төрінде ойнап шөберелер күлдіртсін.
Біздің шаттық – туған елдің шаттығы,
Жас ұрпақтың ақ жолына гүл бітсін.

02.02.2006.

Жезқазған

ҰЛТТЫҚ ҮМІТ

Асқар Егеубаевқа

Халкым сүйген қадірлі қаламгерім,
Жақындығым – ақындық саған менің.
Елден шалғай жүргенде
Есендікті
«Жезкиікпен» жеткізген ағаң да едім.

Ерен-ғайып еңбегің, өтімдісің,
Тапты өтеуін ақжолтай нөпір күшің.
Терең толғап қияннан сөз зерлеген,
Ахмет аға інісі секілдісің.

Көп түгендеп көтердің ауырымды,
Даңғазасыз дарыттың дабыл үнді.
Таным тілі, түркілер нағыз тілі,
Түптен тарттың ежелгі дәуірімді.

Талай жылдар тер төгіп әлектене,
Ғасырлардан түзілттің дәйектеме.
Қырық тармақ ұлт-ұлыс ұлағатын,
Еларалық сыйғыздың әдепке де.

Іңкәр зәмзәм ұмтылсаң құбырына,
Түсті қырда құлындар құрығыңа.
Томағалы ұйықтан талмай өтіп,
Таңба орнаттың сөзтану ғылымына.

Көрсен бүгін өресін биік төрдің,
Том-том кітап – жоралғы жиып келдің.
Өз қалтаңа көк тиын түспесе де,
Бар байлықты ел-жұртқа үйіп бердің.

Баласағұн, Қашқари сені ортаға,
Салып алып, кіргізді кең ордаға.
«Аманатың» әкелді жыр гауһарын,
Желкен жайып, желбіреп жер ортада.

Жамбас та емес,
Бас та емес, ұтты жілік,
Сенен күткен ақталды ұлттық үміт.
Машрыққа «Манастай» мәшһүр болған,
Тапты ежелгі топырағын «Құтты білік».

22.03.2000.

Алматы

АБЫЛАЙ

Есіміне ел сиынған асылым,
Ала тулы ала құйын жасыным,
Абылай хан –
Азаттықтың жаршысы,
Жасап өткен өз дәуір, өз ғасырын.

Болды өзінің батырлары ардақты,
Бар қазақтың салмақтысын тандапты.
Ақыл қосып билерімен білікті,
Ақындарын ақиықтай самғатты.

Ел тонағыш басқыншылар, жымысқы,
Абылай ханның аруағынан ығысты.

Қырғын жұттың,
Ізі өшіп «ақтабан»,
Құт жайлады ақ дастархан ырысты.

Әділдігі таң қалдырды халықты,
Өзі бастап, ел негізін салыпты.
Ат жалынды өскен қазақ ел даңқын
Аждаһа мен ақ аюға танытты.

Жан аямай қорғап байтақ даланы,
Саңлақ зерде
Оятты ұлттық сананы.
Ерлік пенен серілікті тең ұстап,
Әулиедей аты алашқа тарады.

Азаттықтың Абылай түпкі тірегі,
Арпалыста жолбарыстай түледі.
Оған тартқан
Еңіреп туған елім деп,
Кейінгі ұрпақ кетті ұласып тілегі.

Мағжан ақын мезетте оқтай атылған,
Медет көріп Абылай рухын шақырған.
Абылайлап жауған оққа кірмесе,
Тумас еді Бауыржан мен Рахымжан.

Аруак сыйлар таңдайымда бар татым,
Өсті осылай үрім-бұтақ, зәузатым.
Сын сағатта Абылай ханға табынды,
Күн көшінде – Токтарым мен Талғатым.

Кеше атына салынса да тыйымдық,
Титім сәтке ұмытпады дүйім жұрт.
Қаны қазақ
Қай қияда жүрсек те,
Абылай ханға ант бергендей сиындық.

*17.02.2000.
Түркістан*

КӨЗІҢЕ КӨЗІМ ТҮСКЕНДЕ

Құлшынтып сезім жетегі,
Жүрекке жылу жетеді.
Құлпырып жаным кетеді,
Көзіңе көзім түскенде.

Қуаныш салған асырды,
Баса алмай шаттық шашылды.
Өкініш өрті басылды,
Көзіңе көзім түскенде.

Озғандай топтан сәйгүлік,
Жалтарды дұшпан қаймығып.
Қызғанбас дейсің қай жігіт,
Көзіңе көзім түскенде.

Құштарлы мезет табылып,
Жас күндей қайта табынып.
Қалыппын естен жаңылып,
Көзіңе көзім түскенде.

Сағыныш ізі өскендей,
Махаббат желі ескендей.
Бетіңнен сүйдім сескенбей,
Жанарың жанар жұтқанда.

24.12.2000.

Алматы

ҚЫЗЫЛ ЖАҒА

Рүстем Қайдаровқа

Он ауылда болса бір «Қызыл жаға»,
Ел беретін ісіне қызық баға.
Найзағайдың осындай жарқ ететін,
Көзі шалса аз қылмыс ізі ғана.

Сұқтанбайтын суық қол бір адымдай,
Әділет жолы болды айқын құралындай.
«Қызыл жаға» дегенде үлкен-кіші,
Табынатын сақтаушы құдайындай.

Қорғайтыны ынтымақ ырыс еді,
Оған бірдей туған ел ығы-желі.
Бір жақсысы:
Біреуді біреу тонау,
Деген сұмдық індеттен тыныш еді.

Төбелес те, мастық та болатұғын,
Жолдасына жасайтын жора шығын.
Бірақ «бомж» дегенді
Кім біліпті,
Көшеде ішсе үйінде конатұғын.

Жіті көзден қалмайтын кетік тебен,
«Қызыл жаға» ғұрыпты бекітті ерен.
Үш ұйықтасаң түсіңе бір кірмейтін
Жол торыған талапай «рэкет» деген.

«Қызыл жаға» бір сөзін тыңдамайтын,
Жан жоқ сонда жүрекке зіл қадайтын.
Соғыс жылдар...
Қанша ауыр болса-дағы,
Уыс бидай еш адам ұрламайтын.

Қикаң-сикаң
Жылпосқа жол қалмайтын,
«Қызыл жаға» құрыққа мол қармайтын.
Қанша ауыр шексе де ел тұрмысты,
Қозысына колхоздың қол салмайтын.

Қайыр сұрап,
Көрмедік аш қалғанын,
Берекесі молтұғын аз шаруаның.
Не десек те
Ол кезде бірдей болды,
Егінші мен тұрмысы басқарманың.

Басқарманың біз үшін жүзі дана,
Көрінетін айтқан сөз, ізі пана.
Қызыл ішік, ақ көйлек киінетін,
Мен сүйетін балауса қызы ғана.

Барға – тәуба,
Азға – мәз жұбанушы ек,
Қаймақ азда айранға қуанушы ек.
Қолда барын ағайын бөліп ішкен,
Үйдің кілтін салуға ұялушы ек.

Ұқыпты еді біз көрген Рүстемдер,
Рүстемге сенетін жұмыскерлер.
Еуропадай Жезқазған кең аймағын,
Жатушы еді мамыражай тыныс кернеп.

«Қызыл жаға»
Заманға тағыпты айдар,
Қырағы еді жүрекке намыс байлар.
Ал бүгінгі
Керсоқыр көрінеді,
Ымы-жымы сыбайлас «полицайлар».

20.05.2000.

Алматы

ЗИЯЛЫЛЫҚ ЗАҢҒАРЫ

Қабаш Успановқа

Қабаш десең ағаларым толқитын,
Бәрінен де естуші едім мол сүйкім.
Сырбай ағам күрсінетін
Деп қана:
«Жұлдыз еді естен кетпес ол бір күн».

Содан кейін күркіреп те гүрілдеп,
Досы жайлы
Сыр қозғайтын біріндеп:

«Тірі жанға үзіп берер жүрегін,
Қабаш еді, беу, қазағым, дүрің», – деп.

Көп хикая акын сөзін бір шолу,
Бұдан артық қайда, шіркін, нұр кону?!
Бір азамат үшін үлкен бакыт қой,
Сырбайлардай нағыз дүрге «дүр» болу.

«Түлегі еді-ау аруақ қонған ананың,
Сол анадан көкірегінде бар ағын!» –
Деген сөзді талай естіп сүйсініп,
Анасын да дана ғой деп санадым.

Қайтса ұлдан асыл ана сенгені,
Жаксы ырым ата мирас елдегі.
Ұлы үшін де үлкен бакыт емес пе,
Анасының 95-ке келгені.

«Нендей міндет аткармады Қабекем,
Бұл жалғанда намысы зор жан екен.
Қазақ жерін бермейміз деп өзбекке,
Ерте кетті», – деп айтатын Евекем.

Одан артық білмекші кім батылды?
Одан үлкен болмақ кімнің аты үлгі?
Бөкетовтен
Кім асырып айта алар,
Ойда барын етіп сонша татымды?

Қасен ағай
Құрдас сырын түсініп,
Толқып дейтін досын еске түсіріп:
«Ол Ілияс Омаровпен парапар
Зиялы еді біткен абзал кісілік».

Десе ол да арыс аға Нұркеев:
«Мың соққыда көрмеген жан бір кейіп».
Өз қайны атам болғанына мақтанам,
Дос сыйлағыш мінезіне үлкейіп.

Қабашына тың ескерткіш жасардай,
Хамит ағам дейтін ойдан босанбай:
«Жан жок ондай кісілікті аяғыш,
Жан жок аузы кінәраттан бос ондай».

Нұр көшіне ұласатын сыр көші,
Бутин болды жан қиысар шын досы.
Кең жалғанның
Базарындай шалқитын,
Екеуінің бірге өткізген бір кеші.

Екі арыстың тату дәм мен тұзына,
Талай достар қараушы едік қызыға.
Екінші әкең депті Мәжікен
Қабашты,
Ерке сұлу Карина атты қызына.

Ағалардың сөзі маған – заң бәрі,
Адалдықтың аңқып тұр ғой ақ нәрі.
Сол ағалар айтқанына жүгінсем,
Қабаш аға – зиялылық заңғары!

25.11.2000

ҚАСЫМ АҒА

Қасқатай Қонақбаевқа

Қонақбаев Қасым аға әйгілі,
Мол болатын жақсылыққа сайлығы.
«Қасқатай» деп атап кетті қазағым,
Дес келгендей алғыр, ерке айбыны.

Қасым десең,
Қарағанды елестер,
Кімге айтсаң да қаулар жақсы кеңестер.
Көміршілер қаласын ол көркейткен,
Көзге оралар талай ғажап белестер.

Евней ағам Қасқатаймен дос еді,
Бірге жүрді-ау азаматтар көшелі.
Аттың жалын жаңа тартқан мен үшін,
Көрінді ол Қарағандының көсемі.

Ағайынды Кенжиндер бар қасында,
Жантөрені елестетсем жасында,
Көне тарлан тарихшыдай көрінем,
Дүрбі салған өтіп кеткен ғасырға.

Бәтеш жеңгем биік еді-ау, ар, мұңы,
Білінбейтін мінездің сәл тарлығы.
Тағдыры да қызық еді
Қонақшыл,
Үлкен-кіші бірдей сыйлар барлығы.

Жан еді ғой достық туын күзеткен,
Дәмдес болдық барлық жолда біз өткен.
Еске аламыз
Күлімдеген нұр жүзін,
Жылын атап отырғанда ізетпен.

Қасым аға мол еді ғой төккен тер,
Аз болмады егде күнде шеккен шер.
Зина атты қызы кетіп өмірден,
Тез коштасты алда қызық өткелдер.

Қасқатайсың, қайсар аға, мен көрген,
Бәйкендерден, Евнейлерден кем көрмен.
Не де болса,
Сен мықты бол, әлі де,
Көтере бер нардай жүкті теңделген.

Көңілдегі қайғы көлі – тоғанның
Толкуында көне біліп оңалдың.
Қасым аға!
Сыр білдірмей жайнай бер,
Жұлдызы боп зиялы көш қоғамның.

02.09.2000.

Алматы

ЕСЕНГЕЛДІ ҚҰРЫЛЫСШЫНЫҢ АЙТҚАНЫ

Қандай ғажап болғандығым құрылысшы,
Құрылыс болмай кім түземек тұрмысты?
Кең далаға сансыз қала орнатқан,
Айтсаңдаршы, құрылысшыдан кім күшті?

Ұмыт болды «шұбырынды ақ табан»,
Дербес елміз Құдай есен сақтаған.
Көшпенділер, отырықшы ел атансаң,
Мен құрылысшы болғанымға мақтанам.

Тер төгілтсем маңдайымнан ұзақ күн,
Тыным бермей жалғанады ұзақ түн.
Алматыдай атасынан бата алған,
Астананы сұлу қыздай ұзаттым.

Елестесе алыс таңнан нұрлы шын,
Толастамас барыстанған тың күшім.
Отан-ана паркын түзеп нарықтың,
Шалки берсін құрылысы көп тұрмысың!

15.03.2000.

Алматы

АРАЛДЫҢ КЕЗДЕСКЕНДЕР АЙҚАСЫНДА

Серік Смайыловқа

Күш-куат, алғыр жастық арқасында,
Жезқазған ізім қалды әр тасында.
Кем емес
Кеншілерден бауырлығың,
Аралдың кездескендер айкасында.

Солардың бірі сенсің, Серік інім,
Аралға көп арналды сері күнің.
Сол үшін жаным толқып, жыр арнаймын,
Құттықтап елу жаспен сені бүгін.

Емеспін тойлы достың мақтаушысы,
Серіктің ел алдында топталды ісі.
Сыр бойлап салған талай су құбырын,
Аралдың ол қажымас жоқтаушысы.

Мен едім Арал десе діні қаттың,
Дәуірдің ірі айқаста сырын бақтым.
Осындай қасиетті ауыр жолда,
Серіктей тәуір тірек іні таптым.

Талпынсам қиындыққа шыдай біліп,
Сансыз көп әріптестер құрайды ілік.
Нүкіс пен қызылордалық арыстарға,
Жалғасты жас жауынгер Смайылов.

Көтерсем інім бар деп көңілімді,
Тыңдай бер, беу, жарандар, өр үнімді.
Серіктей шын өрендер баяндайды,
Менің де кешегі өткен өмірімді.

Аз емес Арал үшін күрсінерім,
Көп ойдан қалар кейде құр сұлдерім.
Әлі де талай айқас күтіп тұр ғой,
Жүректің жиілетіп дүрсілдерін.

Серіктің білсем ширақ таралғанын,
Ұнатам әр жорықтан нәр алғанын.
Көргенде ол да мендей шыдамайды,
Құм басқан аралдықтар жанарларын.

Бойыңа бітсе, Серік, адал дарын,
Алапат бұздық талай камалдарын.
Не дейін?
Қажырлы бол табар жолда,
Кіші Арал, Үлкен Арал амалдарын.

Нұсқаған аласапыран шеруге дем,
Құштар ем елулерде желуге мен.
Серік-ау, аға болып шынымды айтсам,
Қуаттың ең мол кезі елу деген.

Тағы бір құпияны адал ұқтым,
Бойыңа қонары сол жаңалықтың:
Енді сен үлкендікке аяқ бастың,
Жұғыссын кең мінезі ағалықтың.

Сыпайы жүрісіңмен ерінбе де,
Ерен іс көрсете бер елуде де.
Құттықтап сені бүгін алғыс айтам,
Өзіңді баптап күткен келінге де.

Үн-түңсіз
Таза термен өскен қазақ,
Серік-ау, ғадет-ғұрпың көркем, ғажап.
Өрлей бер,
Өрістей бер, тілегім сол,
Оралсын зор бақыт боп кешкен азап.

10.11.2000.

Алматы

* * *

Жастық шақпен кетсе де сері күнім,
Еліктірді көп елес мені бүгін.
Кездесе алмай кетсек те талай жылдар,
Серік болды әніме сенің үнің.

Басар деген жүректің көп шығынын,
Үзім жәрдем етпеді көк шылымым.
Елестеген жанарың жазып берді,
Ғашық жүрек қалаған сөз тұнығын.

Сағыныш та кетіпті мұраға ұқсап,
Шыдау қиын келгенде тура қыспақ.
Жүрегімнің лүпілі жиілейді,
Кеткен сайын айыр жол тым алыстап.

Бар шындықты түн бүркеп, бұл жасырмай,
Тату күндер көрінді бір ғасырдай.

КӨҢІЛ АШАР

Дей көрмеші, құрбым-ау, қулық жасар,
Бүгжеңдеуін қоймайды бөрібасар.
Алаулаған ақ гүлдей
Ақ дидарың
Қарсы алдымнан жарқ етсе көңіл ашар.

Қайран жастық қол сілтеп өткенменен,
Қызарғанға қызығар өрт сөнбеген.
Жабырқама,
Қашан да ер жігіттің,
Жыл санаумен дәл жасы өлшенбеген.

Суға келген киіктей басын шұлғып,
Сымбатыңды көрсемші асыл жыр ғып.
Сұлу тұлғаң
Сүмбідей көз тартады,
Дәл қасыма ақырын жетші жылжып.

Әне, сонда молырақ көзімді ашам,
Солғын тартқан түзелер өңім нашар.
Мөлт-мөлт етіп
Жанарың шыдатпай тұр,
Сәт туды ма, беу, қалка, көңіл ашар?

14.03.2000

ЕРКІН АҒА ЕСКЕРТКІШІ АЛДЫНДА

Ассалаумағалейкум, Еркін елі!
Солтүстік Қазақстан – жер түлегі.
Есілдің жағасына ту байлаған,
Төсіне жұлдыз қонған көркің еді.

Есілде ол алғашқы егін екті,
Жас маман қос қанатын берік етті.
Жарына Қызылжардың талмай шығып,
Құтты өлке төрағасы болып өтті.

Содан соң елден ерек ұзап шықты,
Сан сайыс үйретті оған қырандықты.
Дән мен дәм министрі болып самғап,
Алатау аскарынан бір-ақ шықты.

Таймайтын таға қағып өкшесіне,
Қауырт іс амал тапты текшесіне.
Тілегін туған жердің құдай беріп,
Оралды колбасшы боп Көкшесіне.

Сол кезде ел құлағы елең етті,
Құт пен сәт қанатына ере кетті.
Қазақтың ауылдарын түрлендіріп,
Көрсетті көкшетаулық кереметті.

Құлашын бодан күде сермеп еді,
Еселеп қайтты аянбай терлегені.
Атағы Көкшетаудың көкке шықса,
Атанды өзі-дағы Еңбек Ері.

Сүйсінді қадамына баққан елі,
Құйғытты Құлагердей ақтангері.
Бір аунап, беріп жатты баталарын,
Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Ақан сері.

Жетпіске жетті бүгін сол батырдың,
Мақтауға, мақтануға мол татырың.
Егіз ел Есіл, Көкше
Тойға келді,
Ішінде қалың казак ең жақының.

Келіп тұр Сыр бойынан ел қаймағы,
Бай өлке туған жердей болды аймағы.
Келіп тұр Сарыарканың саңлақтары,
Торғайың сый-кұрметті зор сайлады.

Тағдырдың не жетеді үкіміне,
Өзі жоқ, тамсанамыз бітіміне.

Тойына тарту етіп ел орнатқан,
Тамаша қарап тұрмыз мүсініңе.

22.06.2000.
Жаңасу

САМОЛЕТТЕГІ ЭКСПРОМТ

Мұқыш аға сексен жылдық асында
Бірге болдық,
Бәйкен, Сұлтан қасымда.
Құралайдың салқынымен қарсы алды,
Қарағанды бауыр басқан жасымда.

Аға сыйлап келгеніміз дес болды,
Талай арыс тұлғалармен көш толды.
Жұрт жаураса, мен тоңбадым, қасымда
Рымжандай «современный» пеш болды.

Сәкен аға қарындасы – құрдасым,
Жанарымен жалғап берді жыр басын.
Жұрт тоңғанда мен отырдым жалындап,
Ақ жүзінен сәуле түсіп нұрлы асыл.

Арасында тойлы думан топырдың,
Құрдастардың бәсеңдетер отын кім?
«АН-24» суық болып қайтарда,
Рымжанға қыздырынып отырдым.

11.05.2000.
Қарағанды – Алматы

2000 ЖЫЛҒЫ НАУРЫЗ

Қар еріді. Көгерді қырдың басы,
Күн қытықтап келіп тұр жырдың нәші.
Алғысымды ал, Кенжеке,
Мейман етіп,
Шақырыпсың келгенде жылдың басы.

Наурыз десе жүрегім еріп менің,
Ата-баба салтына еліктедім.
Агроуниверситет
Ақшаңқан ауласына,
Жылда келіп-кетуді беріктедім.

Қанығамын қызыққа көзім жеткен,
Елестеді жастық шақ осында өткен.
Махаббаттың базарын еске салар,
Мөлдір өмір осында,
Мөлдір көктем.

Жүріп келіп бойымен бір көшенің,
Студенттер көшімен бірлесемін.
Бибігүлдің бетінен бір сүйем де,
Академик ректормен тілдесемін.

Шуақ толды,
Наурыз белгі берген,
Құт табысар тәуелсіз еркін елмен.
Бәйкен аға жол бастап
Шырша егіп,
Орындаймыз рәсімді белгіленген.

Елдің қамы – намысы бұл орданың,
Зерттеп отыр қанша егіп, қанша орғанын.
Бұл Наурыз – мейрамы шаруакордың,
Дән мен сүттің көксейді мол болғанын.

Кешірім ету – Наурыздың Ата Заңы,
Барша қауым көзге көз тақасады.
Бүкпе, сықпа өкпесін ұмытардай,
Үнсіз ғана ақ тілек атасады.

Кейбір шәкірт аз көрсе несібені,
Ұстазы да жалқауды кешіреді.
Наурыздан кейінгі барлық сынақ,
«Төрттік», «бестік» бағамен шешіледі.

Жалақысын аңсаған бейнеткер де,
Пенсиясын кеш алған зейнеткер де,
Стипендиясы тым аздау студент те,
Үкіметті кешіретар тар өткелде.

Бұдан артық болмақшы ырым қандай,
Төгілейін жасырар сырым қалмай.
Кездесуім аз болса уақыт жетпей,
Кешіреді құрдасым Рымжандай.

Қолда барды тұратын үзіп бергің,
Жанарыңнан сыйластық ізін көрдім.
Сәкен ағам түсіме кіріп еді,
Наурызда, иншалла, қызын көрдім.

Киелі күн келгенде көсілейік,
Көңілдегі кірбіңді кешірейік.
Ал, аға, Наурыз құтты болсын!
Кешірейік, бәрін де кешірейік.

22.03.2000.

Алматы

* * *

Сүйдім де, сүйіп жүрмін, сүйемін мен,
Махаббат маусым шағы сүйе білген.
Кел бері, бір сүйейін,
Тұла бойды
Қыздырып жылу өтсін сүйегімнен.

Көргенде ақ жүзінді түледім мен,
Сүймесем адасармын тірегімнен.
Жақында, аялайын ләззат алып,
Сүйейін ернім емес жүрегіммен.

Оянсам ұйқы көрмей таң сәріден,
Күн бата сүйген сәтті аңсадым мен.
Қолыңа қолым тисе жолым болып,
Елтімін, балқып кетем жан-тәніммен.

Тамаша сүю деген ғұрып қандай,
Сүйе бер, менде сүйем суып қалмай.
Қасында тұрсам-дағы сағынамын,
Тағы да бір сүйөді ұмытқандай.

01.04.2000

ҚАЖЫБАЙ ӘНШІ ТАМСАНТТЫ

Мен көрдім Көкшетауда Қажыбайды,
Ән салса тік шырқауға қажымайды.
Сексен көл аққу-қазы саңқылындай,
Сұлу саз, сикыр әуен назы жайлы.

Тыңдадым, тебірендім, аса қыздым,
Бабалар, жөні келді батаңыздың.
Ақ маңдай, ашық жүзі жарқырады,
Тартқандай Бекболатпен қатар тізгін.

Мөп-мөлдір Саумалкөлдің тұнығындай,
Үйлесті сөз бен әуен үні тынбай.
Бұлан ер, күміс көмей саңлақ екен,
Құлагер алтын тұяқ сынығындай.

Көкірегі әннің түпсіз сандығындай,
Құтаймас әр ырғақты сәнді қылмай.
Тіл біткен екі ішекті мың құбылтты,
Кешегі Нұрғисаның қалдығындай.

Құйғытты Ақан сері сөз бергендей,
Тамсандым дүлдүлдерді көз көргендей.
Тік тұрып, тер төгілтіп
Асқақтатты,
Біржанға Үкілі Ыбырай кез келгендей.

Сал көкше жебегендей кәрі-жасы,
Көңілдің қайтты тұнған بازیнасы.
Айтылмас ән қалмады Қажыбайдан,
Сарқылмас сал-серілер қазынасы.

08.04.2000.

Көкшетау

МӘРУА АПАЙ

Асында Мұқыш аға қызу төрдің,
Бименде Нұрланұлы қызын көрдім.
Келбеті жер бетінде жан жетпестей,
Ежелгі сұлулықтың ізін көрдім.

Жанары Қаратаудың қара тасы,
Құс қанат, қиғаш, керім қара қасы.
Сексеннің сеңгірінен асса-дағы,
Жан екен топта қызар бар арқасы.

Айтқаны терең тамыр білім кені,
Құлпырып қыз кезінде күлімдеді.
Сол сәтте, сексен қайда,
Беу, ағайын,
Алпыс та қарт анадан білінбеді.

Сыр бар ма ел құлағы жаттамаған,
Есімде «Мәруа сұлу» ат тараған.
Сарыарқа Қыз Жібегі осы кісі,
Құмартқан Ерубәев Саттар ағам.

Дауысы күміс қоңырау қаққан сыңғыр,
Секілді естілгендей бактан бұлбұл.
Мәтелдеп отты сөзбен тамсандырса,
Нұр жүзі мың құбылды жайнап гүл-гүл.

Қыр мұрын, ақ дидары арайланды,
Тамсантты сыны қайтпас талай жанды.
– Япырай, қыз күнінде қандай екен? –
Деп қана Бәйкен ағам қарай қалды.

22.05.2000.

Қарағанды

БІР СҮЮ

Сүйісуден ернім менің кеппейді,
Ғашық мезет құстай ұшып жет дейді.
Жер-жаһанның бар қызығы біз білген,
Бір сүюдің ләззатына жетпейді.

Ақ бетіннен алғашқы рет сүймесем,
Серігім боп сен қасымда жүрмес ең.
Өткен сайын көктем шағың оралып,
Қуанамын көз алдымда гүлдесең.

Сен сүйгенде шырақ жанды жүрекке,
Қанат бітті қиял-ғайып тілекке.
Бір сүймесең айлы түнде айқарған,
Жете алмас ем ақ күмістей білекке.

Сүйіспесең махаббатқа бөлер кім,
Онсыз біздің не болмақшы көрер күн?
Көз жұмарда ақырғы рет сүйісіп,
Үнсіз ғана алғыс айтып сөнермін.

07.07.2000.

Жаңарқа

* * *

Қай қияға канат қақпас ақындық,
Ойлай берем айтар сөздің затын нық.
Айтарым сол өмір сырын кең зерлеп,
Шын достықтан аспайды ешбір жақындық.

Досыңмын деп айта алады кім-кімге,
Жалған ойлап, жақын болу мүмкін бе?
Алдай білмес, ары таза жаралған,
Дос азайып бара жатыр бұл күнде.

Бір күннің бар қызығына мың жасар,
Гәп сонда ғой азын-аулақ миласаң.

Құт қонады
Доспен өткен сол күнді,
Ең ақырғы күндей қатты сыйласаң.

Жойқын дария басталардай бұлақтан,
Таза құрмет кең өрісті ұнатқан.
Өліп кетсе бір сәрі ғой,
Жұт екен,
Тірі күнде достық туын құлатқан.

Көп жалтылдап көркем әйел тісіндей,
Көп жарқылдап бояуы жат мүсіндей.
Жүрген «мырза» сызаттанды кердеңдеп,
Жұмыр басы не болғанын түсінбей.

Кейбіреу жүр мысқыл айтып ашқылтым,
Тұздығында ұшқыны бар қастықтың.
Екі көзін май басыпты шел қаптап,
Тоя жеуден тастағанын бастықтың.

Пір тұтқандар күні кеше құшақтап,
Қиналады сәлемге тіл тұзақтап.
Үлкен орын шын жақсыны өсіріп,
Ұсқынсызды жіберіпті ұсақтап.

Шайлықпаймын ылдидан да, өрден де,
Қаймықпаймын төменнен де, төрден де.
Жылпостардың бәрін бір сәт ұмытам,
Қимас достың адал көзін көргенде.

27.07.2000.

Алматы

ҚАСҚАТАЙ БЕРГЕН ДОМБЫРА

Көтердің биік еңсені,
Болды ғой құтты жол, сірә.
Сағынып жүрдім мен сені,
Қасқатай берген домбыра.

Құмартып саған қалып ем,
Бойымда қуат молында.
Аскандай зәмзәм дәріден,
Отырсың бүгін қолымда.

Сексен көлде аққу-қаз,
Шырқағандай «Гәккүді».
Лүпілдеп жүрек болдым мәз,
Қаңкыл мен естіп саңқылды.

Тамаша қоңыр күмбірің,
Басылар жылдам күйік-шер.
Естіртті қырдан дүбірін,
Құйғытып өткен киіктер.

Болғаным шапшаң тәуелді,
Ырғаққа әрбір тоқталдым.
Таңғажайып әуенді
Анамның үні деп қалдым.

Жеті кен жерден тапқандай,
Сыңғырыңа кенелем.
Сүйсінем тіл қатқандай,
Алыста жүрген немерем.

Кездескен жан құрбым,
Сергіттің бойды жылытып.
Жасардым, қайта жаңғырдым,
Ақ шашты баста ұмытып.

Қуансам думан төр толып,
Ғайыптан келдің, мол мұра.
Қаларсың мәңгі дос болып,
Қасқатай берген домбыра.

09.09.2000.

Алматы

САЛ ДОМБЫРА ӘУЕНІ

Үмітқанұлы Мәдиге

Көл шетіне жетті жігіт,
Салт қамшыдай сыптығыр.
Қаршыға көз тұрды күліп,
Ой салғандай жыр ғұмыр.

Арқасында домбырасы,
Екі ішектен терген шер.
Ақын екен сөз құрасы,
Моңғол жақтан келгендер.

Дем бергендей мол дертіне,
Жоғалтқан өз арманын.
Келеді екен көл шетіне,
Сағынғанда жан жарын.

Әудем сәтте танысқаны,
Бізге жылдам қосылды.
Әңгіме еттік алыстағы,
Давааджийдей досымды.

Кезек-кезек күй де тарттық,
Тыңдап жатты Айнакөл.
Желпінттік те, мұң да артық,
Сыры мол ғой қайран ел.

Мекендеген күрке талды,
Мезгіл еді шаңқай түс.
Тына қалсақ әнге салды,
Тал басында талай құс.

Шырылында сандуғаштың,
Домбырадан үн қалды.
Қайта әлгі күйге бастым,
Көп бұлбұлдар жиналды.

Бір кәрі орыс тындай-тындай,
Шығарғандай мол мұңын:
– Қазақта жок бұлбұл мұндай,
Құсы, – деді, – Омбының. –

«Гәкку» әнін тарттым сонда,
Құс қайталап күлдірді.
Махаббаттың жер-жаһанда,
Ортақ мұңын білдірді.

Бітті әнге жаңа шырай,
Сайрауы да әдемі.
Шын толқытты құсты бұлай,
Сал домбыра әуені.

12.08.2000.

Бурабай

ҚАЛМАСЫН ДЕ ЖҮРЕГІМІЗ САЛҚЫНДАП

Жаналы Сағитовқа

Бойда қайрат толқып тұрған шағында,
Көрдің, Жәке,
Төр мен өмір бағын да.
Жетпіс белес жетсең бүгін өріне,
Тұрсың әлі жарау аттай бабында.

Жезқазғанның кені үшін тірестің,
Көкшетаудың алтыны үшін күрестің.
Мықты кенші болу да үлкен ғылым ғой,
Ғалымдықтың зор көшіне ілестің.

Тіршіліктің алға сілтеп кемесін,
Шолпаныңмен дария кешіп келесің.
Қайда жүрсек ұмытпаймыз бірге өскен,
Мәскеу және Жезқазғанның елесін.

Қаныш аға жебеген нұр шапағы,
Кеншіліктің жеңіл келмес атағы.
Тап осындай той көре алмай
Ерте өткен,
Жаксы достар есте мәңгі жатады.

Қуанышта келсе еркін ағылғым,
Есіне алмас қайран жастық шағын кім?!
Құрдастарым бірге оқыған Мәскеуде,
Серік пенен Сабырды көп сағындым.

Сен Мәскеуде оқып жүріп үйлендін,
Көп кешікпей
Мен де осынау күйге ендім.
Жезказғанда көрші болдық талай жыл,
Сол жылдар ғой бақытты боп жүрген күн.

Қызыққаны Есіл, Көкше ұлдары,
Қызғалдақтай Алматының қыздары.
Не десек те көркем екен өздері,
Жүздерінен жүрек алар жүз дәрі.

Жан емессің дабыра сүйгіш, даурықпа,
Тәубе дейік есендікке, саулыққа.
Ұлытаушыл дала мінез жан едік,
Біз де айналдық енді алатаулыққа.

Сенім туды көңілдегі алаңға,
Куә болдық қос ғасырлы заманға.
Сен жетпіске келгеннен соң
Не дейін...
Осынау тықыр тақап қалды маған да.

Келсін, мейлі! Жаксы жетпіс жарқылдап!
Құттықтаймын! Жүзге де жет карқындап!
Қалмасын де
Қанша жасқа жетсек те,
Сыйлас, қимас жүрегіміз салқындап.

01.09.2000.

Алматы

СЫРЫМ ХАБИЕВКЕ

Текті атаның баласы атың Сырым,
Сен дегенде төгілер лағыл жырым.
Мейірімді, мейірлі мінезің бар,
Нарықтың да аштың сен нағыз қырын.

Реформалар наркескен батырысың,
Бакыт берді заты өжет батыл ісің.
Шөл далаға су беріп
Ну көтердің,
Акындардың өзгеден жақынысың.

Өркен тапса табыскер өрелі ісің,
Алда талай ат жетер бар өрісің.
Министрлік – қарғаның мәткесіндей,
Сушылардың бүгінгі королісің.

2000

АЙТЫЛМАҒАН ӘНІМ БАР

Күндіз күн, түнде аспанда ай тыңдаған,
Баяндар сағынышты сарқылмаған.
Өзіме өзім ғана іштей шырқар,
Құпия бір әнім бар айтылмаған.

Қарайды кейде заман салқын маған,
Ондайдан салтым берік тартынбаған.
Жаныма киналғанда дем береді,
Сол әнім еш адамға айтылмаған.

Бастаймын аңға шықсам айдалада,
Толғана кірпік қақпай айналаға.
Тірі жан естімеген сол әнімді,
Шырқадым мұң төгілтіп сай-салаға.

Кей-кейде шығар-шықпас келер есім,
Жер мен көк, сонда көзге теңелесің.
Ұшқанда ақ бұлттардың арасында,
Ұшақтың әнге ораймын терезесін.

Жүректе сағынышым алабөтен,
Дәл айтпай сұлу сазбен жанап өтем.
Ішіне бар құпия сыйып тұрған,
Сол әнді саған кашан салады екем?!

16.08.2000.

Бурабай

АҚ ТІЛЕК

Сәлем ал, жаңа ғасыр, жаң жылым,
Тілегім пәк, толқып тұр жаңа сырым.
Тәуелсіздік тойына шашу шашып,
«Жерден жеті тап» деген жағады ырым.

Қазақстан деген зор есімім бар,
Ел іргесін нығайтар шешімім бар.
Көтеріппіз он жылдың ауырлығын,
Дәуір жүгін көтерер несібім бар.

Қадамымды аңғарып ғарыштаған,
Мерейлі той меже боп табыс маған.
Биыл бізді ерекше қолдау керек,
Қазақтарға қарап тұр ғарыш-ғалам.

Ата-баба жебесе аманаты,
Жаңа ғасыр дем беріп шапағаты,
Болсын деймін
Ақмолам әлемдегі,
Сұлулықтың сегізінші ғаламаты.

Жаңа жылда өзгерсін мына түрім,
Мол береке, төріме кір ақырын.
Мың сүрініп,
Мың тұрсам абыржу жоқ,
Таңдайымның салымды біл татымын.

Ауыр ойлы қарап тұр ауыл маған,
Абыройлы етсе екен ауыр заман.

Шекем шылқып жүрген жок,
Беу, ағайын!
Қалада да адам аз «мамырлаған».

Маңдайымнан төгейін тасытып тер,
Бізге туар
Әр танды ашық қып бер.
Түрленейін, жаңаша гүлденейін,
Құт-береке құшағын ғашық қып бер.

Жаңа ғасыр, құт әкел, жаңа жылым!
Игерейік дербестік жаңа шыңын!
Тәуелсіздік тойында бір серпіліп,
Байтақ елге төгілсін жаңа нұрың!

26.12.2000

ЕРМЕК ТӘТЕМ

Ермек тәтем
Ерте кеткен өмірден,
Еркелеттің кетпестей боп көңілден.
Ең тамаша үлесің бар, бауырым,
Мен биіктен болсам бүгін көрінген.

Ғажабы сол тәлімгерлік ғажаптың
Әулиедей алып берген азат күн.
Мен мектепке бармай жүрген кезімде,
Сен үйреттің әліппесін қазақтың.

Кемпір-шалға кітапты көп оқыдым,
Шұлғи тыңдап, шықпаушы еді тосын үн.
Саған, тәте,
Мың-мың алғыс айтамын,
«Жұмбақ жалау» сөз болғанда осы күн.

Алты жаста
Көріндім бе ірідей,
Көп оқытты-ау атам жаным сірідей.

Ботагөздің сипатына келгенде,
Кейбір жерін жаттап алдым тірідей.

Мен дегенде оң қабағың ашылған,
Тәрбиешім болдың қымбат жасымнан.
Інішегім деп
Дос-құрбыңа паш еттің,
Қайда барсаң тастамадың қасыңнан.

Дәл он беске жетер-жетпес құладың,
Сонда шектім
Сұм жалғанның сынағын.
Қара жерге көмбеңдер деп дененді,
Шыр-шыр етіп
Жан түршіге жыладым.

Еміс-еміс қалды сол күн жадымда,
Жылдар өтті. Түстім талай ағынға.
Тәте, сенің үлесің бар, рухың бар,
Мен қаулатқан өлең-жырдың бағында.

Бүгін таптық сенің бала бейнеңді,
Тіршіліктің кем-кетігі теңделді.
Бір тамшы жас ыршып түсті көзімнен,
Қос жанарың жас күнімдей дем берді.

17.08.2000.

Бурабай – Алматы

РИЗА БОЛДЫМ ТҰРХАННЫҢ ӨНЕРІНЕ

Құда келді,
Құдашалар нұрланды.
Құдағилар жан құмары бір қанды.
Астанада қыз аларда Жезқазған,
Бас құда етіп аттандырды Тұрханды.

Қыран жігіт сөзі қандай байламды,
Тұтанды үміт, көмекейден бал тамды.
Құдағилар ішіндегі ақ жалын,
Құдай оңдап таң қалдырды Айманды.

Түрекен де әудем сәтте түсінді,
Жол-жораның молын арнап ысылды.
Былқыл қаққан Балқадиша секілді,
Дәметкенді қармаққа іліп түсірді.

Қырық пышақ құдағилар құлшынты,
Кербез құда кезек-кезек ұмсынтты.
Ебін тауып екі беттен сүйді де,
Бас құдағи Нәзираны сүйсінтті.

Содан кейін Құралай мен Марал да,
Түлкі жортақ түсті басқа амалға.
Талмаурады екеуі де аға деп,
Қос маралдай жүрген сая самалда.

Осылай Тұрхан көрсетті мол тәлімін,
Алды алғысын жасы менен кәрінің.
Бағлан мен Динараның тойында,
Ебін тапты Астаналық бәрінің.

Құдашаларды томпандатып билетті,
Құдағиларды шампандатып күйлі етті.
Әй, не керек,
Құдағилар, құдалар
Мың жыл мактап жүрерліктей сыйлы етті.

Жас құдаша
Жақса шаттық алаумен,
Күйдірді ғой қарақат көзін қадаумен.
Сіп-свежий құдағилар, ғафу ет,
Мен отырдым Балкияға қараумен.

Жас күнімде бірі едім ғой сұлтанның,
Тамашасы толғандырды бұл таңның.
Інілерім тартқан екен өзіме,
Риза болдым өнеріне Тұрханның.

*04.05.2000.
Жезқазған*

АҚЫЛЫ МОЛ ЖІГІТСІҢ

Қуанышбек Мұсабековке

Күйеу бала атасақ келісіп тұр,
Бір төгілгім келгені-ай бөлісіп сыр.
Оңтүстік пен Солтүстік жалғасыпты,
Ерке Есіл мен кең жайлау тоғысып Сыр.

Тамаша ғой қыздары Қызылжардың,
Оған куә Жеңістің жүзі балғын.
Ақылы мол жігітсің, Қуанышбек,
Жанғалидай ағамның кызын алдың.

Жәкең, шіркін, шырайлы көрікті еді,
Шәкірті мол,
Алды-арты берік те еді.
Жанарында Мағжанның бір оты бар,
Ол ағама талай жан еліктеді.

Қандыратын бір тойдың мың мұратын,
Алқа топты бір өзі қыздыратын.
Ермек, Жәкең үшеуіміз ән салғанда,
Жанарларын сұлулар жүз бұратын.

Бидай өнді, аққұба жарқын адам,
Әрі кербез, әрі паң салты ұнаған.
Оны көрсе жадырап кетуші еді,
Өмірде бір күлмеген салқын адам.

Сол ағаның ұлындай Қуанышсың,
Талай тойын ағанның құп алыстың.
Өз ұлындай көретін сені ағамыз,
Бірі болдың көңілінде жұбаныштың.

Бәрі де жөн көп күтсе егіс сенен,
Ұстаздыққа түзеді желіс кемең.
Талай жеңіс әкелді отауыңа,
Көш құрғаның қызымыз Жеңіспенен.

Жаксы адамдар ұлғайтса санамызды,
Жәке жайлы айтар ем сан аңызды.
Қуанышбек,
Тәлімді мінезіңмен,
Еске салып тұрасың ағамызды.

Қандай жаксы тұрғаның күлімсіреп,
Әкесіндей Жеңіс те тірі сурет.
Бауыр тарттым мен сені
Алатауда
Көргенімде танысып бірінші рет.

Сәт тамаша тез жүрер өлең-кемем,
Риза болса аруақ жеңілденем.
Жәкең келіп бергендей ақ батасын,
Бізді көрсең тойыңда көңілденем.

Үлкен ғалым ісіңе алғысым кең,
Жыр арнадым тілдесіп жан құсыммен.
Есіл, Көкше құшақтап тұр деп ойла,
Құттықтаймын, Қуанышбек, алпысыңмен!

19.05.2000

* * *

Ескерткішті сыйландар деп айтқанда,
Көз алдымда жарқырайды ай-таңба.
Сол ғажапты бүлдіріп кетсе не дерміз
Арам ниет, сұм-сұрқия сайтанға?!

Қол сұқтырмау беріктеліп антыма,
Бұл ұранды нықтап кетем артыма.
Бар мұраны өз қалпында сақтауды,
Айналдырам мәңгі тозбас салтыма.

Болды талай зығырданың қайнар күн,
Қыл тұзаққа жастай үнсіз байландым.
Бір заманда мазарларды қиратты-ау,
Бейіті деп хан мен патша, байлардың.

Ескерткіш те күйі қайтқан қоныстай,
Кім шыдамақ жәдігерге болыспай?!
Барша ескерткіш бәз қалпына келсін де,
Шіркеулерін қайта салған орыстай.

КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ!

Кел, Жаңа жыл!
Биікке өрем жетсін,
Келіндерім иіліп сәлем етсін.
Мың жылдықтың есігін ашып тұрған,
Жылдың жылы, ғажайып кереметсің!

Кел, Жаңа жыл!
Жол баста ғасырыма,
Кездескендей құмарлан асылыңа.
Қазақ елі атынан шашу шашам,
Өлең деген жол беріп ғашығыма.

Кел, Жаңа жыл!
Құт енсін тұрақталып,
Мерейлі бол, мейірімді сыр ақтарып.
Ақ тілекпен өзінді қарсы аламыз,
Шыршаларға жайнаған шырақ жағып.

Кел, Жаңа жыл!
Қарсы алам күн нұрымен,
Қарлы аяздан қаймықпай тың жүріп ем.
Бозда тұрған боз інген қарай қалар,
Қарсы аламын құлын-тай шұрқырымен.

Кел, Жаңа жыл!
Заманның тартысымен,
Ықыласымды ұқ бірлікшіл әр кісіден.
Құрманғазы, Тәттімбет күйін тыңда,
Қарсы аламыз ақындар айтысымен.

Кел, Жаңа жыл!
Жаңа өмір сәніменен,
Талай өнер табылар әлі менен.
Бастау алған Абайдың сарынынан,
Жаңа ғасыр қарсы алам әніменен.

Кел, Жаңа жыл!
Бар қазақ арасына,
Кербез Көкше бір сүңгі ауасына.
Қарсы аламын Алатау етегінде,
Шаттық сыймай көзімнің шарасына.

Аязата!
Кең дала, тұнық көкте,
Менің байтақ еліме дұрыс бетте!
Немерелер тосуда әжесімен,
Біздің үйге бір кірмей жүріп кетпе.

21.12.2000.

Алматы

МЫҢ-МЫҢ АЛҒЫС ЖЕҢГЕМЕ

Жұпар Мырзагүл келініне

Құтты болсын, Жұпар жеңгей, алпыс жас,
Сәт те жетті-ау жыр арнауға тартынбас.
Маған тағдыр өлшеп берген күндерде,
Саған деген тағзым, құрмет сарқылмас.

Ақын ағам құлаш ұрса насырға,
Асыл жансың ғашық болған асылға.
Асқақтаған арнар еді-ау бір әнін,
Ардақтаған Мұса отырса қасыңда.

Орындадың абзал аға киялын,
Сондықтың да көздің жасын тыямын.
Фатиманы, Зылиханы, Еркешті,
Ержеткіздің жоғалтпай ат тұяғын.

Тойға ертіп әкелсе де қай балаң,
Бүгін толды немереге айналаң.
Көрінеді олар ақын атасы,
Пернелерді домбыраға байлаған.

Мен қайтейін бүгін толқып желденбей,
Той бастайын өзгелерге жол бермей.
Батамды алсын ұрпақтары Мұсаның,
Үкілі Ыбырай әз бабамыз келгендей.

Өтсе уақыт әр күндерін санатқан,
Қалған жоқсың ел қатарлы санаттан.
Қанаттары күннен-күнге қатайып,
Жебеп жүрсін ұл-қызыңды Жаратқан.

Дархан жігіт жаны мырза, айыл кең,
Көкше көшіп бір жүргендей бай ірген.
Қысылғанда молдау берген қол ұшын,
Есен болсын бауырың сенің Қайыркен.

Тәубе деймін,
Мұса жайған мұра бар,
Күн де жетті жақсы кітап құралар.
Өлеңдерін тез өлуге көнбеген,
Тыңдай берсін сыйлас-сырлас құдалар.

Жұпашым деп таңшолпанға теңесе,
Жарасып тұр саған, Мұса, не десе.
Үш перзентін шиеттей күннен жетілткен.
Саған мың-мың алғыс айтам, жеңеше!

05.03.2000

БАЖАМА

Төреқасым Тәненовке

Ғажап болды бірігіп мал-жанымыз,
Бір үйдің екі қызын алғанымыз.

Жұлдыздар да ерекше жанған шығар,
Сен кайталап мен жүрген жалғанып із.

Бойда ыстық сезімді жасырар кім,
Бажа мінез... басымды қасынармын.
Ең сұлуын ертерек мен әкетсем,
«Сіп-свежий» сүт кенже жасын алдың.

Бірге жүрдік, бірге өстік кенші болып,
Шетелге де жасадың көп жыл жорық.
Біз Мәскеуге кеткенде қоныстандың,
Іргесі құт достарға көрші болып.

Қылтың қағар буына сергелдеңнің,
Жоламайтын тұлғалы ерлерге ердің.
Құдай оңдап ағасы болып жүрсін,
Құдаларым – Кентаудан келгендердің.

Барлаушы боп аяқты түзу бастың,
Білгірісің жез қонған үзім тастың.
Ең ғажабы:
Ең басшы геолог боп,
Қуаныш аға қасиетті ізін бастың.

Жезказғанда бірі болып кемел ердің,
Көрнектілік жұғысып өрелендің.
Құтты болсын алпысың!
Күлбәраммен
Қос ұлының қызығын көре бергін.

Акын-кенші менің де жетілді үнім,
Сырды кешіп өтсем де көпірлімін.
Салт бойынша бажасың,
Шынтуайта,
Әрі атаң, әрі ағаң секілдімін.

2000

ЖАЛЫНДАЙ КӨККЕ АТЫЛДЫ

Ғафу Қайырбековке

Аузына құдай сөз салған,
Жолбарыс еді өр тарлан.
Шымырлап өрген жырлары,
Ғұмырлап өтер сәтті арман.

Пұшайман емес соққы алған,
Сандалкөл сол ғой топжарған.
Сағынып жүрмін Ғафуды,
Аталы сөзге тоқталған.

Сырбаздығы Ғабиттей,
Өршілдігі Сәбиттей.
Бұлқынысы Баукеңдей,
Сырбайды өскен дәріптей.

Абайша да толғайды,
Байронға да қол жайды.
Қырандай етіп зорайтты-ау
Шырылдап қалған Торғайды.

Өлеңнің өргек татымы,
Қанатты құстың жақыны.
Еш адамға ұксамас
Ғафекең – казак ақыны.

Тұманбай өссе ағалап,
Сыйлайды Қадыр бағалап.
Бәрі де бірге жүрді ғой,
Қазақтың жырын тағалап.

Оқыған адам елтиді,
Қыздарға қанша зер тиді.
Тап одан артық кім айтты,
Сұлулар елі ЖенПИ-ді?

Адуынды ағынды,
Бұрқанған ерке дарынды.
Жалғыз ғана мен емес,
Қазақтың елі сағынды.

Жеңеше-ау, ерке шалынды,
Маңдайға біткен бағынды
Тәтелер де сағынды,
Кафелер де сағынды.

Нарықк кірсе ысқыртып,
Содырды соқты ықтыртып.
Газетте бүгін...
Ғафу жоқ,
Бұзықты берер шықпыртып.

Табатын алқа жол төрден,
Арпалыс көп қой ол көрген.
Сахналарда...
Ғафу жоқ,
Үлкен мен кіші жол берген.

Арыстанмен алысты,
Ақиықпен жарысты.
Үйретіп кетті Ғафекең,
Бермеуді қолдан намысты.

Қыздырар жырға бүйірін,
Іздейді әркім үйірін.
Сағынтып жүр ғой бұл күнде,
Ғафуша туған иірім.

Іздемей көктен шатырды,
Найзағай отын сапырды.
Жалындап тұрған кезінде
Жарқ етіп көкке атылды.

ТҮСІМДЕ

Құс мінез елгезек жаралдым ба,
Сыбырлайды қыз-шабыт таң алында.
Шырт ұйқыдан оятар қос жанары,
Құмда киік, орманда маралдың да.

Бәйбішемнен білмейтін өзге жолды,
Студент кез Мәскеуде көзге конды.
Көптеу тосып,
Жаурасам жан сақтаған,
Түсіме енген метро кез де болды.

Ұйқылы-ояу түсемін халге талай,
Сәт кешемін бірде хан, бірде малай.
Зыр жүгірген әжемнің ұршығы да,
Кейде елестеп өтеді әлдекалай.

Жұмыс десе көрмеген бір кідіріп,
Көрініс көп кен қазған зыр жүгіріп.
Екі досым түсіме кеше кірді,
Ойда жоқта суысқан сыр білдіріп.

Қиядағы құрбыма жететін де,
Құбылыс көп мың әуре ететін де.
Ауыл қызы бұл күнде әже болған,
Түсіме енді Алматы көшесінде.

Кейбір түсім әдіптеп ой орамын,
Шыңыраудан шыңға да ораламын.
«Көк базардың» шетінде шуылдаған
Көп қайыршы шошытып оянамын.

02.03.2000

ҚЫЗ-ҚЫРАН

Фариза Оңғарсыноваға

Фариза деген ат кандай,
Әні бар әрбір әріптің.
Көңілдің төрін ашқандай,
Дыбыстан тыныс алыппын.

Фариза десек аңғардық,
Ақ құстың ақбоз қанатын.
Мінезге қайсар таң қалдық,
Заңғардан тағат табатын.

Жасымнан ұқтым алыстан,
Мұңы бар жырды заты асыл.
Ақын боп туған арыстан,
Әбділда берді батасын.

«Каспийден шықты бір кеме,
Жарқылын есте сақтайтын.
Бұл қыздан шығар бірдеме», –
Деп Евней мақтайтын.

Айтқаны келді ағаның,
Толқыды еркін Жайық-жыр.
Үлкені сол ғой бағаның,
Есімін елге жайып жүр.

Фариза десек, байтақ ел,
Көз салар Мұқағалиға.
Арнады өлең ақтангер,
Әр сөзі ынтық қағида.

Ер жігітке парапар,
Фаризаш, сенің атың қыз.
Өзімсіп жанар қадатар,
Тілсіз тіл тапқан жақынбыз.

Ағалық тілек үйіп те,
Жүректің төрін қыздырам.
Биіктерден биікке
Шарықтай бер, қыз-қыран!

19.05.2000.

Алматы

ДӘРІГЕРЛЕР

Аққу құстай махаббатын қорғаған,
Нәзік жүрек, асыл арман ол маған.
Дәрігер қыз жылы қолмен сыйпаса,
Зәру күнде кімге дәру қонбаған?

Дәрігерлер... дәрігерлер... дәрігер,
Жедел көмек жанға тыныс жәдігер.
Ақ халаттар,
Ақ канаттар,
Ақ қабақтар жарқ етсе,
Жасканады ажал деген әбігер.

Кәрі-жастың алғысы көп бәріне,
Тіршіліктің сән жалғайды сәніне.
Есімдерін жас нәресте қосады,
Жарық дүние көрдім деген әніне.

Жыр болып та көп жүректі ақтарды,
Ән болып та әсем әуен жатталды.
Қан майданда қалмай жүріп солдаттан,
«Қарындас» боп ел аузында сақталды.

Көзбен келер жүрегінің жылуы,
Сөзден артық мейірім төгіп күлуі.
Беу, інішегім! Қапы қалма тірлікте,
Ғашық болса дәрігер қыздың сұлуы.

2000.

Алматы

Келіншек көрдім тамаша,
Сұлулық тұнған мөлдіреп.
Күлімдеп тура қараса,
Кетеді жүрек елжіреп.

Қыр мұрын, маңғаз, аккұба,
Ажары ашық жаралған.
Арбайды жылдам мас кыла,
Аккудай шыққан аралдан.

Бұлкынтып бойды жіберер,
Қос ана ерке бүлкілі.
Ұшуға көңіл тіленер,
Көргендей қыран түлкіні.

Жас болса дерсің жазықсыз,
Сиқырсыз сылқым қимылын.
Көктем боп кетті-ау ашық күз,
Тарткандай тағдыр сыйлығын.

Жүзінде терең сезім бар,
Жайлаған жанын тыныштық.
Дермісің әрбір сөзін бал,
Әдеппен сұхбат құрыстық.

Айтуға дәлдеп тіл жетпес,
Құштарлық отын бойында.
Есімнен менің бір кетпес,
Жанары қалды ойымда.

15.09.2000.

Алматы

ТАЛДЫҚОРҒАН

Жетісуға бұйырған мәңгі белгі,
Сыр төгейін сен жайлы әрлі-берлі.
Қалай жүдеп қалды деп Талдықорған,
Ақын Сара ашынған әні келді.

Зар болғандай Құлагер шаңдағына,
Ақын Ілияс қарайды жан-жағына.
Сел соққандай сенделді баспанасын,
Астанасыз Жетісу қалғанына.

Қабак түйді асулар сан қабатты,
Соққылады өзендер жарқабақты.
Мұқан аға байлауда Біржан салдай,
Мұңайғаны, ағайын, жанға батты.

Аты шулы бар еді мың қорғаның,
Керегінде қарашы, жым болғанын.
Жұрт тамсанып, таңырқап қала берді,
Бұлт шалғандай атағын Нұрмолданың.

Егемендік нығайтса елдігімді,
Талдықорған, көксеймін теңдігіңді.
Ақ патша мен қызылдар құртты десек,
Кінәлаймыз, құдай-ау, енді кімді?

12.07.2000.

Алматы

МӘҢГІЛІКKE ЖОЛ ТАРТТЫ

Садық Асатовқа

Халқына жаны жақындар,
Не салса тағдыр көнеді.
Кейде ақиық ақындар,
Жұлдыздай ерте сөнеді.

Садық та сондай ер жігіт,
Әрі кенші, әрі ақын.
Ағындап өтті кең жүріп,
Жүйріктей жүлде алатын.

Ғажабы қолда ғажаптың,
Марғасқа еді өрелі ер.
Жүрегіне қазақтың,
Ұлтжанды жыры бөленер.

Кең маңдай, ашық, шалқыма,
Ақжарқын, адал, мырза еді.
Мәрт мінез, өжет салтына,
Қарқынын косты қыр желі.

Жырында асқақ мөп-мөлдір,
Ағады кеңгір жайқалып.
Жаңаарқа жайлы шертсе сыр,
Жезқазған тұрар байқалып.

Шарықтап жүрсе шалғайды,
Есімі қалды танылып.
Бейнесін жыры жалғайды,
Шырақтай мың-мың жағылып.

Ұлытау берік шешімі,
Ұлағатты ұлын қолдатты.
Жәйреммен Садық есімі,
Мәңгілікке жол тартты.

10.10.2000.

Алматы

ҚАРТ ҰЛЫТАУ ЖАЛҒАДЫ

Аз болса да күндер бірге жүріскен,
Қандай жақсы Алатауда біліскен?!
Жақсы атайды сені біздің Жезқазған,
Содан болдың маған қымбат, Рүстем!

Жол жалғасты жарасқаны іргенің,
Сүйсінтеді артта ізімді білгенің.
«Жезкиікті» ел шырқаса елеңдеп,
Тебірентеді жіті құлақ түргенің.

Өмір алда, бола жатар қалғаны,
Тегін емес сәтті күннің бар мәні.
Бауыр басып, ауылдастай сыйлассaq,
Екеуімізді қарт Ұлытау жалғады.

Алпысында көрінесің бесті асау,
Жүзің жылы, сипаттауға тоқтасам.
Тер төккендер Жезқазғанның жерінде,
Тіршілікте қартаймайды ешқашан.

Елге мәлім аз болғаны тынысың,
Бір ісінді жалғап жатты бір ісің.
Қайда тудың? Руың кім? Білмеймін,
Қадір тұтар егемен ел ұлысың.

Толғандырса көңілдегі көп елес,
Іні тойы жырға неге бөлемес?
Жас солдаттар күнде туып жатса да,
Қазағымның генералдары көп емес.

20.05.2000

* * *

Өмірдің ағысына берілмедім,
Тау-тастан шыға келдім, тебінде едім.
Кенші-ақын қызу майдан ортасында,
Есердің жетегіне жегілмедім.

Шабысты алмастырып желіспенен,
Намысты шыңдай берді жемісті өлең.
Алысты жақындатар жыр тасыды
Үш жүзге бөлуге елді беріспеген.

Аз болды арпалыста тыным деген,
Мәскеуде елді аңсаған сырым терең.
Айбыным атой салды
Нөкіс жақтан,
Аралдың айқасында дүбірлеген.

Жанымды сұлулыққа тәлімдеген,
Аққу құс маукын басты, әнім, сенен.
Көңілімде көлеңке жоқ дала мінез,
«Жезкиік» бар сырымды мәлімдеген.

Жүрген жоқ мәз болғансып жазғаным,
Қонып жүр терең ойлы наз жаным.
Домбыра күмбірімен күңіренемін,
Адамның қайран қалып азғанына.

Алғанда ел дербестік алақайды,
Үдеттім өшіп іште нала қайғы.
Бәрі жөн, бірақ кейде шошып кетем,
Бар байлық түскенде ессіз талапайға.

Жоқ менің жер бетінде өгейлерім,
Бәрібір жарды дос пен «дөкей» керім.
Азапқа түспеу қайда,
Біле тұра,
Қазақта қайыршының көбейгенін.

Осыны көріп назды ұлғайтамыз,
Біріміз бірімізге күнде айтамыз.
Ақ патша, қызыл қырғын жайлап еді,
Япырмау, енді арызды кімге айтамыз?

28.07.2000.

Алматы

ОЙЛАНШЫ, ҚҰРБЫМ, ОЙЛАНШЫ...

Жарк етіп жүзің табынтсаң,
Орнағаны жұмақтың.
Кездеспей қатты сағынтсаң,
Тозакқа ұқсар ұзақ күн.

Жайқалғандай жалғыз тал,
Тебіренші, қалқа, толғаншы.
Жарасын жазсын жан құштар,
Ойланшы, құрбым, ойланшы.

Түсіріп еске өткенді,
Ләззаттан өссін мерейің.
Баяғы көрген көктемді,
Алдыңа жайып берейін.

Тебіренте берсін бізді үміт,
Қос жүрек емін табайық.
Кетердей жаның үздігіп,
Тірліктен рахат алайық.

Еліктей үркек шошыма,
Махаббат жолы киелі.
Кет әрі деме досыңа,
Ол сені көптен сүйеді.

26.12.2000.

Алматы

НИЗАМИДІҢ ТІЛЕГІ

Елің алыс,
Көзден шалыс,
Сағынуға ерікті ет.
Кездескенде,
Жерлес пенде,
Бір кешінді беріп кет.

Босқа налып,
Жүрек жарып,
Күрсінуден, кел, сақта.
Бол қасымда,
Шер басуға
Аттанғанша жан-жаққа.

Қалдым жүдеп,
Өшті тілек,
Байка тозған өңімді.
Бар жылулық,
Бар сұлулық,
Сенде ғана көрінді.

Бермен келші,
Жәрдем берші,
Ақталсын бар тілегім.
Қайда барам,
Неге қалам,
Кетсе өзіңмен жүрегім?

Асыл пірім,
Баста ақырын,
Емде достың жарасын.
Бірге өліп-тал,
Бір көріп қал
Жер мен көктің арасын.

17.09.2000.

Алматы

БИЛЕЙІК

Нұр жүзің би дегенде жарқыраған,
Кездесті аңсап күткен алтын алаң.
Шалқыған қос аккумуля бауыр басып,
Балқыған лебінен қарқын адам.

Күнім жок сұлу сазға наз артпаған,
Көп күндер көрмей жүру азап маған.
Дүбірге қосылайық, кел, билейік,
Жұмыр жер дөңгеленсін қарап саған.

Көрінген қос киіктей сай қамаған,
Кенелсін салтанатқа сайран алаң.
Көрейік қос жүректің құлшынғанын,
Бөлейік от сезімге аймалаған.

Түйіскен қос аққудай жүзіп жетіп,
Заулайық әр қимылда қызықты етіп.
Көзіңе қаракаттай қызығып ем,
Өзің де шыдамассың қызып кетіп.

2000.

Алматы

ЖҰПАР ЖЕҢГЕЙ

Жұпар жеңгей,
Ақ ниет назым саған,
Жыр төгілді көптен бір жазылмаған.
Бұл тағзым хабары шын сүйсінтті,
Толастаса көп дертің басылмаған.

Тәңірберген ағаның сексеніне,
Кең дастархан созылып жетсе, міне,
Келгендейміз
Тірлікте кимастықтың,
Баға жетпес ең ғажап мектебіне.

Арыс еді дақ түспес сыйлы атына,
Жарасып тұр
Ас пен той қымбатына.
Қинап жүрген жеткізді жан сыбырын,
Қойған гүлің дәл бүгін зиратына.

Айтып жатыр сол гүлдер бәрімізді,
Басымызды қосып тұр жаның ізгі.
Бәйкен ағам, Сағындық, Сері ағамдар,
Бұзбай сақтап келеді сәніңізді.

Қосып жүрген Көкшені Қырымменен,
Аға сыйлас таусылмас сырым кенен.
Тіл жеткенше тың белгі жасап келем,
Өзім-дағы телегей жырымменен.

Қандай ғажап дәстүрді мол білгенің,
Бір қызығы тағы да толды іргенің.
Бүгін келді мерейлі аға тойы,
Көз жасымен жуып ек жол жүргенің.

Жігіт еді-ау, жайдары Тәкең біздің,
Бірі болдың өзің де әсем қыздың.
Дидарыңа әлі де күн түсіп тұр,
Көлеңкесін білдірмей бәсең күздің.

Өткен жолдар сүйсінтсін бұрын жүріп,
Ұмытылсын кеткен күн сүріндіріп.
Ғашық болған ағама кезінді айтшы,
Қуанышта қалшы бір бүгін күліп.

Сары алтындай сыр бермес салмақтысың,
Құтты болсын тап осы ардақты ісің.
Қабак ашып біз-дағы еске алайық,
Қатты ұйқыдан ағамыз аунап түссін.

21.04.2000.

Алматы

МАҚТАНАЙЫН

Баян Жанғаловқа

Жерлестіктің тетігін дұрыстадым,
Айыртауды айрықша ту ұстадым.

Саумалкөлде туғандар – бауырларым,
Сырымбетте өскендер – туысканым.

Ел дегенде ерекше ағыламын,
Төгіледі тасқын жыр, таңсық әнім.
Қамсақтыға кетеді шомылғым кеп,
Жалғызтаудың етегін сағынамын.

Артық сөзден, Құдайым, сақта мені,
Ақан сері аруағы баптап еді.
Жігіттері ауылымның шымқай сері,
Арулары аққудай аппақ еді.

Ағаларым ұлылық аялаған,
Сол атауға Бәйкендер даяр адам.
Есіл жақтан Евней бой тастаса,
Зерендіде бір төбе Баян ағам.

Ағаларым тау болса жоталаған,
Тірегім сол әрқашан тосар алдан.
Жанғаловтай кімің бар, беу, ағайын,
Сексенінде қыздай жас тоқал алған?!

Әзіл паркын, жеңеше, сөкпе деймін,
Сезім сырын кіл таза төкпелеймін.
Мақтан етсем бәрі де сыйып тұр ғой,
Түсінбесең мен қатты өкпелеймін.

Шарықтасам
Толғанып қарқындап бір,
Кең өзендей жөнелер айтылмақ сыр.
Жетістігі тек қана жеңгем емес,
«Алтын Жұлдыз» өресін айқындап тұр.

2000

СӨЗДЕРДІҢ ӨЗІ СӨЙЛЕЙДІ

Тереңде сөздің жақұты,
Түсердей теру қиынға.
Адамның ол да бақыты,
Жататын жайнап миында.

Қызыл тіл қыздай салтын сез,
Құлшынар икем шак бойға.
Біле де білсем алтын сөз,
Оралым жасар жақсы ойға.

Ұға да білсек зер салып,
Сөз – үнінде күйлердің.
Бірі танық, бірі анық,
Сөз – тілінде билердің.

Сөздіктерде әзір деп,
Бекерше іздеп жатасың.
Құнды сөз қонар қадірлеп,
Сыйласаң арғы атасын.

Межешам етіп жаққандай,
Көк тұманда өрлейді.
Рәбиға апай айтқандай:
«Сөздердің өзі сөйлейді».

Ну орман етті жайқалтып,
Абайым тілдің негізін.
Алмайықшы шалқайтып,
Мұхтар-сөз шалқар теңізін.

Жолықсам қауіп-қатерге,
Мағжанда жатыр керегім.
Махаббат жеңсе Сәкенге
«Тау ішінде» еремін.

Сексен көлге қарауды,
Сағынсам шабыт тұтанып.
«Оқжетпеске» жалауды,
Іледі Сәбит Мұқанов.

«Бозінгенді» боздатсам,
Әбішті іздеп кетемін.
Аралдың назын қозғалтсам,
Әбдіжәмілге жетемін.

Игерсем сөздің төресін,
Көңілдің төрін күйлі етті.
Кеншілік тіл өресін,
Кен қазған күндер үйретті.

Сұрапылды дауылдан,
Тік өтсем саспай бүгін де:
Рахымжан, Мәлік, Бауыржан,
Сөйлейді соғыс тілінде.

Жер, су, аңдар атауын
Ілияс ағам селдетті.
Мұнаралардың қатарын
Төлеген інім өрлетті.

Үйеңкі сүйгіш зеренге,
Күйеңкі жұқпас қашан да.
Сөз алдым, сәулем, сенен де,
Махаббат тілін ашарда.

Өз анам сөздің төркінін,
Ақ сүтімен дарытты.
«Гәккушіл» күннің дер тілін,
Үкілі бабам танытты.

Атасам сөздің иесін,
Таптым ғой тетік тілден де.
Киесі мен жүйесін,
Сөз жолығар білгенге.

14.05.2000

ЖЕЗДЕМНІҢ СЫЙЫ

– Қошақан, қозы марка бағыланын,
Тойынған кепе барда не қыламын? –
Десем де жездем саспай сойып жатты,
Қой емес, тоқты да емес, көк лағын.

Ән салдым түсіргендей шалқасынан,
Жездекем тез оралды «науқасынан».
Отардан таңдаулысын әкеп сойды,
Жетілген меңсіз қара маркасынан.

Жездемнің жарылқаған сөзі қызық,
Маңдайда ойнақтайды көзі жүзіп.
– Балдызым, жарайсың, – деп жымындайды,
Әрең тұр бізден бұрын өзі қызып.

Құдайым мейман етсе буы барды,
Болмай ма есек түгіл жүгі нарлы.
Ащының, тұщының да бәрі бітіп,
Есілдің ішілмеген суы қалды.

1955

ҚЫЗЫЛ АРША

Достарым, бүгін неге денем қызды,
Сағындым мен Мәриям деген қызды.
Аққұба лала гүлдей нәзік екен,
Қызығар құрбы-құрдас көрген бізді.

Іңкәр жан әнге тоймас қызып алса,
Сол шығар құзға біткен қызыл арша.
Балқыдым «Маңмаңгерге» қосылғанда,
Шалқыдым Есіл сүйген Қызылжарша.

Бозбала қоштаса ма сері күнде?
Қыз-дала телиді екен мені кімге?

Мәскеуде кездесіпті қала қызы,
Ауылдан адастырып мені мүлде.

1955

ҚҰДАША

Құдаша, құтты болсын табысыңыз,
Біздің де қызып кетті намысымыз.
Құлшынған, осы ауылдың ыңғайлысы,
Мінекей, мен боламын, танысыңыз.

Қиялды сұлу қайда бастамаған,
Сергекпін серілікті тастамаған.
Жүрегім тым ерекше лүпілдейді,
Келді деп естіп едім астанадан.

Қиялды сұлу қайда қозғамаған,
Қысыр сөз кімге дәрі созбалаған?
Жанарың жанымды өртеп бара жатыр,
Іргектеу көрінсем де бозбаладан.

Бір би бар біздің елде «Бипыл» деген,
Бипылсыз не бітпекші типылменен?
Құдаша, шапшаң биле,
Қағып кетер,
Бір жеңгем қарап тұр көп сикырменен.

Қызық көп қуанышта көретұғын,
Еркелеп елігім бол еретұғын.
Бір басып, екі басып жақындашы,
Ар жағын құдай өзі беретұғын...

1956

БҮЛДІРГЕН

Бүлдір-бүлдір бүлдірген,
Тілге тәтті ілдірген.
Тере-тере адасып,
Қызға қысым білдірген.

Жүре-жүре жол аша,
Орман кездік оңаша.
Басқа жерде сәт болмас,
Маңайына жоласа.

Күлдір-күлдір күлдірген,
Кеселенді кім білген?
Тиіп кетсе қызартып,
Ақ көйлекті бүлдірген.

Біреу айтса сенбес ем,
Отырды ғой жейдешен.
Оралдыңдар көзіме,
Кейде сұлу, кейде сен.

Аяныш сөз себелеп,
Айналайын өбелеп.
Маса түгіл маңына,
Жоғалтпаймын көбелек.

Бүлдір-бүлдір бүлдірген,
Тілге тәтті ілдірген.
Үйге қайттым төбелеп,
Қыз буымен күлдірген.

1956

БҰЛ САЙРАНЫҢ ҚАЙ САЙРАН?

Япырмау, достарым, бұ қалай?
Түсінбей қойдық ойыңды.
Қыз біткен саған ұнамай,
Шаршадық күте тойыңды.

Ғайшамен жүрдің жыл жарым,
Басқамен сайран құра алмай.
– Бола алмас менің сыңарым,
Кәрі, – деп бездің ұялмай.

– Туғалы ғашық таныспын,
Өзгеден осы шын артық, –
Деп өзеуреп табыстың,
Бір қызға өле құмартып.

Қуандық енді іздемес,
Кездесті-ау деп жарына.
– Бүлінген екен, қыз емес, –
Деп қоштастың тағы да.

Әр төбеге ту тігіп,
Жабырқайсың сағынып.
Атандың әйгі қу жігіт,
Қыз таңдауға салынып.

Достарың жастай қарқындас,
Нәресте сүйіп мәз-мейрам.
Қартайғанша таусылмас,
Бұл сайраның қай сайран?

1956

ЖАЗЫҚТЫ ФОТОАППАРАТ

Өзгелерді өткендей аласартып,
Масайратып мәз-мейрам,
Дара шалқып.
Фотоаппарат мойнына асқан жігіт,
Көрінді ғой бір кезде бағасы артық.

Қандай кесел, сондайдан қыз таппады,
Есіне алса жүрекке мұз қаптады.
Енді арудың айнымас тәртібі бар,
Фотоаппарат ұлына ұстатпады.

1956

ҚЫҢЫРЛЫҚ

Ол сыншы ғой,
Ашы айтуға міндетті,
Бола алмайды бірде майды, бірде епті.
Ескерткіштің қарай қалып сыртынан,
Мынау неге теріс қарап тұр депті.

1956

НЕ КЕРЕК?

Ерсіл-қарсыл жүруім керек,
Жүргендер қызықтырмас.
Тұлпарлықты білуім керек,
Тоқырау ғұрып құрмас.
Қырық құрбым, қағытса қырық құрдас,
Сабыр керек жүйкені құрыттырмас.
Жүрек керек,
Күркілдеп дәл жүрерде,
Ескі мотор сияқты сынып тұрмас.

1958

«КЕТШІ ӘРІ!»

– Бір сүйейін бетіңнен, –
Десе жігіт емініп,
Қасақана лепірген
Қикарлана шегініп,
Қыз жауабы: «Кетші әрі!»

– Серігім бол мәңгілік,
Сенсің жалғыз керегім, –
Десе ару мәңгіріп,
Өзі білмей себебін,
Деді жылдам: «Кетші әрі!»

– Басқа қызбен, – сол жігіт, –
Көңіл костым, – дегенде...
Ашулы қыз долырып,
Үні мүлдем төмендеп,
Деді ақырын: «Кетші әрі!»

1959

ЖИДЕГІМ

Жиі-жиі жидегім,
Сені қалай сүймедім?
Қызбен теріп қызықтап,
Тап қасыңда биледім.

Үйме-жүйме түймелім,
Көзді саған түйредім.
Қыршын күнде бұзылып,
Қызға бұрды бүйрегім.

Құрбы сырды білгендей,
Қойды реті бір келмей...
Әлі күнге ол маған
Жидек теріп жүргендей.

1956

ҚАРЫМТА

Қарғап-сілеп колы жетпес құдайды,
Ақындар ерсіл-қарсыл сынайды.
Бар қазақтан тумайды деп бір Пушкин,
Бола алмаған Белинский жылайды.

1958

СУРЕТШІГЕ ТІЛЕК

Жанарына жүрегім бөленетін,
Ажарына көрген жан кенелетін.
Ауыл қызы суретін салып берші,
Әлем білсін кең дала кереметін.

Тынығарсың, дән разы құнығарсың,
Тән төресін дәл сендей кім ұға алсын?
Дұрыстап сал,
Томпақ бет, тостаған көз,
Бір сұлуы қазақтың тірі қалсын.

Өз қалтамнан көтерем бар шығынын,
«Мырза жерлес» деген бір қалсын ұғым.
Тілегім сол – дәлме-дәл келтіріп бер,
Жас кезінде жан жетпес әншілігін.

1985

ОРАЗБЕККЕ

Жан еді-ау орын бермес тақтағыңа,
Зор еді атан қияр қапталына.
Іздейтін орамалың,
Салып қойып,
Дәу қарын саба қолтық қатпарына.

1962

АУЫЛДАС ҚЫЗДЫҢ СӨЗІ

Сүйгіштеп, мақтап, тақылдап,
Есімді алып жакындап.
Сырғамды менің жоғалттың,
Нем бар еді мақұлдап...

Жабыса қалдың сен неге?
Ырқыңа көндім мен неге?
Не бетімді айтамын,
«Берік бол» деген жеңгеме?

16.02.1967

БӘШПАЙ ЖАПҚАН

Көркейер бұта жеміс көп ілгенде,
Әйтпесе көз салар ма ем көрінгенге.
Көрсеңші Күлзейнелті, беу, жігіттер,
Қолаң шаш күрке талдай төгілгенде.

Әнеки, күлтеленді тарамдалып,
Ұмытсын ата жолын заман не ғып.
Ұзын шаш балтыр сипап, бәшпай жапса,
Шыбын жан «Тоба!» деді аман қалып.

Ерке өскен бұла сылқым қаңтарылмай,
Тұлғасын топ ішінде байқадым жай.
Бәрін де дүниенің жауып кетті,
Қара шаш қара қамыс қапталындай.

1969

ЖАҒЫМПАЗҒА ЕСКЕРТПЕ

Айың тусын оңыңнан,
Жұлдызың тусын солыңнан.
Бастығың кетсе ірілеп,
Бес елі қалма соңынан.

Дем беретін буысың,
Жұрттан сактар қуысың.
Қасың түгіл, ол кетсе,
Жақындатпас туысың.

1969

СҰРАҚ ПЕН ЖАУАП

Білмек болып сырымды,
Дос ниеті жылынды.
– Қолың боста не істейсің?
Айтшы, – деді, – шынынды.

– Аз аламын тынымды,
Түн ұзатар күнімді.
Қолым тисе өзімнің,
Қағам, – дедім, – жынымды...

1969

ТЫҢ ЖАУАП

Сұрасам уақыт...
Солғын үн,
Тіл қатты достым мәңгіріп:
«Сау адам үшін соңғы күн,
Саудагер үшін – мәңгілік».

КӨРІНІС

Қағылды замананың қоңырауы,
Жаңылды Үлкен сағат жамырауы.
Тұғырдан түсіп жаяу бара жатыр,
Бір мүсін алтын толы омырауы.

ШАЙХСЛАМНЫҢ АЙТҚАНЫ

Бастығыңның итіне сүйек тастай сал,
Атына сұлы бергейсің.
Қауіпті жерде адасқан көшін бастай сал,
Қызықта үнсіз ергейсің.

Мадақтауда «шаппай бер» ерен жүйрік бол,
Қанардай шөлі көкейдің.
Ұшса қанат, конса ыңғайлы құйрық бол,
Саулығы үшін дөкейдің.

Бақыт құсы қарамайды жастыққа,
Шын талантты бала дер.
Ешқашанда пара берме бастыққа,
Алдына жиі бара бер.

1972

СЫНШЫНЫҢ ӨКІНІШІ

Талайын көрдім үрдіс жорықтардың,
Төлеген болармын деп зорыққанмын.
Бар қазақ бір Жібекті тудыра алмай,
Қатардағы бойдақ боп жүріп қалдым.

1972

ӘЗІЛГЕ ӘЗІЛ ДӘЛ КЕЛДІ

– Арғымақ, қайдан келесің?
Деді түлкі есекке.
Түлкінің улы жебесін
Алмағандай есепке:
– Есенбісің, аңғалым? –
Деді есек түлкіге.
Дәл жауапқа таң қалып,
Түлкі қанды күлкіге.

1972

* * *

Тасушы еді бір бастықты «көкелеп»,
Ресторанға һәм үйіне төтелеп.
Енді өсек тасып жүр ғой сыртынан,
Өтірікті хатка салып бөпелеп.

1973

ДӘМ ҮСТІНДЕ

Келіншек кымыз құйса саба басып,
Нұр тамды ақ жүзінен араласып.
Қаракөз бал-бұл жайнап дәм үстінде,
Отырды өмір паркын сараласып.

Ғажабы осы еді ғой гүлді ортаның,
Дидары өзгермепті деп жортамын.
Бетінде қара меңі, қара маржан,
Қымызға түсіп кетер деп қорқамын.

1973

КЕШКІ ҚИЯЛ

Бітпей көңіл сауалы,
Аңсағанда ақ маңдай;
Ұйықта құшып ауаны,
Қасыңда мен жатқандай.

Селдір ұйқы ішінде,
Бастап көші мұнардың;
Іздеп келіп түсінде,
Тап қасыңа құлармын.

Мен жатырмын мертігіп,
Адасқан оқ жыққандай.
Сен каларсың серпіліп,
Бір ғажапты ұққандай.

Түс жору да тамаша,
Жетпес бірақ әлің де.
Кездесейік оңаша,
Түсіндірем бәрін де...

1973

ТОҚСАНДАҒЫ ТОЛҒАНЫС

Лаулаған өрт пе, дауыл ма,
Токсандағы толғаныс.
Былырлар біздің ауылда,
Көзіміз көрді, болған іс.

Ел үлкені ақсақал,
Бейсембі деген шал еді.
Келемеж етпес жас тоқал,
Шал болса да нар еді.

Бұлжымай салқын формынан,
Прокурордай кеңседе;
Жылжымайтын орнынан,
Ақ патша кіріп келсе де.

Есігін ашты бір күні,
Бота көз балғын келіншек.
Сұлулықтың дүлдүлі,
Етер емес шегіншек.

Балдырған өңі майса екен,
Дертке дауа шәрбаттай.
Ұшып тұрды Бейсекең,
Генарал көрген солдаттай.

Тұңғыық көздер томарсып,
Болса да кімге бұйырған;
Жүрекке тұрды жол аршып,
Жұлдыздай жарық құйылған.

Токсаннан асқан серіні,
Жиырма беспен жалғады.
Елжіреп тұрған еріні,
Емініп шалды арбады.

Алдына келіп қалғандай
Бәйбіше есен күндері.

Қуанды дерсің шал қандай,
Баса алмай аттап ілгері.

– Қай баласың, шырағым?
Танытар емес жел күдік.
Ғадетке медет қыламын,
Төрге шық, тұрма телміріп. –

Кес-кестеп тоқал тіл қатты:
– Көрші үйдегі келінің.
Шалым-ау, неге тым қатты,
Құтырды ескі желігің?

– Жұмақта көрсем жатармын,
Жарамай мойын бұруға.
Жеткенше қуып батар күн,
Сұқтанып өтем сұлуға.

Жауабым, тоқал, сөзіңе:
Көзімді байла көрсең кек. –
Ішінен айтты өзіне:
– Арманым жоқ өлсем, – деп.

1974

ҚОЙБАҒАРДЫҢ ӘУЛЕТІ

Қойбағардың койлы ауылда жақыны,
Токтыбайды көрді аймақтың батыры.
Қойшыбайдың жастығына қызыкса,
Бағыланбектің артық түсті татымы.
Саулықбайға тарта берді жатыры,
Тұсақбайдың мақтағанын ұнатты,
Бойдақбайдың түпсіз дейтін ақылы.

Серкебайдың серкелігін сыйлайтын,
Текебайдың іскерлігін қимайтын.
Қошқарбайға құда болды мың жылдық,
Алыс-беріс жақындығын тыймайтын.

Қолдарында елдің сәулет, дәулеті,
Жайылымға жақсы дейді тау беті.
Жылқыбай мен Түйебайдан сән кетті,
Гүрілдеп тұр Қойбағардың әулеті.

МҰҚАШТЫҢ ӘНГІМЕСІ

Боз тайлағын суат жаққа жетектеп,
Қыз келетін,
Есіл бойын етектеп.
Құшақтатпай
Шыбын-шіркей болғанда,
Ерке тайлақ үрке қашар секектеп.

Жалынсам да,
Жем берем деп оңтайлап,
Жын қаққандай
Ойнақтайтын боз тайлақ.
Қыз кететін түйесінің соңынан,
Суат жақта
Пері бардай ойбайлап.

Ұзын сирақ,
Қолы қатты тастан да,
Ес шығатын
Ағасынан сасқанда.
«Оллаһиды» он қайтара айтқызып,
Қос құлақтан көтеретін аспанға.

Жылдар өтті,
Отау құрдық біздер де
Оқу бітті,
Алып келдім қызды елге.
Беттен сүйіп,
Құттықтады ағасы,
Амалы жоқ «оллаһиды» іздерге.

Естілікті боз тайлақтан бастады,
Сөз шылбырын
Бізге сілтей тастады.
Қос құлағым тыз етсе де қайтадан,
Әңгімені созды ағай, саспады.

Қарындасына ұрысқан болды:
– Шырағым,
Баяғыда неге өтірік жыладың?
Қу шұнаққа ғашық болып өтер ме ең,
Қатты ашумен жұлып алса құлағың?! –

Маған айтты:
– О, күйеужан, ұнадың,
Обал бопты,
Бекер содыр сынадым.
Түбі осылай болатынын сездім ғой,
Түп орнымен кетпей калса құлағың.

1974

КУРОРТТА

Сый-құрметке курортта қанығасың,
Құлқың сүйе қоймайды-ау арық асын.
Үш күн жетер осындай демалысқа,
Одан әрі ауылды сағынасың.

1974

БАЛДЫЗЫМА

Қасыңа еркек жолатпа
Қалағанын қимасаң.
Тұздаған балық қонаққа,
Азап қой арақ құймасаң.

1974

МАХБУБА

Араб кызы Махбуба,
Сүйсінттің көңіл өсіріп.
Таңырқап сендей аққуға,
Сөз де айтпадым көсіліп.

Сен үңілсең танысқа,
Тебірендім мен де кадалып.
Шақырды ойым алысқа,
Амал жоқ менде, адал ұқ.

Жүзің жаңа атқандай,
Сарыарқадан таң күліп.
Жадымда мәңгі жатқандай,
Көркіңе біткен сәнділік.

Мазам кетті көргелі,
Теңеуден өзге шошырмын.
Махбузамен елдегі
Шатастырып отырмын.

1976

ҚЫЗДАРДЫҢ ҚЫЗҒАНЫШЫ

Күйге, құрбым, қана бер,
Күй-сүю жан еркі.
Биге өзгемен бара бер,
Домбырашы менікі.

Күдерін үз үміттің,
Мен болайын кешірген.
Домбыралы жігіттің,
Есімін жой есіңнен.

Сықыр сөзбен орама,
Арбап, іздеп тәсілін.
Маңайына жолама,
Біз дос едік жасырын.

1976

ФРАНЦУЗ ӘЗІЛІ

Аңдушы жаққа шыққандай,
Сұлудан безді-ау құдайы.
Бір сұмдықты ұққандай,
Бұлтыртпай қойды жұбайы.

Тастамай саңылау бүлк етер,
Дәлелін жігіт тыңдатты.
Шапылдаспай құр бекер,
Бір күліп ап тіл қатты:

– Не дейін аңдып жеңген соң,
Өз обалың өзіңе.
Менен артық сенген соң,
Мандайда екі көзіңе

1976

* * *

Қызық қой болашақ,
Келер күн...
Сәт туса есен-сау көрермін.
Өңінде біреудің сау жүріп,
Бір күні түсінде өлермін.

Сонда ол,
Шошынып сенбеске,
Қайғырар кетті деп келмеске.
Күйеуі көз жасын сүрткенде:
– Алдым, – дер, – ағайын, елді еске...

1976

ЕРКЕ ҚЫЗ

– Есімнен кетпес сені көрген күнім,
Жан баурап, өзек тілді көркемдігің.
Махаббат мұңын айтып ән салғанда,
Марал көз ұшқынымен өртендірдің.

Қазаққа қырғызшылап еркеледің,
Жер тар ғой,
Талай аңыз шертер едім.
Сен менен жалын күтпе,
Құрмет етсем,
Өтіпті отты күнім ерте менің, –

Дегенде:

– Еске алсаң да басқа нені,
Чоң аға, жасыңды айтып баспа мені.
Бетіңнен бір сүйейін,
Ал содан соң,
Лақтырып жиырма жасты таста, – деді.

1976

* * *

Ару жыкпай тілекті,
Көп биледі бағалап.
Лүпілдеген жүректі,
Кетті шапшаң жаралап.

Ой-хой! Сол бір аруға,
Талай өлең арнаппын.
Хабар-ошар алуға
Әдірісін алмаппын.

Махаббатқа сенетін,
Жақсы үмітін кім жойды?
Сол келіншек келетін,
Күтіп жүрмін бір тойды.

1976

Ұрғашы үйрек жас ұясын көздеген,
 Көлге бұрын жетеді.
 Тетелес қыздар отыруға төзбеген,
 Елден... ерте кетеді.

Қинасаң да құрбыңмен қосылмау,
 Қадірінді байқаған,
 Күдерінді үз, алаңдама, достым-ау,
 Ол қыз болмас қайтадан...

1976

ҚОЙШЫ АҒАЙДЫҢ АЙТҚАНЫ

– Аз да болса көргенім көп өмірден, –
 Деп сөз тіркеп мәңгі шықпас көңілден;
 Қойшы ағам ақыл айтты бір күні,
 Үні қандай аспай-саспай төгілген.

– Шын құштарлық денсаулықты жалғайды,
 Ұмыт болар аз уақытқа бар қайғы.
 Махаббаттың рахатына қанықсаң,
 Жеңіл-желпі сырқаттан дым қалмайды.

Жас құшаққа не жетеді жалғанда,
 Мың жасайсың от боп лаулап жанғанда.
 Жүрегіңнің басылады лүпілі,
 Тар төсекте тас құшаққа алғанда.

Бой балқытса қарақат көздер қат-қабат,
 Жан шыдатпас алма дидар, ақ тамақ.
 Әрі тәтті, әрі ерекше ыстық қой,
 Жасырын келіп, асығыс шеккен махаббат.

1976

МОДА ЖӘНЕ МОДЕЛЬЕР

Құлшындық мода көріп бәріміз де,
Ер-әйел, жасымыз да, кәріміз де.
Ұмсындық ұнап кетіп,
Бой жазғанда,
Тәні сұлу адамның сәні бізге.

Құмартып шақ тігілген жаңа бөзге,
Дүйім жұрт таңырқауға салады өзге.
Тек қана
Мен отырмын талмай қарап,
Мода емес, модельер қаракөзге.

Сұлулық... Қайда ғана жетеледің?
Жазығым бар ма әлде жеке менің?
Тәртібін тәптіштеген секілдісің,
Махаббат деген үлкен мекеменің.

Қып-қызыл ернің раушан жапырағы,
Шәрбатын ауа арқылы татырады.
Қос балтыр жолды кескен қос киіктей,
Көзді арбап әрлі-берлі қатынады.

Керімсал құлын білек, жайды құшақ,
Қос торсық төсі қандай жайлы жұмсақ.
Тіс жармай, іш өртеніп телміресің,
Қызыққан ханшайымға жарлыға ұқсап.

Төгілді төңіректі бунаған сыр,
Шын бекер, құлан-жүрек, тулағансың.
Сен кешір, модельер қыз Корнелия,
Қайтейін мен корнет боп тумағасын.

1977

ТОҚТА ДЕМЕ...

Неліктен шын құмартқан пәк жүрегің,
«Токта!» деп ноқталады жан тілегін.
Шыдамсыз емес едім,
Марал көзің
Мөлтілдеп бар мазамды алды менің.

Тапқанда шақ пішілген тән үйлесім,
Шырқайын келістіріп ән жүйесін.
Қалайша мен тоқтайын,
Беу, қалкатай!
Әйелдің көріп тұрып әулиесін?!

Домбырам екі ішекті зар илесін,
Серпілсін құмар қанып жан игесін.
Салайын тың ырғаққа,
Қалың елім,
Көркінді әсем саздан тани берсін.

Аккуды көріп, неге қаз атайын,
Тыңдашы, ойға түспес наз айтайын.
Япырмай,
Токта деме,
Не кыласың,
Қимылсыз тоқтай қалсам жазатайым?..

1977

ҚЫРЫМДАҒЫ ТАМАША

Жүзіп жүрдім мөлдір таза айдында,
Мен жатырмын қыздырынып май құмда.
Тік қарауға көз тиер деп қорқамын,
Қыз-періште кез болғандай алдымда.

Алтындаса денең аппақ күмістей,
Асау толқын шыдай алмас тиіспей.
Саған қарап күннің көзі қызарды,
Маған ұқсап көрсе қызған дым ішпей.

Сәуле қызғылт, сұр көкпеңбек, сен аппақ,
Ақ шағала келді жақын қонақтап.
Аю тауы суға салды тұмсығын,
Сені бірге жұтардай-ақ сораптап.

Жас аққуға қыран көзін салғандай,
Аю төнсе шыдар үнсіз жан қандай?!
Дәл сол кезде сен жағада жарқ еттің,
Аю шөкті тас боп қатып қалғандай.

Басылды елең, құлшыным жас балаша,
Құлын денең көрінді шыт жаңаша.
Дельфиндер де өтті алыстан делдиіп,
Дей қалғандай бұл не деген тамаша?!

1978

ПУШКИН КҮНДЕРІНДЕ

Бейтарап күндер емес өткен-кеткен,
Сал, мырза дәл биылғы жеткен көктем.
Мәскеуге ақын толды,
Жыр селдеді,
Төгілді сөз сарасы желкендеткен.

Ішінде маңғаз, кербез жарқыл қағар,
Марқакөл маралындай Мафуға бар.
Басталды салтанатты Пушкин тойы,
Көп жылдан байтақ Ресей салтында бар.

Жас ұрпақ данышпанға алғыс арнап,
Сөйледі «дала досы» тайпы тармақ.
Баяғы «тағы түнкұс» өкілдері,
Тебіренді тува, қырғыз, якут, қалмақ.

Шықты, әне, қазақтың да ақын қызы,
Ақ дидар Әйгерімдей жарқын жүзі.
Ән салса, жыр оқыса бәрі ғажап,
Үнінде Абай ырғақ жатыр ізі.

Сарқылмас сағынышы бардай анық,
Қаракөз ғашық тілге қандай қанық?!
Аумаған Анна Керн сияқты деп,
Тамсанды залдағылар таңдай қағып.

Сүйсінсе асыл қауым акын қызға,
Қосылды зор мәртебе атымызға.
Бір сезім тұла бойды лып еткізді,
Бір сөзін жақын тартып затым қызба.

Елге акын, сүйсе акынға ел жетеді,
Беу, қалқам! Көркің шабыт селдетеді.
Соншама көп орысты тамсантқанда,
Қазаққа бір қарасаң нең кетеді?..

1979

ӘБДІЛДАНЫҢ СӨЗІ

Білмеймін заң қылғанын,
Сән қылғанын,
Таңданам әр сөзіне Әбділдананың:
«Қаламың қажығанда ой жаңғыртып,
Көргенің жақсы, – деді, – таң құрбанын.

Дос болғың келсе дәйім соны күшке,
Болмысты маңайдағы шолып істе.
Бой бергің егделікке келмегенде,
Жасыңда не істедің – соны істе».

Жарайсың, беу, беу, дүлдүл майталманым,
Бүктеліп қалды аузымда айтар барым.
«Көп жорттым қызды ауылға, Әбеке», – деп,
Ұялып ақсақалдан айта алмадым.

Қалайша өңін бұзбай қартайғанын,
Жетпей жүр келістіріп айтарға күн.
Бетіне тік қарасам
Күлім қакты,
Байқадым ішінде бір «сайтан» барын.

1979

ЖІГІТ ӘНІ

Той-думан аз болған жоқ көшімдегі,
Сынаса сынай берсін өшім мені.
Түн катып, таң сәріде әрең жеттім,
Ұйқыңды бұзсам, калқа, кешір мені.

Жарасты кер бестіні ерттегенім,
Шіркін-ай, осы екен ғой серт дегенің.
Құтқармас өліп кетсең ешбір пенде,
Махаббат осы екен ғой өрт дегенің.

1976

ЖАСЫЛ ШАМ

Ал айталық лек-лек ашық сыр,
Немеремді тез көруге асықтым.
Бөбек туған үйге жылдам жететін,
Көше, даңғыл бар жолдары ашық тұр.

Не болар ем сол сезімді жасырсам?
Кім болар ем
Марқайдым деп ашынсам?
Жас иістің лебінен ашылды,
Көкірегімнің көшесіндей жасыл шам.

Ашылсаңшы, жылдамырақ өтейін,
Толастамас топтан озып кетейін.
Бәрінен де ең қызығы осы ғой,
Құдалардан бұрынырақ жетейін.

1980

* * *

Немеремді құшқым кеп,
Балаға қарап тұрамын.
Бір жұтым қымыз ішкім кеп,
Далаға қарап тұрамын.

Құмға да көңіл бөлдім көп,
Дауылға қарай еремін.
Көршінің қызын көргім кеп,
Ауылға қарай беремін.

1980

* * *

Күндер өтіп көп тілек орманындай,
Болашаққа жүргенде жол салынбай;
Ата деген атаққа ие болдым,
Жас офицер генерал болғанындай.

Асыл үміт соқтырмас заршылдыққа,
Ту тігемін өлеңмен әр жылдыққа.
Мен соңыра болғанда шөберелі,
Жетті деңдер генерал маршалдыққа.

1980

АТА БОЛДЫМ

Ата болдым немерем туып бүгін,
Құлақ шалды құлыншак сүйікті үнін.
Шыр еткенін қазақша естіп қалдым,
Қаз дауысты сәби үн біліп тілін.

Құлаш жайды жаңаша белес бүгін,
Ата болдым. Ол осал еместігім.
Құдалар-ау, ренжи көрмеңіздер,
Салыковтардан аумайды деп естідім.

1980

ҚИМАЙ ТҰРМЫН

Көктем кайда?
Келеді жазым кеміп,
Күз жайнады сары алтын назын теліп.
Немерелі болғанда көп толғандым,
Аталыққа жүрсем де әзірленіп.

Ата, әже шені зор сыйлайтұғын,
Қуаныштан әлемге сыймайтұғын.
Мені қойшы... нешауа,
Шашым аппақ,
Әже деуге Мәриямды қимай тұрмын.

1980

АФРОДИТА

Бір тума сұлулықтың періштесін,
Байқадым көзім шалып пейіш кешін.
Тұлғасы саған тартқан сұлу көрдім,
Пейіште бірге піскен жеміс дерсің.

Түсімде көрген құсқа ілегіп ем,
Ілектім ұстап іңкәр білегінен.
Барады жылдан-жылға сұлуланып,
Өзіңе теңестірген тілегімнен.

Бар болса ғашықтарға елшілігің,
Күн бата біздің үйге келші бүгін.
Оңаша екеуіңді салыстырсам,
Білер ем бітім-тұлға кемшілігің.

Қиналсам теңеу таппай қосқаным,
Қуандым сен келер деп тосқаным.
– Алғаның артық! – десең, құдай оңдап,
Таңертең мақтанар ем достарыма.

Ұмытпас ең қызықты кезін адам,
Періште келді кешке көзі ұнаған:
«Алғаның ерен сұлу, ал айтарым:
Сырын біл, сыны түзу», – деді маған.

1980

ҚУАНЫШ

Метро, такси, трамвай толы адамдар,
Мен күлем, олар күлмейді.
Дегім де келді: бұл неткен шымқай надандар,
Қуанышта құттықтау салтын білмейді.

Мәскеуліктер караса аң-таң бетіме,
Өзімде бар аздап мін.
«Немерем туды!» деп бөркімнің шетіне,
Жедел хабар жазбаппын.

ЖАҢА ТҮРІ ТӘРТІПТІҢ

Кеш оралдым.
Бәйбішем күрсінді ақыр.
Деп те қалды:
– Сен қайдан жүрсің, батыр?
Оны қойшы, бесіктен есік жаққа,
Кемсең қағып немерем ұрсып жатыр. –

Ана тілі секілді бала тілі,
Жанға рахат әкелер жаннат үні.
Кеш келгенді нәресте жаратпайды,
Осы екен ғой
Тәртіптің жаңа түрі.

* * *

Қызығар сұлу көрсе өліп-талып,
Қызықшыл акын елі бөрі халық.
Мені тағдыр кенші етті, әкім етті,
Көп қызықтан, шіркін-ай, бөліп алып.

1980

* * *

Түнде де бар, күндіз бар,
Ақ дидарың үңілді.
Жүрегімде жұлдыздар,
Қарсы алғандай дүбірді.

Мінезімнің ашығы-ай,
Жанға рахат құйып тұр.
Мен қайтейін тасымай,
Сен сүйген жер күйіп тұр.

Жан сергіді қаулап гүл,
Сеніміңді ақтайын.
Мен сүйген жер жайнап тұр,
Артық жұлдыз тақпаймын.

1980

ҚҰДАШАМА ЖАУАБЫМ

Құдашам айтты:

– Не тілесем көнесің,
Не сұрасам тура жауап бересің.
Ал, мысалы, ғашық болған әйелдің,
Қай жерін сен өте жақсы көресің?

– Пәлекет-ай, жалынсың ба, шоқ па едің,
Әпербақан мінезіңді сөкпедім.

Жер-жаһанда мен сүйетін әйелдің,
Жек көретін жаман жері жоқ, — дедім.

1981

БІР МІНЕЗІҢ

Кейде әйелді еркекке ұқсас атайды,
Кей жігітті «қыз мінез» деп матайды.
Сол бозөкпе әйелденіп қылмиып,
Бәйбішесі қоразданып қатайды.

О, еркектер! Біздер еркек болмасақ,
Малды бағып, егінді ерте ормасақ;
Жауымыз да шошып айыл жимайды,
Қой соңында қошақан боп сорласақ.

Беу, арулар, сүйіп тиген күйеуің,
Нәзігім деп ұқтың ғой шын сүйерің.
Білсеңдерші, сендер үшін жан зекет,
Жанған отқа түсіп қана күйерін.

Болмай-ақ қой сендер еркек біз барда,
Қаңтарларда қалдырмаспыз ызғарға.
Күле қарап қызықтырмай қоймайтын,
Бір мінезің ұқсап тұрсын қыздарға.

1981

«МАДАМ БАТЕРФЛЯЙҒА»

Қайыргүл Сартбаеваға

Қайыргүл, құтты болсын өрлегенің,
Ұлғайттың асқақ әнші төр көлемін.
Қанжарды байқап ұста,
Шошып кеттім,
Қырғызға керек болар өлмегенің.

Атағың өз еліңмен шектелмейді,
Көрген жан
Пай-пай! Неткен көркем дейді.
Батерфляй,
Оқыс қазақ аулақ жүрсін,
Өзінді казактар да жек көрмейді.

Жүрекке осы шығар ем дегенің,
Сендердің махаббатқа сенбегенін.
Пинкертон келмей қалса
Көп қайғырма,
Орнына Алатаудан мен келемін.

1981.
Мәскеу

БИБІГҮЛДІҢ ЖАУАБЫ

Қатар өскен сүйеді ғой гүлді гүл,
Одан артық кім білер деп тірлігін,
Сұрағанда: «Шәкең неше жаста?» – деп,
Күлім қағып жауап берді Бибігүл:

– Сырлас өстік қызметтес, ауылдас,
Тел козыдай құрдас едік бауырлас.
Бір жылғы төл
Жасарыпты он жылға,
Ел паспортқа жасағанда айырбас.

1982

ҚИЫН ЖЕРІ ӨМІРДІҢ

Тітіркеніп жүйкемнің түйіндері,
Кейже жылжып кетеді миым кері.
Айтқан сырын айқындау білдірмейді,
Осы екен ғой өмірдің қиын жері.

Кім жасайды сондайда сөз таласын,
Танданасың түсінбей көзқарасын.
«Әкең бәрін бүлдірген, оңбаған», – деп,
Ұрсып жатыр бір жігіт өз баласын.

1982

БІР ЖІГІТТІҢ ӨЛЕҢІ

Жалауын махаббаттың құлатқанда,
Өтіппін қилы-қилы сынақтан да.
Оңдысын ішіндегі ойлай берем,
Соңғысын хош айтысып ұзатқанда.

АТАЛЫҚТЫҢ АМАЛЫ

Аталыққа аса жылдам маталып,
Сағынушы ек Нүкіс жақта хат алып.
Енді жүрмін үш немерем соңында,
Осы үйдегі үлкен бала аталып.

Шақырады олар өлең келгенде,
Шұрқырайды шабыт селі жеңгенде.
Жаңа өлеңді жаттап жүрем ішімнен,
Желе жортып соңдарына ергенде.

Қызған кезде еркелеген күйге еніп,
Жұмсайды олар қажетіне түймелік.
Біз көрмеген ойындары көп екен,
Көп өзгердім өздерінен үйреніп.

Жалт бұрылып кетер кезде құтылып,
Мың жұтынып тәсіл табам күтініп.
Әбден шаршап енді құлап түсерде,
Бәйбішеме кетіп қалам сытылып.

1982

ӨКІНІШ

Сығалап жұрт құпия белгісі кеп,
Көз салса қаңбақ сөзге ілгісі кеп...
Құлшынар еріндері саған қарай,
Сәуледей гүлге ұмтылған сүйгісі кеп.

Қайтейін, сығаласа сығаласын,
Бәрін де, қайран ақын, құп аларсың.
Ұрлықтың айтып қылған айыбы жоқ,
Сүйдім ғой көңіл катты құлағасын.

Жел сөзге сол кылығым жол аша ма,
Өзің біл, беу, қаракөз, арашаға.
Сүйді деп жұрт көзінше айып тақса,
Өкітті сүймегенім оңашада.

1982

АЛЬБОМҒА

Тоймаспын таңырқасам неше күндей,
Қоймаспын ауыр сұрақ шешерімдей.
Персия періштесі сен деп қалдым,
Елжіреп есі кеткен Есениндей.

Құйылған көкірекке ақ өлеңсің,
Тарыksam іздеп табар ғажап емсің.
Жүзіңнен жүрегіме нұр төгілді,
Сен менің шапағатты Шаганэмсің.

Көрші едік қырғыз-қазақ іргелескен,
Жоқ емес қимас мезет бірге кешкен.
Үндемей топ ішінде қалармысың:
«Чоң аға, ақбоз үйге кір» деместен.

1982

«ШЫДАШЫ»

Жәмиләнің қойнына кіріп кетсе құдасы,
Деп күледі: «Мынасы несі, мынасы?...»
Бірақ үні шөже шикыл естілді,
Жек көрмейді расы.

Терезенің түбінен құдағи өтіп барады,
Көрмегенсіп Жәмилә құдасына қарады.
Қарады да:
«Шыдашы, – деді, – шыдашы...»

1977

БӘЙБІШЕНІҢ АРМАНЫ

Арманым көп, отағасы, түсінсең,
Отбасы аман,
Болсаң есен, шүкір, сен.
Балаларды пенсияға жеткізіп...
Немерелерді институтқа түсірсем.
Содан кейін...
Бой түзеп бір күтінсем.

1982

ҚОРШАҒАН ОРТА ҚОЛДАСА

Сауық кеш бас кезінде қызып алды,
Жүзіне асау шарап ізін салды.
Бір сөзді күзеймін деп үзіп алды,
Бір сөзді түзеймін деп бұзып алды.

Пәтшағар терең ойға олақ екен,
Дос-жаран дым сезбеген болады екен.
Байқасам ақылдылар арасында
Ақымақ ең ардақты қонақ екен.

1982

КІМ МЫРЖЫҚТЫ КҮНДЕМЕС?

Мыржық ағай ақылды адам расында,
Төрт-ақ класс бітірсе де жасында,
Сан салалы айла жасар өмірге,
Академия... Университет бар басында.

Бір інісі бастығының хатшысы,
Ал біреуі – күні бойғы атшысы.
Бір жиені – түні бойғы сақшысы,
Өз әйелі көптен завхоз осында,
Нағашысы сауда-саттық басшысы.

Главбухпен үйі тура іргелес,
Һәм табақтас, һәм үлделес, бүлделес.
Қызыл жаға – полковник баласы,
Өз қызметі – үндемес.
Кім Мыржықты күндемес?!

БӘЙБІШЕМЕ ТІЛЕГІМ

Туды бүгін екінші немереміз,
Тойлаймыз да
Шаттыққа кенелеміз.
Ақ бесікте, ақ бөпе үніменен,
Келер күнге сеніммен жөнелеміз.

Сәтті болғай, бәйбіше,
Еккен егін,
Көңілім толқып тұр бүгін
Неге менің?!

Ең бірінші көргенде немерені,
Әжелікке қимаймын деген едім.

Бұзбайды екен дәреже жаны асылды,
Үзген жоксың
Құштарлық таласыңды.

Жасаруға немере дәру беріп,
Болды саған әжелік жарасымды.

Үні қандай
Тамаша, әдемі еді,
Іңгәлады, іңкәр үн әжеледі.
Екі дүркін әжелік құтты болсын,
Әже болғай бірнеше дәрежелі!

1982

НЕМЕРЕЛЕР

Немерелер көз ашқалы кезінен,
Сүйем бәрін тым ерекше сезіммен.
Бірақ, осы балапандар жабылып,
Бәйбішемді тартып алды өзімнен.

Ақбөкен жүр «әжекейлеп» жолында,
Кенжесі жүр «апашкалап» қолында.
Борсалаңдап қонжығындай аюдың,
Ақбөпе жүр кірекейдің соңында.

Көпсінбеймін,
Көп емес те баламыз.
Барға риза, тату-тәтті арамыз.
Әттең, түнде бәйбішемнің қасынан,
Шықпай қойды әнебіреу қара қыз.

1982

МҰРНЫҢ КҮЛІП...

Талай жыл бір сырынды жүрдім біліп,
Жүрдім біліп,
Қармаққа іліндіріп.
Байқағаным,
Жеткізіп жан талабын,
Мені көрсең, тұрады мұрның күліп.

Түсіне алмай кей-кейде жүрдім күліп,
Қандай ғажап
Жан сезбес сылқым қылық.
Оң қабағың тартады,
Жолым болар,
Бір қарашы тағы да мұрның күліп.

1982

ӘНУАРБЕК БАЙЖАНБАЕВҚА

Дабыл қақса сабырлы көзі ашық,
Еске алды дәуірлі біздер машық.
Әнуарбек «ә» десе
Левитан
Кіріп келер деп қалдым есікті ашып.

Ол әулие, оқымпаз мықты десем,
Әулиелік көп сырын ұқтым кеше.
Әнуарбек «ә» десе
Жалт қарадым
Үйге кіріп келердей «мұртты көсем»

1983

ҚҰРБЫМА

Түнемелден ашытқы әзірлетіп,
Айран ұйытпа асығыс мәзір етіп.
Қоры жақсы тілдің де татымы бар,
Зіл сақтама ойнасаң әзілдетіп.

Жоқ нәрсеге, жан құрбым, қыза көрме,
Ләззат ізде, ғашық бол, ыза терме.
Не болса да, калқам-ау,
Бар айтарым:
Уәденді кешегі бұза көрме.

1983

СЕНГЕНІМ БАР

«Әй, кәпір» деп айта алмайды еш пенде,
Тіл табамын кейде сырттай өшпен де.
Соның бәрін айғақ етер қазағым,
Жүзге бөлгіш сұмпайылар өшкенде.

Айтар сырым,
Айқын ашық тілегім,
Бір қазақты үшке бөлмей түледім.
Жүрегімнің лүпілінен естіңдер,
Сәкен, Ілияс, Бейімбеттің тілегін.

Алыс жолда жүрген ауыр шақтарда,
Өлең өрдім ерте тұрып ақ таңда.
Сағынышты елге сәлем жолдадым,
Ауыл жакқа құстар күзде кайтқанда.

Аз сөйлесем сенгенім бар көш түзер,
Сағынышты жаңа әнім жеткізер.
Өзге сырды тәмамдайды «Жезкиік»,
Жанарымен жанға рахат сепкізер.

1984

ТАПҚЫР КЕЛІНШЕК

Ұзақ жолда қызықтырмай жан адам,
Жас келіншек тіл қатпаған манадан...
Сайрап кетті озған аттай еркінсіп,
Үйір тапты үйге кіріп даладан.

Бірі бітсе, бірін бастап жаңадан,
Әзіл төкті елге сирек тараған.
Кей жігітке тиді ала құйындай,
Шаңқай түсте көз аштырмай қамағын.

– Жылы жерде көрсеттің ғой керемет,
Беу, құрбыжан! Туып қалды не себеп?

Көбелектей жеңіл кетті кей сөзің,
Жылы жерде тиген жоқ па кебенек?

Жауапты ару тез қайтарды себелеп:
– Бой қызғанда ғадетім жоқ тежемек.
Жаурағанда жау көрінер еркектер,
Шешінген соң ауыр сөйлеп не керек?!

1984

НЕМЕРЕМ ТУҒАН КҮНГІ ЕСКЕРТУ

Беу, ағайын!
Қуанышта не дер ең?!
Дәрігер қызға сүйіншіге не берем?!
Қарашаның жұлдызында бірінші,
Дүниеге келді тұңғыш немерем.

Ол дарынды ұл. Дарындыға – жеңу серт,
Дей көрмендер: «Орғаш кеттің, жеңілдет!»
Неге десең салмағы төрт келідей,
Ұзындығы елу төрт.

Әжелер-ау, ырым етсем тұрақта,
Сыйлап ұста, бейберекет жылатпа.
Неге десең, бұл баланың түбінде,
Бәрімізден даңқы кетер ұзаққа.

Құрықтамай босатындар ат басын,
Сәби күннен алған беттен қайтпасын.
Сақтық керек,
Тарихшылар соңыра,
Әжелері ұрсыпты деп айтпасын.

1980



Н.Ә.Назарбаевпен Астананың туған күнінде кездесу.
Ортада тұрғандар: Камал Смаилов, академик А.Хайдаров



Отырғандар: Бәйкен Әшімов, Сағадат Нұрмағамбетов,
Талғат Бигелдинов, екінші қатарда: Махтай Сағдиев,
Кенжеғали Сағдиев, Кәкімбек Салықов



Үкілі Ыбырай ауылында: Жақия қажы, Кәкімбек Салықов,
Үкілі Ыбырайдың немересі
Елемес Есепқызы, Мәриям Салықова



Әрі аға, әрі дос болған ардагер азамат, Мемлекеттік сыйлықтың
лауреаты, Ақшатау, Балхаш комбинаттарының директоры болған
Далабай Ешпановпен соңғы ұшырасу



Туған жерім Еңбек ауылындағы той



Ғалымдардың құттықтауы:
Манаш Қозыбаев, Аманжол Қошанов



Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің бұрынғы ректоры
Т.Мұтанов профессорлық куәлік тапсырып мантия кигізді



Жезқазған Мемлекеттік университеті “Құрметті профессор” атап,
мантия кигізді



Ұлы Ерланмен



Бәйбішеме ән салған кез



Кәкімбек Салықов досы Төрегелді Шармановпен



Жезқазғанда ақын Тайжан ескерткіші ашылғанда



Өнерпаз қанаттастарым: Ғалым Жайлыбай,
Қорабай Есенов, Қапаш Құлышева, Иран Тасқара,
Аманжол Әлтаев



Шал ақын ауданындағы қарсы алу



Ортада ән арнаған Шәмшиқамар жеңешем



Бәйкен ағаның құттықтауы

ЛАУАЗЫМ

Өткен күндер киындық орманындай,
Болашағым ондалсын жол тарылмай.
«Ата» деген атаққа еңсем өсті,
Жас офицер генерал болғанындай.

Бұл жалғанның демеймін жүдеуімін,
Деп те ойларсың: «Сондағы сүйеуі кім?...»
Бір сұлудың алдында ардағы едім,
Ендігі бүгін әжеңнің күйеуімін.

1980

БИБІГҮЛДІҢ ЖАУАБЫ

Біледі ғой бұл жалғанда гүлді гүл,
Арнап келем мен оларға нұрлы жыр.
Сұрап едім нешеде деп Бағила,
Күлім қағып жауап берді Бибігүл:

«Біледі ғой, – деді, – көңіл жықпасым»,
Бірақ, бөтен тарихқа қол сұққасын,
Оллаһиді он айтқызып сұрайын,
Отыз тістен жалғыз сөзім шықпасын.

Шер тарқатып, наз айтыстар бауырлас,
Құрдас едік, көрші-қолаң ауылдас.
Енді менен ол жасарды екі есе,
Ел паспортқа жасағанда айырбас.

Формально – жиырма жетіде,
Нармольно – көбейт екіге.

1983

«ОБАЛ-АЙ...»

– Қыз-қырқынға ебің қалай? – дегенде,
Тұманбай түсті әжептәуір елеңге.
– Кәке, сізге жалған айту болмас-ты,
Бармайықшы, – деді, – сонша тереңге. –

Үнсіз қалдық өзіміз бен өзіміз,
Алшақ өтті албырт, асу кезіміз.

Біраздан соң

Ұяла қарап күлді де,

Деді:

– Қандай салт шегесіз өзіңіз? –

Жауап қаттым:

– Баяғыдай қайсармын,

Сұлу көрсем көңіл жықпай қарсы алдым.

Бірақ, елді ренжітіп алмасқа,

Әму қызын бір сүйуге тайсалдым.

Шындық осы толқып кетсем толағай,

Қыл үстінде келем суыт, одағай, –

Дедім, – елде жойқын едім, шіркін-ай... –

Тұмаш сонда деді ақырын: «Обал-ай...»

1985

ӘТТЕҢ, ШІРКІН...

Б. Ахмадуллинаға

Қара етіктің өкшесі кере қарыс,

Дегендейсің кел, достым, желе жарыс.

Әттең, шіркін, тар жерде кездесіппіз,

Ертеректеу болмадың неге таныс?!

Жер бетінде сирек қой сендей құрбым,

Өзгелерді жүректен сендей сырдың.

Берік едім, япырмай, не боп қалды?

Осы жолы өзіме сенбей тұрмын.

Жарасады үстінде кара шапан,
Есім кетті, қаракөз, тамашадан.
Ұшып қана жетер ем сахнаға,
Қасымда отыр қол соғып бала-шағам.

1985

* * *

Бұзып өтер
Жат хабар бес төбені,
Жақсы ақпарат адасып кеш келеді.
Зор өсекті бұл күнде ел ұқпайды,
Горбачевте гәп десең тез сенеді.

1990

ЖАБЫҚ СЫР

«Аз емес құпия болған іс,
Жастық шақ олжасын орғамыз.
Жабайы деп жүрме
Сұлуға,
Жол тапқыш жорғамыз.

Қай жігіт қымсынбас біз барда,
Қырғидай тиюші ек қыздарға.
Бәрі де өткен іс,
Сөкпеңіз,
Бәйбіше, қызғанба», –
Деуші еді жасамай сақ қадам,
Мезетте өзін көп мақтаған.
Бүлдірді-ау бұл жолы ағамыз,
Ол неге есікті жаппаған?..

Кеңсе ғой,
Басқа орын таппаған,
Шіркін-ай, жаңылды-ау жақсы адам.

Тал түсте есікті жаппаған,
Мәс-с-саған...
Сұқ көздер қаптаған
Үзіліс кезі ғой ақтабан.

Алланың әмірін кеш ұқты,
Кеш ұкса сұм тағдыр өшікті.
«Сақтансаң сақтармын» депті ғой,
Беу, ағай!
Жауып жүр есікті.

1986

НЕМЕРЕМНІҢ САҚТЫҒЫ

Кім төсекті екіге бөлектемек,
Енді қажет болып тұр жедел көмек.
Кеше кенже немерем келді-дағы,
Екеумізді жатқызды бөлек-бөлек.

Сескенгендей түнгі аспан сарайынан,
Жатар кезде жөні бар дәл айырған.
Ұйқысы әбден қанғанша
Ол әжесін
Шығармайды екі елі маңайынан.

Келіншекті торуға ұста халық,
Іздеп барсам атар таң нұсқаланып.
Жатыр екен құлындай қосақталған,
Бәйбішемді білектен ұстап алып.

Түн осылай, ағайын, қиындалды,
Күндіз бере шал-кемпір сыйын тағы.
– Сен әжемді іздеме, ата, – деді, –
Бірге жатам қасына бүгін тағы. –

Күдіктеніп, сабырлы қабақ түйіп,
Деді бірде әжесін жайлап сүйіп:

– Сүйесің ғой атамды,
Сен сүйесің...
Кетіп қалма сен оған байға тиіп...

1986

СЕН КЕЛСЕҢШІ...

Түбіне күрке талдың тығылайын,
Бұғайын қасқыр қуған бұғыдайын.
Қорыққанға қос көрінер,
Сен келсеңші,
Алдыңа есім кетіп жығылайын.

1986

ДОСЫМА ЖАУАП

Бүлдіргендей қимас, сыйлас реңін,
Ескі достың сұрағына күлемін.
«Ғашық жайлы көп жазасың, – деді ол, –
Күйдірмей ме Мәриямның жүрегін?»

Аңдасам да адал сөздің төркінін,
Жауап бердім сендірердей еркін үн.
Дедім сонда: «Ең шыдамды қызды алдым,
Жалынына ғашық өлең өртінің».

1986

ӨМІР СЫРЫ

Балалардың балалығы жоғалды,
Қозы, құлын басты жасыл көгалды.
Ата-ана боп,
Өз көшіне бас болып,
Балаларым балалығын доғарды.

– Беу, айтсаңшы... Сонда саған не қалды?
Қозы, құлын іздетпей ме оларды?
– Жоқ, достым-ау, іздетпейді.
Неге де,
Өз балаңнан ыстық екен немере,
Қайда жүрсем іздей берем соларды.

1988

РАСУЛ ҒАМЗАТОВТЫҢ ЖАУАБЫ

Құшақ жайып ізетпен бағалайтын,
– Расул аға! Ассалаумағалейкүм!
Саулық қалай, – дедім мен
Сабыр сақтап, –
Емханада нең бар көп жағалайтын? –

Қатты ойланды. Қыздырды ма сұрақ бой,
Көзі күлді,
Сыбырлады-ау зиятты ой.
«Мына сырқат мемлекетте, – деді ол, –
Сау қалудың өзі маған ұят қой».

ҚҰДАШАМА

Аузыңды ашсаң көрінген көмекейің,
Сені қалай, құдаша-ау, сөз етейін?!
«Өй, құтырғыр» дегенің ұнап кетті,
Қисаймайды ондайға төбетейім.

Өзіліңді айта бер ойдағы көп,
Бұл құданың ондайға тоймағы жоқ.
«Құтырғыр» де, нұкып қал,
Жұрт ойласын
Арамызда ештеме болмады деп.

1989

САҚТЫҚ

Жылағаны – бізге деген сый шығар,
Томсарғаны қай сұрағы? Білші бар!
Беу, әжесі! Сүйкене берме сен маған,
Ана бала біліп калса ши шығар.

1990

ЗАМАНЫҢ ТҮЛКІ БОЛСА...

Бас молланың үйіне,
Әкім кіріп барады.
Тәспі созған күйіне,
Жұрт қызығып барады.

Дін, хадиске сый-құрмет
Байқап ауыл ұнатты.
«Қозғалмаса Мұхаммед,
Тау қозғалған сияқты».

Сезіп аң-таң қаламыз,
Тілектері бар екен.
Партком болған ағамыз,
Молла болып жүр екен.

1990

ТАРИХИ ШЫНДЫҚ

Осынау біздің заманда,
Дін мұсылман аманда.
Көк Есіл, сенің жағанда,
Перзентке көңілі алаңда,
Әбілмәжін мен Жамалға,
Тумаған бұрын ғаламда
Бір сұлу қыз беріпті.

Рахмет, Алла, саған да,
Сауабың зор ғой адамға.
Нұр жауды құтты кадамға
Жарқ етіп бакыт жанарда,
Адал жар етіп маған да,
Жүректің емін табарға,
Жараттың ғажап серікті.

Сөзімнің осы шешімі,
Мәриям екен есімі.

09.12. 1990

...МЕН БАРАЙЫН

Жолың болмай жайылар атың елге,
Дәл сол күні сұлуға батыл келме.
Әсіресе құпия ғашығыңмен
Кездеспе, дос, бірінші апрельде.

Жаратса да аз өмір берік етіп,
Басқан ізің жаңылтар кері кетіп.
Ұзақ деген сапары тым келте боп,
Сен барғанда келеді ері жетіп.

Бірақ, сөкпе, бұл фәни кең сарайын,
Күйкіленбе. Күйінбе. Ем табайын.
Үйінде отыр бірінші сәуір күні,
Сактық керек, орныңа мен барайын.

1992

ЖЕҢЕШЕМ АТЫ – ҚАМАЖАН

Бар менің Шәкір деген кадірлі ағам,
Жасынан әнші, сері ағындаған.
Көп тандап, кеш үйленген кербез еді,
Япырай, қалай ғана жаңылмаған?!

Қайырмасы:

Жеңешем аты – Қамажан,
Күйеужан әрі балажан.
Бір көрсең естен кетпестей,
Ақылды, көркем, дана жан.
Жеңге деуге қимаймын,
Жел тигізбей сыйлаймын.

Жасынан Шәкір ағам арияшыл,
Жарк еткен от жасындай жарияшыл.
Бірге оқып, кеш үйленген сылқым еді,
Көркейтті жас жеңешем жанұясын.

Қайырмасы.

Қыз көрсе Шәкең айла тапқыр еді,
Ақыры орындалды ақ тілегі.
Ағаны кеш үйленген құрдас демей,
Құдайым бір жеңгемнен қақты мені.

Қайырмасы.

1992

* * *

Ақ дидарын бір көріп тынығарсың,
Сыр-сымбатын дәл сендей кім ұға алсын?
Сұлу сөзбен, қылқалам, сурет салшы,
Бір сұлуды қазақтың тірі калсын.

1993

ЗЕЙІКЕШТІ КӨРГЕНДЕ

Ұялған жаныма сырды біліп,
Баяғыдай балбырап тұрды күліп.
Қыз кезіндей аш белі сақталыпты,
Биге қазір шығардай зыр жүгіріп.

Сағыныштың сарғайған иі қанды,
Елемеді қалың топ жиылғанды.
– Рұқсат бер, Мәриям, – деді-дағы,
Қаттық қысып, құшақтап сүйіп алды.

Ісі ғой, құдай-ай, асыққанның,
Мен тағы да сүйе алмай сасып қалдым...

1992

ҚАЛЫМТАЙДЫҢ БАСТЫҒЫНА АЙТҚАНЫ

Көмекшінің жақсысы құн қылады,
Ал нашары бастықты жын қылады.
Миғұланы қасыңа жолатпашы,
Қатарға қос елде бар сұңғыланы.

Ойлан, бастық,
Көрінсін маңайыңнан
Шын намыскер, тер кеппес самайынан.
Футболдың да таңдаулы «командасы»
Құралмайды ет жақын ағайыннан.

1992

ДИХАН АҒА ЖАУАБЫ

– Дихан аға, Советтің үкіметін,
Түп тамырдан жан едің түсінетін.
Қалай шапшаң құлатты оқ-шығынсыз,
Доп болды ма қолға тез түсіретін?..

Дегенімде сұраққа заты ұнаған,
Сәл жымыып,
Тіл қатты ақын ағам.
Болып тұрды тақаған тоқсан жастан,
Өткен күнге көкірегі қатынаған:

– Құлады өзі бар ұлтқа «ағамын» деп,
Қаққа бөліп жер шарын «бағамын» деп.
Мағжан ақын айтқандай
Құлады өзі,
Әлін білмей, көп әдіс «табамын деп».

Саясатты, өсекті білмеген ем,
Тасқындайтын ғашық жыр күнде менен.
Оралған соң соғыстан
Өлендеткен,
Аз болған жоқ жұмысым түнделеген.

Өтті, кетті
Бір заман заты қысқа,
Қайта оралтпа,
О, тағдыр! Жаңылыспа.
Соңғы сөгіс алып ем,
Соңғы ғашық
Әуресімен «ұсталып» қапылыста.

Көңілімді сол күндер сынық етті,
Бар еді ғой сылқитар құрығы епті.
Махаббатқа партия араласып,
Күнәкар боп ақыры құны кетті.

1992

ЖАС АҚЫННЫҢ СҰРАҒЫ

Ақынның асылы бар, төмені бар,
Дарынды дара туған бөлегі бар.
Бітіпті барлығына ортақ мінез,
Құмартса болады екен өле құмар.

Сұлулық деген жалғыз қорегі бар,
Өзгеден кеңдеу жүрек көлемі бар.
Сезерсің бір сүйгізсең
Ыстық тілмен,
Ерніңе жазып кетер өлеңі бар.

Болса да жүрек асау, ақыл биік,
Көкірек әрең шыдап жатыр күйіп.
Құрбым-ау, шыныңды айтшы,
Көз ашқалы
Көрді ме бетіңнен бір ақын сүйіп?

1992

ХАМИТ АҒА АЙТҚАН СӨЗ

Ақымақ ақылдыны мезі етеді,
Дым білмей асыл сөзді тежетеді.
Сондайда бірсыдырғы айбын керек,
Есерге сөз өтпейді, көз өтеді.

Емеспін мен ондайға өле құмар,
Әй, кейде... таяқтың да керегі бар.

1992

ЭКОНОМИСТІҢ АҚЫЛЫ

Жеті рет өлшеп,
Бір рет кесіп-пішілу,
Мәселені ол – анықтап пісіру.
Нарыққа да ертең қарық болармыз,
Шешім жолын ләзім саспай түсіну.

Алыстан да, берістен де қысылу –
Адасқандық. Қажет жылдам пысығу.
Шешімпаздар аз емес қой,
Керегі –
Бірдемесі барды қолға түсіру.

1992

ҚОС БҰРЫМ

Шақырсам каракөзді биге кел деп,
Қос бұрым жан баурады ирелеңдеп.
Баяғы бозбала күн еске түсіп,
Қасына ере бердім күйбелеңдеп.

Қандай сыр жүрегімде түймеленбек,
Домбырам бүгін қызық күйге келмек.
Бір кеште билегенім рас еді,
«Ұры сөз» елге жетті сүйрелеңдеп.

Ақ шашқа каракөзден ерген жала,
Қызық қой, оны білер көрген ғана.
Көзімнен қос бұрымы кетпесін де,
«Ұры сөз» құрып кетер ертең ғана.

1992

ӨСЕКШІГЕ

– Ораза деп нені айтады, ағатай? –
Деп жабысты бір өсекші жағалтай,
Ынта қойды сеніммен.
– Қырық күн арақ татпасаң,
Қырық күн өсек айтпасаң,
Ораза сол! – дедім мен.

1993

ЖАҢАЛЫҚ

Көз көргенді еске айқын салалық,
Тез айтайын, сүрленбесін жаңалық:
«Сіп-свежий»
Жаңа сойған қой етін,
Бір мұздатпай пісірмейді қалалық.

Қалалықтың көрсен қару-жарағын,
Қасқа бастар тастамайды тарағын.
Жұрт көзінше құран оқып,
Кіжініп
Үйіне кеп ішеді екен арағын.

Бір ғажабы – ел дәстүрін жоқтайды,
Қыдырыс көп,
Одан артық жоқ қайғы.
Астаналық кей ағамыз жыл бойы,
Тойлай-тойлай үйіне бір соқпайды.

1993

НАРЫҚ-ҚЫЗ

Нарық-қыз,
Ынтық етсе мұрның мені,
Атағың алты алашқа дүрілдеді.
Абайлай ақ білектен ұстағанда,
Білмеймін, бойым неге дірілдеді?

Көркіңе көп қарасам күлімдеген,
Шығарды есеп-қисап үнін ді ерен.
Қойныңа кіріп кеттік
Малды беріп,
Қыз болсаң жарар еді-ау бүлінбеген.

1992

ЖАРКЕНТТЕГІ ҚҰДАША

Жаркенттің барып едім базарына,
Тап болдым көп құдаша ғажабына.
Майысқан құба талдай ең сұлуы,
Көзі ойнап
Алды құштар назарына.

Ақ желкен
Шашты байқап «шал» демеді.
Көргендей болды өрде нар кемеңі.

Ынтығып қарай қалса
Болды еріксіз
Барына құдашаның жан дәмелі.

Құданы астаналық көріп анық,
Топ жарып, қуып жетті өліп-талып.
Қаймығып,
Қайқаң қағып, өте шықты,
Қасымда бәйбішемді көріп қалып.

1993

ҚҰДАША НЕШЕ ЖЫЛДЫҚ БОЛАДЫ ЕКЕН?..

Той келді ауылымды шарықтатқан,
Күн туды бал шәрбатты қанып татқан.
Жас отау шаңырағы берік болсын,
Ата-ана қуанышын анықтатқан.

Ән салсам құдағиды таңдандырып,
Елінде жүрсін бізді арман қылып.
От құшақ, ұшқыр бидің қызуымен,
Бастарын жіберейік айналдырып.

Аймақты ай қабағың нұрландырып,
Құдаша, кейпің ғажап тұрған күліп.
Мың алғыс айта берем, арнай берем,
Қоймаса құдай сені бұлдандырып.

Құдалар, құдағилар қонақ екен,
Бәрін де құшағыма орап өтем.
Құданы мың жылдық деп ел атаса,
Құдаша неше жылдық болады екен?..

1993

Адам сүйер өзінше әр баласын,
Олар саған таласса таң қаласың.
Балалық пен жастық шақ деп қаламын.
Немерем мен ұлымның тайталасын.

Тастай салып қасында өз әкесін,
Құшақтасқан мезетті әс етесің.
Айтпаса да алыстан аңдап қалам,
Немерем мен қызымның бәсекесін.

Жерге жеті аспаннан не түскені,
Белгілі ғой бөліспен жетіскені.
Ойыншыққа таластан басталатын,
Ұлым мен қызымның шекіскені.

Қызға ықылас көбірек бұрмаланса,
Ұл түсетін жасында мұңға қанша.
Бүгін олар асығар қолда барын
Бір-біріне тезірек сыйлағанша.

Көзді тартар бейнедей көрмедегі
Немерелер игерсе төрде мені
Бәйбішемнің жанары жарқ етеді,
Ол – «шамалы өзіме бер» дегені.

АУЛАДАҒЫ КӨРІНІСТЕР

I

Емхананың ауласы
Тар емес те, кең емес.
Арулардың тәубасы,
Топтала жүріс, көп кеңес.

Жігіттер жылжып барады,
Күлкіге жанды суарып.
Дихан ағам карады,
Қарсы өтіп жүзі жұбанып.

Білмейсің сауын, масын да,
Жеңілген бар, жеңген бар.
Өңі жап-жас қасында,
Ұяла күлген жеңгем бар.

II

Дихан аға, байқаңыз,
Көріп қалдым төбенді.
Келіншекке бейтаныс,
Отыр ең оқып өлеңді.

Білдім жақсы екенін,
Салмағаны ешкім зер.
Палата жаққа екеуің,
Неге асығыс кеттіңдер?

Қызықтым жорға күйіңе,
Береді-ау қуат тектіге.
Сол келіншек үйіне,
Күт батқанда кетті ме?..

III

Диханды көрдім бүгін де,
Бөлектеу сыры өзгеден.
Құпия бар үнінде,
Амандасты көзбенен.

Сұлуға жаққан қыңқылы,
Мықты ағам деп тоқталдым.
Емханада ыңқылы,
Әлдеқалай деп қалдым.

Мактаныш етем, досым-ай,
Жаныма менің жақынды.
Сексен бесте осылай,
Серілік құрған ақынды.

Көзақы алып көргеннен,
Не керек ұзақ сөз-көше?
Кешегі көрген жеңгемнен,
Бүгінгі жеңгем өзгеше.

1993

ОРЫНБЕККЕ

Орынбек, келіп қалдық алпыс жасқа,
Егделік әкеліпті салтын басқа.
Хал-жайды бәйбішелер біледі ғой,
Не дерміз көңіл кеткен қарындасқа?..

Жасымнан тату өскен егіз бе едік,
«Беу, достым, мұның қалай?» – дегізбедің.
Елудің кең жайлауын тастап шығып,
Алпыстың ақ боранын неге іздедің?

Жастық шақ өте шықса карамай да,
Табарсың өкініштен шала пайда.
Нарыққа қарық болмай жүргенінде,
Аңсайтын жас тоқалды шама қайда?

Әйтеуір қартайдым деп асыкпағын,
Токтатып, кісен салар уақытқа кім?
Тіршілік әр мезетті ардақтайық,
Көрерміз әлі талай ғашық таңын.

1993

ҮМІТТЕНУ

Жан едің ақ көңілді қайтармаған,
Сырым көп сүрлеп, сақтап айта алмаған.
Барасың былқыл-сылқыл жүзіп, қалқып,
Қайықтай көл төсінде қайқандаған.

Япырмай, неткен мөлдір жанар еді,
Жанымның рахат сәті жаңа келді.
Жадырап құрақ ұшты жарқын жүзің,
Ойлаған жерден шықсам жарар еді.

Жүректі қара көзің талқандаған,
Қалайша назар аумас, қалқам, саған?
Бар екен талай дүнияң тал бойыңда,
Жабулы жүре-жүре байқалмаған..

12.01.1993

АЛТЫ ЖАСАР АТТАСЫМНЫҢ ӨЛЕҢІ

Қыздар мені көріп қатты сасып жүр,
Ғашық болып ауыздарын ашып жүр.
Кімді таңдап аларымды біле алмай,
Осы күні миым қатты ашып жүр.

Қайырмасы:

Алты жасқа келгенде,
Болдым қатты шерменде.
Ұяламын көп қыздар
Қыр соңымнан ергенде.

Айту қиын жакын, туыс, бауырға,
Оқу деген түсті үлкен ауырға.
Біріншіге барасың деп жүргені –
Жіберіпті он жыл білім алуға.

Қайырмасы.

Кісінейді қырда қоңыр күреңім,
Міне сала шапқым келіп күлемін.
Құдайым-ай, сөйтіп қашып кетпесем,
Қыздан шошып қатты соқты жүрегім.

Қайыrmасы.

1994

СҮНДЕТ ТОЙЫ

Ұлдың тойын ардақтайтын кез келді,
Бастан кештік, соның бәрін көз көрді.
Насыбайдың заты қалды өзгермей,
Ішің білсін, аты ғана өзгерді.

Парыз өтеу ата-ананың арманы,
Сүндет тойдың қилы-қилы бар мәні.
Жыламашы, қысқарса да бір мысқал,
Жетеді екен, жетеді екен қалғаны.

Құтты болсын тойларыңыз, ата-ана!
Қосыламыз ел арнаған батаға!
Беу, балақай! Қуанышың көбейсін,
Тарттың бүгін нағыз қазақ атаңа.

Жігіттікке дайындық,
Зор міндетті қайырдық.
Кекіл қиған секілді,
Артық жерін кетірді.

Тілегім сол ұсынған,
Жаңа туған мұсылман.
Жиын топқа бөліндік,
Көп жиналсын көрімдік!

1994

БИАҒАМА ТЫҢ ХАБАР

Биаға!

Әзіл сөзің жалт қаратты,
Тың хабар сөз қозғайық ақ қанатты.
Шіркін-ай, сенің ащы шымшыманды,
Кер заман дер кезінде аз таратты.

Баяғы көк сиырың бұзаулады,
Жал бітіп қарагер ат жүз аунады.
Бұл күнде ауылнай жоқ
«Қой, шай!» дейтін,
Ботадай бозбаланы қыз аулады.

Самғап жүр Мырқымбайың самолетпен,
«Ұшак» деп оның атын атап кеткен.
Ұшактан құшак-құшак пайда тауып,
Жер жыртып, шөп шабудан таза кеткен.

Тажалға ас болмайды арам бақыр,
Сен айтқан дәлду бастық арамда тұр.
Мал мен жер не боларын құдай білсін,
Колхоздар «құдай оңдап» тарап жатыр.

Жалауы саудагердің желбіреді,
Өндіріс жатқа кетті, селдіреді.
Бар малды қант пен шайға құрбан еттік,
Кеңседен жалақы алу ел тілегі.

Кеше гөр, тың хабарда көп сөйледім,
Келді ғой деп сөйлегім төкпей селін.
Сандалып жұмыс таппай жүргендер көп,
Тоздырып ең ақырғы көк көйлегін.

Азайды күрек ұстар, айыршылар,
Оларсыз енді қайтып ауыл шыдар?
Орнына қаулап өсіп келе жатыр,
Жарысып коммерсант пен қайыршылар.

Одакка туды кеше заманакыр,
Генсек те қашып шықты таза тақыр.
Қалғаны Жазушылар одағы еді,
Ол-дағы тәлтіректеп бара жатыр.

1994

АЛПЫСЫМ

Кәрі де емес, жас та емес,
Шекара болды алпысым.
Жарысып келер жақсы елес,
Алпысым – менің тал түсім.

Үзілмес үміт береді,
Ақ сәуле атқан таңменен.
Үйреніп бойым келеді,
Шатақтау сөзге «шал» деген.

Әнімді елге жеткізем,
Келмесін даусым қарлыққан.
Шабытпен шалқар өткізем,
Дәуренін асау шалдықтың.

Ақынға сыйлы өмір, дос,
Жүректі жырмен жылыттық.
Шалағай, шәлтік көрінбес,
Шалдардан шыққан жігіттік.

«Қатқан шалмын» деп өтті,
Әйгілі бабам Шал ақын.
Табатын сәтті себепті,
Қызылды сайдан қағатын.

Түсіріп мені қармакка,
Жөн болады сынасаң.
Алып кашсаң ауыл жакқа,
«Шал» демессің, құдашам.

1994

КЕЗДЕСЕРМІЗ КӨБІРЕК

Алматыда ауырмаған адам жоқ,
Түшкіреміз, пысқырамыз амал жоқ.
Құдашалар бас көтермей төсектен,
Бәрінен де ауыр тиді маған көп.

Қар көп басты көшелерді, үй алдын,
Қардай аппак жауғанын-ай киялдың.
Қарға адым жер аттамаған күн болды,
Бәрінен де құдашалардан ұялдым.

Ыңкыл-сыңкыл, алай-дүлей төңірек,
Құда іздеуге келмей қалды көп рет.
Беу, құдаша! Ренжіме, жаз шыкса,
Бәрінен де кездесерміз көбірек.

1994

АВТОПОРТРЕТ

Фотосурет жинақтарда басылды,
Құдашалар құмарланса сөкпеймін.
Өкпелеме көріп аппак шашымды,
Жастық оты сөніп қалған жоқ деймін.

Сал-серілер ата-бабам – нар тұлға,
Бірақ, заман біздің бойды шақтады.
Думан тойда ән-күйлетіп шалқуға,
Қызыл ішік киген қыздар батпады.

Денем ширақ. Ынжық пенде емеспін,
Ұзын сирақ «дөкейлермен» тең өстім.
Бойшаң қыз да жасамады қарсылық

Іске берік, құрғақ сөзге сараңмын,
Құдашалар құрметіне адалмын.
Алла берген «авторитет» баршылық.

1995

МЕНІ ІЗДЕГЕН

Күн батып келе жатыр қызауратып,
Таңсығы көп жүректі жүз аунатып.
Қанымды қыздырады қызыл арай,
Тағы да жүгіртердей қыз аулатып.

Апарған қызды ауылға бізді талай,
Қызық-ау қызара бөрткен қызыл арай.
Қатардан үміттестер қалмасак та,
Болыппыз үйді көксер кешке қарай.

Естиді-ау құпияны байтак елім,
Өзіме-өзім үнсіз байқа дедім.
Келер деп енді кашан күткендер көп,
Күн батса үйге шапшаң қайтар едім.

Үйге деп қатты сөйлеп негізденем,
Сен емес бүгін жалғыз мені іздеген.
Күтеді немерелер
Не берер деп,
Қозыдай алаканнан жем іздеген.

1994

* * *

Дос едік-ау,
Әлі күнге қимайды,
Төс тақамай, көш ұзатпай қинайды.
Бір сиқыры бар секілді көздеген,
Ол өзгеден өзін көптеу сыйлайды.

1995

«МАДОННА ЛИТТА»

Қос жанарым, көргенінді жасырма,
Сондай еді-ау бір перизат жасында.
Сурет емес, Сырымбеттің сұлуы
Отыр ма деп қалдым, міне, қасымда.

Дей көрмендер сұктанасың бекерге,
Бұл фәниде оған ару жетер ме?!
Өзі түгіл тап осынау суретті
Көру рауа көз жұмылып кетерде.

Қандай нәзік жұқа өңі, иегі,
Тәттісін-ай шиелі ерін жиегі.
Жанған үміт жұлдызындай ерекше,
Көз тоқтамас дидарына киелі.

Жазық маңдай керім, кербез сәні де,
Тіл үйренген ақ тамақтың нәрі де.
Бәрі ұқсайды... мойыл көздер, қиғаш қас,
Әл жетер ме баруға одан әріге.

«Мадонна Литта...»
Сенен кім бар сәндірек?
Суреттен де есіп тұр ғой жанды леп.
Леонардо Да Винчиді ойлаймын,
Мен құмартқан қызға қарап салды деп.

1995

АШЫҚ СЕРТ

Мен тіріде картаюың мүмкін бе?!
Мүмкін емес.
Келмесінші күлкің де.
Пионер күндер ұмытылмас ешқашан,
Пенсионер атансаң да бұл күнде.

Қайран қалма,
Неге қаркын басайын?!
Қанат жеткен қиялардан асайын.
Сен дүниеде
Жап-жас болып жүрсін деп,
Ұзақ жылдар мен жігіттік жасайын.

1995

ЛОРАННЫҢ АЙТҚАНЫ

Ұйықтап жатыр жұбайым,
Міне, достар, дұрыстық.
Оған да берді құдайым,
Маған да берді тыныштық.

1995

ТЫҒЫЛМАҚ

– Бірдемені білдірді тілің тәтті,
Ұмсындырып жанарың күлім қақты, –
Деді жігіт, –
Сырынды ашық айтшы,
Сүймеуші едім жасымнан тығылмақты.

– Ақыл айтып отырсың маған бекер,
Түсінбесең, жігітім, бағаң кетер.
Абай айтқан тілсіз тіл тығылмақ қой,
Білмегенің, – деді қыз, – жаман екен.

Тығылмақтың сезгенде анық атын,
Қызығына күн болды-ау табынатын.
Ойнамасаң ойнама, мен тығылсам,
Іздейтіндер сенсіз де табылатын.

1995

ТЕАТРҒА ЖАҢА КЕЛГЕН ДИРЕКТОР

Бастық болып келген біздің театрға,
Жас жігітті дерсің үздік батыр ма?!
Билеп жүрген балерина кыздарға
Деген екен:
«Тренировка дұрыс жүріп жатыр ма?»

Жиналыста, бұл да көптің сыны дер,
Салып отыр өнерпаздың мыңы зер.
Сол кезегін өзгелерге бергенде:
«Первый тосты алсын, – деді, – дирижер!»

1995

БИЛЕП ЕДІК

Біз кеше топ ішінде билеп едік,
Түс көрдім көз ілгенде үйге келіп:
Кер құлан кісінеді жолға қарап,
Кең сайда жатты садақ тиген елік.

Не дейін?!
Жору білмей үндемеймін.
Ұялған маған қарап гүлге өгеймін.
Жүрейін көрген түсті ойлауменен,
Тағы да көп билейтін күнге дейін.

1995

РЕФОРМАТОР МИНИСТР

Қызып кетті
Жаңа келген министр,
Тырысты да ұрысты.
Бір ғажабы: кеткендерді жамандап,
Қозғамады өзі атқарар жұмысты.

Пәлекет-ай!
Жасап жатыр бос айбын,
Теңселеді қосылардай қос айдын.
Деді сонда:
– Жөн-жосығын білмеймін,
Бірақ, достар, реформа жасаймын!

1995

ЖҮРЕГІМЕ ҚАТАЛ СЫН

Наукасынды, беу, жүрек, емдеушілер,
Айыптады қатыгез тергеушідей.
Дер кезінде тыңдамай асқындырған,
Аз емес қой кінәлі «мен» деушілер.

Қой, тентегім, құтырма, доғар сауық,
Дәрігердің шешімі маған қауіп.
Қашан айттым мен саған:
«Бересің, – деп, –
«Сіп-вежий», сұп-сұлу тоқал тауып?»

1995

ОСЫ ҚЫЗ

Осы қыз маған неге көп қарады?
Жүрекке қарашығы от салады.
Жалғанда жаным қалса жарар еді,
Тірідей неге ішіп-жеп барады?

Осы қыз маған неге көп үңілді?
Бұзбаса жарар еді көңілімді.
Махаббат деген ауыр сырқат қонып,
Өзгертіп жібере ме өмірімді?

Осы қыз маған неге қадалады?
Қоймаса екі көзі жан алады.
Ай жүзі тұла бойды тебіrentті,
Тұтқынға қайран жүрек камалады.

Осы қыз маған неге көп қарайды?
Қымайды, қызықтайды, дос санайды.
Қасынан кетіп қана қалар едім,
Құмартқан қайран көңіл қоштамайды.

Осы қыз маған неге телміреді?
Жайнаған қос жанары мөлдіреді.
Сакина сау басыма сатып алдым,
Тағы да бірдемеге көндіреді.

Осы қыз маған неге тесірейді?
Білмеймін, ойда жоқта не тілейді?
Құшақтап екі беттен сүйіп алдым,
Оның да шығып кетсін есі мейлі.

1995

ҚОРҚЫТУ

Шыдай берші,
Шыдашы, сеніп маған,
Әлек салмай қоймайды көрікті адам.
Махаббатшыл бір өлең жазайыншы,
Мен, әйтпесе, бәйбіше, сөніп қалам.

Шыдай берші,
Шыдашы, кешір мені,
Дей көрмеші ақынның есіргені.
Қызыққанда қыздыра мақтамасам,
Тағдыр мені санаттан өшіргені.

Шыдай берші,
Шыдашы, көніп маған,
Екі көзім барында көріп қалам.
Анау қызды тап қазір бір сүймесем
Енді айналып келгенше өліп қалам.

1995

«КЕЛ БЕРІ...»

Таңертең дүние оянар,
Тамаша, тәтті ұйқыдан.
Таранып сұлу боянар,
Шошынып дел-сал сиқынан.

Тіл тигізбе сен оған,
Таңсығын тапқан албырап.
Есебі түгел, елі аман,
Жатыр ғой жігіт қалжырап.

Қайтадан бүйрек бүлк етер,
Аз болып түннің ермегі.
Бәлсінбей сұлу сылқ етер,
Дегенде жігіт: «Кел бері...»

1995

ӨЗГЕРІС

Ішпендер деп бастықтарым зарлады,
Тәртіп сақтар мың саясат арнады.
Ал өздері аз ішкен жоқ,
Бірақ та,
Туған елді талапайға салмады.

Ішпендер деп «дөкейлерім» қақсады,
Жоғарыдан қатал қаулы қаптады.
Ал өздері аз ішкен жоқ,
Бірақ та,
Туған елдің бар байлығын сатпады.

Ал қазір ше? Ессіз созып көмейді,
Ептеп ішіп, көптеу жедім демейді.
Өзгеріс сол: ішу аздау,
Бірақ та,
Қанша жесе тоймайтындар көбейді.

1996

НАТАЛЬЯ НИКОЛАЕВНАНЫҢ СӨЗІ

Махаббат деген зәр-уға
Тым ерте Пушкин жолықты.
Жүз он екі аруға
Туғалы ғашық болыпты...
Жасады-ау талай жорықты.

Шек қоймаспыз талантқа,
Жүз он үш деген санаққа.
Ақыры мен де іліндім,
Қызықты талай ғажапқа...
Демедім неге бүліндің?

Сұлулық – акын иманы,
Сұлулық акын жинағы
Болған соң тағдыр сыйлады,
Сайрандатып өтті мұңсыз жан.
Бәрі жөн, мені қинады
Жүз он үш деген құтсыз сан.

1996

ӘЙЕЛДЕРДІҢ МІНЕЗІ

Еркек бар ма сұлуға жармаспаған?
Жармаспаған – өмірге арна ашпаған.
Қосылғанша қыздардың бәрі жақсы,
Ал содан соң...
Жігіт аз қарны ашпаған.

Кей құрбының мінезі кең сияқты,
Құтты косақ екеуі тең сияқты.
Бірін-бірі тыңдағыш жұбайлар бар,
Мінез көрдім солардан ең зиятты.

Некен-саяқ кездесер нәкас қатын,
Бір өзінен басқамен бақас қатын.

Оның байы тірі өлік,
Әрең жүр ғой,
Кәрі азбандай қақ жолдан адасатын.

Әйелдер бар бірде әрі, бірде сәрі,
Бірде удай, айтқаны бірде дәрі.
Аумалы да төкпелі заман кешіп,
Аман жүрер қасында сүйген жары.

Бастамайды ызындап жел сияқты,
Тік кетеді көктемгі сең сияқты.
Арпаң-тарпаң мінезі ханымдар бар,
Алдай бермес, жеңеше, сен сияқты.

Жұбайының көтеріп құдіретін,
Сылап-сипар, өзі де күтінетін.
Бикештер бар сыпайы тіл табысып,
Бар жұмысын үндемей бітіретін.

Әрі серік, әрі жар, нағыз ана,
Келіншек бар тамаша пәруана.
«Отағасы, мақұл» деп көңіл жықпай,
Көрінеді көзіңе күнде жаңа.

Аңғалдауы ағама жаққан шығар,
Айлакерін бір досым қаққан шығар.
Шүкіршілік етейін...
Ең ақылды,
Ең сұлуы мен іздеп тапқан шығар.

1996

КЕКЕСІН

Қақ жарғандай шекесін,
Айтып салар төтесін.
Жалғыз оқ көзге тигендей,
Сөз семсері – кекесін.

СЫҚАҚ

Бір сөзінде мың бүлік,
Сикыңды кетер бүлдіріп.
«Бүлдіріп» қана қоймайды,
Осындайға құдайым,
Әкетпесін ілдіріп.

МАЗАҚ

Аз сөзге әлем сыяды,
Апарар тура тозаққа.
Кей мәттақы кияды,
Өлімнен ауыр азапқа.

КЕЛЕМЕЖ

Ұзынсың деп шолакты,
Өнерпаз деп олақты,
Данасың деп мактайды-ау,
Көкірегі соқыр дорақты.
Байғұс-ай, жайнар мүсіндей,
Жорта айтқанды түсінбей.

1996

КЛАРАҒА

Медеудің құдай қосқан жұбайысың,
Жарасты жаркын төрге ұлан ісің.
Алпысқа отағасың келіп қалса,
Тең бөлер ол да сенің қуанышың.

Бізде де бір-бір сұлу жалғызымыз,
Жалғассын жүзге шейін жаз-қысымыз.
Толағай торқалы той ғажап өтті,
Сол үшін саған шексіз алғысымыз.

Жайдары ұксап тұрса өңің гүлге,
Әндетші, шомылайық көңілді үнге.
Арудың жасын айтпас,
Сыбырлашы,
Такау ма «отыз» жасың өзіңнің де?

08.02.1996

* * *

«Сен» деген де, «мен» деген,
Шығар тату пендеден.
Дос боп жүріп, аз емес,
Қалауыңды бермеген.

«Сіз» дегенде, «біз» деген,
Жан тәсілін іздеген.
«Сіз» десе де қызық-ау,
«Бізден» күдер үзбеген.

* * *

«Сен» деген де, «мен» деген,
Біріне бірі сен деген.
Тілегі түзу шын достар,
Сенбестікке ермеген.

«Сіз» деп, «біз» деп іздеген,
Көрсен сыйын үзбеген.
«Сіз» деп жүріп түртеді,
Сыртыңнан өткір бізбенен.

1996

...ҚАЛМАЙМЫН

Бостандық жолын сөкпеуші ем,
Бір ғаламат басталды.
Ақында бастық жоқ деуші ем,
Махаббат мені басқарды.

Дерті мен серті меңдесе,
Құлық ұрмай не етемін?
Махаббат «бері кел!» десе,
Тамұқта да қалмаймын.

1996

СЕМЕЙДЕГІ ҚҰДАҒИҒА

Құдағи, айналайын маңдайыңнан,
Екенсің періштедей жайдары жан.
Әндетіп жайбарақат отыр едім,
Жарқ етіп келіп қалдың қай жағымнан?

Мен неге аңға шығып құс атпайын,
Атпасам екі көзбен тұзақтайын.
Қызықты думан-тойда кез болыппыз,
Бері кел, қатты қысып құшақтайын.

Той қызса шығармаймын жүдеу үнді,
Құдайым бере қалар тілеуімді.
Бір кешке ақын құдаң аз болғандай,
Не қыл деп ертіп келдің күйеуінді?

08.02.1996

Семей

БІР БАСТЫҚТЫҢ ПӘЛСАПАСЫ

Асып-тасып дүние тегін жатса,
Өзі егіліп, орылып егін жатса.

Қайта-қайта шет елге ертіп барып,
Дөкей бастық достасып сенім артса.

Арақ-шарап тазасы келіп жатса,
Сылкытқанда желіктің желі қақса.
Қарқ-қарқ күліп
Басекем сілтер кезде,
Өзгені емес, тек қана сені тапса.

Ақыл-кеңес айтқаным оған ұнап,
Қалар ма еді
Хал-жайым оңалып-ақ.
Абыройым, атағым өсер еді-ау,
Ертең кетсем биікке жоғарылап...

Деп едім-ау
Бәрі де тәмам болды,
Ол аз сөйлеп
Көп берді маған жолды.
Ертеңіне тайдырды қызметтен,
Ұсынбады қайыра маған қолды.

Пәлсапа сол:
Жетсең қандай төрге де,
Бастықпен іш, бірақ артық сөйлеме.

АҚЫН АҒА АЙТҚАНЫ

Жақсы інімнен жасыратын болмас сыр,
Аға жолын жақсы аяттай жалғастыр.
Шарап іш пе,
Шылым шекпе,
Бірақ та,
Сұлулармен сұхбат сәтін ойластыр.

Жылдар көші өтсе-дағы катарлап,
Артық дәріс айта алмаймын мақалдап.
Тіршіліктің бар тірегі деп білем,
Ең алғашқы һәм...
Ең соңғы махаббат.

Алғашқысы – аңсап өтер акқуың,
Ақырғысы – кең жалғанда шалқуың.
Құлатпасын сұлулыққа сұктанып,
Қайран жүрек...
Пәк махаббат ақ туын.

Аңдығанға алдырма да шалдырма,
Өсекшілер түссін қызған тандырға.
Жердің бетін қаптаса да топан су,
Құштар жанның көңілін еш қалдырма.

ТОЙДАҒЫ ЕСЕП

Жөн сұрап болмасақ та төрелеткен,
Қызды сөз жеңге мақтау өре жеткен.
Бәйкеннің бар табысын айта келіп,
Бір ару: «Бақыт, – деді, – өрелі еткен».

Келіншек кетті содан ірі есепке,
Шегіншек жасамады мінесек те.
Тигені жеңешемнің үлесіне,
Жетті ғой дәл 95 процентке.

Сендірді аталы сөз есі барды,
Қол соғып залдағылар шешім алды.
Сол кезде
Бәйкен аға шыдай алмай,
Деп қалды: «Сонда маған несі қалды?»

«Қырансыз жан-жағына қарап ұшқан,
Ерекше байыптысыз жаралыстан, –
Дедім мен, –
Бәйкен аға, қызғанбаңыз,
Жетпей ме сізге бүкіл Қазақстан?!

Үйдегі пайызбенен өсем деген,
Жеңгемнен бола берсін есең төмен.
Шаңырақтың періштесі ол ана ғой,
Ал, сізге бір сөз жетер «Көсем» деген».

Ағамыз сөзі салмай шұбыртпаға,
Жымыып: «Дұрыс», – деді күліп қана.

* * *

Алаңсыз мен де серпілдім,
Арылды көбі дертімнің.
Фермасын көрдік ауылда,
Әуелбеков Еркіннің.

Еріксіз жаным тамсанды,
Көңілім үнсіз ән салды.
Құрбылардай ауылдас,
Қыз-қайыңдар қарсы алды.

Ақ балтырлы, ақ білек,
Самсап тұр бізге сәт тілеп.
Бірінен бірі сымбатты,
Бірінен бірі сәндірек.

Бәрі де аппақ ірі екен,
Тік қарауға дір етем.
Көлден шыққан қыздардай,
Тыр жалаңаш тұр екен.

ШЫМКЕНТТЕГІ КЕЛІНШЕК

Күлгені жап-жас балаша,
Кигені жатық жаңаша.
Келіншек көрдім Шымкентте,
Тұлғасы сұлу тамаша.

Жүрегім ұшты алқымдап,
Алқымдап қоймай қарқындап.
Өтті де кетті ғаламат,
Ақ балтыры жарқылдап.

Ләззатқа шексіз тояр ма ек?
Құштарлық дертін жояр ма ек?
Орынбектен тайсалдым,
Мәриямға айтып қояр деп...

АУЫЛДАН КЕЛГЕН ҚҰДАНЫҢ БАТАСЫ

Қай жерде жүрсең-дағы қонымды бол,
Ел сыйлар аруақты, орынды бол.
Сиырың сүті болсын,
Қойларың көп,
Төрт елі шығар семіз соғымды бол!

ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВТИҢ СӨЗІ

Әдептен әнтек асырмай,
Сыр төксем бүркеп жасырмай.
Ақ қағаз жетпей бұл күнде,
Көп кітап жатыр басылмай.

Басқаша дым жоқ оқырлық,
«Караван» кешіп отырдық.
Жалаңаш әйел тәніне
Телміріп карап, шоқындық.

Аз емес ойшыл көпке наз,
Демеймін айтар өкпем аз.
Қос емшегін бұлтритқан
Сұлуға кетті-ау көп қағаз.

Ақиқат көзін ашайық,
Бірлесіп қаумет жасайық.
Сұлуға карап құныкпай,
Кітапты көптеу басайық.

СЕЙІЛБЕК ТҮГЕЛБАЕВТЫҢ АЙТҚАНЫ

Жасымда болдым зерек, ұшқыр бала,
Есейдім. Күнде қызық күттім жаңа.
Тәңірден сұрап алар арызым бар,
ЖенПИ-ге ректор кыл үш күн ғана.

* * *

Түнде күміс,
Алтынай күндіз жанып,
Барасың-ау, бәйбішем, жұлдызданып.
Сен осындай ғаламат болмағанда,
Отырар ем
Жас токал – бір қызды алып.

Сонда-дағы бір жылып, бір мұзданып,
Әйелдерін кейбіреу жүр қызғанып.
Қой десеңші,
Өтті ғой сері күндер
Қазақ түгіл,
Орыс пен қырғыз калып.

* * *

Құлагершіл мінезімді таныттым,
Жүйрік көрсем жүрісіне қанықтым.
Сәйгүлікке құштарлығым сол екен,
Жылқы жылы туған қызды алыппын.

ТҮРҒАНБЕК ҚАТАЕВТЫҢ АЙТҚАНЫ

Құрдастардан бір мыскал артатыным,
Базарладым махаббат бар тартымын.
Қызып кетсем Бәкешім өзі білер,
«Токтаңыз» деп қай жерден тартанынын.

Таза алтыннан арнайы жүзік алдым,
Сол емес пе
Аруға ізі бар күн?
Арғындарға ардақты болайын деп,
Балқаштың ар жағының қызын алдым.

Әулиесі сүйгенім ажарлының,
Махаббатқа таусылмас тажал күнім.
Сексен бесті мен бүгін басып өтсем,
Жаңа жетті қырыққа Базаргүлім.

Партиядан есен-сау шығып едім,
Жас махаббат жайладым ығы-желін.
Біржан салдай жігітпін,
«Шал» демендер
Серттен таймас, қуатым мығым менің.

ТОЙДАҒЫ ЭКСПРОМТ

Нарыққа қарық заманда,
Нұр жаусын дей бер қадамға.
Той деген, шіркін, ғажап қой,
Көбейтер шаттық адамға.

Бір қуандық, бір күлдік,
Бұл да бір ғажап мүмкіндік.
Құдағи болса мың жылдық,
Құдаша болғай мың түндік.

ҒАШЫҚ БОЛДЫМ

Тарпаң заман ұлы едім шалқандаған,
Ғашық болды Балқаш та, Балқан маған.
Бәрі қалды. Күн туды өзімді өзім,
Өлең үшін аямай арқандаған.

Үмітім көп, жоқ еді күдер деген,
Қырғи едім көлден қу жібермеген.
Бәрі қалды. Қасында бәйбішемнің,
Өзімді өзім күн туды шідерлеген.

Айым туды алдымнан ашық болып,
Ақындыққа бой ұрдым машық болып.
Құдашалар мұңайып қарап қалды,
Мәриямға мен қайта ғашық болып.

АРЫЗЫМ

Махаббат – тірлік тірегі,
Жеткізер ынтық арманға.
Лүпілдеп бірге жүрегі,
Не жетсін ләззат алғанға?!

Жарқ етті сұлу айқабак,
Құштарлық селі төгілді.
Сүйісіп, еркін аймалып,
Рахатқа денем көмілді.

Артықша сәтті білер кім,
Табылды іңкәр бар тетік.
Бір тірілдім, бір өлдім,
Найзағай тынды жарқ етіп.

Не деген тылсым ғаламат,
Тамаша мезет тым қысқа.
Зер салу қайда бағалап,
Батырса қызық «қылмысқа».

Болар ма бұл сөз лайық,
Атауға Алла парызын?
Тағы да «қылмыс» қылайық,
Айтатын осы арызым.

СЫРҒАЛЫМ-АУ, СЫРҒАЛЫМ

Жанарың жайнап, сырғалым,
Дидарың төгіп нұр-жалын.
Есімнен кетпес елжіреп,
Еліктей ерке тұрғаның.

Сырғалым-ау, сырғалым,
Сырғаңнан сыбыр тыңдадым.
Сыңғырлап кетті жүрегім,
Шыдатпай көңіл бұрғаның.

Алтынға таңба басқандай,
Сырғаңа салған тас қандай?!
Үңілдім қара көзіңе,
Қаракат сырын ашқандай.

Құлшынса әсем асыл тас,
Ынтығып жаным жасырмас.
Сыңғырлап шыққан әуенің,
Әуреке салды басылмас.

Сырғалым, сырың көп кілең,
Тентектік шығар тектіден.
Екеуміз шеккен құпия,
Сырғаңнан болды деп білем.

Сыңғырлап сырғып мың дүркін,
Қамысқа түссе бұл, шіркін...
Қасыңнан қалмай іздермін,
Өтсе де бірге мың бір түн.

Жүрегім арыз жолдады,
Сырғаңның жөнін болжады.
Табылар, сырғаң табылар,
Болайын мен де олжалы.

Сылдыр-сылдыр камысқа,
Түсіпті сырғаң алысқа.

«Келсең кел» деші, сырғалым,
«Кет әрі» деуге барыспа.

ҚАЙТЕДІ?

Сені көрдім, көңіл қайта жылынды,
Ести бергім келді кимас сырынды.
Есімді алды нарттай қызыл еріндер,
Таңдайыма дәмі оралып бұрынғы.

Қинағандай жұмыр жердің тар шебі,
Шыдатпайды жастай ынтық жан шөлі.
Қыз күніндей қызықтырып барасың,
Құшағыңда қалып қойсам қайтеді?..

Тілден тамса тым ұялшақ, сараң үн,
Мақұл дейді маза бермес жанарың.
Жан тілегін жасыра алмас жалғанда,
Пәк махаббат алдым ашық хабарын.

Құба талдай нәзік едің жасыңда,
Құба таңды бірге көрген жасырма.
Бұркыраған жұпар-көктем оралып,
Құлын-жүрек шұркырап тұр қасыңда.

Ашылғандай ақ көкірек бай кені,
Аспандағы қызғанып тұр ай сені.
Бала күндей балкып тұрсың елжіреп,
Құшағымда қалып қойсаң қайтеді?..

ОРТАШАҒА

Таппассың ақындардай еміншекті,
Бозбала қыз торыған кебін шекті.
Бір тойда Шымкенттегі көрсем деп ем,
Орташа деген сұлу келіншекті.

Кең сарай, биік шатыр, мол жасауы,
Құрметпен бізге лайық төр жасады.
Шошыды-ау, әкетер деп Алматыға,
Орынбек көрсетпеді Орташаны.

Патшадай кербез дейді тағындағы,
Маралдай маңғаз дейді сағымдағы.
Көз тояр нұр жүзіне сұлу дейді,
Бал-шекер балқып тұрған бабындағы.

Бір көрмеу болды маған жүдә қиын,
Жасырды-ау деп ем досым құдағиын.
Орекең ұялғаннан алып келді,
Тағатын енді оған кінә қиын.

Төгілер ән мен жырым түйдек келіп,
Жас екен қаларлықтай қыз деп сеніп.
Толтырды көңіл көшін қуанышқа,
Орташа ортамызға іздеп келіп.

Басылмас осы күнде күрсініс бар,
Тежейтін күрсіністі құлшыныс бар.
Не дейін? Құдай беріп осындайда,
Алатын таң-тамаша бір тыныс бар.

* * *

Құдағи, атың Орташа,
Орташа емес, асылсың.
Мақтар ма ем көңіл толмаса,
От жанарлы жасынсың.

Жайқалған бауда жасылсың,
Үзімі тәтті жас үнсің.
Бетіңізден сүйейін,
Тулаған жүрек басылсын.

Жас құдағи Орташа,
Тарттың ғой тәбет торташа.
Сырыға – бал, сыйға – сый,
Жасармын Алла қолдаса.

Татымын тапты тіл балдың,
Алдымда жайнап ырғалдың.
Ләззаттан кеттім масайып,
Есімнен танып бір қалдым.

Аз көрген тым көп сынайды,
Толқытты жүзің шырайлы.
Күлімдеп тұрған көздерің,
Сөздерің жылы ұнайды.

Орынбек, Ұлжан мактады,
Дөп басар теңеу таппады.
Мейірбан, сұлу ажарың,
Естіген сөзді ақтады.

Тең келмес ашық ай-дағы,
Жан екенсің жайдары.
Тап кеше кешке көре алмай,
Ішіміз қыз-қыз қайнады.

Айналаң құрмет үйеді,
Тағдырдың ол да сыйы еді.
Өзімді қайтем көп айтып,
Жеңешен қатты сүйеді.

Ондай гөр жолды, Құдайым,
Ат басын жиі бұрайын.
Бәйбішем ғашық болған соң,
Мен қайтіп жеңіл шыдайын?

Мойында, сұлу, мойында,
Қалармын мәңгі ойыңда.
Шаттандым сізді көрдім деп,
Қайрат пен Айнұр тойында.

ЖЕҢЕШЕМЕ ӨСИЕТ

Еркекке қамшы емес, кәмпит керек,
Мақтай сал,
Беу, жеңеше! Тап та себеп.
Жалғанда сенен артық жан таппайды,
Сүйкімді тәтті сөзбен жүрсең жебеп.

Алдында сүйіп-құшып, бүгіл, мейлі,
Су бүрксең қолтығына күлімдейді.
Керегін көп іздетпей бере салсаң,
Соңынан басқалардың жүгірмейді.

Көрмесем сағыныштан шер төктім деп,
Мақтай сал:
«Сен сұрапыл еркексің...» деп.
Ол сонда ақтаймын деп айтқаныңды
Құлшынар кешегіден қатты екпіндеп.

Бір тәуір айтсаң жақсы қасиетін,
Болады саған елтіп бас иетін.
Ағама айғай емес, алғыс керек,
Жеңеше, осы саған өсиетім.

ЕРЕН ЕРЛІК

Сейілбек Исаевқа

ЖенПи десең бозбала елең еткен,
Сөз бастайын, бісміллә, кереметтен.
Қыз ордасын басқарған
Беу, Сейілбек!
Ер жігітке қиял ғой өрең жеткен.

Шын талантты жасынан ұшқыр дара,
Келер жерін аңсады-ау құттың жаңа.
Бір ағамыз сұрапты деп Тәңірден:
«Ректор кыл, – деп, – ЖенПи-ге үш күн ғана».

Жете алмады сол ғажап арай нұрға,
Жете алмады «мен» деген талай тұлға.
Үш күн емес,
Сейілбек, сен шыдадың,
Ғасырға тең тамаша талай жылға.

Сейілбек-ау,
Ғұрпыңа шын тамсанам,
Кемеңгер деп арнадым тілхат саған.
Патша болдың арулар ордасына,
Бір көруді армандап жұрт аңсаған.

Естіп жүрдік сан қызық мәліметті,
Естен кетпес біздерге аңыз жетті.
Маңайлатпай ЖенПИ-дің ауласына,
Өзімді де бір сұлу қағып кетті.

Ұстаздықтың үлгісін сенен көрдік,
Кемеңгерге әйтпесе теңер ме едік?
Бағып-қағу бір қызды оңай емес,
Ұстаз болу мың қызға ерен ерлік.

ҚОЙШЫ АҒАЙДЫҢ АЙТҚАНЫ

I

Өмір жылжып барады тоқтамастан,
Жүйріктер жоқ баяғы топтан асқан.
Мен де жүрмін
Біреуді беттен сүймей,
Не былшитып
Болбырды боктамастан.

Енді қанша біліппін жасарымды,
Төрдегілер ұмытты осы ауылды.
Түнде шам жоқ,
Қамалдым қараңғыда,
Бәйбішем де қырсыққа коса ауырды.

Мал азайды,
Баяғы несіп кетті,
Асау нарық жалыны есіп жетті.
Көрші ауылда бар еді көңілдесім,
Қызылжарға ол кеше көшіп кетті.

Бір жақсылық сезгендей көзкөрімде,
Үміт үзбей жүрсің-ау өздерің де.
Мен көшпеймін,
Дәл бүгін құлап түссем,
Ұйықтап қана жатармын өз жерімде.

II

Ертең бізге туардай заманақыр,
Неге ниет тарылып бара жатыр?
Үш жүз қайда...
Үйді-үйге бөлінісіп,
Күңіреніп, күрсініп дала жатыр.

Шежіреші шеруі кетті ұласып,
Бөлектенді
Бөліскер бетін ашып.
Ру-жыру көбейсе ел шетінде,
Ай толқыды, қара бұлт бетін басып.

Жығылғанға жұдырық жолығады,
Басы айналды ауылдың соры қалың.
Елді талап
Есерлер табыс тапса,
Естілері үйде үнсіз торығады.

Басшы болар иесі шығасыға,
Бөліскерді құдайым құрасын ба?!
Үш ауыл боп
Бір ауыл сырт айналсақ,
Күн де ұялып батты ғой ұясына.

Білдім өмір азды-көп қанағатын,
Ел-жұртыма
Шыққан жоқ «жаман» атым.
Дертім ауыр,
Мен енді сауықпаспын,
Арттағыға қалсын сөз аманатым.

Президенттің бағыты дұрысталды,
Ел бірлігін ұран ғып шын ұстанды.
Бәрі дұрыс, Нұреке,
Қолпаштаймын,
Бірлік деген білейік дін ұстауды.

Берсін Алла бірігер жақсы жолды,
Өйтпегенде табысу тапшы болды.
Бас құрармыз,
Әйтеуір астананың
Ақмолаға көшкені жақсы болды.

АҚЫН СӨЗІ

Қонған соң ақын деген атақ анық,
Қалмадым шаршы топта қапаланып.
Қисайып менде амалсыз өлең жаздым,
Құдаша ән салған соң жата қалып.

СЕНЕН АРТЫҚ СҰЛУ ЖОҚ

Көп мақтап,
Көңіл баптап ұтайын ба,
Болмаса бір шындықты жұтайын ба?
Марфуға, сенен артық сұлу жоқ қой,
Орыс пен қазақ түгіл, қытайында.

Тамаша,
Тамсантады ән салғаның,
Жарқ еткен кең жайлауда таңша арбадың.
Айтқанда «Кездесу мен қоштасуды»,
Әніме әуен емес – жан жалғадың.

Ақын деп ардақтаймыз атыңды ерек,
Сұлусың сылқым, кербез затың бөлек.
«Сарбазға» әнші болып кетіп қалма,
Қазаққа сендей нәзік ақын керек.

НАРИМАН ҚАРАЖАННЫҢ АЙТҚАНДАРЫ

I

Сұлусың-ау, сұлусың, менің құрбым,
Ыстық құшак әл беріп берік жүрмін.
Жұмыс жаққа аяндап жетсем-дағы,
Сіздің жаққа барарда желіп жүрмін.

II

Әтеш барда тауықтың шақырғаны,
Ол – сұмдыққа иесін батырғаны.
Үндеместей бабын тап,
Не басын шап,
Сұм қырсықтың болардай ақырғы әні.

III

Өжеттікке бірдеме тартып кой да,
Беу, достым-ау, өзгеден артық ойла.
Бас жағынан жұмыстың қырка көрме,
Не істесең де дұрыстап артын ойла.

IV

Түс деген де құлкынды тауып кірер,
Қызыл түлкі түсіне тауық кірер.
Беу, қалқатай!
Түсіме өзіңменен,
Бірге өткізген сайран мен сауық кірер.

V

Тартсаң да қанша сырнайды,
Жамбастап жатып тыңдайды.
Сексен қыз биге шыкса да,
Бос қапшық атып тұрмайды.

VI

Баурады жанарың құралай,
Қаулады бір емес мың арай.
Жаулады ажарың ақ тоты,
Лаулады жүрегім шыдамай.

VII

Толкыдың сен-дағы,
Не дейін,
Бүлк етті ақ тамақ көмейің.
Мен сені ойласам
Сен-дағы
Сол ойда тұрсың деп сенейін.

ШУҒА КЕЛДІК

Жайнап тұрған аптабы буға ендік,
Жайнап тұрған хан базар дуға келдік.
Қаптап кетті
Қап-қара келіншектер,
Алматыдан
Поезбен Шуға келдік.

Үзілген жок жақсыдан біздің күдер,
Шуылдайды шымқай жас бұлғын жігер.
Қазы-қарта сатып жүр қаракөздер,
Сусын ішіп, мәз болдық жүргіншілер.

Бір сұлуға қарайлап бергі шеткі,
Тарлан көңіл жастық шак кебін шекті.
Қарбыз сатқан балдырған, көзім шалды.
Сұлулықтың патшасы келіншекті.

Пайғамбардың жасынан асқан аға,
Қай арысқа салсаң да жасқана ма?!
Терезеден бәйбішем көріп қалып,
Бір сүйе алмай аттандым Астанаға.

* * *

Таң алыс,
Түн таныс.
Бір сүю
Мың табыс.
Шолп еткен
Ақ беттен
Дыбысты
Тыңдаңыз.
Еріндер,
Еріндер,
Тым тәтті
Едіңдер.
Келіңдер,
Келіңдер.
Бал шәрбат,
Шын ләззат
Беріңдер,
Беріңдер.
Ақ тамақ,
Ай қабақ.

Өбейін
Аймалап,
Көрейін
Қайталап.
Өлерсін,
Таларсың,
Шын рахат
Табарсың.
Талмаурап
Қаларсың,
Тілге тіл
Тигенде
Жалындап
Жанарсың.
Аптасын,
Баптасын.
Айтудан
Басқасын,
Бір Алла
Сақтасын.

* * *

Еріндерің сүйісуге жаралған,
Тілінде бал дәмі тиер сан алуан.
Мойыл көздер жалт еткенде жан баурап,
Сен аумаисың өле ғашық маралдан.

Бұл жалғанның ғаламаты құшағың,
Ақ төсіңнен бойда қаулар күш-ағын.
От пен жалын арасында мастанып,
Рахаттанып мен де елтіп құшамын.

Ақ төсінде бұл жалғанның құт-төрі,
Сол дәурен ғой қайран көңіл күткені.
Он шақты күн көрмеп едім мен сені,
Жүрек шетін сағыныш мың бүктеді.

Сүйші, сүйші, құштар көңіл канықсын,
Бал ләззатқа тән малшынып, жан ұқсын.

Он шакты күн біздер алшак жүріп ек,
Тұңғыш түнгі қыздай болып қалыпсың.

ШӘКІРГЕ

Жетпіске, Шәуір, жылдам келіп қалдық,
Егделік есік-төрін, көріп қалдық.
Алпысты алшаң басып жүре тұрмай,
Жетпіске қалай ғана көніп қалдық?

Қайырмасы:

Ах-ау, арман,
Дүние жалған.
Жастық шақ – «Жезкиігім»
Қайда қалған?!

Білдік жұлдыз теруді,
Көрдік талай шеруді.
Көксетпейді жиырма бес,
Сағынармыз елуді.

Біз емес жалт бұрылып шегіншектер,
Жетпістің қайда апарар жерін тексер.
Жетпіске біздер жетті деген сөзге,
Қамығып қайғырады-ау келіншектер.

Қайырмасы.

Жүруші ек бірге оқыған бала болып,
Бұл жетпіс салды бізге дара жорық.
Дәуірдің тәуірі өтті ауырына,
Келеді күннен-күнге сана көніп.

ҚҰРДАСТЫҚТЫҢ ҚЫСЫМЫ

Жастық шақта той-думанның ішінде,
Ошақбайды көрдім албырт күшінде
Нешедесіз деп танысса
Тіл қаттым

Құрдасын деп міз бақтаған пішінде.

Елемедім тоспағанын-тосқанын,
Аңғармады әзіл сөздің оспағын.
Қызметі де, жасы да үлкен жігіт қой,
Сәтті болды бірер жасты қосқаным.

Жұбайы да құрдастықты ұстады,
Ақ көңіл ғой, тілін безеп ұштады.
Көп жылдан соң бір досымның үйінде,
Әлі есімде аса қатты қысканы.

Дәм үстінде сөніп қалды шамдары,
Қап-қараңғы. Көпке дейін жанбады.
Дәл сол кезде
«Кәкімбек!» деп Ләмиға
Ашық даусы анандайдан самғады.

Әу деппін-ау, шайтан түртіп пендені,
«Шам» сөнді ғой, құрдас, бері кел», – деді.
Сақ-сақ күліп
Қараңғыда қызған жұрт,
«Бар-бар» десіп қауқылдасып, желдеді.

Үдеткендей қызған әйел тәлкекті,
«Кел, құрдас!» деп тағы да бір саңк етті.
Құдай ондап дәл сол кезде
Барлық шам
Жезқазғанның үйлерінде жарқ етті.

МАҚТАЙҒА

Қазақтың асыл ұлы Мақтай деген,
Жылы сөз ол дегенде сақтай берем.
Құдаша-құдағиға таласпайды,
Сондықтан мен Мақтайды мақтай берем.

ДОСЫМЫЗДЫҢ ТӘУІРІ

Шәкір деген – досымыздың тәуірі,
Маған аға, Аманжолдың бауыры.
Қаракесек ішіндегі Кернейі,
Бес Бошанның біреуінде ауылы.

Бірге оқыдық, Мәскеуге өзін танытты,
Арияға студент достар қанықты.
Мың-мың қыздың біреуіне қарамай,
Ауылдағы Қамажанды алыпты.

Біздің Шәкір әнді қуса анықтап,
Карузоға жетер еді шарықтап.

* * *

Біреуден біреу озып аса қалар,
Біреуден біреу жайлы таса табар.
Әйелдер қандай еркек керек болса,
Дәл сондай етіп қолдан жасап алар.

Арнаймын жеңешеме тәуір үнді,
Сүйсінтті келін болып ауылымды.
Илеген нандай етіп жөндеп алды
Шәкірдей асау, тентек бауырымды.

* * *

Адам бойда әр мүшеден нәр алған,
Көз бен қолдың әрекеті сан алуан.
Екі аяқтың қызметі бар ерекше,
Жер бетінде тік жүруге жаралған.

Қос еріннің айтсам сырын жалпылай,
Бір сүйгенде жанады екен бар шырай.
Кей мүшенің қызметін құпия,
Бата алмаймын айтуға да жартылай.

Ертістің түбі құмдақ жалтыр екен,
 Қос сазан көрдім суда
 Жалт-жұлт етер.
 Біреуін аңдып тұрып
 Ұстай алсам...
 Өзімнің бәйбішемнің балтыры екен.

ЖАҢАЛЫҚ КЕРЕК ӘЙЕЛГЕ

Жалғайды ару арманды,
 Сүйеді үздік арманды.
 Нәзік жан әсте ұнатпас,
 Тоқырап, тоқтап қалғанды.

Жайнаса төрің жаңаша,
 Бақытың сол ғой тамаша.
 Өзгеріс салты әйелдің,
 Ойынға тоймас балаша.

Демалмас белін бүгілтіп,
 Ескіні өңдер тірілтіп.
 Болардай үлкен салтанат,
 Үйінді қояр құбылтып.

Шырағың қайта жанғандай,
 Өзгеше жиһаз алғандай.
 Алыстан келсең жайнайды,
 Жаңарып барың қалғандай.

Мінез ғой ортақ әлемде,
 Сұлулар құмар мәнерге.
 Әйтпесе жылдам қартаяр,
 Жаңалық керек әйелге.

АМАНЖОЛДЫҢ АЙТҚАНЫ

Қалайша дипломатқа оралмаймын?
Туыпты саясатқа одан бай кім?
Жасымда жеңешеме қол салмап ем,
Сәлімнен Лейланы бөле алмаймын.

Бәрі де шындық сырын көздегенім,
Жеңгем жоқ одан артық өзге менің.
Жасымда жасырын сөз айтпап едім,
Бүгін мен ептеп-септеп өзгеремін.

Кейде мен көп ойланып отырамын,
Барады зулап күндер – соқыр ағын.
Радио, теледидар, газет емес,
Шәкірдің «гу-гуіне» шоқынамын.

Қонымды әрбір сөзі парасатты,
Жасампаз әлеуметпен дана шартты.
Қызметтен Батыраш пенен Шапыраш түгіл,
Өзгертіп жібереді Бонапартты.

Естімпаз ым-жымы көп оның әлі,
Көрген жан ақпаратқа толығады.
Оңтүстік астанада азамат жоқ,
Шәкендей тура түсер жорығаны.

ЖҮЗ ТЕҢГЕ

Тым боқтампаз бес жастағы баласы,
Әке-шеше келмес оған шамасы.
«Атасына тартқан...» десе шолжаңдап,
Қолпаштайтын бар кемпір-шал панасы.

Қатал тілмен өз әкесі бір күні,
Қабак шытып жойды әнтек күлкіні.
Оңашада тентекті ұстап сөйлесті,
Берік қақпан бұлтартпастай түлкіні.

– Тіліңді тый, ойлап сөйле, оттама,
Жұртты тыңда, жөнді сөзге тоқта да.
Мейман болып
Үлкен бастық келеді,
Дәм үстінде, – деді, – ешкімді боктама.

Сәлем бергін сырттан кештеу кірсең де,
Әдеп сақта отырсаң да, жүрсең де,
Ақысына, не қаласаң соны ал, – деп,
Жарқыратып берді ұлына жүз теңге.

Бағындырар айбын аңды, малды да,
Қатал сөзді бала ұғып алды ма?..
Мақұл деді әкесіне жымып,
Жүз теңгені қалтасына салды да.

Келді қонақ. Бәрі құрмет етуде,
Сотқар үнсіз. Бүгін тәртіп бекуде.
Сол бір кезде бір шыбынға бір шыбын,
Мінгесіпті тарелкенің шетінде.

Балаш ышқынды:
– Бұл не деген маскара?!
Мені құртты-ау
Қона салмай басқаға.
Ұялмады-ау үлкен бастық келді деп,
Қарамады-ау ішкен адал асқа да.

Мұндай сұмдық көз ашқалы кім көрген,
Жоламас ем бұл топырға білсем мен...
Міз бақпастан оңдап тұрып бір боктап, –
– Міне, – деді, – папа, берген жүз теңгең.

ЕСКЕНДІРГЕ ЕСКЕРТПЕ

Есейгенде ой селі төкпелейді,
Өзімсіп те біреуді сөкпе дейді.
Беу, Ескендір, алпыста «шалмын» деме,
Сексендегі ағалар өкпелейді.

Байқап сөйле шыкса да есің мейлі,
Жаттап қалып, жадынан өшірмейді.
Дариконы «кемпірім» десең болды,
Ағаларың ешқашан кешірмейді.

ТАБЫСЫМ

Ерте кезде салмай ескі сарынға,
Көне білдік бойда қызу жалынға.
«Приватизация» маған жасап алыпсың,
Үкімет пен партияның барында.

Табысым сол – татулықты талғадым,
Жоғалтпадым жекеменшік бар мәнін.
Жас тоқалмен жаңа ферма құрмадым,
Жақсы болды бір өзіңмен қалғаным.

Табысым сол – кең дүние сеп берген,
Кезім жоқ-қой сені сөгіп жек көрген.
Жасамадым сұлулармен оңаша,
Серіктестік жауапкершілік шектелген.

Өзің болдың көп айтылар бас әнім,
Бас әніме қайта-қайта басамын.
Саған мәңгі референдум өткізіп,
Өзге әйелге мораторий жасадым.

ЖІГІТ СОЛ ҒОЙ ЕҢ ІРІ

Жалынып көрген жоқ ол бір бастыққа,
Берік жан бұл жалғанда сыйластыққа.
Шәкеңмен тату-тәтті өсудің де
Түбірі «Московский» қимастықта.

Шәкір досым ақиқатты шыңдайды,
Мойытпайды оны өмірде мың қайғы.
Құлағына алтын сырға жеңгемнің,
Біздің Шәкір сұлуларды тыңдайды!

Өзі сері, дархан таза көңілі,
Ол мақтаулы талайыңнан көп ірі.
Келіншекке магниті бар білем,
Алматыда жігіт сол ғой ең ірі.

КӨПЕНГЕ

Беу, Көпен, дүбіріңе қозғаламын,
Жарасты жұрт алдында өз қадамың.
Мен білсем,
Келіп қалған елу жасың,
Ақ тұйғын ақын үшін бозбала күн.

Бұлжытпай сал-серілер қағидасын,
Қаға бер сұлулардың сакинасын.
Дәл тиіп атқан жебең нысанаға,
Бар қазақ айтқаныңды мақұлдасын.

Қамшыла жылпостарды әр маңдағы,
Сатуға ел байлығын барғандарды.
Өкіртіп
Үфит-сүфит тілімдеп бер,
Жақсыны аяғынан шалғандарды.

Талантты танымаған білсін нені,
Білгендер ішқұста боп күрсінеді.
Бір өзің мың партия секілдісің,
«Қабағы түскен» халқың сүйсінеді.

Тұрмассың әлдекімнен ұпай сұрап,
Жолыңа жаға берсін Құдай шырақ.
Орыс пен қазақ тілі жетпей жатса,
Шылықты бас белінен қытайшылап.

Төгілдір
Жаңа күлкі жаны мәзге,
Сыйлаған елге күлкім әлі де аз де.
Қырқалы елу белес құтты болсын,
Қазақ боп туған біздің
«Әмірадзе».

БӨРКІҢ-АЙ

Тентектің көнші еркіне,
Жетейін алған сертіме.
Ажарың аппақ аңсатқан,
Табайын дәру дертіме.

Қайырмасы:

Пай-пай, бөркің-ай!
Бөркіңнен асқан көркің-ай!
Ақ тамағың үлбіреп,
Қарақат көзің мөлдіреп,
Шиідей ернің елжіреп,
Өзіңдей көптен аңсаған
Жазылар қашан бұл жүрек?
Өтеді шапшаң ерке күн,
Махаббат мұңын шертемін.
Бір сүйгізші, калқатай,
Сағынып жетті тентегің.

Қайырмасы.

Ғашықтық әнін жалғадым,
Сені іздеп қайда бармадым?!
Қос алмаға қол салу –
Жалғанда жалғыз арманым.

Қайырмасы.

ҚАЖЫМҰРАТТЫҢ АЙТҚАНЫ

Нарықтың болсақ басын құрай келген,
Жігіт көп құтты өлкеге шырай берген.
Әкімдер келіп жатыр,
Кетіп жатыр,
Мызғымас Қызылжарда Құдайберген.

Әр істің бояуы бар, лезі бар,
Біреу пәс, біреу бірден іле жұлар.
Микоян секілді деп ойламаңдар,
Жуковтың бұл ағайда мінезі бар.

ҚАУДЫРДЫҢ АЙТҚАНЫ

Келіп те қалдық кырыққа,
Ұқсаймын көшкен бұлтқа.
Шөп шауып жүрміз Есенмен,
Біздерді, Алла, ұмытпа.

Үрия біздің қартайды,
Балалар да марқайды.
Енді бір жас қызды алсам,
Тірлікте құмар тарқайды.

Есенгелді бауырым,
Артымда асыл тәуірім.
Дөкей боп еркін жайласын,
Алатаудың сауырын.

Оқуға түсер күй берсін,
Озып та жүрер ми берсін.
Ең әуелі, шіркін-ай,
Ақылды қызға үйленсін.

Соңынан іздеп барсам ғой,
Еркелеп асыр салсам ғой.
Есман ағам секілді,
Жеті қатын алсам ғой.

САҒЫНДЫҚТЫҢ СӨЗІ

Бұл өреге келген жоқпыз құр бекер,
Әр жаңа тан өмірімді нұрлы етер.
Жетпіс бесің шекаралық жас екен,
Сыр кетсе де емес әлі сын кетер.

Алған екем таңдап қыздың тәуірін,
Келеді өтіп ойлы-қырлы дәуірім.
Балалар мен есен болсын Нағима,
Жас тоқалды іздетпесін Тәңірім.

Осы ойды қайталаймын әр күні,
Жоқ көңілде құралайдың салқыны.
Сұлуларға көз салдырмай өтті ғой,
Баяғыда партияның тәртібі.

КӨК ТАРАҚ

Режиссер ақ шашыма көп қарады.
Дегендей «тарау керек» жеп барады.
Сол кезде
Көкшіл гауһар секілденді,
Ұсынған құдашаның көк тарағы.

Шашымды көк тарақпен тарай бердім,
Жүзінен құдашаның арай көрдім.
Қазақта:
«Берген емес, алған мырза»,
Ырымға деген сөзді балай бердім.

Тіл катып қалмаған соң төтесінен,
Не пайда өмірдің кей есесінен?
Тарағын алғыс айтып мен қайтардым,
Ол кетті Қабанбайдың көшесімен.

Соңынан ақ дида­ры көп қаратты,
Режиссер шапшаң екен, тез таратты.
Білмеймін неге екенін,
Шаш тарасам,
Көзіме елестетем көк тарақты.

ДАРИКОНЫҢ АЙТҚАНЫНА ҚОСЫМША

Алпыс жас тойындамыз Ескендірдің,
Келмейді артық сөйлеп сескендіргім.
Дарико сөз бастады
Қосылғандай
Лебі ақ жүзінен ескен нұрдың.

– Сұлу саз, елге таныс маңайым бар,
Жанұям, бақыт құшқан арайым бар.
Ескендір баршаға ортақ
Ірі талант,
Ол жалғыз менікі емес, ағайындар! –

Со кезде бір келіншек қарады көп,
Жанары Ескендірді барады жеп.
Қатты айтты:
– Дарикожан, аузыңа май,
Бола алса менікі де жарады, – деп. –

Есекең ортамызда көкеміз ғой,
Жетпісте, сексенде де етеміз той.
Бірақ та, «баршаға ортақ» дегенді қой,
Екеуміз бір жігітке жетеміз ғой.

– Таратар деп ойлама сыбыс желін,
Жок сенің, беу, қарындас, бұрыс жерің.
Ризамын, қос құлағым естіп қалды,
Жарайсың, осы айтқаның дұрыс, – дедім.

Келіншек көргендей бір қызық шалды,
«Аташка, рахмет», – деп ішіп салды.

ЗӘРУБАЙ ӘБІЛЕВТИҢ АЙТҚАНЫ

Өмір деген өрге тартқан көш екен,
Түзу көшсіз бүкіл тірлік бос екен.
Балалық пен жігіттіктің арасын,
Мен өзімше бауыр басқан дос етем.

Жас кезімде сотқар едім атаулы,
Жұмсартушы ем нелер тентек қаталды.
Орыс-қазақ балаларын шықпыртып,
Соққылаушы ем бірге қосып татарды.

Атағым зор, салдым ойран-асырға,
Інім Болат жүрді үнсіз қасымда.
«Я брат Зарубая» деп қана,
Шошытатын қулығы бар басында.

«Зәрубайдың ағасымын» деген сөз,
Келтірмейтін еш қырсықты оған кез.
Қарағанды балалары патшасы ем,
Қарсыластар қадай алмас маған көз.

Өстік. Жеттік. Нарық ашты көп сана,
Кәсіп құрдық бар ағайын топтала.

Біреу кейде көз алартса
Шошытам:
«Мен «Бутяның» ағасымын» деп қана.

Өмір – сайыс,
Жүгі ауыр көш екен,
Қадір білер бауырымды дос етем.
Бала күнде әжем маған көп айтқан
«Дүние кезек» дегендері осы екен.

ТЫҒЫЛМАҚ

Құдай ұзын етпесе де бойымды,
Тең құрбыдан
Ерте оятты ойымды.
Тал түбінде «тығылмақты» көп ойнап,
Ат үстінен теруші едім мойылды.

Шын сұлулық ілкім сәтін еледім,
Қарақаттан мойыл артық деп едім.
Енді бүгін
Еске түсіп сол көктем,
Жас әженің әрбір сөзін көремін.

Қыздыр, қыздыр! Тығылмақшыл еткізді,
Ұялшақ ем, қол тигенде ет қызды.
Былтыр ғана
Соның бәрін бір құрбым,
Мәз-мейрам боп бәйбішеме жеткізді.

...Таба алмаса
«Кәкімбек» деп зарлады,
«Тығылмақ» қой айтар сөздің бар мәні.
Қос секілді
Күрке талды көп мақтап,
Бір жақсысы ар жағына бармады...

ШӘКІР АЙТҚАН АҚЫЛ СӨЗ

Жас келген соң алды-артынды ойлайсың.
Бар ақылды тыңдағанға жолдайсың.
Ішпеймін деп кесіп айтпа, шырағым,
Бұрын ішсең,
Қайта соқпай қоймайсың.

Мінезіңе үлкен сенім артасың,
Бір басыңа жетер дос пен бар қасың.
Кесіп айтпа
Тартпаймын деп темекі,
Тарыққанда тағы да бір тартасың.

Ер жігітті қалдыратын арманда,
Бір-ақ нәрсе оралмайтын жалғанда.
Бара алмайсың
Барғың келген жеріңе,
Жас ұлғайып, қуат бітіп қалғанда.

ТІРІДЕЙ КӨРГІМ КЕЛЕДІ

Қорабай Есеновке бір қыздың сәлемі

Жүрегім саған сенеді,
Өткізер бірге таң үшін.
Бір көрген сені келеді,
Жас күнде айтқан ән үшін.

Жүрмін ғой елтіп естумен,
Бұл күнде достық тілегін.
Аққудай жаңа ес білген,
Жетсем деп ұшып жүремін.

Алдыңнан қарсы шыққанда,
Жүрегің неге жаңылсын?
«Досыңның көзін» ұққанда
Ғашықтың көзін танырсың.

Айырса бізді сұм жалған,
Көре алмай көптен жүдедім.
Сыңғырлап айтқан жан сырын,
Гитардай мен де тіледім.

Кетеді сен боп бар ғалам,
«Жас қаламды» айтқанда.
Келдің бе іздеп деп қалам,
Қаңқылдап қаздар қайтқанда.

Үніңнен үзім татыршы,
Махаббат пірі жебеді.
Тойыңа мені шақыршы,
Тірідей көргім келеді.

БАҒДАТ ҚЫЗ

Керілген кер маралдай Бағдат қыздың,
Көркінен көкірекке шам жаққыздым.
Қиғаш қас, пісте мұрын, ерні шие,
Тілінен келді тілге бал татқызғым.

Сары алтын, қызыл күрең шайы қандай,
Балқыдым бойға зәмзәм дарығандай.
Есiлдiң құба талы секiлденген,
Бұраң бел көрсең көңiл байығандай.

Әл жетпес тік карауға көзге күлген,
Өтті ғой қос қарашық өңменімнен.
Жүрекке аршын төсі дүбір салды,
Көп еді-ау көрмегенім көргеніммен.

Жыр арнап, жылы шырай достасамын,
Тәттімбет тартқым келді «Қосбасарын».
Сексен көл аққуындай сүйсіндірді,
Кетерде қалай ғана қоштасамын?

Інілер жұртқа жаяр жариядай,
Кездестік кәдік жерде тар ұядай.
Елтісем Балуан Шолақ атамыздай,
Есімнен кетер емес Ғалиядай.

ҚОС БАЛТЫР

Түсінген кісі жөптейді,
Көруге жолда тос та тұр.
Есімнен менің кетпейді,
Жұп-жұмыр, аппақ қос балтыр.

Қиядан байқап тандандым,
Ғажабы осы ғажаптың.
Жүрегім жылып жандандым,
Қызы екен біздің қазақтың.

Екі аяқ әсем құйылған,
Өкшесі сылқым сурет.
Дегендей қолдан құйылған,
Артық-кем жоқ жұмыр ет.

Қос балтыр сұмдық сәндігі,
Қызығар адам баласы.
Атыраудағы әйгілі,
Қамила сұлу анасы.

Ол кісі қандай екен деп,
Каспийде сирек саналған,
Мен сұраныш еттім көп,
«Қан мен тер» төккен ағамнан.

Емес-ау бәрі жай тегін,
Жауабын берген қарашы:
«Сирағын оның қайтесің,
Жан жетпес еді анасы...»

СЕРІ ҚЫЗ

Алматыдан сері қыз,
Астанаға келіпті.
Жайнап кетті төріміз,
Екі көзді телітті.

Таң қалмаған жан бар ма,
Ұнап көздің жауына,
Таққан қара шалбарға,
Балағының бауына.

Жұрт амалсыз қарады,
Қызықты дос пен бақасы.
Тық-тық етіп барады,
Алтын етік тақасы.

Басындағы бөрік те,
Тамсандырды табынтып.
Жок өзінде көрік те,
Жіберердей қағынтып.

Жайнап естен жаңылтқан,
Жақын етпек өгейді.
Тақасына табынтқан,
Сері қыздар көбейді.

НАҒИМА

Нағима Кенжебайкелініне

«Нақыш» дейді ағамыз Нағимасын,
Тапқыш келер асылдың бабын асыл.
«Нәкежан» деп кей-кейде еркелетер,
Тап қасында жүрсе де сағынғасын.

Қайырмасы:

Әрбір аттың мәні бар,
Әрбір аттың әні бар.
«Нәкіш», «Нақыш», «Нәкентай»,
«Нәкежаны» тағы бар.
Аға сөзі қағида,
Соның бәрі – Нағима,
Нағима, Нағима.

«Төр апа» деп түрлентіп көріктеген,
Сондай болсын жар сыйлар серік деген.
Біздің ағай сұңғақты сау қайыңдай,
Сылап-сипап жеңешем беріктеген.

Қайырмасы.

Таң атысы қысқа күн батысына,
Ат қойғыш-ау ағамыз «Нақышына».
Жеңешем де сыйға сый бал тосқандай,
Бір айтқан жоқ шалсың деп ақысына.

Қайырмасы.

ТОҚСАНДАҒЫ ШАЛДЫҢ АЙТҚАНЫ

Қайран көңіл алаңдап,
Қайта күйіп-жандым мен?!
Көксегені махаббат,
Токсандағы шалдың да.

Қартайған сайын сұм жүрек,
Тілегін тура көздейді.
Жұқарған әбден үлбіреп,
Қарсы сөзге төзбейді.

Ашық көңіл мархабат,
Ғаламат қой көргенге.
Қоштасады махаббат,
Соңыра жарық сөнгенде.

ЖАНАТҚА АЙТҚАН ҚҰПИЯ

Жанат Жаубасовқа

Жастарға бакыт төрін жакын етер,
Елгезек құдашалар батыл екен.
Жанат-ау, бір құпия сезіп калдым,
Құдағи Ләззат атты ақын екен.

Тамаша жылы, жұмсақ ақ білегі,
Еліктей билегенде сақ жүреді.
Келінім Бибіғайша әбден разы,
Жүлде алсақ, бізге жаңа сәт тіледі.

Інілер, құп алыңдар, қуаныңдар,
Сылкитып құдаларды «суарыңдар».
Қасқырға олжа тоскыш сұр қояндай,
Алдында құдағидың бұралыңдар.

Серік пен Гауһаржанның тойындағы,
Алғыс көп арнап айтар ойымдағы.
Бір ауыз сөз шығармай
Отыз тістен,
Құдағи бар тілекті орындады.

Кездестім ғаламатка құтты тойда,
От қызу жас күнімдей бітті бойға.
Жанат-ау, өз аузыңа ие болғай,
Естіген сөзді ішіңе жұтып қой да.

«ПРАГАДАҒЫ» СУРЕТ

Мәскеудегі «Прага» дәмханасы,
Алтын жиһаз осында сән жаңасы.
Дәм келгенше
Би билеп, денең балкып,
Алтын төрде табылар жан панасы.

Берік халық орыстар иманына,
Алтын жиһаз – жайнап тұр жиғаны да.
Жата кеткің келеді
Алтын сирақ,
Сары алтынға малшынған диванына.

Алтын айна
Адамның мауқын басып,
Сыңарыңа қарайсың зауқың тасып.
Сылдыры мен сыңғыры таң қалдырар,
Ыстық шайға кіргенде алтын қасық.

Алтын сурет,
Кең залда өз көргенім,
Алтын көлді тар шатқал көмкергенін;
Суға келген ақ марал ажалы ма,
Қарай қалшы аңшыға дөп келгенін.

Жанары ойнап жануар сасып қалды,
Оймақ ауыз ақ бұлақ ашық қалды.
Мылтығына дес келсе,
Аңшы қайтсін,
Шүріппесін бір рет басып қалды.

Алшаң басты денесі жеңілденіп,
От сезімге берілді мейірленіп.
Құдай оңдап ақ марал есен қалды,
Сүйсіндім: «Жаса, «Прага!» дегім келіп.

ӨТКІРІН-АЙ КӨЗІҢНІҢ

Ей, қалқа, тамағыңның аппағын-ай,
Бүлкілдеп тәбет тартып жатқанын-ай.
Үздігіп қайран жүрек кетер ме екен,
Өзіне өзі ажал тапқанын-ай!

Қайырмасы:

Әлегі билеп сезімнің,
Таң алдында көз ілдім.
Оқтай атып түсірді,
Қарашығы көзімнің.

Сырымды әу дегеннен ұға салмай,
Алдымда бұрандайсың құба талдай.
Жасқанған жанарыңның жарқылынан,
Қасыңнан өте шықтым құр асаудай.

Қайырмасы.

Лүпілі жүрегімнің жүрдім үдеп,
Бір көрдім қарсы алдымда мың күн тілеп.
Шыбын жан шыдай алмай кетер еді-ау,
Мойныма оралмаса құлын білек.

Қайырмасы.

ҚИҚАРЛЫҚ

Алпыс – тал түс, жастық шақтың қалдығы,
Жетпіс – белес, егделіктің жарлығы.
Көз қиығын тастап өтсе сұлулар,
Ол әлі де бірдеменің барлығы.

Тау ішінде тауды жырлап өтемін,
Көл шетінде құсқа құрмет етемін.
Қырға шықсам
«Жезкиікті» бір көріп,
Жырлай-жырлай мәңгі ғашық етемін.

Жаршысымын туып-өскен даланың,
Ел шетінде жанға қуат аламын.
Жетпіс жасқа әкелсе де паспортым,
Мен бәрібір алпысымда қаламын!

ТҮСІНДІМ...

О, перизат! Жаксы сөзден жиренбе,
Қайталай бер Мұзафардан үйрен де.
«Елде барға ернің тиер» дегенін,
Түсіндім мен сені бүгін сүйгенде.

* * *

Қыздардың жас күнінде жаманы жоқ,
Шын нәзік қызықтырар амалы көп.
Ал саған косылған соң кетеді екен,
Еркекті басқарудың маманы боп.

Беу, ақылды, ардақты жамағатым,
Түсірмендер көлеңке араға тым.
Ет үйренген ескіге жете алмайды,
Қаншама жас болса да жаңа қатын.

ОРМАНДАҒЫ ДИАЛОГ

Қасқыр:

– Қызыл көрсем ашылады араным.

Түлкі:

– Сұрғылт түске лезде ауыз саламын.

Қоян:

– Аю көрсем дос болатын әдетім,

Қасқыр келсе жеп қоямын бар етін,

Түлкі десе қызып кетер тәбетім.

Аю келді шырт ұйқыдан оянған:

– Мен бәрібір сендерден жеп тоя алман.

Мына екеуін умаштайын тап қазір,

Ертең кешке сені жеймін, қоянжан. –

Қасқыр, түлкі қалды аюға тұтылып,
Қалқан құлақ зытты алысқа сытылып.
Көжек солай көкелерін тапсырып,
Өжет сөйлеп кетті ажалдан құтылып.

ҰСАҚ АРМАН

Тәтті шарап мөлтілдеп келіп жатса,
Күтсе ару көргендей сені патша.
Дымың құрып, дел-сал боп отырғанда,
Қара шайды
Үндемей беріп жатса.

Құдай оңдап табады ісің тетік,
Бір жымиса,
Көзге көз түсіп кетіп.

СУПЕР АҚСАҚАЛ

Ахметов Ғалым – супер ақсақал,
Ондай атақ игерген жоқ басқалар.
Заты қазақ жазушылар ішінде,
95-тен асқан осы қасқа нар.

Бір келіншек ауып кетіп құмары,
Жас деп қалды-ау, әлденені сұрады.
Жымың етіп сүйді ақсақал,
Бірақ та,
Не дегенін естімепті құлағы.

* * *

Біздің Бағлан ұялшақ,
Күлкімен жеңер сымбатты.
Түсіріп келін қуансақ,
Ұялшақтап ұл тапты.

Жөптейміз бәрін құп алып,
Пәк мінезге мың құрбан:
Бер жағымен ұялып,
Ар жағы іс тындырған.

ҚАЙТАДАН ОРАЛ ҚҰШАҚҚА

Тым ұзап
Тым алысқа кеткенің бе,
Күн ұзақ
Бір жарқ етіп өтпедің бе?
Мың құшак
Жұлдыз шашып түн де жетті,
Гүлге ұксап
Жайнар едің өпкенімде.

Гүл де емес,
Жұлдыз да емес, айым едің,
Мың елес
Елес беріп байып едім.
Құр кеңес
Махаббатқа жараспайды,
Гүл-тегеш
Ұстап қолда дайын едім.

Аңсаған
Ардағыңнан қол алшы бір,
Шаршаған
Шақты ұмытып ораншы гүл.
Самсаған
Сағынышым бір басылсын,
Қайтадан құшағыма оралшы бір.

СЫРАҒАҢНЫҢ «АШУЫ»

Бұйра шашы толқыған дүр басында,
Қобландыдай ел сыйлар тұлғасын да.
Сырағаңның киімі алқам-салқам,
Ертегіден келгендей бұл ғасырға.

Осы жолы ерекше күйі мықты,
Сал-серідей әсемпаз киініпті.
Әсіресе су жаңа бәтеңкесін,
Көрген қыздар көшеде сыйыныпты.

Кеңсе алдында құрдасы сүйіп алды,
Мәз-мапақа...
Масайрап нұры жанды.
«Аяғыңда тозсын» деп құшақтаса,
Қатал сөйлеп Сырағаң тұрып қалды.

– Мені саған қай құдай бастық етті?
Брежневті сүйгендей қаптың бетті.
Бұқа тұмсық, көлбақа шәркеңменен,
Туфлиді қыз мұрын бастың, – депті.

Сезбей қалып қалжыңмен үркіткенді,
Сасып қалды құрдасы, мың бүктелді.
Орамалын алды да қалтасынан,
Бәтеңкесін Сырбайдың сүртіп берді.

МАХМУДТЫҢ АТАСЫНЫҢ АЙТҚАНЫ

Куә болу жақсы ғой бір ғасырға,
Жүз дегенің жүк емес шын асылға.
Көрші үйдегі жас кемпірге көп бардым,
Томпаң қағып тоқсан сегіз жасымда.

Болсақ абыз жүзден асып, жол көрген,
Жақсы әйел ғой бойға қызу мол берген.
Әлгі кемпір әлі де жүр есімде,
Бес жыл болды біз көшкелі сол жерден.

ҚАРАЖАННЫҢ АЙТҚАНЫ

Тамұғыңа жас күнімнен қанықтым,
Түн дегенің болушы еді анық түн.
Мен халықпын,
Күпіршілік етпеймін,
Тамұқ қайда?
Жұмағыңнан жалықтым.

Қолда айтқаның, қолдама,
Соғыс қажет моллаға.
Өлеңді жер өгіздей,
Өлімді сүйер сол ғана.

Ақымақ адам жеңісі –
Істің нағыз терісі.
Секілді соқыр кемпірдің
Теріс киген кебісі.

ЖЕТПІСІМ

Бір күн егде, бір күн жас,
Алпысым биік самғады.
Ағарса да сақал-шаш,
Сайтаным үнсіз қалмады.

Өзгерді жөні жетпістің,
Аяқты біраз шырмады.
Көбіне біраз сертті істің,
Алпыстай сайран құрмады.

Көшкендей жаңа қалаға,
Жан-жағыма қараймын.
Асауға мінген балаға,
Өзімді өзім балаймын.

Кей сұлу көзге сызылып,
Баяғыдай арбайды.
Бер жағым қатты қызығып,
Ар жағым жылдам бармайды.

ҚОЙ ДЕСЕМ ДЕ...

Абай ата тойында,
Жүрдің-ау сен ойымда.
Сағыныш селі қаулаған,
Күн еді, сен де мойында.

Қызулы думан есімде,
Жарк еттің кіші бесінде.
Көзімнен тайсаң түнгі аспан,
Жұлдыз боп жүрдің төсінде.

Елестер көзге орнайды,
Көктемді естен жоймайды.
Асау жүрек,
Қартайдым,
Қой десем де қоймайды.

ТАЙТАЛАС

Сұлу көрдім таңғажайып әдемі,
Қара көзден жарк етеді жан емі.
Өз тойында Манаш өзі билеп жүр,
Былқыл-сылқыл естен кетпес мәнері.

Қыздың ғажап еріндері, иегі,
Қыр мұрында сиқыр көп-ау киелі.
Екі бетте ерен-ғайып жалын бар,
Бойың қызып,
Жүрекке оттай тиеді.

Қос жанары төс жарып тұр бүлкілдеп,
Қаным қызды.
Тұр демейсің күлкім кеп.
Жақын барып тартып алдым Манаштан:
«Өз тойың ғой,
Маған бер», – деп күңкілдеп.

Ару күлді,
Деп едім-ау байқамас,
Мен жөнелдім бірге билеп жанталас.
Үзілісте Манаш айтты:
«Кәкеңмен
Болып қалды бір тарихи тайталас».

Сұлу ғажап бір мүлтік жоқ кескінде,
Жарар едім мен билеуге бес күнге.
Батып кетті «Өз тойың ғой» дегені,
«Бұркылдатып» бермес едім ешкімге.

ҚАЙРАТТЫҢ ШӘКІРТ ҚЫЗЫ ӘН САЛҒАНДА

Етегі көк шалбардың жырық екен,
Көрген жан ақ балтырын жымың етер.
Алыстан ақ сазандай жарқ еткенде,
Сықыр бар тірі жанды қырып өтер.

Балағы көк шалбардың бүрмеленген,
Екі көз ақ бүрмеге бір кенелген.
Ақ төсін кере шалқып әнге басты,
Киіктей шыға келген бір белеңнен.

Ажары қарындастың айдан аппақ,
Сұқтанған жіті көздер кетті қаптап,
Сахнадан бірге еріп кетер едім,
Қатерден қайран жетпіс қалды сақтап.

БІЗДІҢ АУЫЛ ҚЫЗДАРЫ

Қыз-қалқамен ерте ойнап, ерте күлдік,
Еркелестік колтықтап, ерте жүрдік.
Жұрт көзінше қосылып ән шырқасак,
Оңашада ғашық сыр шерте білдік.

Мінездері татымды,
Сыйлар алыс-жақынды;
Біздің ауыл қыздары
Бәрі бірдей ақылды.

Қараторы, қыр мұрын, қыпша белі,
Раушан гүлге жайдары ұксап еді.
Құшақ жайып желпіне билегенде,
Толқытатын құштарлық қызба желі.

Зәмзәм тамған тілінен,
Құмар қанған үнінен,
Біздің ауыл қыздары,
Бірі сұлу бірінен.

Аққұба қыз әнші еді ең сүйікті,
Ынтызар боп көрген жан көз түйілтті.
Еске түссе айдары тебіренемін,
Біреу атып алардай жезкиікті.

Бірге құшқан таң нұры,
Жастай жалғас тағдыры;
Біздің ауыл қыздары
Шымқай сұлу барлығы.

* * *

Елдес те еді,
Сұлулар жерлес те еді,
Жоқ болды ғой өзіңмен теңдескені.
Үйрек-қаздың ішінде аққу көріп,
Қайта тудым сенімен кездескелі.

Қос аяқ қоян секілді
Тосып жатқан,
Ақ төсіңе құштармын бүлкіл қаққан.
Ақ тамақтан сүйгенде сол екеуі
Қызғаныштан күйгендей төмен тартқан.

Келші, келші,
Армансыз аймалайын,
Жан арайын жаңартар жан табайын.
Рахат, ләззат, шаттыққа
Малшынайын,
Болшы дайын,
Тағы да қайталайын.

Жарк еткенде
Жанарың ырқымды алар,
Жүрегімнен ағындар ынтық хабар.
Ғұмырында көрмеген еш сұлудан,
Тұғырың да жақсы екен бүркіт конар.

ТЫНЫШТЫҚТЫҢ СЫҢҒЫРЫ

Таңертеңгі күн нұры –
Сал табиғат тың жыры.
Шық маржаны жарк етсе,
Ол – тыныштық сыңғыры.

Домбыраның күмбірі –
Ғашық жүрек шын сыры.
Сенің түнгі лебің –
Тыныштықтың сыңғыры.

Сұлулықтың түн пірі,
Ашылады мың гүлі.
Ернің тиіп кеткені –
Тыныштықтың сыңғыры.

Сайрап сайдың бұлбұлы,
От құшақта тынды үні.
Ләззат, рахат бәрі де –
Тыныштықтың сыңғыры.

ҚҰДАҒИДЫ ҚҰТТЫҚТАУ

Құдағи, ақ дидарың балбыраған,
Сәт туды елтіп-балкып ән құраған.
Балбыра, балбырасаң бал татайын,
Жүрегім ләззат алсын қалжыраған.

Қайырмасы:

Той қызғанда үдейін,
Мың-мың алғыс үйейін.
Құтты болсын жас отау,
Кел, бетіңнен сүйейін!

Кездесті он бесімде бала ғашық,
Бұйырды жиырма бесте дара ғашық.
Бұл күнде құдағилар қатар құрап,
Қуантты құдашалар араласып.

Қайырмасы.

Құмартсам нұр жүзіңе таңдай татыр,
Құрылды ел қуанар жаңа шатыр.
Құдайдың ол да болса бергені ғой,
Көбейіп құдағилар бара жатыр.

Қайырмасы.

КЕНЖЕГҮЛГЕ

Қарындасым Кенжегүл,
Шашып жүрсің елге нұр.
Жаның мырза періште,
Ән-жырыма сен де кір.

Ақындар құмар асылға,
Атыңды жайсын ғасырға.
Сыйласып тату жүре бер,
Жеңешенің қасында.

Астанада септестің,
Қуанып алғыс төкпес кім?
Екеуің сырлас болсаңдар,
Мен де алыстап кетпеспін.

КӨКТЕМДІ КӨКСЕУ

Жақсы күн жақсы айды,
Қам көңіл аңсайды.
Сәтті әзіл тумаса,
Жүрегім шаршайды.

Түс жарып күлмесең,
Бір тәсіл табармын.
Бір мезгіл сүймесем,
Қартайып қалармын.

Ауылды аралап,
Аңсаймын төскейді.
От сезім қамалап,
Көктемді көксейді.

СҰРАҒАН ЕРДЕНОВТІҢ ӘНІ

Үш күн болды арақ-шарап ішпеймін,
Құдаларды «іш» деп бірақ күштеймін.
«Саумалкөлге» қосылмасаң, құдаша,
Оңайлықпен мен қолыңа түспеймін.

Осынау әнмен өрге шықты талабым,
Беу, құдаша, мен бабыңды табамын.
Саумал түнде көк толқынға құндақтап,
«Саумалкөлге» шырқап, толғап саламын.

Үлкен тойға құшағымды мың жайдым,
Айтқан сөзде қалай ғана тұрмаймын?!
Бәйкен ағам сексен беске келгенде,
«Саумалкөлдi» мен қайтадан шырқаймын.

Ғашық әнін ел сүйерін байқадым,
Айта-айта құмарымнан қайтамын.
Бәйкен ағам тоқсан жасқа келгенде,
Мен тағы да «Саумалкөлді» айтамын.

Үш күн болды арақ-шарап татпаймын,
Үш ай болды жат төсекке жатпаймын.
Бәйкен ағам жүзге жеткен тойында,
Салтанатты «Саумалкөлден» бастаймын.

* * *

Жасайды біреу жүз жас, біреу елу,
Бәс емес күнде шалқып күле беру.
Сағындық ағам айтқан асыл сөз бар:
«Тетігі көп жасаудың – жүре беру».

Білмеппін, ой, Алла-ай, білмеппін,
Бұл неткен айықпас зіл деппін.
Басымды ауыртқан не десем,
Бес күндей ешкімді сүймеппін.

Біреумен ойнап та күлмеппін,
Қызығып көзге де ілмеппін.
Ағамның «көбірек жүр» деген
Сөзін де ұмытып,
Ешкіммен жүрмеппін.

Туыпты өзіңе жетер күн,
Ұмытшақ басым-ай, не етермін?!
Келші, бір сүйейін дұрыстап,
Әйтпесе жарылып кетермін.

НҰРИЯ ҚҰДАҒИҒА

Құтты болсын құдағилық бізбенен,
Қызуы мол дес келіппіз күзбенен.
Отты жалын өзімде де жетерлік,
Күш-қуат мол жас құдағи іздеген.

Айтқан сөзде қалт етпестен тұрамыз,
«Сіп-свежий» мен боламын құдаңыз.
Сенбесеңіз ақ шашыма көп карап,
Қасымдағы бәйбішемнен сұраңыз.

Мүбәрәкпен бір атаның төліміз,
Ақ қайыңға толған жасыл өріміз.
Құтты болсын Гауһар, Нұрлан отауы,
Бізбен жалғас
Бар қызықты көріңіз.

Келінім көркем,
Тура өзіңнің көшірмен,
Орын тапты
Менің сәтті көшімнен.
Рахмет айтып, бетіңізден сүйейін,
Бағып-қағып, бізге келін өсірген.

ТЕНТЕК ОСПАН

Той-думанда Тобықты еткен дастан,
Құнанбайдың баласы тентек Оспан.
«Ойбай, Қодар!» деп жылап жұрт жоктаса,
«Ойбай, Абай!» дегенді өзі қосқан.

Қақпақылмен үлкенді үңілтеді,
Шакпа тілмен кішіні бүгілтеді.
Томпаңдатып тоқалдан туғандарды,
Тазы көрген қояндай жүгіртеді.

Еркелетіп өзіндей елге қосқан,
Серігі көп тентектің өрде тосқан.
Қызға қырғын,
Құрбыға сүргін тисе,
Қырғи болып көрінді тентек Оспан.

Жігітке өш тұздығы татымаған,
Тартып туған әкеге батыл адам.
Қалыңдыққа барарда айтқаны бар:
«Қалыңдығың құрысын, қатын алам».

1995

ҚОС ҚҰДАҒИ

Ғалия мен Нұрия – қос құдағи,
Біздің елге болдыңдар дос құдағи.
Сарыаркадан жетермін Актауға да,
Жолға шығып алдымнан тос, құдағи,

Қайырмасы:

Ғалия-ай, Нұрия-ай,
Қос құдағи бір ұя-ай.
Жүрек қайтсін жылымай,
Бірі сұлу бірінен,
Ой-хой, шіркін, дүние-ай.

Мың күнімнен осынау асты бір күн,
Қайта оралды ұшқыны жастығымның.
Нұриямен бүлкілдеп билеп кеттім,
Тарқамаған секілді жас ғұмырым.

Қайырмасы.

Зулатканда сұлу саз шаттық үнін,
Жас отаудың тойладық сәтті күнін.
Құдағидың бетінен бір сүйіп ем,
Әлі жүрмін баса алмай тәттілігін.

Кең көйлекпен қызық ең,
Жапкандай орман аймақты.
Ақ білекті ұзын жең,
Ақ балықтай жайнатты.

Тар киім сәндік жасар ма,
Көрсетіп мода зорлығын?
Ұната берем қашанда,
Қолда бардың молдығын.

Сүйемін көйлек түсін де,
Ақыл-көркін асырған.
Бар байлығын ішінде,
Бөтен көзден жасырған.

ҰЛЫТАУДЫҢ ҚҰДАСЫ

Телағыс Темешевке

Қырандай сергек Телағыс,
Ел-жұртқа сыйлы жігітсің.
Болған жоқ сенде кері ағыс,
Анадан асыл туыпсың.

Әмірін жүрек бұлжытпа,
Баурасын дос пен тапқандар.
Ұрына берсін қырсыққа,
Туғалы кері аққандар.

Сән берді сері сәніне,
Ұлытауды іздеп тапқаның.
Терісаққанша кетпей әріге,
Сүйсінтті бері аққаның.

Құмарта сүйдің кең құлаш,
Жезкиік жортқан даланы.

Сыйладың шексіз, ол да рас,
Ақ шашты біздей ағаны.

Тамара, Серік қарсы алды,
Сапырып сары сабаны.
Құда кеп елге жар салды,
Жаксыны жақсы табады.

Балдыздарың жарасты,
Жүз күйіп, көрсе, жүз жанып.
Сыртыңнан бәрі таласты,
Бірінен-бірі қызғанып.

Серікпен қызу құлшынған,
Қатарлас шалқып кең жүрсің.
Сарысуға ұмтылған,
Екеуің екі Кеңгірсің.

Кәрі емес, жас та емессің,
Қызық шақ адам алқынбас;
Асылы барлық белестің,
Құтты болсын алпыс жас!

Заулай бер асып алпыстан,
Бойыңда қуат жалынмен.
Аумаған асыл ақ құстан,
Жан жарың сұлу Балыммен.

Алатау биік, ел алыс,
Ұлытау ертіп кел дейді.
Алпыста десек Телағыс,
Балдыздарың сенбейді.

Өкінбе оған құр босқа,
Балдыздар кетпес адасып.
Келгенше өзің жүз жасқа,
Талпына берсін таласып.

ТОЙДАҒЫ ЭКСПРОМТ

Әкеге тартып ұл туса,
Құдайдың елге бергені.
Анаға тартып қыз туса,
Құт-береке ергені.

Ескендірдің жақсы ұлы,
Өзінен ешбір аумайды.
Ағысын әсем тапты үні,
Қосылып бірге заулайды.

Диплом бойға сеп кілең,
Тірекке жүрек сенеді.
Сұлу қыз алу деп білем,
Біржанға дереу керегі.

ТОҚМҰХАМБЕТ САДЫҚОВТЫҢ АЙТҚАНЫ

Бойынан жылы ескен нұр,
Құрдасым, досым Ескендір.
Базар да базар болды ғой,
Қызықты көңіл шолды ғой.
«Газик» деген машинам,
Тозбайтын көлік болды ғой.
Ортасында екеуміз,
Ішіне қыздар толды ғой.
Жас күнде лаулап жанып ек,
Ойранға талай салып ек.
Мен рульде, ол төрде,
Қызды ауылға барып ек,
Қонып та талай қалып ек.
Жұлдызға жеттік аспанда,
Біздерден қыздар кашқан ба?
Ескендір-ау, «секретті»,
Айтты деп сасып жасқанба.
Той болып жатыр қосыңда,
Шолпан да отыр осында.

Болған іске берік бол,
Дарикодан шошынба.
Жас Біржан біздің асыл құс,
Тең-құрбыңнан асып түс.
Соңыңнан сенің қалмасын,
Таласып мың-мың ғашық қыз.
Сән берсін әнің өмірге,
Нұр сепсін әрбір көңілге.
Жарқырап жансын жұлдызың,
Туған ел аспан-көгінде.

ЖАҢЫЛ ЖЕҢГЕМІЗДІҢ АЙТҚАНЫ

Балаларын ауылдың
Желкесінен түйетін еді.
Бүкіл ауыл қыздарын
Беттерінен сүйетін еді.
Бозбала күнде Ескендір,
Сал-серілерше жүретін еді.
Айы туды оңынан,
Жұлдызы туды солынан.
Бар қазақтың қыздары
Қалмайтын болды соңынан.
Сұлулар сонша елеңдер
Ән туды асқақ молынан,
Қыздардың бәрін қуғандай
Дарико шықты жолынан.
Ескендір де шап берді,
Босатпай екі колынан.
Ескендірдің тамаша
Өмірде асыл арманы,
Құтты болды қолтыққа
Дарико қызды алғаны.
Өзгелерді менсінбей,
Қасында мәңгі қалғаны.
Біржан келді өмірге
Өнерді өнер жалғады.

Құлыншак күннен құлшынып
Биікке ол да самғады.
Дипломыңмен қолыңда
Құттықтаймын, Біржаным.
Үйленуді тезірек
Есіңе сақтап жүр, жаным!

ӘНШІ КЕЛІНДЕРГЕ АЛҒЫСЫМ

Ән толқытқан ақбоз үйге сенемін,
«Жезкиіктен» тапты-ау елім керегін.
Жақсы әуенге жаны құштар жаралған,
Келіндерге алғыс айта беремін.

Той-думанда ән базарын бастап-ақ,
Дәстүр жалғар ғибрат етер жас талап.
Аға-іні айтушылар аз емес,
Келіндердің орындауы басқарак.

Күләш шырқап жезқазғандық тосыннан,
Есіл жақтан Сара даусы жосылған.
Сексен көлден Роза, Гүлназ сайраса,
Алатаудан Райхан келін қосылған.

Мен жазғанда көргендей өз көзімен,
Жаңылмайды арыны мен сөзінен.
Келіндерім әнімді айтып сыйласа,
Бұл жалғанның жаннатындай сезінем.

Шындық осы. Жоқ қой әнтек қосқаным,
Ән тербеткен інілерді қостадым.
Тіршіліктің сол қызығын көруге,
Келіндерің әнші болсын, достарым.

САЛТ ҚАМШЫ

Оралбай Жаубасовқа

Бір жыл толса туғаныңа, Оралбай,
Шыдамаспыз бар ағайын қол алмай.
Салт қамшыны сыйға тарттым мен саған,
Төрге іліп қой бақыт құсы қонардай.

Ұсынғаным сегіз таспа салт қамшы,
Салт қамшыны ата дәстүр салтқа алшы.
Жорға мініп, жолға шығып, Оралбай,
Қызды ауылға сен тезірек аттаншы.

Ескі жігіт қамшы салмас қамысқа,
Қамшы серік аттансаң да ғарышқа.
«Қыз қуғанда» құстай ұшып жетіп бар,
Өткір қамшы сүйеу болар намысқа.

Бәйге өрінде алға шығар атыңды,
Сонда айқын көрсетерсің затыңды.
Қас дұшпанның басына үйір қамшыңды,
Дос-жаранға болғың келсе татымды.

Сан сайыста топтан оздық, жеңдік те,
Қамсыз өстік қамшымызға сендік те.
Беу, Оралбай! Берік болсын өз қамшың,
Сонда оралар серілік те, ерлік те.

Сұлу қамшы айтқызады жан сырын,
Жаксы келер қамшысы да жаксының.
Ағайын ел ұмытпайды ешқашан,
Қиналғанда ұшын берсең қамшының.

Қазақ болсақ қамшыны ырым қылайық,
Қолдап жүр деп періштеден сұрайық.
Қамшы деген Маубасовты сүймейді,
Жаксы қамшы Жаубасовқа лайық.

КЕҢЕС ҮШБАЕВТЫҢ АЙТҚАНЫ

«Жезкиік», «Бір ауыз сөз», «Қайықтаны»
Көп айтып жас жүрегім байыптады.
Аузымнан ән төресін естіген қыз,
Құмартып мен өзіне лайықтады.

Айтушы ем «Жезкиікті» бала жастан,
Ән еді-ау әр адамға дара дастан.
Естіген қыздар елтіп қалушы еді,
Бойымда ештемеге қарамастан.

Тамаша «Бір ауыз сөз» ән екенін,
Білген соң бір естуге зар етемін.
Толкытып, толғандырып айтып-айтып,
Сұлудан мен бірдеме дәметемін.

Сонан соң «Горький паркі» көліндегі,
Кетуші ек саяхатқа көңілдегі.
Шырқаушы ек «Қайықтаны» еш армансыз,
Ең қызық мезет кешіп өмірдегі.

Осынау үш өлеңге құмар қанып,
Әндеттім тыңдағанға шырайланып.
Шіркін-ай, сұлу қыздар кетпеуші еді,
Қасымнан ертелі-кеш шыр айналып.

АВТОБУСТА ЖАЗЫЛҒАН ӨЛЕҢДЕР

Бастады ма баяғы екпінділік,
Автобуска көшеде кеттім мініп.
Аңсап жеткен көрейін Алматымды,
Дабыл қақпай, жар салмай еркін жүріп.

Жылы қантар. Жұқа қар жатыр еріп,
Бәйбішем жүр ақжарқын қасыма еріп.
Шетте жүріп шеп бұзбай жаттығып ек,
Бергені ғой құдайдың басыма ерік.

Жарк еткендей толық ай бұлт шетінен,
Сұм жүректі айкабак үшке тілген.
Бір сұлуды тамаша қалдым байқап,
Иін тірес, қарбалас жұрт шетінен.

Сәл жымып, келіншек мұрны күлді,
Ақ жүзінде шық-маржан нұр жүгірді.
Кете бардык сыйысып, сығылысып,
Су жорғадай автобус зыр жүгірді.

* * *

Беу, тағдырым! Түсінбей күлесің бе,
Жастық шағым елестеп тұрды есімде.
Бір інішек ұйықтап тұр
Қамалғандай
Түні бойы махаббат түрмесінде.

Ұйқысы да қатты екен қызықтырған,
Бұрқырап тұр бойынан қызық думан.
Жігіт екен бұйра шаш, кене сары,
Қыз жүрегін сұлу мұрт бұзып тұрған.

* * *

Аз емес қой әудемде алған сабақ,
Жалғанды ғой іздемпаз жанған талап.
Кіріп келді жас ару
«Проездной» деп,
Жайраң қағып, күлімдеп маған қарап.

Шындықты айтсам Тәңірден тиер сауап,
Құр дүрсілін жүректің қайтем санап.
Түсіне алмай сырына әлгі сөздің,
«Приезжай» деп қысқа бердім жауап.

Кеткені ме бүлініп заман тегі:
«Қиналмаңыз, бәрібір маған», – деді.
Шошып кеттім. Бұрқ етті бұршақтанып,
Шықпай жүрген маңдайдың арам тері.

* * *

Афродита сілтей ме маған қарай,
Бір қаракөз өтпейді қарайламай.
Құрбым күліп қараса от сезіммен,
Мені ойланта береді аппак самай.

Махаббаттың құдайы алдасына ба,
Тым ғашықтар көп екен Алматыда.
Қыз бен жігіт сүйіссе ұяламын,
Жүргендей боп Мәскеудің Арбатында.

* * *

Жан ұшқыны аймалап,
Өтті акырын жай қарап.
Жүзі раушан арайлы,
Кетті әлгі айқабак.

Қайта оралған көктемдей,
Бойға ләззат сепкендей.
Бал-бұл жанды дидары,
Жанарымен өпкендей.

Ақ маңдайы нұр септі,
Көңіл түрін түрлентті.
Кімге, қалай айтайын,
Көшеде тапқан бұл дертті?

* * *

Сұқтанды деп жоқ жерде
Такпа сынды.
Бөтен ойдан аулақпын жаттасынды.
Қызықпасын құр бекер дегендей боп,
Ашық ұстап келемін ақ шашымды.

* * *

Осы екен ғой ауылға келдік деген,
Жол-жөнекей пенде жоқ сергітпеген.
Қысылтаяң кезеңнің кезегін-ай,
Құбылыстар қаулайды мен күтпеген.

Сала берем сақина сау басыма,
Өткен күндер әуреге салмасын ба?
Көзге таныс өсіп тұр алма ағашы,
Қоршауы зор, бөтен үй ауласында.

Қар басыпты. Есен-сау тұрсын дедім,
Естілген жоқ ешкімге күрсінгенім.

* * *

Оралып көзге көктемдер,
Келеді жолды барласып.
Көрінбей көзге кеткендер,
Өткендей болды жалғасып.

Жаураған сәтте жылытып,
Әкеттім орап көңілге.
Сұлулық сырын ұмытып,
Не тындырам өмірде?

Алғыс көп тұнық бастауға,
Бастаулар, көп қой бергенің.
Өткенді сызып тастауға,
Жетпейді әлі пенденің.

Міне, таныс бір құрбым мініп жатыр,
Көзі нұрлы, жүзі ыстық, тілім татыр.
Тақап қалды.
Есімді бір жидым да,
Есендескен шығардым үнімді ақыр.

«Сыры кетсе, сыны сау кыр гүлдері»
Деп мақтаймын құрбымды,
Білсін нені?!
Ол жасында ақ бота секілді еді,
Жаным ашып, жүрегім дүрсілдеді.

Білмегені, тағдырдың, білгені ме?
Шыққан екен айтулы іргеліге.
Өкінбеймін,
Тек қана ішім күйді,
Құрбылардың кемпір боп жүргеніне.

Кірді ақсақал ойнаған күн көзінде,
Парасат бар керімсал мінезінде.
Сәлемдестік.
Отырды қара шаңырақ,
Жарқыл қағып бөркінің күмбезінде.

Тез бастады тебендеп тіл өрнегін:
– Құтты болсын! Өңің жас, өзгермедің,
Төле биді жаз енді! – деп тепсінді,
Мен не дейін? Есен бол, көз көргенім.

Түсіп қалды
Келтірмей тілге мені,
Көп інілер тыңдап тұр іргедегі.
– Қос кеменің болып ең жетекшісі,
Таста, – деді, – біржола бір кемені.

* * *

Үш қарындас бір жерден орын берді,
Бір сүйкенбей өте алмас жолым келді.
Өлең жазып отырдым,
Ойсыратпай,
Көптен бір көрмеген момын жерді.

Өмір қызық тәуелсіз астаналық,
Жаяу жүрсек тастамас тақтан алып.
Бір шумақтың буына қызып кетсем,
Үш қыз кетті бір өлең жаттап алып.

* * *

Үш қыз кетті.
Жанымды күйік шалды,
Мен не дейін, айналам сұйықталды.
Соны аңдып қалды ма,
Бір қаракөз,
Жұрт көзінше бетімнен сүйіп те алды.

Шок тигенде екі бет күйген екен,
Түскенім-ай,
Ұрыншақ күйге бекер.
Топ ішінде, япырмай, бұл кім десем,
Байқап тұрып бәйбішем сүйген екен.

Не боп қалды дегенде
– Сүйінгенім,
Жолда ұзақ жүрдім деп күйінбедің.
Қыз-қырқынға құлшынып
Көңіл бөлмей,
Ұнап кетті өлеңге үңілгенің.

* * *

Шын ізгілік акынның досы екен ғой,
Қызығын-ай тар жердің көрсетер бой.
Алғаныма тағы да бір қуандым,
Ақылды әйел дегені осы екен ғой.

* * *

Қанық болдым Абайдың көшесіне,
Жолдың таныс емеспін төтесіне.
Орын берген қарындас
Егде дейді-ау,
Жүрегі жас өлең-жыр бөпесіне.

Алпыс қырқа жайнады жаңа тауым,
Жылдар көшін жүрекке санатамын.
Сыр берме деп
Алыстан қол сілтеді.
Басы аппақ, өңі жап-жас Алатауым.

* * *

Астананың таңдансам үйлеріне,
Душар болдым тасқын жыр түйдегіне.
Мені тосып
Сыланған арулардай,
Сүйсінемін ақ желкен күйлеріне.

Бір үй көрдім келбеті төккен жылу,
Қасын керді,
Жараспай текке тұру.
Алатауға қарайды
Төркін елін,
Сағынғандай жас келін ерке сұлу.

Көшелердің құмартсам ағашына,
Екі көздің тойым жоқ таласына.
«Жезкиікті» үйретіп бір шал отыр,
Баласының ұғымтал баласына.

Қобалжыдым көргенім жалғандай боп,
Тебірендім жан рахат алғандай боп.
Бала сөзі бауырмал елес берді,
«Жезкиікті» бір көріп қалғандай боп.

Ой түйдегі толқытып барды әріге,
Рахмет айттым ішімнен бар кәріге.
Өз күнім де осындай
Немереме
Тіл үйретіп сүйсінсем бал-дәріге.

Көп жыл өтті, шіркін-ай, көрмегелі,
Қала ғажап суреттей көрмедегі.
Асықпайды көлігім жиі тоқтап,
Көшедегі жоқ екен термегені.

Әне, кірді бір таныс жеңешеміз,
Ойлап едім деп ұзақ кеңесерміз.
Танымады.
Таныссам айтқан сөзі:
«Кәкең біздің тап сіздей семіз емес».

* * *

Әйел көрсе қалды деп ғашықтанып,
Сын тағуға, ағайын, асықпалық.
Ғаламға айтпас жан сырын қаламға айтар,
Ақын деген жүрегі ашық халық.

Жүйрік көңіл озғаны көк дөненнен,
Сұлу көрсем, рас, тез өнденем мен.
Бір ғажапты өмірде танымасам,
Қоштасардай қорқамын оңды өлеңмен.

Қазақ көрсем Мәскеуде қуанатын
Ғадетім бар – бір сөзге сұранатын.
Енді тұрмын дос-жаран ортасында,
Кездескендей елде бар жұрағатым.

Бірге оқыған Мәскеуде әріптесім,
Білмеуші еді қазақтың әліппесін.
Судай таза сөйлеп тұр өзімізше,
Соны көріп таңданып таныпты есім.

Екі көзі айтып тұр екі өмірді,
Сыр бермедім – деместей неге күлді?
Төбем көкке жеткендей қуандым ғой,
Қазақша айтса сұраған керегімді.

Жолықтырар талай сан думан бізді,
Ұмытайын соңымнан қуған ізді.
Ол студент кезінде қарамайтын,
Болыпты енді бауырмал, иманжүзді.

Сыры айтты жүргендей азап болып,
Қиналып тұр көкірегін қажап, жонып.
Қызы орысқа шыкса да,
Мен қуандым,
Қалғанына өзінің қазақ болып.

Сүйсінсем де қаланың күтіміне,
Құмартсам да ақ сарай бітіміне.
Тапқым келіп бір амал толғанамын,
Көшелердің көкпеңбек түтініне.

Көңіліме өзгеше төгіліп сыр,
Шошындым да кетердей бөлініп жыр.

Көк буалдыр исі де түшкіртеді,
Күн нұры да
Көкшілдеу көрініп тұр.

Алатаулар аспанмен таласарлы,
Түтін басып көзіме аласарды.
Экологпын, өзімді сөктім қатты,
Қара күлгін жаңыма жара салды.

Көшелердің толғатса «көк жаулығы»,
Көкейкесті адамның денсаулығы.
Жұрт білмейді демеспін,
Бұл да ескінің,
Табиғатты қорғауға енжарлығы.

Автобуста сөз талас салмағына,
Таңданамын ой тастап алдағыма.
Үйір-үйір тайталас даурығады,
Кісі бар деп қарамай жан-жағына.

Отырғам жоқ көшеден хабар жайып,
Естігенде жыр етсем болар ма айып?
Горбачевты талқандап бір қарт отыр,
Мақтағаны Ельцин мен Назарбаев.

Кейбір сөздің суыртпақ үзігі көп,
Жұмбақ, тақпақ сөз де бар қызығы жоқ.
Керегені кергіштеп біреу отыр,
Шаңыраққа әлі де күдігі көп.

* * *

Қуанамын көріп ел бостандығын,
Өлең етсем – ол тілек қосқандығым.
Бір қарамай ешкімге бір қыз отыр
Тұманбайдың құшақтап қос томдығын.

Қарашықта қыз-көңіл терезесі,
Жол болжауға кейде әрең келеді есі.
Қарындасқа сыбырлап айтқым келді,
Қожан атты туды деп немересі.

Алматыға біз келген күні туған,
Осы бала мен үшін ірі думан.
Әдейі жазып отырмын естілсін деп,
Тұңғыш рет туманың үні жырдан.

Қарындашын Тұманбай жатыр ұштап,
Білем, ертең қосылар шабыт қыстап.
Жаксы болды туғаны Қожан бала,
Соғыста өлген ағаның атын ұстап.

О, жылдарым! Жігінді күрт үзбеші,
Жайнай берсін мен құштар жұлдыз көші.
Осы бала жасымен есептелер,
Елге оралған ақынның күнтізбесі.

Әйел деп тұр
Талқылап заттың құнын,
Келі майға төлепті аттың құнын.
Бір келіншек сөмкесін сөрелетіп,
Айқындап тұр күнкөріс нақты сырын.

Табындырып сөзіне жалпы көпті,
Ауыр кетті. Татқан ғой тауқыметті.
«Қатты шығар аш маса» дегендейін,
Ашық жара қозғады калың дертті.

Айтыс-тартыс көл-көсір базарында,
Соңғы хабар бәрінің назарында.
Автобустан түстім-ау,
Қайнап пісіп,
Тұздығы ащы саясат қазанында.

Аз уақытта өткердім сан өткелді,
Әрбір өткел тың ырғақ құрап берді.

Тыныс таппай,
Тіл қатпай суреттедім,
Көз алдымда
Жарқ етіп, дір еткенді.

Сана қозғап
Талай сыр сабақталды,
Біз кеткенде талай көз қарап қалды.
Көп жолаушы кетсе де өз жөнімен,
Кей ағайын ізімді санап қалды.

Айдақтатып өтуші ек машинамен,
Көп тартыстан
Қорғадым басымды әрең.
Жаяу жүріп
Жалаңаш өмір өрдім,
Өлең өрген жүректе тасиды әлем.

Қысқа жолда
Аз емес үйренгенім,
Ескі сарын көнетоз күйде өңдедім.
Қонақ үйге тез жеттім,
Жақсы болды
Алматының қызына үйленгенім.

Үйір костым айтулы, санаулымен,
Құр емеспін өмірге жалау күннен.
Бәрі де жөн,
Шындықты білгің келсе,
Ең дұрысы, кей-кейде жаяу жүрген.



*Екінші
бөлім*

ПОЭМАЛАР

КЕНЕСАРЫНЫҢ СОҢҒЫ СӨЗІ

*Қош, аман бол, Сарыарқа – өскен жерім,
Қайтқан қаздай қалың ел көшкен жерім.
Кенесары*

Алғы сөз

Қазақтың күні тұтылды,
Хан Кене оқыс ұсталды.
Ақ патша жаудан құтылды,
Қусырды іштен қысканды.

Теңселтіп кетті кара жер,
Күркіреп өзен лепірді.
Құрсауға түсті кайран ер,
Кез болып айла не түрлі.

Алдында – өзен, артта – жау,
Айнала – сансыз жасақтар.
Теңселді қарлы Алатау,
Қоршауда қалды қазақтар.

Орыстың оғы құтқармас,
Зеңбірек, мылтық заулады.
Таулардан сансыз атқан тас
Тасқынды селден аумады.

Күркіреп өзен жалмауыз,
Ұшан су камал құрады.
Наурызбай мінген Ақауыз
Омақаса құлады.

Хан Кене шекті қиынды,
Басар жер қайда шеткейлеп?!
Ағыбайға бұйырды:
«Құтылып елге жеткей!» – деп.

«Бас кесу деген болса да,
Тіл кесу жок» деген бар.
Хан Кене тұрды ортада
Көкірегін кернеп шемен-зар.

Шындықтың сыры ашылып,
Жетсін деп кырғыз-қазаққа.
Арнапты бір сөз ашынып
Кенесары манапқа.

Жабайы сөзді малданбай,
Өлеңдетіп кетіпті.
Жеңілге бекер алданбай,
Тереңдетіп кетіпті.

Қырғыздар бәрін естіген:
«Орысқа дерек», – деп тізді.
Ақиқат қалды тектіден,
Ұрпаққа ұрпақ жеткізді.

Тілемей жаудан дым қайыр,
Айтыпты сөзін тақпақтап.
Манасшы туған бір шайыр
Жеткізіпті жаттап қап.

Еңсесі биік асыл хан
Еңкеймей тұрды қасқайып.
Ағынды судай тасытқан,
Ақырғы сөзін бастайық.

Бірінші толғау

Құлақ сал, о, халайық! Тыңда енді,
Тау қозғап, толғантайын жылға, белді.
«Батырға да бір өлім» дегені осы,
Қыл мойын қылыш кесер сынға келді.

Ақырғы тұрмын барлап тұрағымды,
Шешейін көкей кескен сұрағыңды.
Қара түн жан-жағымнан қаулағанда,
Кетейін жағып соңғы шырағымды.

Өрт кешкен кебін киіп жолбарыстың,
Арыстан айға ұмтылып қолға түстім.
Кекілік тау, Сеңгір жазық, асау өзен,
Куәсі Күркүреуік болған істің.

Тәңірінің түспей қоймас құлы сынға,
Досым да, көзден ұшты туысым да.
Ақырғы арыз-назым елге жетсін,
Қалғанша сұм қара жер уысында.

Толғансам болған істі дерек етіп,
Жау көнбес «осы жөн» деп ере кетіп.
Кененің туған жерге сәлем хатын
Тыңдасын тау мен дала өлең етіп.

Таймадым ата мирас адал жолдан,
Келмеді ел қосарлық амал қолдан.
Аз болып «Қорқыт көрі, шүршіт көрі»,
Орыстар салып жатыр қамал-қорған.

Қазақты қорғамақшы өз елінен,
Қорғаннан ойран түбін сеземін мен.
Басталып қоныстану әу дегенше,
Орнады орыстану кезегімен.

Не керек жан қысылса жауға бармай,
Сайландым тар қыспаққа шыдай алмай.
Тыңдамай сұңғыланы миғұлалар,
Қор болдым елдің басын құрай алмай.

Жуасты осы шығар түбіттеген,
Көңілден кетті көшіп үміт деген.

Өткен соң Абылай хан
Қалың қазақ,
Ел болдық басымыз бір бірікпеген.

Жау келсе өз әмірін жасатуға,
Қорлық сол – жарамасақ тас атуға.
Аттандым,
Опық жеген қазағымды,
Ақ патша қорлығынан босатуға.

Салғанда аға сұлтан түлкі жортак,
Күн туды момын елді қылған қорқақ.
Қырғыздан қоныс сұрап дауға қалдым,
Орысқа сатқын манап жасап жортак.

Ақ патша саясаты бар қарудан
Асты да, күнім туды жер тарынған.
Дос іздеп, дұшпан тапқан күн туса да,
Бас тарттым алған беттен жалтарудан.

Алладан сабыр етер төзім сұрап,
Өзімді ақтап кетем өзім сынап.
Өлтірген Саурықтай елшімізді,
Манаптар бекер демес сөзімді нақ.

Қай батыр түспес дейсің қолға бөтен,
Қоштасу салты ежелден қалған екен.
Сарыарқа, Еділ, Жайық, Қаратауға
Бақұлдық соңғы сөзімді арнап өтем.

Кененің кемер бұзар сыры қалың,
Сырлассам – жау қоршауын ұмытамын.
Бақұл бол,
Сұлу Көкше, Сексен көлім,
Ардақты қош, есен бол, Ұлытауым.

Булыкса өршіл талап қайнап тұрған,
Құрысты қол-аяғым байлаттырған.

Қылыштан жан шыкса да жасқанбайды,
Екі көз маңдайдағы жайнап тұрған.

Ақылға қайрат қосар шыдам деген,
Ақыры белгілі ғой тынар немен.
Қайтейін басымды алса,
Рухым өлмей,
Ұрпаққа ұлтын қорғар құрал берем.

Қираттым тас қамалын нелер кенттің,
Үмітшең ел құлағын елеңдеттім.
Жасқанбай ақ патшадан жалау тіксем,
Демендер: «Не тындырдың?
Неге жеттің?»

Тартынба,
Кел, Қалиғұл, кес басымды,
Көрмесін тірі пенде көз жасымды.
Жүрегім аттай тулап, шоктай сөнер,
Денемде балқытайын қорғасынды.

Досым деп сеніп едім санаттағы,
Әзәзіл арамызды жау аттады;
Сіздерге – қалың қырғыз, кінә тақпан,
Өшіккен білдім сатқын манаптарды.

Тар жерде қапы кетсем өлкемді ойлап,
Жын-шайтан, залым дұшпан шулар тойлап.
Аталас егіз елді таластырған,
Қан-жынға шошқа-қабан болды тоймақ.

Қас дұшпан айла тапса жалдап сені,
Ел-жұртқа сыр ашылмай қалды-ау тегі.
Осының бәрін болжап, амал таппай,
Сұм ажал дәлдеп келіп алды-ау мені.

Сын сағат, өкінбеймін келгеніне,
Орыстың көмегімен жеңгеніңе.
Сескенем ұрыға кілт ұстатқандай,
Достаспай әзәзілге ергеніңе.

Қалиғұл, таптың «зорын жазықтының»,
Мен болдым олжа салған азық бүгін.
Не дейін?..
Келер ұрпақ қатар ұстар,
Ар-намыс қару еткен уәжіп жүгін.

Сауырық жеткізгенде тілек бізден,
Оқтасқан жаулап алдым жүректі үзген.
Көзінді аш,
Кенесары мен едім ғой,
Тақтағы ақ патшаны дір еткізген.

Ескердім қазақ-қырғыз – өлке жайын,
Сол үшін кес басымды, желке дайын.
Құныма көп ақша мен алтын атап,
Береді жез жалатқан сөлкебайын.

Патшаны кеше боктап, бүгін мактап,
Жылпостар алдарқатты қулық сақтап.
Мен үшін алар олжаң құтты болсын,
Басымды есен жеткіз күтіп-баптап.

Құрбан боп ар үшін де, зар үшін де,
Қалса да қайсар денем тау ішінде;
Шошытып бас сүйегім үрей салсын,
Мызғымас мысым қалсын жау ішінде.

Бас ұстап жүлде алсаң әрең жетіп,
Кеңейер патша жері әлем бекіп.
Өзің де бұл фәниде көп жүрмессің,
Жұмылмай екі көзім зәрең кетіп.

Рухым қылықсызды шідерлейді,
Өлсем де ертең маған сын ермейді.
Қоныстас бауыр басар досты өлтірген,
Аруақ тым алысқа жібермейді.

Қас батыр мандайынан тер кеппейді,
Тер кеппей келер күнді зерлетпейді.
Ақ патша айтағына көне берсек,
Алатау етегінде көр жетпейді.

Бәрібір айбыныма ере алмайсың,
Мені емес,
Өз еліңді тек алдайсың.
Мертіккен арыстанды зәбірлесен,
Қабанды жалғыз-жарым жеңе алмайсың.

Жауыма қаһарландым,
Болсам қатал,
Шын достың құрбанымын өскен қатар.
Атымды қазақ барда өшіре алмас,
Артымнан аңдып қуып, жеткен ажал.

Қош-сау бол,
Сарыарқаның самал желі!
Көпсінді тағдыр бүгін саған мені,
Бөлініп қазақ елі тоқсан саққа,
Тұл болды Кенесары арман-шері.

Елімнің төре, бекзат, болысына,
Қаймығып бас имедім қол ұсына.
Қақ төрін туған жердің алса-дағы,
Қолпаштап жалбарынды-ау орысыңа.

Әрине, орыстың да орысы бар,
Надұрыс кездеседі долы шұбар.
Қазақты неге өзімен тең көрмейді,
Өз жері, өз меншікті қонысы бар.

Наз айтса нағыз қазақ маған келіп,
Төрелер көрді оны «жаман желік».
Кең дала бір сілкінді не де болса,
Азат таң, арман-сәуле арай беріп.

Жалтарса танымастай – танығаны,
Батыр да жаны тозып тарығады.
Қаталдық қанға біткен мінез болса,
Адалдық – ана сүті дарығаны.

Не көрмес жорықшылар жол үстінде,
Қол сынса кете барды жең ішінде.
Бұлқынған Бұланбайда бұлаң болдым,
Құлан боп қалмай жердің тегісінде.

Жоғалды тау ішінде бар шыдамым,
Өзгертіп бас батырды камшыладым.
Ақжолтай Ағыбайды ренжіткен,
Ағаттық естен кетпей жаншыламын.

Сұм жалған көрген сәтте тарлығыңды,
Қаймықпай төгілтемін бар мінімді.
Ақжолтай бас батырға:
«Басқар, – деппін, –
Арқадан еріп келген Арғыныңды».

Өкініш ет жүректі тілімдейді,
Екі көз өзге жанды бір ілмейді.
Атылса қарсы алдымнан қанды қақпан,
Аруақ соккан денем дірілдейді.

Ақжолтай естен кетіп Арқадағым,
Әудемде бүлініпті бар таланым.
Жеңістің жетекшісін жоғалтқан соң,
Күнәні өз мойныма арқаладым.

Көл құрғап, жолы азайып жолбарыстың,
Даласыз тау қоршаған торда алыстым.
Әйтеуір келешектен үмітім мол,
Әділет ашар өңін болған істің.

Кернесе жалын шарпып жанған ұшқын,
Абылай аруағын жалғап ұштым.
Ел азып, төре тозып, ес кеткенде,
Бірліксіз сұрқы кетті қолғабыстың.

Үзікті суыртпақтап сабақтадым,
Батқан күн, байқамадым, таң атқанын.
Қайтейін, басымды алса, атым өшпес,
Ел сақтар асыл арман қанаттарын.

Түнімді шатастырман күндізбенен,
Жазықсыз жаутаң еткен гүлді үзбеп ем.
«Қабанды қабан жармас» деген бар ғой,
Қазақ дос болу керек қырғызбенен.

Барымды сарқып бүгін айта аламын,
Қоштасып қиял жүгін қайталадым.
Сыртқы жау, ішкі досты абайламай,
Бақ жанбай зая кетті бар талабым.

Өзімді-өзім жөптеп, мақтамаймын,
Кетпейді құрдым болып жоққа қайғым.
Мың қарғыс жетсін патша жендетіне,
Қырғызға ыза, кекті сақтамаймын.

Кененің орындалмай бір тілегі,
Білген де, білмеген де түрпіледі.
Ағайын, ешқашан да ел болмаймыз,
Бас қосып бірікпесек түркі тегі.

Арманын қазағымның жасырмадым,
Бағынып патша-оязға бас ұрмадым.
Арасын қырғыз-қазақ ашып алып,
Қулығын көрдім жаудың асырғанын.

Қарамай егіз қозы үнімізге,
Дак түсер деп санамай дінімізге,
Айлакер жалдап-бұлдап, шен тарқатып,
Жау етті бірімізді-бірімізге.

Амал жоқ тау ішінде бітсе нәсіп,
Кетпедім шұбап келіп, жылап қашып.
Алатау топырағы торқа болар,
Батырға азаттыққа болған ғашық.

Алды ажал менен бұрын Науанжанды,
Аһ ұрмас енді қанша дауам қалды?!
Құдайым Ағыбайға қуат берсін,
Өзенді кешіп өтіп аман қалды.

Ел түссе қамауына қалың зардың,
Төреге қайтып тілді алғызармын?!
Дін түгіл, ділден безіп жүргендерді
Дұшпанға қалай қарсы барғызармын?!

Өмірім өлшенбейді өлімменен,
Рухымды жасыра алмас көрім терең.
Қоқан да орысқа еріп қырсыққанда,
Көрген түс аумап кетті өңімменен.

Шайқаста талай берік қамал бұздым,
Бір күнде шөлмек сынды, амалсызбын.
Төрдегі ақ патшамен дос боп кетіп,
Төрелер кебін киді табансыздың.

Ғұмырым – бір ұшқының, елім, сенің,
Өзгеше тіршіліктен безуші едім.
Орыстар көп орнатқан қалалардан
Боларын бір сұмдықтың сезуші едім.

Атыңнан айналайын, Науанжаным,
Қанаттас өрістеді бар арманым.
Іске мәрт, сертке берік тірегім ең,
Әл берді елден ерек жаралғаның.

Жанарың жау шошытар өткір едің,
Жарк етті қоштасқандай көп тілегім.
Бауырым, бүгінгі күн арпалысы,
Айнасы келер күннің деп білемін.

Жығылса сары ала ту тұрған жайнап,
Қарыстым, қайыспадым бұқпантайлап.
Қалың жау қоршауында қалған кезде,
Ішімді өтті суық жылан жайлап.

Жетесін білмей істің кең жалғанда,
Қиналдым қалдырдым деп елді арманда.
Жан анам,
Ақ сүтінді кешіре гөр,
Бір жұтар ең ақырғы дем қалғанда.

Ғафу ет, артық кетсем, туған елім,
Аз емес көкірек кернеп бұған шерім.
Ағайын, қырғыз елі, кешірім ет,
Жел берді Саурық үшін туған кегім.

Жақсының бұрын жетер үні күнге,
Өзгеше менің тартқан күйігім де.
Егіз ел Алатауын бейіт етсем,
Аруағым жүрер құзарт биігіңде.

Ақтық сөз ел алдында сұрауы бар,
Адамнан бұрын оны Құдай ұғар.
Қазақтың аспанында мәңгі сөнбей,
Есімім жұлдыз болып көкте тұрар.

Шақырса бұлт қанаты сырласуға,
Үнімді ұластырар нұрлы асуға.
Көк тұман қоршауында кайғым тұнып,
Ой салар бір ғасырдан бір ғасырға.

Бақ жанса мен де қайта жарқыармын,
Той жасап, туар халкым талпынар күн.
Тамұқтан жұмақ жаққа аттанарда,
Қонаққа Қалиғұлды шақырармын.

Ақжарма түгел айтсам ақтық күйді,
Күтпеймін дұшпанымнан тәтті сыйды.
Бөріні қорадағы кім босатар,
Шоқпарым менің-дағы қатты тиді.

Әу баста елім колдап канаттандым,
Соңынан бітім таппай қарап қалдым.
Бауырлас, қалың қырғыз, сөзге көрме,
Қырсығы тисе сатқын манаптардың.

Сеністім адал доспен халқым үшін,
Сарқылды жау қолында ақтық күшім.
Аталас сұм төрені төмпештедім,
Қақ жарған қара қылды салтым үшін.

Жер-көктің таралыппыз Шыңғысынан,
Елді ойлап,
Күндерім көп шын қысылған.
Сикырсып орысқа ерген манаптарды,
Кешірер ары тазы қай мұсылман?

Соңғы сөз тәмам болса – қоштасқаным,
Елге аян тура шауып от басқаным.
Не дейін?
Есен-аман көрем деуші ем,
Бауырлас қазақ-қырғыз достасқанын.

Осының бәрін түгел елесек те,
Парыз көп, батып тұрмын берешекке.
Бітпеген оң ісімді жалғастырар,
Тапсырдым ат шылбырын келешекке.

Алдында ажал атты зілзаланың,
Сағындым жусан исін гүл даланың.
Жоғалтпай әр сөзімді елге жеткіз,
Жабығып жау алдында тыңдағаның.

Болғанды болашаққа жалғадым мен,
Үзбеймін ақ үмітті алда күннен.
Алты алаш жүрегінен атым өшпес,
Жат жерде белгісіз боп қалғаныммен.

Жерді алып орыс асса кемелінен,
Жасқанбай қарсы шыққан Кенемін мен.
Есімім маздақ болып жанар әлі,
Ел сыйлар еркіндікке сене білген.

Шығарса ығырымды жан толқыттым,
Білгенге түбі терең ой қортыппын.

Есімнен шыққан емес қайда жүрсем,
Есімі Едіге мен ер Қорқыттың.

Сөзім жоқ ақыреттен адасатын,
Емеспін ықта қалар аласа шың.
Сұмдыққа көзім көрген шыдамадым,
Ақ патша сезіп озбыр саясатын.

«Қош!» деуге тіршілікті қимайды адам,
Ет жүрек қағаз болды шимайлаған.
Адалмын, ал, табиғат, құшағыңа,
Батыр боп жер бетіне сыймай барам.

Қара су – тозған елден төзім деген,
Соны ойлап түндерім көп көз ілмеген.
Айылым жиылмаса ел қорғаудан,
Айыбым кете барсын өзімменен, –

Деді де бір қарады ел жағына,
Ет қызу,
Келді шабыт дер шағына.
Жаңғыртып Алатауды, ұзақ шырқап,
Құйылып әнге қосып кетті ағыла....

Екінші толғау

Тақалса тыныс ақырғы,
Сөз туар дәмі татымды.
Қапылыс қолға түссем де,
Жоймаймын ес пен ақылды.
Қасым хан ұлы затым-ды,
Сақтайын Кене атымды.
Ұмытпастай туған ел
Жолдайын соңғы хатымды.
Мұнартып қарап мұнарға,
Құмартып қырда шынарға.
Айтайын соңғы сөзімді,
Көңілдің кірін жуарға.

Байқалар жүйрік желістен,
Жайқалар бұта жемістен.
Жемісті елмен теріскен,
Жеңісті қакка бөліскен.
Береке-бірлік жиысқан,
Тар үмеге сыйысқан.
Қатерлі жерде жол тауып,
Шықпаған жалғыз уыстан.
Айырып бұлтты шыққан нұр,
Қабактан қалың ұққан сыр.
Ымдасып жалау іліскен,
Жүрекке жалау іліскен,
Есен бол, асыл достарым!

Бәтуа сөзге баптанған,
Дұшпаннан жіті сақталған,
Кептірмей терлік аттанған,
Жалықпай жарау қакталған,
Жауымның құлкын ақтарған,
Қияға талмас канатым.
Құтты күн, сәтті сағатым;
Құлшынсам қуат алатын,
Талпынсам табар тағатым,
Шалдықсам дәрмен табатын,
Адассам шырақ жағатын,
Жау келсе дабыл қағатын,
Батырларым, бақұл бол!

Қырандай баулып бакканым,
Дұшпанға салар қакпаным.
Қалың жауға шыққанда,
Бүкіл елден тапканым.
Атадан қалған бұрынғы,
Айтқызбай ұғар сырымды
Қыспақта бұзбас ырымды,
Атойлап жаккан нұрымды,
Айкасқа кірсем жұлысып,
Аруак қосар тырысып;
Қиналса кетпес суысып,

Мүлт бассам қалмас жылысып,
Әл бере айла құрысып,
Қатерден тұрмас бүрісіп,
Сүрінсем белді буысып,
Жан пида еткен тырысып,
Сарбаздарым, бақұл бол!

Болат тұяқ күліктім,
Туыстан кымбат іліктім.
Дұшпанға айбат, досқа құт,
Ел ішінде іріктім;
Намыста туы жайнаған,
Жарыста қаны қайнаған,
Сайыста жүлде байлаған,
Көрісsem салмас байбалам,
Екі дай жерде таймаған,
Бекініс толы айналам,
Төрімді бірге жайлаған,
Бақұл бол, кайран құрдастар!

Пәленің отын бастырған,
Жорықта жүріп тақ құрған,
Өсекке қақпан шаптырған,
Содырдың аузын жаптырған,
Қыңырды беттен қақтырған,
Айтар сөзді шақ қылған;
Іздесем кеңес таптырған,
Сайлаған жайлы ат, тұрман,
Тайғанақ жолда сақ қылған;
Қош бол, елдің сыйлысы,
Сыйлысы әрі миысы –
Маймене мен Майсарым!

Заманның ұққан желісін,
Әр істің оң мен терісін,
Арылтып ауыр дертімнен,
Үміт күткен сертімнен,
Зердесі жігер көбейтіп,
Әділдік айтып серпілген.

Дұшпанның әрі-берісін,
Талқылап тапқан келісім,
Көндірген сөзге ел ішін.
Ақылмен жайып өрісін,
Жөптеуін тапқан жөн ісім.
Еділді кешіп жарда өскен,
Жайыққа талас тарда өскен,
Арқадан ауып шұбырып
Қалың елмен зар кешкен;
Қас жауы шеккен азаптың,
Аңсағаны азат күн,
Хош, есен бол, Тілеулес,
Билері дана қазақтың!

Есерлерде жырылып,
Естіге қарай сырылып,
Екі дайға күш берген,
Тілеулес, қамқор бұрылып
Тетігін ашқан қиынның,
Ұйтқысы берік ұйымның,
Жалауы дархан жиынның,
Жалғасы шексіз қиырдың,
Тілегін тапқан дүйімнің,
Жарқыны жеткен күйімнің,
Иманы орда үйімнің,
Өлшемі көрген сыйымның,
Көне көз көптің тілегі,
Елгезек елдің жүрегі
Ақсақалдар, есен бол!

Айқанат құла мергенім,
Құрыш төс қара шеңгелім,
Жалғыз көз дәуді жеңгенім,
Жаһанда қымбат сенгенім;
Жаманға салған ойралаң,
Жақсыны тапқан қоймадан,
Сайысқа асау тоймаған,
Асыға күткен тойлы алаң,
Тағдырмен қатал ойнаған,

Қиялға терең бойлаған,
Өмірге сенім жоймаған,
Абылайдың ұшқыны,
Ағыбай батыр, бақұл бол!

Мактаны бүкіл түріктің,
Оза да туған сүйіктім,
Актангер аға сұлтаны,
Азамат деген биіктің.
Халқына берген білгенін,
Ортаға салған ілгенін.
Жалғаған күн мен түндерін,
Байламы құтты іргенің.
Көбейткен ақыл мың кенін,
Құлпыртқан тойдың гүлді өңін.
Әперген жастай түрлі өнім,
Ақыретте біргемін,
Науанжан бауырым, бақұл бол!

Арманы бітпес жалған-ай,
Қақпанға түстім аңдамай.
От басы, ошақ қасы емес,
Токтайын ұзақ сарнамай.
Алысты ерте барламай,
Өкініш жүрек жарғаны-ай!
Көрінбей көзге Сарыарқа,
Тым алыста қалғаны-ай!
Күрмеуге келмей қысқа жіп
Сандалмаға салғаны-ай!
Жаксының ісі уәжіп,
Жас ұрпақ қоймас жалғамай.
Нәр алып елім өсектен,
Талқыға бекер салмағай.
Діні бірді еш еткен,
Кер заманның қармағы-ай!
Қазақтың басын құрам деп,
Дұшпанды кері бұрам деп,
Арпалыс кешкен ер Кене,
Ойлап па ең осылай тұрам деп?!

Намыстан қия баспаған,
Арсызға құшақ ашпаған;
Есімім өшпес елімде,
Еркіндік жолын бастаған.

Жалғасар күшті нәрменім,
Киелі рухым бар менің.
Түссе де басым жалбағай,
Өзіңді өттім алдамай,
Бақұл бол, қайран туған ел!

Эпилог үшін

Сөз бітті. Айтар мұң бітті,
Тұншықты тарлан қарқыны.
Кетті айтып асыл шындықты,
Салмасқа бекер талқыны.

Тұрғанда қылыш жалаңдап,
Қоштасса отты жыр құрап:
Жүректің жүгін тәмамдап,
Шындықты айтты шырқырап.

Айыбын атап мың есе,
Ар-намыс шыңдап бекінді.
Манапты шенеп, мінесе,
Қырғыздан кешім өтінді.

Хан Кенені қыздырған,
Саурық елші өлімі.
Манапқа ірге бұздырған,
Орыстың озбыр желігі.

Құбыжық жауға ұқсатты,
Еркіндік туы, жұлдызды.
Қаруын патша ұстатты,
Қазаққа шаптап қырғызды.

Кейбіреу білмей осыны,
Надұрыс сыбыс шұбыртты.
Заяға кетті дос үні,
Әр сакка әркім құбылтты.

Білместер қанша дау қылды,
Құлаққа жақпас сарыны.
Қырғызға кесел жау қылды,
Достасар Кенесарыны.

Біздің де кейбір шатылған,
Өсекке жеңіл барды көп.
Жүгіртті сыбыс: «Батырдан
«Қырғыздар тұкым алды», – деп.

Ерсілік осы – білгенге,
Есердің тілін алмайық.
Егіз ел болып жүргенде,
Әзәзіл сөзге бармайық.

Адалдық жолы – салды ізге,
Ақиқат ақтық иесі,
Аруаққа тіл тигізбе,
Атпасын десең киесі.

Барым сол жаным меңгерген,
Кенекем – қазақ қыраны.
Еліме өшпес дем берген,
Бостандық – оның ұраны.

Шындықты білу бар мәні,
Сенбестік алсын келместік.
Кененің кемел арманы –
Бүгінгі біздің дербестік!

2002.
Алматы

Kipicne

Қанаттас сексен көлдің аққуымен,
Ән аспас Үкілі Ыбырай «Гәккуінен».
Біржан сал, Ақан сері ізбасары,
Жойқынға таскын қосты ащы үнімен.

Үкілі Ыбырай десе жан түлейді,
Көкірек ән тілейді, елжірейді.
Қос үкі қара қалпақ шекесінде,
Серілік жалауындай желбірейді.

«Ханнан да қадірлі еді туған елге,
Қыздан да қылықты еді жүрген жерге».
Мәнісін тіршіліктің толғап кетті,
Ар үшін жанын қия білгендерге.

Өрт сезім бастауына ақыл серік,
Ол өжет, ерке қайсар, заты берік.
Жатқанда ұзатылып малды жерге,
Ғашығы кеткен екен қасына еріп.

Асқақ ән теңдесі жоқ алабөтен,
Жүрекке сөнбес шырақ жағады екен.
Шегедей шебер қолмен берік қаққан,
Әр сөзі есте мәңгі қалады екен.

Есімін елім қолдап ту етерлік,
Мың толқып есіме алдым Ыбекемді.
Намыскер ақ жүрекке жазып алған,
Үзіктен үзім таптым лекерлі.

Аштықтан ел қырылар күн туғанда,
Ар-намыс сертке бастап ұмтылды алға.
Сол үшін абақтыға пенде болды,
Шерлі ақын қыл тұзақтан құтылған ба?

Жұт жыққан бәйтеректің бұтағымын,
Қайғымды қаққа бөліп тұтады күн.
Мың тоғыз жүз...
Отыз екінші жыл келгенде,
Қазақтай елден ерек жұтады кім?

Жыр етсем шеккен шерді баяғыда,
Сұм жалған жеткізбей жүр аяғына.
Қамалып абақтыда қалған сөзі,
Құландай кірсін үйір саяғына.

Жазықсыз қара күйе жағылған соң,
Деді ме көңіл бір сәт дамылдасын;
Өлеңге тұз бен бұрыш бұрқыраған,
Түрменің толтырыпты қабырғасын.

Бір қыры мінезіңнің көздегенім,
Бәсім жок артық айтар өзге менің.
Мәрт мінез Махамбеттей асау тарлан,
Ал, шырқа! Енді өзіңе сөз беремін:

Ашынған ақын толғанса

Ыбырай қу тілді, мысқылшыл болған.

Ахмет Жұбанов

«ГПУ деген сотымыз,
Жүріп тұр ғой хотыңыз.
Жетпісте шалды айдатсаң,
Кесілді ғой к.....міз».

Ұстасаң шошып, жалақтап,
Айтамын алғыс қадақтап.
Ақан, Біржан қалдығын,
Түрмеге салдың «мадақтап».

Не дейін, ГПУ, не дейін?
Шықты ғой төрге кедейім.
Қазақтың ерке серісі ем,
Көтерілді мерейім.

Құтты болсың кеңесің,
Жараспас қылған егесім.
Қамауда ұста қу шалды,
Аштықтан өлді демесін.

Заулап қал, тілім, ашынған,
Айтайын сауал ғасырдан.
Зарымды халқым естісін,
Шындықты оңбас жасырған.

Ақырғы сөзім тірлікте,
Жіберме жалған бір нүкте.
Жұт жайлады, құт кетті,
Сайрадық соны білдік те.

Бұрыла баспас өткел тұр,
Бұлдырап түсті көктен нұр.
Буырқанып қара нар,
Бұлқынды, кетті шөккен сыр.

Жұт жайлаған жер жатыр,
Қырылып қойдай ел жатыр.
Басымды кесіп алса да,
Айтар сөз жөні келді ақыр.

Көбейді өлім, қайғы алды,
Тіршілік торға айналды.
Шындықты айтып, шыр бұзып,
Ыбырай акын айдалды.

ГПУ-дің құрған қақпаны,
Сөз емес аңдып шапқаны.
Түршіктірді денемді,
Өз бауырымның сатқаны.

Сыртымнан бекер тілдейсің,
Мен неге каксап жүр дейсің?
Сұм-сұрқия, сатқындар,
Тағдырын елдің білмейсің.

Тілдейсің де кірлейсің,
Не қыл деп таза жүрмейсің?
Алдына сүйек тастаған,
Алдашың сенің кім дейсің?

Биледі бойды от-жалын,
Алдымда жатыр ор қалың.
Түндігі түсіп қалар ма,
Сал-сері құрған орданың.

Құлаға серік тарлан көк,
Жасыннан едім қалған шоқ.
Сактай гөр, Алла, ел-жұртты,
Әкетсең жалғыз арман жоқ.

Татқаным дәмін түрменің,
Тағдырым емес бір менің.
Ел қырылса аштықтан,
Ұят-ау есен жүргенім.

Халіміз осы бүгінгі,
Сұмдықтың шеті білінді.
Кессең кес өзге мүшемді,
Кестірмей өтем тілімді.

Не етейін, ГПУ, не етейін?
Үндемей қалай өтейін?
Қара жерге ел үшін,
Өзім-ақ кіріп кетейін.

Өзгенің есен отбасы,
Өлгенді кімдер жоқтасын?!
Бердақтан қалған сөз дұрыс:
«Жармайды шошқа шошқасын».

Табылып сылтау сыныққа,
Жазықсыз түстім құрыққа.
Бір сәлем жазып кетейін,
«Садақаң кеткір» ұлыққа.

Өлең сөздің қорындай,
Қолтықтап жібер, Орынбай.
Абақтының қак төрін,
Ақ қағаз еттім қорынбай.

ГПУ деген сотымыз,
Алдыңа келді тотықұс.
Сайрады деп бейуакта,
Жауабыма қосыңыз.

Керенау күннен сескенем,
Не күнә таптың көшпеден?
Ыза-кек қыз-қыз қайнайды,
Ел едік еркін өспеген.

Алдыңда тұрмын сағынсаң,
Амалың асты-ау не қылсаң...
Айтқаным айтқан, қашпаймын,
Аяныш етпе жаңылсам.

Кездессе қайтем кесір сын,
Шенінді Нарком өсірсін.
Бас имесем пендеге,
Жаратқан ием кешірсін.

Айналайын үкімет,
Тергеуге салдың күркіреп.
Аштықтың сырын аштың деп,
Соңыма түстің түрткілеп.

Сенбедім сайтан сылпыңға,
Ермедім есер жұтқынға.
Қазақтың опат өлімін,
Айттың деп салдың тұтқынға.

Голощекин «жомарттың»,
Жаттауға атын олақпын.
Тым ұзаққа созылды-ау,
Кететін күні қонақтың.

«Аша тұяқ қалмасын,
Асыра сілтеу болмасын»
Дегенін ұқпай сандалды,
Қазандай кайнап шар басым.

Жер тайғақ, аяз ысқырып,
Жаз өтті, жетті қыс қырып.
Күнәсін сезген жылпостар,
Тасып жүр өсек ышқынып.

Заманның алдын ораған,
Өлеңім қардай бораған.
Ескертіп едім ертерек,
Келерін аштық зобалаң.

Атаңа нәлет Николай!
Кесірің тиді бірталай.
«Жібектен дамбал кигіздің»,
Жүп-жұқа түбіт ұлпадай.

«Жүйрік пен жорға мінгіздің,
Алдыма думан жиғыздың.
Қалың ел аң-таң қалсын деп,
Бөркіме үкі ілгіздің».

Құрысын, патша, негізің,
«Жал мен жая жегіздің.
Қарақат көзді сымсаусақ»
Сыйладың ғашық лебізін.

Жетуші ем мың бір арманға.
«Гэккуге» шырқап салғанда.
Төре мен төрді бөлісіп,
Қадірім асты ханнан да.

Айналайын үкімет,
Кенептен көйлек кигіздің,
Тік тұрып, теріс... сигіздің.
Жала мен пәле үйгіздің.

Кесірді көпке тигіздің,
Қияметке қиғыздың.
Әділін айтам дегенді,
Тар түрмеге сыйғыздың.

Бәрекелді, бастықтар!
Жұтады қазақ аштықтан.
Меймандос, момын ел едік,
Сактай гөр, Алла, қастықтан.

Күйік жеді миымды,
Ішіме қайғы жиылды.
Ескертіп сізге жақпадым,
Бүгінгі келген қиынды.

Ұлық боп кірсең есіктен,
Жақсылық неге кешіккен?
Тимесін құдай қарғысы,
Қазақты қуған мешіттен.

Не десе соған көн дейсің,
Жұдырық түбі мөр дейсің.
Төрімнен көрім жақын тұр,
Имансыз қалай өл дейсің?

Қадамың кетпес заяға,
Асылын елдің аяма.
Қыранды жықты құладың,
Қарақшы қонған саяда.

Түбі бірді түртпеген,
Бар еді бірлік – құт деген.
Туыстан таптым мың залал,
Үш ұйықтасам күтпеген.

Дәл тиер ертең қорғасын,
Не дейін? Аруақ қолдасын.
Арманда кетті дегейсің,
Ағайын аят жолдасын.

Айналайын ГПУ-ім,
Тік шыркап тұр ғой түтінің.
Сөзімнің алдың қисығын,
Түгендеп жатпай бүтінін.

Жай Мұқан емес бай Мұқан,
Досыңды саған сай тұтам.
Жай Ахмет емес шай Ахмет,
Білемін сенің қай бұтаң.

Қоярдай-қоймай қойқаңдат,
Тепсінтіп бізге тарпаңдат.
Обалдан безген түлкінің,
Құлқына сеніп шалқаңдат.

«Өсекте шек жоқ» деген бар,
Тайызға сенбе, терең бар.
Садақа елге шыбын жан,
Қу сүйек қалған денемді ал.

Есебің түзу, жоспар нық,
Әкелдің қанша «бостандық».
Аш-жалаңаш босты ауыл,
Қорада малдан бос қалдық.

Абылай ханға тас аттың,
Қостың деп басын қазақтың.
Не жаздық саған, Раббым,
Оралмай кетті азат күн?

Бос кеңістік, бос ауа,
Бос сабаға не дауа.
Кебеже, күбі қаңсыды,
Бәрі де саған «нешауа».

Саумалға іркіт шашылды,
Шырмауға салдың басымды.
Құртасың-ау деп қорқамын,
Маңдайға біткен асылды.

Түрмеңде «бақыт» орнап тұр,
«Бостандық» мені қолдап тұр.
Бұлбұлы едім үш жүздің,
Жүздеген жасақ қорғап тұр.

Ақын деп мені «сыйымсыз»,
Тәлкекке салдың ұғымсыз.
Айналып қана кетейін,
Көжеңе тойдым тиынсыз.

Құрметшіл шалға күлмеңіз,
Түрленіп тұр ғой түрмеңіз.
Бауыздаусыз өлтірді,
Бөрідей тиген бүргеңіз.

Сенімді серік тандайсың,
Бүргені неге алдайсың?
Қисапсыз жебір, тажалды,
Колхозға неге алмайсың?

Абақтың – маған «шат мекен»,
Тақтайы тәж бен тақ та екен.
Қандалаңыз қансорғыш,
Хан-төреден қатты екен.

Тигендей күкірт сіңірге,
Қышыңтар қызыл іңірде.
Мейманда шақты бейбастақ,
Айдасаң етті Сібірге.

Айналайын «үндемес»,
Тәсілің жатық күндемес.
Қорқақтан қойшы шықпайды,
Құртуға елді біргелес.

Тергеушіге ұрғыздың,
Есалаң етіп тұрғыздың.
Қалтаңа түскен ұрыдай,
Желкемнен мытып жұлғыздың.

Сәлем ал, Асан атамыз,
Жоқ екен бір қатаңыз.
Қарағай үйде қаңсып-ақ,
Қу тактай төсеп жатамыз.

Қазағым, менсіз төр толмай,
Өсіп ем қаймақ, тортандай.
Тарықтым сызды түрмеңде,
Тақырда қалған шортандай.

Біржан сал аға! Өткен іс,
Ұлыққа көп қой өкпеңіз.
Жанботасын айтпасам,
Тіл күрмеулі, сөкпеңіз.

Өзіңше жайпап кетер ем,
Ішімнен тынып көтерім.
Абылайым болса егер,
Бұқары болып өтер ем.

Өзгерді заман шоктығы,
Мықтының мірдей жоқ тілі.
Жатқан жерім емес қой,
Көкшетаудың боқтығы.

Білмей ме мұны «сақ көсем»,
Көбейді зұлмат баскесер.
Азнабай емес, мыналар,
Тастайды атып «ап» десең.

Бергенің, тағдыр, өте көп,
Айтайын бірін төтелеп.
Соқырлар түсті алдыма,
Сау жүрсем де жетелеп.

Өзгені бұлай құртты ма?!
Әйтпесе індет жұқты ма?!
Қырылып қазақ жатыр деп,
Кім айтты екен «мұрттыға».

«Тіршілік тәтті әрі лас,
Сұңқарды құзғын танымас», –
Дегенің сыздап жүрегiң,
Ақан аға, бәрі рас.

Құлагер жатса жер құшып,
Зар қақтың жонда шер қысып.
Бір тамшы жасың жоғалмай,
Шашырап кетті желге ұшып.

Сол тамшыдай жарқырап,
Кетермін мен де тамтырап.
Ел барда сөнбес деп білем,
«Гәккулеп» жаққан ән-шырақ.

Шыраққа әнді теңедім,
Өзімді өзім жебедім.
Қуанғаным, қорыққаным,
Білінбей кетсін деп едім.

Тірідей қорлық етіп тұр,
Талабым «жөкқа» кетіп тұр.
«Сау» дегені өз еркі,
«Жау» дегені өтіп тұр.

Алланың көзі шалса екен,
Ел-жұртым есен қалса екен.
Таппай да қойдым жауабын,
Қазаққа неге қарсы екен?!

Қалып тұр елім қатардан,
Алып шық, Алла, қатерден.
Ғаріптік елде көбейді,
Арықтық, аштық әкелген.

Тұрсақ та айтқан бір сертте,
Қаймықпай қалай қиды өртке?
Отыз екінші жылдың сұмдығын,
Созбасын Алла тым көпке.

Оқталсаң өмір кимаққа,
Жанымды бекер қинатпа.
Алысқа сүйреп қайтесің,
Аса көп мені сыйлатпа.

Сала көрме бұлтаққа,
Оқ шығындап бір де атпа.
Өлген малдай ақынды,
Тастай сал жақын зиратқа.

Шалдарға біздей тапшы екен,
Қарақшы тұр ғой сақ бекем.
Қорғағандай аштықтан,
Тұрысы сергек, жақсы екен.

Жақындап қалды-ау барар күн,
Әніммен мен де атармын.
Қай қияға көмсе де,
«Гәккулетіп» жатармын.

Соңғы сөз

*Нәсілге тартып сендер де
Еліңнің қамын жегейсің.
Үкілі Ыбырай*

Дананың қиын екен ашынғаны,
Ашынса таса таппас жасырғаны.
Ел жаттап мысқыл сөзін мың құбылтты,
Таңдайға татым беріп асыл дәмі.

Көргендей көзі басқа керуенді,
Саналы көкірегіне шеру енді.

Жазғаны қабырғаға аз болғандай,
Қарт акын тар түрмеде тебіренді.

«Ал, жұртым! Мен аттандым алыс жолға,
Тапсырдым ғазиз басты бір Аллаға.
Есен бол, қайран елім, құрбы-құрдас,
Дұғанды оқыта бер, бала-шаға.

Қалыпты шабыс қайтып, құр намысым,
Қиналдым кем болғандай бір қағысым.
Жеткені сұм ажалдың осы болар,
Түсімде кош айтысты сұрша құсым.

Қамалып жатыр бүгін қанша кербез,
Көз көрді көп сұмдықты айтса сенбес.
Әділет, ақ тілекке жаным құрбан,
Аттандым ақыр жолға «барса келмес».

Соңғы сөзі құшқандай қара жарды,
Мың бүктеліп мұң шерге дала қалды.
Қалай ғана өлімге қиды екен деп,
Есіме алып отырмын дана шалды.

Бір суындым, бір күйдім, үрейлендім,
Неге сонша, кер заман, дүлейлендің?
Қайта айналып сокпасын сондай апат,
Деп ішімнен ақырын тілей бердім.

Дөп келді ғой, о, ғажап, сонда нағыз,
Сеп берді ғой радиоқабылдағыш.
Алматыдан, «Шалқардан» «Гәккулеткен»,
Қосылыстық тамаша ағынға біз.

Бірге бөліп алғандай терең дертті,
Тық-тық басып домбыра дереу шертті.
«Қарақат көзді сым саусак», «Қалдырғанды»,
Қайрат, Қапаш кезекпен бебеулетті.

Жан баураған махаббат, үміт, қайғы,
Ән төресін қандай жан құрықтайды?
Ән төресі әдемі «Гәккүнді»
Ән сүйген қалың қазақ ұмытпайды.

Ел жүрегін толқытқан ғашық үнсің,
Асқақтаған биікте асылымсың.
Мысың басты,
Талайды талқандадың,
Енді жауың үндемей жасырынсын.

Ән дегенде ең ірі тұлға сынды,
Білуші едік өзіңмен сырласуды.
Махамбетшіл мінезің
Найзағайдай,
Тілгілепті жұмбақшыл бір ғасырды.

Із қалдырдың көк тайғақ мұзды күннен,
Сілкінді ғой абақты дүрлігіңнен.
Аппақ шал боп еңкейген шағыңда да,
Бір жарқ еттің өр, қайсар тірлігіңмен.

Ел біледі ызамен айтқаныңды,
Жаңа өмірге бәрі де сай табылды.
Ұрпағыңа риза бол,
Үкілі бабам,
Кеткен кегің заманнан қайтарылды.

Тағдыр мырза сыйлады әдепті елді,
Аруақтарың, даналар, медет берді.
Көздің жасын Тәңірім игендей боп,
Тәуелсіздік қазаққа әкеп берді.

Туды бүгін аңсаған дербестігім,
Көтермекпіз қираған ел кескінін.
Тілім, дінім, ділімді
Сертке айналды,
Енді қайтіп ешкімге берместігім.

Ашық үнің «Гәкку» боп дараланды,
Мәрттігіңе, Ыбеке, дала қанды.
Ұлтымыздың ұлағатты тірлігі үшін,
Қарсы алады келер күн даналарды.

Үкілі бабам,
Сіздерге құмар жанбыз.
Мағжан, Ахмет
Әр сөзін ұрандаймыз.
Міржакыпты, Тайжанды, Жүсіпбекті,
Енді қайтып құшақтан шығармаймыз.

Өткен жолың – өмірдің шын сабағы,
Сабақ алды кейінгі ұл саналы.
Айтып өттің, Ыбеке!
Қалт етпедің,
Қыл мойнында көк қылыш тұрса-дағы.

«ГПУ деген сотыңыз,
Жүріп тұр ғой хотыңыз.
Жетпісте шалды айдаттың,
Кесілді ғой к.....із».

Сөздің мұндай білеміз батылын да,
Есіме алдым
Мұң кешкен татымын да.
Құдай болып туғанның өмірі де,
Құдай болып өтіпті-ау ақырында.

МАМЫРДА ҚАР ЖАУҒАНДА

Кіріспе сөз

Әкелерді әкетті соғысқа айдап,
Мұң-зарында заманның пістік қайнап.
Саумалкөлден ауылға көшіп келдік,
Өксік, ыза, көз жасын ішке байлап.

Соры қалың сондағы нала-дертті,
Кәрі-құртаң, жас ана, бала шекті.
Жалғызтаудың бауырында Өскен атты
Шағын ауыл зор пана бола кетті.

Үкілі Ыбырай жер осы жаратылған,
Данамыз сол елге ортақ дара туған.
«Халық жауы» деп атап қатал заман,
Ұрпақтарын қайырды қанатынан.

Қиянат көп көз ашпай жанды улаған,
Емес бірақ дөп келген жалғыз маған.
Бүкіл ауыл әнші боп жаралса да,
Ыбырай әнін ешқашан салғызбаған.

Елдің аян осындай күйде өткені,
Аштық, соғыс бәрі де түйдектеді.
Есте қалды
Молдахмет атамиздың
«Гәкку» әнін жасырып үйреткені.

Жаркын көлге тігіпті бабам шатыр,
Акку қонған Қамсақты санамда тұр.
Осы ауылда тағдырдың бұйрығымен,
Бір зиратта менің қос анам жатыр.

Есте қалды қызыққа көз тойғаны,
Мұса бауырым ән салып қос толғаны.
Осы ауылда
Айтақмет әкеміздің
Құнанбаймен шын сыйлас дос болғаны.

Есен өтсе толқыннан бала қайық,
Кел, Әшірбек, өткенді шамалайық.
Сен ол кезде ес білмес бала едің ғой,
Енді бірге бір күнін аралайық.

Бірінші олең

Қар жауған жыл.
Көңілге зіл байланды.
Көрген тірлік ақ боранға айналды.
Жыл емес-ау,
Жылдан ұзақ бір күнді,
Жүйрік қалам баяндауға сайланды.

Көз алдыға әкелгендей бар жауды,
Жиырмасыншы мамыр күні
Қар жауды.
Егін салып, тақау едік бітуге,
Ұмытардай шеккен бейнет, шаршауды.

Қырсық тисе жолы болмас оң істің,
Дәл екінші жылы еді сұм соғыстың.
Он жастамын.
Қол бастадым деп білем,
Жер жыртысып мен де ақ бидай егістім.

Естиярлық ерте өзгертті өңімді,
Көп толқытты көк өрімдей көңілді.
Асық пен доп, қанбай қалған ұйқы да,
Дәнмен бірге бороздада көмілді.

Артық күлкі, артық сөзден арылдық,
Информбюро
Хабарына табындық.
Тым көбейді шегініс те, жеңіліс,
Үлкен-кіші естен мүлде жаңылдық.

Алғы шепте тұрамыз деп тебініп,
Шымыр өстік құлын күннен жегіліп.
Өттен, шіркін!
Егіс бітер-бітпесте
Қар жауды ғой... Жыртық аспан сөгіліп.

Жылауық бұлт қарт әжемнің көзіндей,
Себелеп тұр
Әудем сәтке көз ілмей.
Төгіліп тұр
Жапалақтап, жарқылдап,
Қыз-көктемге қыршын келген өлімдей.

Егістегі жердің аты – Қарағаш,
Қарағашта...
Қалды көктем жалаңаш.
Қаршагүлдің қар жамылған өңіне,
Көзің түссе жаның қалай аямас?

Бас қаңғырды, ел мәңгірді делдалда,
Сасып қалды ес білетін шалдар да.
«Өткінші емес, арты жабық тұтасқан», –
Дейді олар әділ шешім тандарда.

Басқарма да бұзбай сөздің арасын:
«Кеттік», – дейді.
Ол айтқан соң нанасың.
Кетеміз-ау, солдаттардай неміске,
«Тастап шыққан»
Көп қорғаған қаласын.

Қар жауып тұр...
Міндік даяр арбаға,
Кәрі-кұртаң, қатын-калаш, бар бала...
Тар көлікте жамылыстық бір жабу,
Алға тартты қарулы өгіз қармана.

Өңі суық бригадир жүр сұрланып,
Мың толкиды
Бір суынып, бір жанып.
Қар жауып тұр...
Міз бақпайды, саспайды,
Көрші қыздың шолпысындай ырғалып.

Қалың нөкер дерсің көшкен ел-жұртты,
Қар қаумалап көзді көкке телміртті.
Қарауытты...
Бұлт қабағы түнерді,
Жуыр маңда ашылмасқа сендіртті.

Көз ұшында көрінетін Қарағаш,
Алыста екен қайың, терек аралас.
Қаратаған ұялары қарайып,
Ағаш басы қол сілтеді шала мас.

Өгіз аяң... Денем қызып бара ма?..
Бір жұтым су... Әлек салды санама.
Өрең шыдап көзді ұйқыға жұмсаймын,
Пәлем тиіп кетпесін деп анама.

Жау колына түскен жаяу әскердей,
Ұбап-шұбап жеттік елге ас көрмей.
Аш қасқырдай
Дүлей боран ұлыды,
Қарсыласқан тірі жанға дес бермей.

Көңілдер пәс, шалқып көкке самғау жоқ,
Әуре-сарсаң,
Мал іздеген барлау көп.
Нағашы атам өңі суық күрсінді:
«Құс ұясы қарда қатып қалды-ау», – деп.

Екінші өлең

Қар жауған жыл.
Аш алапат секілді,
Жалаңаш жел жердің құтын кетірді.
Еріген қар ертіп кетті соңынан,
Көк майсалы гүл патшасын не түрлі.

Жылуы өктем...
Қайда көктем көрікті?
Қыз шырайлы қызғалдақтар сөніпті.

Көктесіннің сарғайғаны шошытып,
Ел егіске қайта жекті көлікті.

Қабдыраштай жарысқанды ұта алмай,
Әубәкір жүр тракторы тұтанбай.
Қара өгіздің жүдегені-ай
Жанары
Жаудырап тұр жұт қылғытып жұтардай.

Қайта егудің
Машақаты-ай тірлікте,
Сыналады іскерлік те, бірлік те.
Осы жөн деп нар тәуекел, бел буса,
Сенімсіздік сеппесін де бір нүкте.

Салып жатты талай білгіш байбалам,
Талас-тартыс,
Керіс туды қайнаған.
«Осым теріс болса, – деді баскарма, –
Күн таусылсын
Мені сіздер сайлаған».

Сызат түссе сына қалар кам көңіл,
Нық нұсқаға алды бәрі жансебіл.
Күн де шықты
Болдыңдар ма дегендей,
Жұрт қуанды оралғандай сәнді өмір.

Қайта өңдедік талай егіс аланды,
Жер ызғарлы,
Суық сорды табанды.
Өгіз жетпей, көрдік сонда соқаға,
Сауын сиыр жеккен ауыр заманды.

Үлкендерге үрей салды келешек,
Аз емес-ті майданға да берешек.
Ақырғы астық...
Кетті жерге себіліп,
Масак болды ауыл шеккен көрешек.

Атам жөндеп кирап қалған арбасын,
Жайғастырмак
Кем-кетіктің шаруасын.
Сақау бала жетектеген шал да өтті,
Қатты қысып қайыр жиған дорбасын.

Көрші қарық көк өгізін аймалап,
Біреулер жүр: «Көп өгізім қайдалап».
Сыртқы селен
Ықтағы елге наразы,
Мысы құрып тісін қатты қайрамак.

Ілді-жұлды қарбаласта туындап,
Біреу сөкті ұрланғанды буындап.
Олжа малды соймаса арам өлер деп,
Балалар жүр қуырдак күтіп шуылдап.

Ел әбігер. Жерді жыртып болғасын,
Кезектесіп күзетеді төлбасын.
Әжем де жүр
Салт қамшыдай сыптығыр,
Көкірегіне тығып тастап көз жасын.

Арык кемпір,
Ал мінезі тым қатты.
Мәміле бастап, сөз тастайды зиятты.
Өз қызына «Бар жұмысқа!» дегенде
Бригадирдің көмекшісі сияқты.

Үшінші өлең

Қар жауған жыл.
Баттық боран оппаға.
Қырғын тиді «барыңа» да, «жөкқа» да.
Ала бие естігенде өлімін,
Зар қакты ауыл үйір-үйір топтала.

Лүпілдейді жүрек нәзік пернелі,
Сурет еді-ау шапқаны да желгені.
Қызыл ала тудай еді-ау жануар,
Елге олжа дара озып келгені.

Жануар-ай! Біздің ауыл көркі еді,
«Шаппай берген» тиді талай ел төрі.
«Құлагердің жұрнағы» деп мақтайтын,
Атамның да ішін запыран өртеді.

Үңілуші ек көңіл кетпей әр неге,
Естен кетпес қызық еді-ау әлде де.
Нұрбай, Қоки кезек-кезек мінетін,
Ала бие түсер сәтте бәйгеге.

Ит жүгіртіп,
Жүйрік мінген құсбегі,
Атам менің Қожағали күшті еді.
Осы жолы шок сақалын саусаққа,
Жұрт көзінше мың-мың орап бүктеді.

Ол ауылда
Болды басшы атбегі,
Екі айтпайтын мінезі де қатты еді.
Бетін сипап, жануарды құшақтап:
«Сүмбе саңлақ, тәтті ұйқыда жат», – деді.

Ала бие өлімін де әлдекім
Даттап жатты. Келмес оны әрлегім.
Ақ кеседей
Көзі жатыр аларып,
Сұм соғысқа арнағандай бар кегін.

Майдандағы басқарманың аты еді,
Секем алған сол ма жұрттың қатері?
«Ала келер келерінде ала мал,
Кетерінде ала кетер» – мәтелі.

Шағын ауыл
Көшкен сендей сенделді,
Аксақалдар тоқтау салып, дем берді.
Өскен атты ауылымыздың дүлдүлі,
Мал да болса дәл адамша жерленді.

Сөгу қате елдің ырым-жырымын,
Түбі терең әр сөз маңыз, сырының.
Ертеңіне қара қағаз көп келді,
Ащысын-ай, естірткен қарт тілінің:

«Тағдыр ісі
Үлкен қатер жолықса,
Құт қонбайды қайран атаконысқа.
Ала бие ауылда өлді...
Қайырбек...
Ерлікпенен қаза тапты соғыста...» –

Дей бергенде
Жұрт шығарды дауысты,
Лықсып, өксіп бауыр құшақ қауышты.
Жоқтау салды анық атап есімін,
Жанашырлар көз бұлағын тауысты.

Ағайын ел зарлы әуенге ауысты,
Жел сыңсыды. Қамыс сыңғыр қағысты.
Тоғай толқып,
Қарағай, қайың сенделді,
Жаңбырлы бұлт Жалғызтауға жабысты.

Шыдау қайда?!
Ел теңселді ес келмей,
Үлкендер тұр қайғы қаулап, сес бермей.
Сөз бастады Уәли атты ауылнай
Өткір тілі жүрек шетін тескендей.

Ішін тартып,
Жұрт үндемей тұрысты,
Шешен жігіт барын сарқа тырысты.

Керек сөзге зерек туған халқым-ай!
Жоқтау тынды. Тоқтатуға бет бұрысты.

Шешем келіп сұртті екі бетімді,
Жаутаң қағып жылаған жұрт бекінді.
Жанарлары көрінеді
Селдір бұлт
Арасында сөнген жұлдыз секілді.

Тайлак молда дереу аят оқыды,
Құйқылжыды үні тоғай тотылы.
Ол заулатса құран сөзін құбылтып,
Тындаған жұрт көкейіне тоқыды.

Құдай білсін не дегенін молданың,
Қайталадым әжем айтқан долбарын.
Бет сипады бастықтар да баппенен,
Жұрт қатарлы жайып екі қолдарын.

Дұға сөзге кім қалады үндемей,
Алла деуге адал барды тіл-көмей.
Қажыбай ағай басқарманың хатшысы,
Ашық аят айтып жатты түрлемей.

Құран сөзі көтергендей пейілді,
Кәрі-жас та бола қалды зейінді.
Көз астымен қарасады барша жан,
Не айтар деп ақсақалдар кейінгі.

Төңкеріліп маңдайда қос шырағы,
Смағұл қарт бір ауыз сөз құрады.
Үкілі Ыбырай үмбетінің үлкені,
Әти шалдың айтқаны ел ұраны.

«Беу, жарандар! Табылғай ем дертіңе,
Көздің жасы жетсін соғыс өртіне.
Ес жинайық! Жансын үміт ұшқыны,
Есен жетсін сарбаздар ел шетіне.

Көз жасына толастамас мол қайғы,
Мол қайғыға батсақ тірлік оңбайды.
Сабыр, халқым!
«Ат тұяғын тай басар»,
Медет етсек Алла жар боп қолдайды.

Ақыл күтсең сексендегі кәріден,
Жұттың басын қайтарайық әріден.
Ендігәрі мамырда қар жаумасын,
Сақта, – деді, – Алла, тағдыр кәрінен.

Ата сөзі: «Ханның басын хан алар»,
Сол секілді «Қардың басын қар алар».
Бұдан кейін беті қайтып немістің,
Жауды жеңіп есен келер балалар.

Дауыл-дүрмек соға бермес қуалап,
Халқым көрген болсын соңғы қиянат.
Молдық берсін егін, шөпке Жаратқан,
Қолдағы іске берсін ынта, тиянақ.

Қайырын берсін оққа ұшқан ардақтың,
Сол еді ғой қорғасындай салмақтым.
Ала бие құрмалдығы болыпты,
Қайырбектей ел басшысы бекзаттың.

Беу, халайық!
Жөн құрмалдық шалғаның,
Аят оқып, құран сөзін арнадым.
Азаматтар есен келсін майданнан,
Сау болғай-ақ, бар ағайын мал-жаның», –

Деп тоқтатты
Смағұл қарт сөз кенін,
Ақ батасы, дауа ма едің, ем бе едің?!
Терең ойдың отты ұшқыны дем беріп,
Сездім сонда бүкіл ауыл сенгенін.

Содан бері сақиналы сау басым,
Селк етеді бұлт бүркесе тау басын.
Есте қалған ата сөзін жалғайын:
Туған елге мамырда қар жаумасын!

Төртінші өлең

Қар жауған жыл...
Көп жүгін арқалатты.
Арты қайыр, ақтады бар талапты.
Жаңбырлы жаз,
Нұрлы күз, мырза қырман,
Керуен арттық майданға салтанатты.

Зейнет күтіп бейнетті мол ісінен,
Ел кенелді жайқалған егісімен.
Еркеледік арда емген құлыншақтай,
Ғибрат алдық өмірдің желісінен.

«Әшім қонған» егінжай даласында,
Түскі астан соң ақ қайың саясында,
Ән салушы ек
Қыз Жібек, Төлеген боп,
Бекежан да килігіп арасында.

Мадақтасам балалық мағынасын,
Мөлтектемей төгейін тағы да сыр.
Аққұба қыз – Қыз Жібек,
Мен – Төлеген,
Ашып едік кең дала сахнасын.

Ересектеу қыз-қырқын сәті келіп,
Жанарларын қызыққа жатты көміп.
«Бетінен сүй!»
«Құшақта, ұялма!» – деп,
Қаркылдасып шулайды жақсы көріп.

«Арық бала жыққаны тоқ баланы,
«Төлегеннің» бар, – дейтін, – оқ қағары».
«Қыз алдында жықтың», – деп
Сақау Кәптің
Естен кетпес сонда әрең тоқтағаны.

Қайда қалды ол заман...
Сан жыл өтті,
Кім ойлаған дертшіл деп бұл жүректі.
Кейде жиі лүпілдеп сағынтады,
Сол баяғы бүлдіршін «Қыз Жібекті».

Мәшһүр етіп
Ол сырды терең барсақ,
Жол қосылмай жасымда кеткен алшақ.
Бірақ, кейде баяғы бала Жібек,
Ақ дидарын көргім кеп кетем аңсап.

Бесінші өлең

Қар жауған жыл...
Созылып қыс шұбады,
Еске түссе көкіректе мұз тұнады.
Аксақ солдат жандайшап бригадир де,
Салт қамшысын үйіріп тыншымады.

Соқа айдасақ жер жыртып өгізбенен,
Сол өмірді тірлікке негіз көрем.
Масақ теріп,
Мәз етсе анам байғұс,
«Қарным ашты, қамықтым» дегізбеген.

Жеңіс келді!
Алақай, жеңіс келді!
Көп толқыны көңілдің тегістелді.
Барын сойып
Ел қырғын той жасады,
Бір жібітті бүктелген беріштерді.

Сабыр сақтап анам да жүр қасымда,
Қайғы көп қой әлі де бір басында.
Қара қағаз калтада қинаса да,
Белгі болған күн туды бір ғасырға.

Азан-қазан шулы той құлактанар,
Қарбаласта әжеме сұрақ та бар.
Сұрағым кеп
«Келе ме, келмей ме?» деп,
«Қойшы, – деймін, –
Тағы да жылап қалар...»

Күн жарылқап ауылдың тойлы алаңын,
Әлі есімде, табиғат, қолдағаның.
«Әйгөлектің» қызығы-ай,
Айқабақтар,
Айдай толқып көріп ем ойнағанын.

Күндіз тойлы жарыста жорға міндім,
Түнде «Аксүйек» ойынын сонда білдім.
Қалымтаймен жарысып құлыншақтай,
Шаршасам да шыдадым, зорға жүрдім.

Бітті, бітті ел күткен тасқын жорық,
Аяғына жеттік-ау басын көріп.
Қоқи, Жәбен, Ерғожа, Сабыр, Жолан –
Бірге жүрдік ошақтың басын торып.

Үзілуге тақаған қыл мойынды,
Балалар бар көпсінбес мың тойынды.
Қазан-қазан асқан ет
Мол болғаны,
Тамақты ойлау сол күні бір жойылды.

Желбіреді жалаулар, Жеңіс келді.
Кейбір үйге кеткендер тегіс келді.
Кей шаңырақ біржола қаңыраса,
Жұрағаты қарғады немістерді.

Смағұл қарт үнсіз тұр Тойтөбеде,
Сыймай келді ұста шал жертөлеге.
Қатал тағдыр
Үш ұлын оққа ұшырып,
Күн ұялып жылжымай тұр төбеде.

Жүз шақты үйден
Жүз жігіт оралмады,
Жүз тұғырға жүз саңлақ қона алмады.
Жоққа аят,
Барына бакыт тілеп,
Елді оңалта бастады оралғаны.

Әділеттің туды еркін жеңбек күні,
Қаһармандар оянды сергек сыны.
Құнанбайлар мүлтіксіз тәртіп жасап,
Өсім тапты әркімнің еңбеккүні.

Астық сарай ел сыйлар желкен бүгін,
Сол ғимарат ішінде көрген күнің.
Бар байлықтың бастығы Құнанбай да,
Ақ бидаймен өтейтін еңбек құнын.

Астық сарай мектептің тап қасында,
Тазалық бар, тәртіп бар ауласында.
Жоқтық көрген адамдар карап өтер,
Токтық тілеп келгендей тәубасына.

«Оралған жан тап кеше қан майданнан,
Жаны аулақ ащы су, жын сайраннан, –
Дейді атам, – Құнанбай елдің құты,
Құдай берді, құр қайтпас сұрай барған».

Қарттың сөзін келеді қайталағым,
Жатты ішінде ақ ниет, қайсар ағын.
«Ел ырысы берілді таза қолға, –
Дейді атам, – бір уһ деп жай табамын».

Дархан өмір басқаша басты арнаға,
Тізгін тиді жаңашыл жастарға да.
Басқарма да жаңарды көп ұзамай,
Кетті ауылнай, көмекші басқалар да.

Мың ақтарсам көңілді мың аударып,
Қозы жайған күн қалды, бұзау бағып.
Жаңбыр жауса орақта сернелестік,
Қыза-қыза біздер де «қыз ауладық».

Көрші ауылға, Тәңірім, қараттың ба?!
«Қара қамыс» қызы еді ғажап тұлға.
Ерте кетті өмірден
Өтпеген-ай!
Қатал екен қағысы сағаттың да.

Шын сұлудың ұқсайды-ау бәрі гүлге,
Гүл патшасы сол еді-ау, жаны бірге.
«Жезкиік» боп жүйткіген
Қызыл ішік,
Елестейді көзіме әлі күнге.

Көркемдігі кеміген
Көктем күнге,
Есейсем де таусылмас өкпем мүлде.
Жас жүрегім тым ерте жараланды,
Жүк емес қой көтерер көппен бірге.

Ақ дидары жарқ етіп ашылардай,
Жан тілегін жеткіздім шашып алмай.
«Жезкиікті» көп айтам оңашада,
Аңсау, сусау, шөліркеу басылардай.

Жанға дәру бүкіл ел ұққан әні,
Үкілі бабам сол шығар құптағаны.
«Гәкку» қалқып, «Жезкиік» қатарласса,
Өкініштің өртінен құтқарады.

Айналайын ауылым «Гәккулеткен»,
Қызық едің жасымнан ән-күйлеткен.
Аққу сүйгіш болған соң ес білгелі,
Тарап кетті қазаққа «Аққу жеткен».

Соңғы сөз

Қар жауған жыл...
Сол ауыл мамырдағы,
Еске түсіп жаным бір дамылдады.
Жауған қардай ақ шашым желбіресе
Ол жүректің тым көптеу сағынғаны.

Осы күнде пайғамбар жасындамын,
Аз емес қой әлі де басымда мұң.
Ырыс пенен ынтымақ егіз екен,
Соны сезді шындыққа ғашық жаным.

Жал бітеді ақ ниет арыққа да,
Жеңіс көрді ел қанша зарықса да.
Құт орнасын қазаққа,
Тілегім сол,
Молдық келер жол түсіп нарыққа да.

Сүт бетінде қаймақтай мөлтілдеген,
Бұлт сыры жоқ аспанда мен білмеген.
Тілегім сол:
Мамырда қар жаумасын,
Тусын дәуір
Ел түлеп, жер гүлдеген.

Талай-талай әлі де дүрмек өтер,
Күндіз бітпей қалың ой түнделетер.
Зілі батса мамырда жауған қардың,
Сыры осы сүйекпен бірге кетер.

...Сонау бір жыл,
Сиыр жеккен шанада,
Екеуден-екеу
Отыннан қайтқан далада,
Ақырын ғана әндететін анашым
Сағыныш толқып ауыл мен майдан арада.

Әкенің де
Сәлемі жетер өлеңмен,
Үшбұрыш хатта ұшқынды сөздер
Әр ырғақ, әр көлеммен.
Әндетіп анам оқитын,
Көргендей жарын
Оқ жауған ойпат-белеңнен.

Көңілі босап,
Жазатын жауап өлеңмен,
Сағыныш лебі шығатын шыпшып тереңнен.
Махаббатымен тербетіп бізді өсірген,
Анамнан артық ақынды
Көре алмай әлі келем мен.
Ақындық туады екен-ау
Көңілдегі дүбірден,
Сезімдегі елеңнен.

Шілдехана, жиындарда,
Анам мұңды ән айтатын.
Естігендер «Дұрыс-ақ,
Қайтсін-ай» деп қайтатын.
Ұйқастырып қоюшы еді анашым,
Алыстағы әкенің
Асығыс жазған кей хатын.

Қайталаумен майданнан келген хаттарды,
Өлең-жырды үйрендік тез жаттауды.

Әкеге жазған хатымыз біздің қайда екен?..
Әкенің хаты біздің үйде сақтаулы.

Кеше тағы
Ақырғы хатын оқыдым.
Ой козғады, ғибрат, тоқыдым.
Әке болып сарғайған қағаз сыр айтты,
Жалыны шарпып жарқ еткен жанар отынның.

Хат...
Әкенің хаты баяғы.
Есендікке, саулыққа сөзі саяды.
Ол күндерде солдатқа мұрат – жеңіс қой,
Жеңіс қой Отан қорғаны,
Отаннан бар ма аяулы?
Отаннан кім не аяды?!

Хат...
Анашыммен ауызекі мәслихат.
Семсердің ұшындағы сөздерде,
Отан үшін жан қию –
Аппақ сүттей ақиқат.
Отыз жылдан соң «тірі» деген хабардай
Тебірентіп кетті сақи хат.

Жарқ етті елес,
Қанаты құстай суылдап,
Қоштасар сәтте айтқан сөздері ырымдап.
Есімде және аттанарда сүйгені,
Жып-жылы лебі, мұрт тиген бетім дуылдап.

...Саркылып қуат, әл кетіп,
Құлағанда олар,
Үміті біз ек – жан тетік.
Енді, міне, күлкімізді нәрлі етіп,
Миллиардтардың молшылық боп жауғаны –
Адамзаттың ақ ниеті әділетке ауғаны,
Әкелер салған ұлы жол,
Сол жолмен келем арманыма дәлдетіп.

Жасы үлкендерді «ағатайлап», «тәтелеп»,
Олар да бізді өз әлінше мәпелеп,
Аналарымыздың алақандарында өссек те,
Айтпаппыз-ау ешкімге
Әлі күнге «әке» деп.

Өзіміз де, міне, бүгін,
Болдық әке балаға.
Не келмейді жүйрік сезім, санаға?
Қиындық көрдік өмірде деп,
Әкелерді де саламыз-ау араға.
Саламыз-ау араға,
Келмеген іске шамаға.
Кетсек-ші сонда әкелерден садаға.
Ей, ұлым-ау!
Талабым қаттылау болса,
Қырын қабакпен карама.
Өзің де берік болғайсың
, Қолыңнан қакқан қадаға.

Қаталмын ба, жуаспын ба балаға?
Осалдық етсем,
Әке емес, соғыс түседі араға...
Әке тәлімін көрмегендік қала ма?
Қатты айтсам қарысып,
Көзіңді маған қадама.
Қате санама!
Әке ісіне адалдық –
Адамдық борыш, тірілер,
Өткендерді, балам, сен,
Болашақ үшін өткенін біліп бағала!

О, тіршілік,
Жүгің сенің жетерлік маған артқан,
Сенім артып туады шапағат таң.
Ұлым болса ақылды:
Атасының көзі деймін,
Аумаған өзі деймін.
Ал, нашар болса – маған тартқан.

Оқыған әлгі хаттың да
Негізгі өзек саласы,
Аманат етіп айтары
Мен екенмін -
Арттағы жалғыз қарасы.
Тапсырыпты анама,
Тапсырыпты, туған ел, өзіңе мені шамасы.

Өкенің хаты...
Сөздері жанға татымды,
Солдаттың тілі әрі ыстық, әрі батымды.
Толассыз ойға толғанып кетіп мен-дағы,
Отырмын жазып осынау жауап хатымды.

II

Ат жалын тартып мінер кез
Демемедің, бірақ та,
Рухың жүрді құлатпай.
Ошақтың отын қайтадан
Жақтым мен жаңа шырақтай.

Енді ұлым атқа мінер кез,
Сырымды елім білер кез.
Отыз жыл жүрген ойымда
Хат болып түсті бірер сөз.

Айтарлық ашық арызым:
Біздер сендерге ризамыз, әкелер!
Осы ғой басты парызым.
Қорғасын оқ
Ғұмырыңа нүкте қойса да,
Жалғастырдым сөнбестей жалыныңды,
Өз қолыңнан алғандаймын тәліміңді.
Орнында бар оңалды,
Азамат болды жалғызың.

Артыңда сенің бар ізің!
Шұбыртпан хатта
Қиындықтарды сан ұзын.

Қадірінді білдірді,
Бір уыс тәтті бауырсақ,
Бір ғана тілім – нан үзім.
Халықтың қолында өстім,
Жетімдік, бірақ көргем жоқ.

Бұл – екінші арызым,
Ерте көрдік қара қағаз дегенді,
Масақ теріп, жидек құрт жасап жегенді.
Соғыс шалған жерлерден келген ұлдармен,
Теңбе-тең бөлдік
Біздің төр мен еденді.

Сондықтан болар,
Меймандос, дархан, бауырмал,
Кеңпейіл, жарқын, жарықтық, біздің ауылдар.
Сондықтан мені қарсы алып бүгін жүреді,
Қайда барсам баяғы дос-бауырлар.

Шымыр өстік,
Болсақ-тағы талдырмаш,
Белдескендерге алдырмас түгіл шалдырмас.
Бала күннен сүйекке сіңген мінез бар –
Бүгінгі істі ертеңге сүрлеп қалдырмас.

Жаңа күн шығып,
Берген сайын таң ізін,
Ойлантар мені тірлікке тиек парызым.
Тындырсам бір іс,
Бастаймын жалғас жаңасын,
Өтелсін деумен ел алдында қарызым.

Лаулаған өрт
Шарпыса да өңірді,
Өткердік талай таңдайға татыр өмірді.
Өліп кеткенің өзгелер келгенде қинады,
Сол күндерден қиындықтарға болдым төзімді.

Қайда жүрсем
Ықылас-ынтам көрінді,
Шаршаған жерде
Білдірмедім өнімді.
Суық хабар келсе де иланбадым,
Есен келіп, жайнатар деп төрімді.

Бригадир де
Зекіп маған тұрмады,
Қамшы үйіріп әңгіртаяқ құрмады,
Құлағымнан жұлмады.
Жұмыстан ерте кеттің, – деп,
Желкеден түйіп ұрмады.

Бірақ...
Сынақ шамалы еді-ау қыспаған,
Жазғы аптап қапырығы ыстаған.
Қысылмай бізден
Ақ түтекте ақкөз шытынап,
Жыртық қолғап. Айыр-күрек ұстағам.

Кәрін төгіп, қабак шытса қыс маған,
Кей көктем де аттатпайтын үш қадам.
Жеккен сиыр бороздада болдырып,
Күрсінетін әжем соқа ұстаған.

Сондай сәтте...
Таппай істің ретін,
Көнбіс кемпір үнсіз жылай білетін.
Әне, сонда темір соқа тілі емес,
Қара жерді ыстық жаспен тілетін.

Ертеңгі күн
Көркейтер деп көгімді,
Өзің келіп, көтерер деп көңілді,
Әмән жарқын ұстадым мен өнімді.
Бүгін ғана сол күндердің белгісі –
Шашымдағы ақ күмістен көрінді.

Сонау соғыс біткен күні,
Шатырлар алқызыл ту тіккен күні,
Туғанда көпшіліктің күткен күні,
Қуаныштар құймақтай жауып жатты,
Арылды жүректердің жүктен мұны.

Сүйінші сұрап жүгірдім мен де,
Қуанбаған пенде
Қалмаған шығар жерде.
Есімде жоқ бос дүрмек,
Митингі болды елде,
Жиылған халық ұқсады селге.

Райкомның хатшысында екі көзім:
Болар ма деп бір хабар – келер кезің,
Түрткілейді нелер сезім.
– Отан үшін өлгендердің даңқы артсын! – деп,
Тоқтатты ол тебіреніп терең сөзін.

Көмейіне
Бұралып тілі тұрғандай,
Көзәйнегін шешем екеумізге бұрғандай.
Үшінші класта едім.
Өзгеріп кеттім,
Тап сол арада,
Анамнан қайта туғандай.

III

Анама жылама деп жалындым да.
Момақан балапандай бағындым да.
Көршілер қуаныштарын тойлағанда,
Өзінді мен де қатты сағындым да.
Сондай сәттер өзгеше себеп екен,
Әке керек екен.

Соғыстан қайтқан жігіттер
Жай-күйімізді ұғатын,

Қайрылып келіп кейбірі көңіл бұратын.
– Әкесінің аузынан түсіп қалған, – деп,
«Кәртөзін» шешіп, құшақтап үнсіз тұратын.

Анам менің,
Ардақты адал жарың,
Танытты тек сен үшін жаралғанын.
Екеумізде ақ-адал тілегі де,
Сүйеніш, тірліктегі тірегі де.
Ол барда орны қайтып толмайды екен,
Анаңнан артық адам болмайды екен.

Аскарым еді,
Сүйенішім. Ақылшым.
Еш пендеге алданбай,
Тосумен өтті өзінді ғана армандай.
Енді екеуің де қара жерде жатырсың
Ол бақұлмын деген,
Сен – Бақұлсың.

Тәтті әуенге салар ем,
Жетер саған үн болса!
Анамның атын қояр ем:
«Тосу» деген гүл болса!
Сондай-ақ шығар дүниеде
Тоса білген жан болса!

Анамның атын қояр ем:
«Тосу» деген ән болса.
Рұқсат етті тоспа деп,
Жеткендер ақыл-санасы.

– Жылдар куә, тоспа, – деді ағасы,
Рахмет айтты қарттар да
Жететін бедел-бағасы.
Көз жұмғанша бірақ та,
Тосуға жетті шамасы.

Мен едім оған бар ермек,
Арманды күндері.
Келешегі көгермек.
Жылдар жылдам жылжыса да ілгері,
Жат ойлы жігіт біздің үйге кірмеді.
Сұқтанып жұртқа өзі де бір күлмеді,
Өмір бойы мен едім ғой жан ермек,
Мені өтті мәнерлеп.

Ал анам
Аттанған күні өмірден,
Жиналғанда ағайын-туыс өңірден,
Тек өзің ғана жоқ болдың –
Сол шыкпады көңілден.

Сұркия соғыс болғандай
Мен жалғыз боп қалу үшін,
Жүрегімді мен мұңға малу үшін.
Тап сол күні өзінді іздеуменен,
Жалғыздықтан налыдым шын,
Бұрынғыдан ұлғайды сағынышым.
Әке орны кашанда ерек екен,
Әке керек екен!

IV

Жақсылық та көп,
Жазбайын енді нала-мұң.
Әншейін кейде жүректі
Жеңілтіп қана аламын.
Әкелер жайлы өлеңге
Қайраттанып қаламын.

Келінің қандай,
Оны да ептеп байқағын,
Жемісті бағым, жасайды мәуе жайқалым.
Анама тартқан жылы жүзді мейірбан,
Дүниенің білер ылдиы мен қайқаңын.

Әкесі онын
Соғыстан есен келсе де,
Соңынан бұлар «папалап» аз күн ерсе де,
Жаралы солдат тұра алмапты төсектен,
Мінбепті атқа, отырмапты кеңседе.

Байырғы солдат
Қайтпаған ол да жолынан.
Берлинге барып,
Соғыстың келді соңынан.
Қызылжардың түбіндегі бүкіл ел
Ақ жуып қойып аттандырды қолынан.

...Қуаныш күндер келгендей,
Біз де бір сәт көсілдік.
Екі студент Мәскеуде,
Жас отау құрып қосылдық.
Екі ана қуанышта кездесті,
Қос құдағи
Көңілдерін өсірдік.

Шырайынан нұр-шапағат шашылды,
Күрсіну де, күңірену де басылды.
Келініне дән риза боп кенеліп,
Қайран анамның қабағы сонда ашылды.
Тек қана көкейінде көксегені:
– Шіркін-ай, әкең бәрін көрсе... – деді.

Кейінірек біздер
Сталинград келдік
Тағзым етіп басыңа.
Толқыды Еділ
Анамның ыстық жасына.
Жылады сонда:
– Тастап кет! – деп қасыңа,
Отырмын айтып ашына емес, басыла.
Жап-жас өңі жұқарды сонда –
Ақ кірді самай шашына,

Атыңды жазған түсті ғой көзі
Достық бейіт ішінде
Күрең мәрмәр тасына.

Енді бүгін
Мұнараларда анау ақ маңдай
Мәңгі оттардың жалынында
Солдаттар шеру тартқандай.
Бейненді көрем Сталинград үшін
«Уралап» бара жатқандай.
Анамды көрем қасыңда болып,
Ауылға әрең қайтқандай.

Бейненді көрем
Кеуденді тосып,
Өлімге қалқан жапқандай.
Өкпеңе тиген қорғасын оқпен
Соғыстарға мүрде шеге қаққандай.

Бірақ...
Әлі адамзат бақытына шын қарсы бар,
Құлқын үшін құл болса итаршылар,
Құзғындары ең басты сылтау шығар.
Бақыты дүниенің бейбіт күн ғой,
Бейне бір биікке өскен шырқау шынар.

Болмасын деп жау өктем,
Қырағымыз бәріміз.
Ес білген жас,
Еңкейген егде кәріміз,
Соғысты болдырмауға
Сезінеміз жауапкер – келгенінше әліміз.

Жұмыр жер. Планетам.
Тегістігі шамалы.
Жаралы жерлер бар әлі.
Хиросима... Нагасакиді есінен
Шығарар ма тірі пенде саналы?!

Құс ұйқылы түндерім бар
Қос жанар талғандай,
Бейбіт танды бір секунд қорғап қалғандай.
Вьетнамдарда жалғыз снаряд жарылса,
Қиналам менің жүрегімді қас жарғандай.

Қан майданда
Отан үшін құладың.
Шегінбепсің қатерлі шақта бір адым.
Дак түсірмен, әке, сондай даңқына,
Осы еді ғой маған жеткен ұраның.
Сонау райкомның хатшысы
«Даңқы артсын!» деп айтқанда,
Атыңды қосып антыңа, тәуекелге шыдадым.

Сендер берген жеңісті сақтармыз біз,
Сыйлап кеткен бақытты мына уақытты
Ақтармыз біз.
Сендер еккен жемісті қаулата біз өсірдік,
Өзіміз де – сендер еккен өсімдік.

Ерлікпен қаза таптындар,
Біздер еркін күлуге.
Байқоңырлардан ғарышқа ұшып жүруге,
Бақытты мына өмірдің
Саралап сырын білуге.

Отан үшін сендер ерте кеттіңдер...
Жер бетіне жеңіс гүлін ектіңдер.
Полтаваны...
Бородиноны ұмытса,
Сталинградты ұмытпастай еттіңдер.

V

Хатыңда, әке, келелі кеңестер бар.
Осы күндерден де зиялы елестер бар.
Бізге сілтеп көрсеткен өсиет бар,
Алынбаған асулар, белестер бар.

Қаршадайдан өмірдің таныс мың сыры,
Көрініп жатыр көз-дүрбіге
Түсінік, түйсік тылсымы.
Кей адамдар өз құлқынын көп ойлап,
Көпшілікке тиіп те жүр қырсығы.

Бар ғой, әке,
Алда талай міндеттер,
Бар ғой әлі тамырын қияр індеттер.
Қуантарым:
Жақсы көп те, жаман аз,
Мақсат айқын, сапарымыз бір беткей.
Халық бүгін әркімді, әр адамды
Сіңірген еңбек салмағымен құрметтер.

Жүргемін жок сүт-өмір қаймағында,
Білмей келем, жеңіл іс қай жағымда?
Бульдозерім – танкідей,
Буркареткам – «Катюша»,
Мен шахтермін жер асты майданында.

Жалған айтпан
Қапа-наз білмедім деп,
Сағынышқа шомылған күндерім көп.
Өзім үнсіз, жүрегім сөйлеп кетіп,
Ақын болып отырар түндерім көп.

Ризамын.
Зердеме сол құйғаным –
Құштарлығым басылмас тіршілікті
Анам екеуің сыйладың.
Өзің үшін кен қопарып, тау бұзып,
Анам үшін ақын болып өтуді
Өзге өмірге кимадым.

VI

Балалар біздің – немерен,
Бір көрсең, шіркін, не дер ең?!

Бар айтарым: ата дәстүр жалғаймыз,
Байқарсындар біздерді
Өр теңіздегі кемеден.

Ерлік, ерлік –
Сендер кешкен айқастар,
Сол айқастар жас ұрпаққа ой тастар.
Өздеріне біз орнатқан ескерткіш:
Жезқазғандар,
Теміртаулар,
Балқаштар!

Әкені көрген алғы буын –
Алда қадам басқандар,
Алдымызда ағалар бар – асқар бар.
Біздің ұрпақ қалдырмайды ұятқа
Гагариндер – космосқа жол ашқандар.

Каналдар қаздық,
Тың жерлерді игердік.
Сол мінез шығар –
Өткенді сыйлап, болашақты сүйгендік.
Сол дәстүр шығар –
Сібірге жаңа жол салып,
«Камаз», «БАМ»-ға жастық дүбір күй бердік.

Өзгерді, әке,
Қазақтың шалқар даласы.
Егінжай – такта,
Заводтар – сапта!
Құлпырып кетті Алатау, Көкше арасы.

Алдымызда жоба бар – екінші тың
Ел үшін зор бағасы.
Міндет те айқын,
Күш-жігерге толымыз.
Босамайды болымсыз іске қолымыз.
Соның бәрі – Ұлы Жеңіс айғағы,
Соның бәрі – болашаққа жолымыз!

АҚЫН ТАЙЖАН

*Ұлытауға бардың ба,
Ұлар етін таттың ба?
Халық мәтелінен*

Ақынның жазылмайтын жарасы көп,
Кейде тау, кейде байтақ даласы боп
Кемеңгер көкейкесті сырын айтса,
Жаутандар кейде сәби баласы боп.

Қашанда шын ақынның жаны таза,
Ақ сүтпен келген қасиет – ары таза.
Шіркін-ай,
сол мінезден пәле тауып,
Кеткені әрі бақыт, әрі жаза.

Шешімін дәл айтам деп ақ-қараның,
Кесірін әшкерелеп масқараның
Ақындар...
Қазған орға түседі екен,
Ескермей тақтағылар қас боларын.

Шын ақын қолпаштасын тақты қайтіп,
Шығынбас һәм пәлсапа ақыл айтып.
Айқаста тапсырады ол шыбын жанын,
Шындықтың көзін ашып бақырайтып.

Тағдырдың кейістігі кез келеді,
Кез келсе алай-дүлей тезденеді.
Ашық күн жайнап тұрған кара түн боп,
Сандуғаш әні жылдам өзгереді.

Ой тоқсан. Үндемеуге қысыламын,
Көп көрді-ау қазақ перзент ысырабын.
Қалайын айтып-айтып
Күшім барда,
Төгілсін шықпай жүрген тылсым ағын.

Мазалы ашқым келсе жыр шуағын,
Жаңа таң, жас сәулеге құлшынамын.
Қазақтың даналарын қайта әкелсе,
Ақ құсын қуаныштың ұшырамын.

Тайжан да бірі «кетіп», «келгендердің»,
Сырым көп бала күннен терген менің.
Үкілі Ыбырайдың ауылында
Жоғалмас сәби көзбен көргендерім.

Қос дүлдүл тағдыры бір, арман қалың,
Кешті ғой сұм кесапат жалған заңын.
Кірейін Құлагерше қалың топқа,
Ең биік төрге шықшы, тарландарым.

* * *

Халқым сүйіп қойыпты атым Тайжан....
Тайжан

Перзенті Ұлытаудың ақын Тайжан,
Асқақ ән,
Аталы сөз атын жайған.
Ой мен қыр,
Көкше мен Сыр қарсы алатын,
Думан той, жүрген жері сауық-сайран.

Айқындар ақындық мағынасын,
Тайжекең алмас тұяқ нағыз асыл.
Әрі әнші, әрі ақын, әрі өнерпаз,
Даланың ашқан дербес сахнасын.

Тік шырқап көтергенде ән қанатын,
Көрген жан үнсіз тыңдап таңданатын.
Жел тұрса желікпелі от-жалындай,
Дүбірге дүрлікпелі саңлақ ақын.

Кезінде Жамбылмен де аты ұласқан,
Шашубай, Кенендермен тату жастан.
Жыр арнап жаңа өмірге
Жаттық етпей,
Мәскеуге сырнайлатып шашу шашқан.

Сұлу мұрт, қызыл шырай, кең қабақты,
Жез көмей, қара сырнай кез канатты.
Айтканы досқа қару, жауға үрей,
Атағын қазағыма тез таратты.

Сезімтал тіл табысар лала гүлмен,
Ақ жарқын, болды аулақ нала-зілден.
Жүйріктің жүйрігі еді
Сайыстарда
Тізгінін теңестірмей дара жүрген.

Жан сырын ашсам ептеп қысқа білмек,
Гүлдеді мезгіл тоспай қыс-жазым деп.
Кешегі Сыр дүлдүлі акын Нартай
Пір тұтты өнегелі ұстазым деп.

Тайжекең туса Ұлытау етегінде,
Жезқазған, Қарсақбайсыз өтемін бе?
Далаға жез қоңырау дабыл келген,
Жүргенде өлең-жырдың жетегінде.

Жақсыға Тайжан тату ақылмен де,
Майдандас қатар тіккен шатырмен де.
Жанталас екі дайда білек қосты,
Ардагер Аманкелді батырмен де.

Сөзіне халқы сүйіп ел сенетін,
Ұлытау қою бұлты екшелетін.
Жерден бе, көктен бе деп жеткен әуен
Маңайын ойдағы ауыл тексеретін.

Әр сөзі жүрек шетін алтындайтын,
Ай балқып, үнсіз атқан таң тыңдайтын.
Наркескен болат семсер қынап сүймес,
Жан еді от-жасыннан тартынбайтын.

Ұлытау баурайында

Ұлытау көк күмбезі Сарыарқаның,
Ойнайды етегінде самал сағым.
Көлдегі акку-каздың әнін тыңдап,
Жондағы сансыз киік табар бабын.

Сыры мол таусылмастай аңыз-дастан,
Жатыр-ау әлі толық айтылмастан.
Ұлытау — қазақ үшін төрдің төрі,
Қалың ел қысылғанда басын қосқан.

Апайтөс кербездікке көзің тұнар,
Жаныңды ойлы тауға телітіп ал.
Ұлытау — қазақ үшін жер кіндігі,
Басында Едігенің бейіті бар.

Бөктері жер бұйраты сенсең бөстек,
Көк терек, ақ қайыңнан еңсең өспек.
Тереңнен тау етегін тесіп шығып,
Жан-жаққа жеті өзені желген төстеп.

Ұлар құс Ұлытауды ұялаған,
Жалтарыс шат қойнаууды қиялаған.
Құмартып кең даланың шағаласын,
Көруді қиял еткен зиялы адам.

Ақ қиял табиғаттың сыйы ма екен?!
Ақ өлең «ұлар» десең құйып өтем.
Сиреген құсты аңсап сезгенім сол:
Қайтару құртудан қиын екен.

Қиналсақ талай кезде тұяқ талып,
Бұл күнде сан ойландық мұң ақтарып.
Тайжекең елестейді Ұлытаудың
Жоғалған ұлар құсы сияктанып.

Айыртау — Ұлытаудың құрамасы,
Секілді саяжайлы үй арасы.

Жалғасқан Кішітауы жер жұмағы,
Осында мөлдір бұлақ, гүл анасы.

Қызылтау жусаны мен күрмегіне,
Қымыздық, қымыз исі күрмеді ме?!
Бұдан зор масаңсуды білмей келем,
Өмірдің өзге қызық дүрмегіне.

Өсімдік, жәндік менің ойымдағы,
Есімнен қайда жүрсем жойылмады.
Сағынтты-ау Майтөбенің қызғалдағы,
Лала гүл Бала Жезді бойындағы.

Токталсам ғаламаттың қаншасына,
Ақынның жетер қызық баршасына.
Долана, қара мойыл сөз болып па,
Зәрумін таудың дәру аршасына.

Осында бай табиғат жиынтығы,
Ләйлік тал, шетен, шомырт дүйім түрі.
Баяғы Бабыр мақтап жыр ететін,
Сақталған кер тобылғы қиын сыры.

Саңк етсе тау қыраны терең сайдан,
Болғаны аш бөрімен ерен майдан.
Су бүркіт көл шетінде жарк еткені,
Аккуды қорығаны тұрымтайдан.

Таныс жер өр-шыңына жете білген,
Жарысып аркар-бұлан көтерілген.
Жалғанда жаным құштар жезкиікті
Көріп ем Ұлытаудың етегінен.

Ақбөкен Сарыарканың киесіндей,
Не ғажап селк еткізер бұл есімдей.
Жануар кейде маған көрінеді,
Көшпенді жердің көне иесіндей.

Қазаққа ақбөкеннің сыры қанық,
Дейді екен «ботакөзім» мұны халық.
Қап-қара қос жанары мөлдірейді,
Қалғандай ата мирас мұңын алып.

Бөкенді біздің елде киік дейді,
Бұл есім кімді ерекше сүйінтпейді?!
Белбеулеп кең даланы жүйткіп өтсе,
Ұшардай адам жаны биіктейді.

Көз салсақ бүгінгі күн биігінен,
Ұрпаққа үлгі-өнеге, түйін ілем:
Сақтапты кең даланы бабаларым,
Көлде акку, өрде жүйрік киігімен.

Тайжан да соның бәрін көріп өсті,
Тау десе, дала десе өліп-өшті.
Қыран көз, қаршыға мұрт, арқар мінез,
Өңіне туған жердің өңі көшті.

Ата-ана құшағында жайрандаған,
Аға-іні ортасында сайрандаған.
Аралап туған жердің шартарабын,
Тірліктің мәнісіне қайран қалған.

Көрмепті өнер қуып ата тегі,
Өрнекті ән тербейді ана лебі.
Шешесі Мейіз атты сыршыл адам,
Көлкіген көкірегінде қапа-шері.

Өлеңді сұрай қалған топта айтатын,
Күйдірген көкірегін шоқ қайтатын.
Елестеп төркін елі сұлу Көкше,
Оңаша үйде адам жоқта айтатын.

Екеуден-екеу кейде ана, бала,
Тарқайды сүйкімді ән самалға.
Елігіп Тайжан елтіп машықтанды,
Жан сыры сәуле төгіп жас санаға.

Келіншек кейде мұңға көмілетін,
Салған ән азайтатын көңіл дертін.
Сол сәтте көк шымылдық ашылғандай.
Туған жер Жалғызтауы көрінетін.

Қиын ғой қыз тағдыры ол заманда,
Қосатын қалың беріп болжағанға.
Батады, әсіресе зерлі шері
Дүниенің сырын білгіш ойлы адамға.

Аңсайтын Көкшедегі «Гәккулі» елді,
Қоңыр қаз, көкала үйрек, аққулы елді.
«Айгөлек», «алтыбакан» жәрмеңкесі,
Елестер көрген түстей жас күндергі.

Япырмай, соның бәрі бекер ме еді?
Құс болып ұшып қана жетер ме еді?!
Суына Саумалкөлдiң бiр шомылып,
Қасынан Сырымбеттің өтер ме еді?!

Өнердің ұясы еді шаңырағы,
Жан түгіл, малы өлеңсіз қамығады.
Інісі топты жарған Үкілі Ыбырай
Көкшенің бұлбұл көмей саңлағы.

Жаттады бала Тайжан ана әнін,
Біржан сал, Ақан сері ұқты мәнін.
Атанды «әнші бала», «ақын бала»
Тірліктің түсінгендей жаңа сәнін.

Бір қиял көңілге сыр сақтар заман,
Кезі көп сыбыр-кубір тақпақтаған.
Ақындық көмекейге сөз жүгіртіп,
Түнде ұшқан құстай қалқып ақпақтаған

Ауылы Кішітаудың саласында,
Өсті ақын сауық-сайран арасында.
Өрелі, өжет, алғыр мінез бітті,
Толғанса ел мұңы бар санасында.

Өз елін Мейіз мақтап наз құрады,
Наз құрса естір жанды мәз қылады.
– Батасы нағашыңның бақ көтерер,
Барып қайт, – деп Тайжанды азғырады.

– Жігіттің өнер құрған арманы көп,
Аңдасаң ауыл тінтіп қалғаны жоқ, –
Деп ана ақ тілегін анық айтса,
Көреді бар ағайын барғанын деп.

Ол кезде түйе көлік, ат жүреді,
Ер жігіт барар жерге салт жүреді.
Көкшеге кіре тартқан саудагерлер,
Шегінен Ұлытаудың сарт жүреді.

Апталып алтындайын терген жезі,
Ақындық кімге жеңіл берген мезі?
Тайжан да өнер көшін іздеп барып,
Соңына Ыбырайдың ерген кезі.

Көкшетау сапары

Ауылы Ыбырайдың Қамсақтыда,
Жалғызтау көрген жанды тамсантты ма?
Менің де балалығым осында өткен,
Айдарлы көзге елестеп аңсатты ма?

Сыр шертсе көкірекке күй ағындай,
Дара шың тұр өзгені куә қылмай.
Жан-жаққа кезек қарап телміреді,
Өмірдің таусылмас көп сұрағындай.

Жарқын көл тау балағын жуып жатқан,
Аққу-қаз айдынды өрлей шуыл қаққан.
Саялы қалың қамыс сыбдырымен
Махаббат ең алғашқы уын татқам.

Дүниенің бар балынан артық дейтін,
Жидегі Қарағаштың аршып жейтін;
Өзіңнің топатайың аз болғандай,
Тергенін көрші қыздың тартып жейтін.

Күн қайда көл аралап құс ататын,
Біреуін бірінен соң сұлататын.
Алдыңнан қаракөздер қаулап шығып,
Жаутандап бізден сауға сұрататын.

Өткен күн көкірекке сызған хаттай,
Еркіңе қойдырар ма қыздар айтпай?
Ал енді оралайық Тайжан жаққа,
Аз ғана орағытсам қызған аттай.

Жас ақын жолда талай барлап елді,
Қол бастау нағашыға жазда келді.
Қарт ұста қара мұрын нағашысы
Көңілін Сандыбайдың назға бөлді.

Көргені осы еді ғой қыздан бала,
Өрімтал өнерге мас қызған бала.
Мейізін көз алдына әкелгендей,
Сағыншақ әке көңілін бұзған бала.

Тайжаннан ел саулығын көп сұрасты,
Құшақтап нағашылар шұрқырасты.
Ардақтап жас жиенін Ыбырай да,
«Сыйға – сый, сыраға – бал» тіл құрасты.

Сандыбай қысыр емген құлын сойды,
Жасады өз әлінше жиын-тойды.
Пісіріп ақ бауырсақ адал асын,
Қант, кәмпит, күрт, ірімшік сыйын қойды.

Бесінде өзге қызық аяқталды,
Дүйім жұрт ақындарға таяп барды.
Ыбырай ән бастады бүлкілдетіп,
Сөз маржан шумақталды, саяқтанды.

«Сұм дүние, сұмандаған сен бір түлкі,
Алдамшы аңдап тұрсаң әзіл-күлкі.
Ән мен күй, туған елім, берген еншің,
Жанымның құмарланған қадір мүлкі.

Демеймін үстімдегі бөз менікі,
Жайнаған маңдайдағы көз менікі.
Тұяғы тұлпарлардың салған іздей,
Қалатын бір-ақ ауыз сөз менікі.

«Сұм дүние, сұмандаған сен бір қақпас»,
Жаныма кей қылығың қалай батпас?
Біреуді жоқ, біреуді жарытпастай,
Пендені бөлшектеуің маған жақпас.

Көкіректі күйдірген шер оңдыра ма?
Көңілді бір орынға қондыра ма?
Жан таппай сырласарлық тірі жаннан,
Күңіреніп мұң шағамын домбыраға.

Армансыз дей көрмендер топ жарғанға,
Таусылмас мұң мен зарым бұл жалғанда.
Елі үшін еңіреп туған ерді қорлап,
Қайтейін дәулет берсе кей наданға.

Бітсе де жан тебіренер сана жастан,
Кезім жоқ саясатқа араласқан.
Қас болсаң қасарысып өтуім бар,
Дос болсаң көз жұмғанша табаласпан.

Көкіректен қайнаған шер қалмас па екен?
Қапаға көз жұмарда салмас па екен?
Жолаушы жанай өткен зиратыма
Соңыра көз қиығын салмас па екен?

Төре жүр указнойын ертіп алып,
Төлеңгіт ол да ел жегіш бейпіл халық.
Беретін соның бәрін әшкерелеп,
Қайда екен біз пақырға еркің анық?

Кездескен осындай бір шак күніме,
Салайын терең тартып ащы үніме.
Шырқамай қоңыр қаздай мамырлатып,
Басайын әрлі-берлі «Гэккуіме!»

Бірде адам, бірде аққу сұңқыл қакты,
Көңілде мәңгі сөнбес үн тыңдатты.
Таңырқап көп ішінде Тайжан отыр,
Көмекей жұтындырып бүлкіл қакты.

Ыбырай дара туған дүлдүлдей боп,
Көрінді ән зергері білгірдей боп.
Тап осы күнге дейін көрген өмір
Зу етіп көзден өтті бір күндей боп.

Әндетіп нағашы аға қас қарайтты,
Молдахмет, Темірғали жастар айтты.
Жап-жаңа көз алдында салған әнін
Шәкірттер қайта-қайта бастап айтты.

Бір жігіт палуан дене дүбірге енді,
Бұйрықты әзіл сөзбен қыңыр келді.
– Ауылдың алты ауызын тәмамдадық,
Жиенжан, лебіз берер ғұмыр келді. –

Қостайды жиылған жұрт көтермелеп,
Бірі шу, бірі созар жөтелмелеп.
Ойларсың бұркыраған жұрттың буы
Көтеріп шаңырақты кетер ме деп.

Тағы да әлгі жігіт:
– Айтыс керек,
Нағашы-жиен болып айтыс деп ек.
Бұл жерде бөтен жан жоқ, өз үйірің,
Бестінің жұмыр жалын тай тістемек.

«О, пәлі! Ой, бастаға» салды ол да,
Ыбырай домбырасын алды қолға.
Жылы сөз, жеңіл жортақ әндетеді,
Жымиып күле карап оңды-солға.

– Жиенжан, есен келдің бе?
Көкшеге сәлем бердің бе?
Нағашылай қыдырған
Жолы болғай ердің де.

Сүйген сәулең бар ма еді?
Иілген нәзік тал ма еді?
Қалың малға хал жетпей,
Көкірек толы зар ма еді?

Көрсетермін, бауырым,
Ақан, Шоқан ауылын.
Балуан Шолақ құрдасым?
Көресің өнер тәуірін.

Сиқыр бар-ау мұртыңда,
Қылтыңда, жиен, қылтыңда.
Баулиын сері-салдыққа,
Қыз қалмастай сыртыңда.

Ал, халайық, тыңдайық,
Жиенді солай шыңдайық.
Бұйырғаны оныкі,
Бермесімді бұлдайық.

– Халқым сүйіп қойыпты атым Тайжан,
Арғы атамыз кең қоныш қалың Найман.
Сауалым жоқ басқаша, нағашылар,
Бата тілей келіп ем Ыбырайдан.

Кемеңгерге біз қайтіп пар келеміз,
Келмей жатып айтысқа зар деменіз.
Жаналқымға алдыңдар мейман демей,
Қайтып қана қағыспай жан береміз?

Жер жетер ме мактасам Ұлытауға,
Етуші еді үш жүздің ұлы тәубе.
Қазақты жау қысқанда «Абылайлап»,
Бабаларың келмеп пе Ұлытауға?!

Шоқаныңды мақтайсың мәніс қылып,
Білмейтіндей мен оны таныстырып.
Баяғы аға сұлтан сайлауында
Көрмеп пе ең Ерденіммен жарыстырып. —

Ыбырай сонда сөз бұзды,
Тыңдаушыға сөз қызды.
— Қарағым, баспа насырға,
Тіл тигізбе асылға.

Шоқан — қазақ данасы,
Шоқан — елдің санасы.
Ерден де елдің батыры,
Суыспасын арасы.

Ерден — қазақ арысы,
Ерден — қазақ намысы.
Қарадан туып хан болса,
Ол — байтақ ел табысы.

Жүрместей пенде таласы,
Шоқан — елдің дарасы.
Шен үшін дауда жеңілсе
Азаймас ғалым бағасы. —

Өлеңді Тайжан әрі жалғастырды,
Қалайша аға айтқан алмас тілді?
«Ұлы сөзде ұят жоқ» дегендейін,
Кіші сөзге жұқалап алмастырды.

Ән қандай,
Әнші жігіт көркі қандай,
Сиқырлар сылқым дыбыс көл тұнғандай.
Балқытар, елжіретер сұлу ырғақ,
Масаңсып,
Естіген жан көз жұмғандай.

— Айт десең өзімізді айтайын мен,
Қайт десең райымнан қайтайын мен.

Саясатқа бар шығар шоркактығым,
Ақылға тоқтам етіп байкайын мен.

Жасымнан әуре қылды өлең деген,
Ұйқыда жатсам-дағы елендегем.
Ата-анаға сертім бар аттанарда
Нағашымнан бата алып келем деген.

Сыйлаймын Шоқанды да, Ақанды да,
Сыйлаймын өзінді де, атаңды да.
Қайырып, қақпақылдап қоймадыңыз,
Нағашы, қимайсың ба батаңды да? –

Құйылтса алғыр қыран қаз ілгендей,
Шыдарсың жан тылсымы үзілгендей.
Қарайсың кең аспанға ән біткенде,
Аққу-қаз құс жолына тізілгендей.

Тоқтамай Тайжан дереу басқа ән салды,
Толқын өңеш сырнайға жұрт тамсанды.
Туа біткен тентектік бастап кетті,
Қалжыңмен бір ауыз сөз тастап кетті.

– Ей, нағашы, шындадың,
Ақылыңды тыңдадым.
Айтар сөзді мен-дағы
Әдептен шек қылмадым.
Іздемедім бөзінді,
Іздемедім сұлу сөзінді.
Естір жұртқа дат болсын,
Айт десең айтам өзімді.
Ауызға келген түкірік
Қайтып жұтса мәкүрік.
Берерінді өзің біл,
Келгем жоқ арнай шақырып.
Шұрайлы деп алдымда,
Қызықпаймын шалғынға.
Сыйға тартар жиен деп
Керегі жоқ малдың да.

Тәмамдасам халімді,
Ұстаймын биік арымды.
Қалыңдыққа қаупім жоқ,
Дей көрме мені жалынды.
Керегі жоқ малдың да,
Бермесіңе зар қылма.
Апаңды әкем алды ғой
Сауын айтпай Арғынға. –

Баланың өлеңіне ел қарықты,
Жақ талып, көз жасаурап шек қаныпты.
Сандыбай топта отырған бір жымып,
Ақырын: «Әй, балақай...» деп қалыпты.

– Ей, Тайжан, ана көрдің, ата көрдің,
Біреді күн біздің елге жата келдің.
Сұрағаның өлең ғой – жолың болсын,
Ақ көңілден арнайы бата бердім! –

Осылай Сандыбай той атқарыпты,
Ел көрген қызық думан жатталыпты.
У да шу таң атқанша ойын болып,
Қонақтар мәз-мейрам боп аттаныпты.

Ат үстінде

Келеді заманының қос бұлбұлы,
Келеді сахараның қос дүлдүлі.
Тербелтті, тебіреңтті сай-саланы,
Естіліп екеу емес, көштің үні.

Қос жорға астарында ентелейді,
Жібек жел беттен сипап еркелейді.
Бір әннің басын бастап, аяқ жағын
Ыбекең үнсіз ғана келтелейді.

Құйындап, кейде шалқып ән кетеді,
Орман-тау жаңғырығып мәңгі өтеді.
Кең жерде емін-еркін «Гәккулетсе»,
Жұмаққа көз жұмылып, тән кетеді.

Торы бесті билей басып жорғалайды,
Сауырдан ақ көбік тер сорғалайды.
Төрт тұяқ перне басқан бес саусақтай
Ырғағын туар әннің қорғалайды.

– Қарақат көзді, сым саусак,
Жүрмін ғой, сәулем, сізді аңсап.
Болар ма едің орнында,
Әдейлеп іздеп біз барсақ?

Көңілдегі еленді
Баса алмадым, кел енді.
Қайғыдан, қалкам, сақтап қал,
Дел-сал болған денемді.

Етің аппақ қардай бар,
Тілінде шырын балдай бар.
Ел шетінде жол тоссаң,
Еркінді маған арнай бар.

Көлдегі сенсің аққуым,
Көңілдің көрші шалқуын.
Өзіңе, сәулем, табынам,
Оралғандай «Гәккуім».

Гүл-гүл бетің үлбіреп,
Құбылсаң тулар бұл жүрек.
Ән тілімен әсемдеп,
Бейненді салам үлгілеп...

Тарындық етпей «қой-қойлап»,
Аз емес дұшпан тор қоймақ.
Ертіп кетші тулақтар
Мәстегін қалсын борбайлап. –

Ыбырай шалқып-толқып тоқтағанда,
Тайжан да ойда барын топтаған ба?..
Өзге жыр туар ма еді осындайда,
Нағашы ғашық жаққа соқпағанда.

Әлгі ырғақ әні жаңа бастағаны,
Келісті кең құлаштап саспағаны.
Тың тума түсіп жатты алтындатып,
Көкіректен күмісім деп тастағаны.

– Қаракөк жорға,
Тайпалшы жолда.
Сағынтты сәулем,
Мен жүрмін зорға.
Аң жортса самсап,
Қызыққа қансақ.
Құралай көзді
Келемін аңсап.
Ақ тілек айым,
Ақ жүрек дайын.
Ән заулап келді
Еске алған сайын.
Көкіректе күйік
Жатпақшы сыйып.
Бір сені, сәулем,
Өтемін сүйіп. –

Тағы да күлді Тайжан неге сақ-сақ,
Созылды қара сырнай бірге қақсап.
Сорғалап сылаң қағып ән келеді,
Оралып өлең жылжып тілге тақпақ.

– Акку, шағала,
Келші жағаға.
Сағыныш салыпсың,
Сәулем, санаға.
Алыстан аңсап
Күлемін жаңсақ.
Қасымда жүрсең
Күлер ем сақ-сақ... –

Тайжан да, сырнайы да күле қақсап,
Киіктей ән жүйткіді сылтып ақсап.
Күледі Тайжан-сырнай,
Осылай ән туыпты аты «Сақ-сақ».

– Ақындық ғашықтықтың азабы ма?
Ақындар махаббаттан жазалы ма?
Тайжан-ау, – дейді Ыбырай, – әнің ұнар
Сөз білген бұл заманғы қазағыңа.

Әсерлі, әні, сөзі тартымды ғой,
Ақ сәуле көкірегінде таң туды ғой.
Нәшіне келген екен жас шабытың,
Енді сен көне күйді тартуды қой.

Жолыңның кезі келді оңалатын,
Белгілі биіктерге қонар атың.
Бұл елде көңілге алған ару жоқ па,
Еліңе екеу болып оралатын?

Демеймін менен сырың жасырынды,
Махаббат шығарады асыл үнді.
Қанекей, әнге қосып мақтап қойшы,
Еліңде көңіл кеткен ғашығыңды. –

Ыбырай күле түзеп көзқарасын,
Нәштеді баптағандай өз баласын.
Оңаша есту жайлы шешім етті,
Тайжанның таба білер сөз бағасын.

– Ұғындым сөзіңізді, нағашы аға,
Қанықтым талай қызық тамашаға.
Махаббат – жүрегімнің әмірі ғой,
Салмаймын сізді ешбір арашаға.

Адамның қанша дейсіз ғұмыры бар,
Ғұмырға жетер жүрек дүбірі бар.
Қалқаның құлағымнан кетпес мәңгі,
Бұлбұлдың бұлағындай сыбыры бар.

Сұлу бар біздің елде Өркен деген,
Құдайым оны ғажап көркемдеген.
Бата тілеп келгенім рас еді,
Содан кейін айтысып көрсем деп ем.

Өркеннің көзі нұрлы, жүзі аппак,
Таңсығым бал-шырынын үзіп татпак.
Акқұба, бидай өңді, лала гүлдей,
Өсірген ата-анасы үздік баптап.

Кездестік Кішітауда жиын-тойда,
Қыз деген онда біздің жоқ қой ойда.
Өткір тіл, бұлбұл көмей әнші екен,
Айтыстық көп ішінде көрген бойда.

Намысшыл өткір екен жиын топта,
Түсірді мені лаулап жанған отқа.
Келістім, тең түстік деп табаламай,
Шар басым айналғандай жұмыр допқа.

Төгілме ақындығы анық екен,
Маған да сырттай көптен қанық екен.
«Жеңген адам алады» деген серті,
Жүрегі өзге адамға жабық екен.

Әкенің сөзі басқа айла асырған,
Сыртымнан байдың қызын жайғастырған.
«Үйі бай, өзі жуас, – елі момын,
Бір құдай өзі, – дейді, – байластырған».

Бакытын таба берсін бөтенменен,
Дүниеден қосақсыз да өтем дегем.
Дені сау, саңылауы бар адам болса,
Үміт көп байға тиіп кетер деген.

Өркенім армандайды көргенінше,
Тосады өлгеніме сенгенінше.
Әлгі қыз ұзатылды деген хабар
Асықпан ауыл жактан келгенінше.

Айтпадым бұл сырымды адамға да,
Біледі үйдегі тек анам ғана.
Бата алып келемін деп жүре бердім,
Салт қамшы, сабау басты жалаң ғана.

Ел көріп кешке қарай ат желікті,
Екі ақын бере салды басқа ерікті.
Гуілдеп қауқылдасып үйге кірсе,
Сүйінші! Ұлытаудан хат келіпті.

Сәлем хат кірешілер тапсырыпты,
Жазыпты азын-аулақ жақсылықты.
Тайжанға арнай жазған бөлек қағаз
Ішінен кішірек бір хат шығыпты.

«Сұраймын бір Алладан жұбанышты,
Жан анаң осы күнде қуанышты.
Бекбике әкең айтқан белден асты,
Есен жүр өзің құштар сұранышты.

Жұбанам, қуанамын денем балқып,
Құлыным, өзің үшін ерен шалқып.
Осынау үшбу хатты оқыған соң,
Ауылға жетсең етті жедел қайтып».

Әнекей, Тайжан сонда жымырайды,
Томпақ көз қусырылды, сығырайды.
Ортеке орақ мұрын ойнақтады,
Қара мұрт елін көксеп қыңырайды.

Қоштасу

Жол алыс, нағашыдан ат баптанды,
Сағыныш асықтырды атпақ таңды.
Атығай, Қарауылдың ортасында
Қоштасқан Тайжан сөзі тақпақтанды:

– Халайық қаптағайлап төніп отыр,
Боларын бір қызықтың көріп отыр.
Қанекей, нағашылар, сөзім тыңда,
Түсетін келді, міне, кезім сынға.

Аңсаған бір көруді Көкшетауға,
Келіп ем кірешімен еткен сауда.
Өмірлік өнер таптым ауылында
Сал-сері Үкілі Ыбырай қауымында.

Өнеге сабақ алдым ақындыққа,
Ақындық келеді екен батылдыққа.
Өлең алдым татырлық жақындыққа,
Жиен жолы жиенге татырлыққа.

Келіп ем алыс жатқан сіздерді аңсап,
Медет қой қуанышпен елді тапсақ.
Қоштасып ән шырқайын баспай жаңсақ,
Сырнайым өзімменен күлсін сақ-сақ.

Сағындым туған жерімді,
Сайранды думан елімді.
Ата-бабам мекені,
Тау-жота, құба белімді.

Сағындым туыс қауымды,
Думанды дархан ауылды.
Сағындым Жезді, Кеңгірді,
Сағындым Ұлытауымды.

Сағындым бала күнімді,
Аңсадым аға-інімді.
Өлгендерге бір дұға,
Көрсемші есен тіріңді.

Сағындым, еркем, үніңді,
Толассыз тойлы түнімді.
Тал бойында жол күткен,
Көрсемші қос бұрымды.

Жат жерді шарлап өскенім,
Қызықты сайран кешкенім.
Нағашылар, мың рахмет,
Бөтен бала деспедің.

Қолынан келмес әкемнің,
Басыма бақыт әпердің.
Сабақ алып саңлақтан,
Жобасын білдім қатердің.

Өнер дәмін тата алдым,
Зейінге зерде хат алдым.
Нағашылар, мың алғыс,
Ақын Тайжан атандым!—

Жиені, інісі ме, досы ма екен,
Көңілдің қоштасарда босы ма екен?
Ыбырай айтты деген сөз калыпты,
Батасы арнайы айтқан осы ма екен:

«Суаты құмдақ көл қайда?
Ел саңлағы ер қайда?
Ақын Тайжан қоштасса,
Үкілі Ыбырай, сен қайда?

Шабытты кезім шалқыма,
Құлақ сал сөздің нарқына.
Жиенжан, еліңе аттансаң,
Қалармын қарап артыңа.

Сай-саладан өтерсің,
Самалды белге жетерсің.
Көргеніңді Көкшеде
Өнерге қуат етерсің.

Таңдайыңда татым бар,
Ақын Тайжан атың бар.
Еліңде де тел өскен,
Туыстан артық жатың бар.

Еліңде тайғақ жар да бар,
Талықсаң татар тал да бар.
Елдің жолы, ер жолы,
Ел сүйер досты таңдап ал.

Қаумалап бәрі қамалар,
Біреулер бұрыс бағалар.
Кейбіреу бетке жылтырап,
Сыртыңнан жау боп табалар.

Елінде де туыс бар,
Келген күні уыстар.
Байдың сөзін сөйле деп,
Ұрпағыңа ту ұстар.

Асылды асқан күндеме,
Ақылдыны тілдеме.
Ежелгі достан айырылма,
Бай қонды деп іргеме.

Жабыққанға дәру бол,
Дәрменсізге қару бол.
Ел қиналса бірге бол,
Сыйластыққа зәру бол.

Сағымы сары бел қайда?
Сағынған елін ер қайда?
Байқап бас, асау жиенжан,
Ер сыйлайтын ел қайда?

Кім қарағай, кім терек?
Айтар оны шын зерек.
Айтысқа түссең көз көрген
Жадында болсын мың дерек.

Тебінгісі тең ақын,
Тегіндікпен берілмес.
Текті сөз білмей кей ақын,
Көк мылжыңға ерінбес.

Сондайда сөзді салмақта,
Тұлпар да шөгер шаңдаққа.
Қызылшыл пенде келмей де,
Ілінер жайын қармаққа.

Сөзінді зая кетірме,
Шытынап бекер шетілме.
Күлтесін айтып мін тақпа,
Күзелген байтал кекілге.

Тырна акку болмайды,
Болса да көңіл толмайды.
Ынсапсызбен айтыспа,
Бет тырналап қорлайды.

Жастық – мастық дегізбе,
Жастан жүйрік көп ізде.
Ағылып кеп өзендер,
Құйылар ұшан теңізге.

Жаттасын шәкірт әнінді,
Жалғасын құрап сәнінді.
Шәкіртсіз ақын тұл жетім,
Жастарға көрсет тәлімді.

Қарақат көзді қалқаға,
Қалауын тап та ән қала.
Елі-жұртың шырқасын,
Жүрекке жүрек жалғана.

Екі ауыз сөз қолқамды,
Тыңда тұздық, тортамды.
Көз жұмғанша жырлап өт,
Туған жер, қауым, ортаңды.

Жалына көрме болысқа,
Ел тілеген жол ұста.
Бақытты заман тілей бер
Қазаққа да, орысқа.

Елге оралганда

Ел у-шу:
«Тайжан келді! Тайжан келді!
Ол келсе,
Меккеден бе, қайдан келді?»

Біреу айтқан жынданып өтіпті деп,
Біреу шатқан ұрланып кетіпті деп.
Әйтеуір сыбыс, өсек елдің ісі,
Тарқайды сымсыз хабар елдің іші.

Асықпай тосты,
Өркен де армандады,
Адамның сондай болсын алған жары.
Мінекей, елге оралды,
Аман келді,
Таңдантты, таңыратты тамам елді.

Жиналды тойға ағайын өлкемде бар,
Ішінде құрбы-құрдас Өркен де бар.
Мекке ме,
Көкше Мекке көкесі ме?!
Өзі айтар сөздің сайып төтесіне.

Еліне, Өркеніне арнағаны,
Сондағы ақын Тайжан салған әні.
Бұл күнде елден естіп біздер айтып,
Жақсының сөзі өлмей жалғанады:

– Халқым сүйіп қойыпты атым Тайжан,
Ғибрат алдым Үкілі Ыбырайдан.
Ақынмын нағашыдан бағы ашылған,
Әкелген қолымда жоқ басқа пайдам.

Мен келдім Көкшетаудан елімді аңсап,
Жақсы ғой әнмен кеуіл емін тапсақ.
Салайын сүйтіп айтар әніме мен,
Сырнайым өзімменен күлсін сақ-сақ.

Көз тойды көріп-білген танысыма,
Қанықтым Ақан, Біржан дабысына.
Қоскөл мен Саумалкөлдiң арасында
Құмарттым Құлагердiң шабысына.

Мен көрдiм жел желкенi Жалғызтауды,
Қарағай, қайың, терек бауыры баулы.
Жирен тал, кара мойыл қаулай өскен,
Қамсақты жағасында Ыбырай ауылы.

Саумалкөл аққу-қазға мекен екен,
Қиқуы көкірекке жетеді екен.
Тiл ұғып, дыбыс сезген пенде болсаң,
Әншi, ақын болмай өту бекер екен.

Мен көрдiм сылқым сұлу Сырымбеттi,
Сан сайран алқабында дүбiр өттi.
Жерұйық, маңайым ән, жан масайрап,
Ақындық көкірекке ұрық ектi.

Сол шығар ақындықты бастағаным,
Жаттадым Ақан, Біржан асқақ әнiн.
«Гәккуiн» Ыбырайдың мың бұралтсам,
Өзiндей қимыл жасар қас қабағым.

Бiр ноян Балуан Шолақ жариялы,
Тараған шартарапқа «Ғалия» әнi.
Ер екен жан аямас жолдасынан,
Досы үшiн кешiп өтер дарияны.

Болдым мен Ыбырайға аз күн шәкiрт,
Өлеңмен жүрегіме тактым жақұт.
Өзiндей болмасаңда ұксап өту,
Басына бiр адамның таптым бақыт.

Онда да жаз жәрмеңке дуандар бар,
Дүбiрлi көп думанға құмарлар бар.
Кедей бар мал соңында бүкшендеген,
Төре бар, елдi сорған жуандар бар.

Жүріппін соның бәрін үйде білмей,
Жаттықтым тек қана бір тілге мірдей.
Ай мен күн баршаға ортақ болса-дағы,
Болмай тұр бәрімізге дүние бірдей. –

Сол кезде оқыс дауыс шықты көптен,
Сөзі мірдің оғындай түсті көктен:
– Баяғы біз білетін Тайжанбысың,
Жат жерде құдайыңнан тайғанбысың?!

Менің кім екенімді айтсандаршы,
Ел кезіп жүрген жынды қайдан білсін. –

Сонда Тайжан сөйледі іле шалып,
От ойнап қаршыға көз күле танып.
Сырнайды ырғай тартып шыркап берді,
Әлгінің кім екенін біле қалып.

– Найманда мен көрмеген пенде бар ма?
Шалдуар шырық бұзар елде бар ма?
Болмаса індет сіңген сорлы байғұс,
Үшкіріп жіберетін емге зар ма?

Аралап келіп едім Көкше жағын,
Сайранда сен де мендей өссе бағың.
Көкей байдың баласы Көпейсің ғой,
Ауылда шәуілдеген Көкшолағым.

Қалай шықпай жүр екен жаның бүгін,
Желге кетті-ау қаншама малың шығын.
«Көрпесінен Көпейдің сактай көр» деп,
Есімде қашып кеткен қалыңдығың.

Үйіңнің іргесінде катер жүр ғой,
Ұлыққа пара беріп әкең жүр ғой.
«Көкей болыс болғанша, Көпей катын алғанша», –
Деген бір ел аузында мәтел жүр ғой.

Айтпасам бар мініңді тел түгендеп,
Шошыман қаһарыңнан мертігем деп.
Еліңде сондай бар деп басқа ақындар
Қорқамын өз алдыма келтірер деп. –

Ашумен әлгі шонжар шығып кетті,
Кім білсін неге жылдам бұғып кетті?
Ол пәле оңайлықпен ойсырамас,
Томсырайса зор айтар бұзық кекті.

– Сөзді бұзып жіберді содыр сокқан,
Күрең озды дегенде құба жортқан.
Ал, халайық, әнімді жалғайыншы,
Көкше жайлы өлеңді шүбә қорытқан. –

Деп бастап Тайжан ақын қайта келді,
– Қисапсыз нағашыдан алған белгі.
Әкелдім Үкілі Ыбырай «Гәккулерін»,
Ақан беріп жіберді «Маңмаңгерді».

Мұнартып кербез Көкше көгереді,
Ерке Есіл белбеуленіп бөгеледі.
Қоштасып қала берген нағашы жұрт,
Назына жан дүнием бөленеді.

Мен келдім Бағаналы Балталыға,
Ел шетін көріп шерім тарқады ма?
Ұлыңның сәлемін ал, Ұлытауым,
Құшақ жай, Айыртаудай алқабы да.

Емшектас құрдас қыздай сыландайды,
Жүрегім бір тамаша жыр аулайды.
Туған жер, ыстықсың ғой қайда жүрсен,
Сағынбай адам сауық құра алмайды.

Жүгірген құмды аралап жеті өзенім,
Сағындым тіке жартас жар кезеңін.
Жалаңбас, жалаңаяқ шапқан жерлер
Желінен жұпар иіс, бал сеземін.

Мен-дағы жорға болып тайпаламын,
Жадымда қалды ұстаздан байқағаным.
Ұлытау, әнге бөлеп аспаныңды,
Қазақтың ақыны боп жайқаламын.

Мен келдім Көкшетаудан елімді аңсап,
Басқам жоқ бөтен жерде ешбір жаңсақ.
Ей, қалқа, топ ішінде бір көрінші,
Сырнайым өзіменен күлсін сақ-сақ –

Ән қандай үні үстем сөзі айқын,
Күй қандай татқан сайын татымдайтын.
Ел-жұртқа естілмеген сыр ақтарып,
Кез келді құдайлыққа жақындайтын.

Тербелсе жорға бүлкіл желіс сақтап,
Шығарар қара сырнай үнді шақтап.
Сарыарқа ақ сағымын желбіретіп,
Сырнайы өзіменен күлді сақ-сақ.

Өткір көз көктен жұлдыз санап қайтып,
Жасқантып пендені тік қаратпайтын.
Теңселген су жорғадай майқаң-қайқаң,
Он саусақ сырнай-керней жалақтайтын.

Ақиық қыран құстай саңқылдаған,
Дембелшең шымыр дене, алқымды адам.
Махаббат мұңын шегіп мамырлатса,
Қосылып көлде аккумуля-қаз қаңқылдаған.

Халайық жалыкпады жадырауға,
Қолпаштап жағы талмас жамырауға.
Сәт туды ай айналып, жұлдыз шошып,
Тас керең тіл бітетін саңырауға.

Айта алмай ғашығыңның анық атын,
Кез келді көре тұра сағынатын.
Ісініп мама бие сауын жетпей,
Ақ тайлақ күйісінен жаңылатын.

Кермеде тұлпар жерді тарпынатын,
Жануар кісінеп іш тартынатын.
Дидарын бір көруге үздіккен ел,
Күн туды билік бермей алқынатын.

Әудемде көз салғандай сырғалыға,
Тез өтті бір бабынан бір бабына.
Тайжекең басты сонда сақ-сағының
Ел білмес һәм үр жаңа ырғағына:

– Акку, шағала,
Келші жағаға.
Сағыныш салыпсың,
Сәулем, санаға.
Алыстан аңсап,
Жеттім ғой шаршап.
Масайрап, масаңсып,
Күлемін сақ-сақ.
Халайық самсап,
Сұраса қақсап.

Сырнайым, сен де күл
Өзіммен сақ-сақ.
Саябыр сап-сап,
Қаңқылда гәк-гәк.
Біз күлсек қосылар
Самал жел сақ-сақ.
Сырнайым, сен де күл,
Өзіммен сақ-сақ...
Қалқатай, сен де бір
Күлсейші сақ-сақ... –

Тайжан да, сырнайы да сақ-сақ етті,
Аспап та адам болып тақ-тақ етті.
Даланың ақ сағымын ән қуалап,
Естір жан сақ-сақ күліп жаттап кетті.

Таусылмас сыры Тайжан, Ыбырайдың,
Астында жатыр тұнып жұмыр айдың.
Айтуға әрі қарай қолым тимей,
Басқаша жұмысыма зымыраймын.

Менің де осы жерде жігіт шағым,
Тапты ғой өмірдегі үміт бағын.
Жыр толқып тебіренген күндерім көп,
Жезкиік желіктіріп күміс сағым.

Ұлытау, Жезқазғанды тамашалап,
Тайжанды жалғастырдым жаңашалап.
Кен қаздым,
Өлең жаздым, қала салдым,
Кең қолтық қанат жайды жаңа талап.

Тайжанның елін білем, жерін білем,
Үндестім малшы, кенші, егіндімен.
Жерден жез, елден жырға азық алып,
Табаным үзілген жоқ тебінгіден.

Акынның сөз еткенім ерте кезі,
Өмірге құлақ салмас ерке кезі.
Сұрар да мүмкін менен қайда екен деп
Елінде аңсап тосқан қара көзі?

Әлі тың осы күнде Өркен шеше,
Ақ кемпір, ән базары, көркем шеше.
Бастарда дастанымды әдейі барып,
Жүздесіп, амандасып көргем кеше.

Тайжекең туған елі Ұлытауда,
Ежелгі биіктердің сыры тауда.
Сол таудың бөктерінде жыр толқытса,
Кемеңгер басқан ізін ұмытам ба?

Сұлу ән, отты жырға табынамын,
Жанымды шарпығанда табыламын.
Қос тоты, замананың қос бұлбұлы –
Кей-кейде екі шалды сағынамын.

Ән бейім өздеріндей үнді таптым,
Сәт түсіп, сәскесі мол күнді таптым.
Әрине, қоштаспаймын Тайжекеңмен,
Жүрегім жабылмайды,
Жырды таптым.

1973.

Жезқазған

ҒАСЫРҒА ТЕҢДЕС БІР МЕЗЕТ

Бұдан 30 жылдан астам уақыт бұрын жазылып, жарық көрген осынау поэмаларды да көптомдық шығармалар жинағыма қосуды жөн көрдім. Өйткені заман өзгеріп, уақыт алмасса да ерлік мәңгі жасай бермек. Кеңестік кезеңге тән ой орамдары мен сөз саптастары да өзгертусіз берілді. Ол да бір заман...

Кіріспе

Ой оранса пәк сезім сәулесіне,
Ақын түсер жан құштар әуресіне.
Жайшылықта үйлеспес сөз жүйесі,
Шабыт деген жүгінер тәубесіне.

Ғайып қиял көкжиек тамашаның,
Қиырына жетсем деп таласамын.
Мұхит кешер Магеллан болып тұрмын,
Құрлық ашар алдымда жаңаша бір.

Нар тәуекел,
Ұмтылсам кереметке,
Жол бағытын отырмын межелеп те.
Ғарышқа ұшар Гагарин болып тұрмын,
Қазір кемем кіреді өлең-өртке.

Қыран-көңіл үмітшең ұмсынады,
Сәтті мезет сергітіп құлшынады.
Алғашқы сөз – ақ тұйғын қылаң етсе,
Көкірегімде рауандап күн шығады.

Сонда менен сұрасаң
Атым кім деп,
Айтар едім қаймықпай ақынмын деп.

Айтарың кім дегенде,
Жауабым сол:
Бұл дастанда көреді батыр құрмет.

Ескегімді ұмтылсам батыл есіп,
Жаксылыққа жаттықтым жақын өсіп.
Көкірегімде өр толқын жатыр көшіп,
Жыр өзегі – Александр Матросов.

Бой көрсетті, энекей, тау етегі,
Қазір жарық Еділге сау етеді.
Матросовты ойласам
Таң сәріден,
Көз алдымнан жасқанып жау өтеді.

Жауды жеңген ғасырдың ғаламаты,
Табындырса Советтің азаматы!
Мәңгілікке от-жалын құшып кірген,
Матросовтармен биік қой адам аты.

Отты жылдар ұлғайтқан жалын демін,
Матросов! Сен қандай дарынды едің?!
Ерлікті айтсам самғамас жыр не керек,
Менен де бір тың ағын сағынды елім.

Аңыз адам.
Жігерлі ұшқыны көп.
Оны жырлау – ауыр сын,
Күшті міндет.

Төс қақпаймын
Кем түспес күштімін деп.
Шабыт келді,
Қозғалды ішкі міндет.

Ивановка детдомы

Болды ғой осы үй
Талай жыл құтты тұрағы,
Тағдыры берген бақыттың бастау бұлағы.
Дәл осы үйден дзотқа жетер жол шықты,
Сүріндірмей өмірдің өктем сынағы.

Алтын ұя құт мекені өзінің,
Оятты осы үй
Дүниетану сезімін.
Ерлік те оған келді деме теп-тегін,
Саша өткерді жетімдіктің мектебін.

Осы үйде өтті май-махаббат көктемі,
Сайда бұлбұл сүйсінтті әуен төккені.
Тап осы үйде қыз бұрымы көз тартты,
Сыбызғы әні сырын айтты өкпелі.

Он бір менен он бес жастың арасы,
Оянды ерте ойшыл, зерлі санасы.
Сырын айтып қызыл-жасыл гүлдермен.
Асыл мекен болды Еділдің жағасы.

Жауқазын күрек
Бұйығы емес жаңашыл,
Табиғат та ақтарды сырын бар асыл.
Жылқы бакқан түндерде
Көз ілместен,
Аңсап та кетіп ойлайтын ғазиз анасын.

Қара түн жаркын жұлдыздарын самсатқан,
Ұмсынтса да кезі жоқ бекер шаршатқан.

Таң атқанда қайталап келіп толқын ой,
Сұлу қиял
Ысқырған желге қарсы аққан.

Бәрі де айқын.
Ештеңе жоқ боянды.
Өз көргенім жүректі шымшып, оянды.
Шымырлап денем,
Шыдай алмас сәттер кеп,
Лықсып көзге ып-ыстық маржан таянды.

Портреттегі түскенде көзім көзіне,
Ұқсаттым оны өзімнің бала кезіме.
Ойламап ем Матросовты жетім деп,
Бүкіл Отан туыс боп кеткен өзіне.

Кейде бір жұрттан бөлек кетіп, кеш қалам,
Тұсалып аяқ, баяғы күнді еске алам.
Тәрбиешілер, ұстаздар көзге елестеп,
Келеді айтқым: қателік болса, кеш маған.

Толғанғаным жетімдерді көргенде,
Бәрі тұр айқын
Мөлдіреп жүрек-көрмемде.
Сырымбеттегі пансион біздің елестеп,
Жүргендей болдым
Көп бала жатқан бөлмемде.

Кейде осылай
Айтып алу орынды,
Жаутаңкөз күнде бітпестей көрген сорынды.
Соғыс жылдар
Әкені ойлау аз ба еді,
Беймаза тірлік қоршаулай берсе жолынды.

Қойшы, бәрін қайталаудың жөні жоқ,
Тіріміз ғой кетпеген соң өлі боп.
Қарындасым Нәзипаны ойладым,
Өсіп еді-ау өмірі детдом төлі боп.
Елік мінез, елгезек әрі секемшіл,
Сол өмірдің көкірегінде мөрі көп.

Соғыста өлді
Көре алмай әке тентегін,
Әйтпесе жырға қосар ма ем
Бәрін мен тегін?!
Жоғалтып алып отыз жыл өтіп кездестім,
Басталды оған
Ағатай дейтін ерке күн.

Ата-анадай детдомдар кезек өсірді,
Мол қамқорлық қасірет ізін өшірді.
Нәзік бала тең құрбыдан кем қалмай,
Білімді алды. Сүйгеніне қосылды.

Болсын, мейлі, бұл үй де өмір сынағы,
Жетімге жайлау, өз үйі болып тұрады.
Нәзипа өскен детдомдардан аумайды,
Ивановка – Матросовтың тұрағы.

Ауытқып кетсем,
Ол – жүректің өмірі,
Детдомда өсті елімнің ерен сан ұлы.
Ашкөздіктен шат көздікке жеткізген,
Детдомдардың тәлімі.

Не десек те, Саша, сені расында,
Қанатына алды осы үй жасында.
Қызық екен, қонысың жақын Еділге,
Ульяновскінің қасында.

Сезімнің тылсым
Сөйлесе жатық пернесі,
Тереңде жатқан ашылар ойдың көрмесі.
Дәм-тұз айдап әкелген деп жоримын,
Болуға сені Лениннің жерлесі.

Естілсе атың
Ерлігің айғақ себеппен,
Жол бақыты!

Жол сәтті ғой сен өткен!
Ата-анадан айрылсаң да тым ерте,
Жасыңда көрген тәрбиеге жоқ өкпең.

Қатал тағдыр бала күннен ұстасқан,
Шын босатты құрсаулап мәңгі қыспастан.
Есіміңді жұлдыз етіп келеміз,
Әкеміздің ерлігімен ұштасқан.

Алғысымның сырын ұқсаң затынан,
Түлектерін үндесуге шақырам.
Қара нанның таңдайға дәмі татыған,
Пансиондардың,
Детдомдардың бәріне
Алғыс айтам матросовшылар атынан.

Талай сезім лықсып тұр демімде,
Мың-мың рахмет
Айтқым келді кемінде.
Бар балалар үйлерінің атасы,
Бұл үлкен алғыс арналады Ленинге!

Бірінші әңгіме

Маған орыс ежелден,
Үлкен ағаң дегендей.
Ленин елін сезем мен,
Керуенбасы кемемдей.

Жүрегім, жылы наз ақтар,
Толғансам келер терең сөз.
Ақ Жайық – біздің қазақтар,
Ақ Еділ – орыс деген сөз.

Толқынға толқын мінгесіп,
Теңселсе теңіз Атырау,
Солармен еркін үндесіп,
Ернеуі толып жатыр-ау.

Матросовтың есімін
Айтқанда, толқып жүрегім,
Абайлап ашып есігін,
Бөлмеге үнсіз кіремін.

Жинаулы төсек, төсағаш,
Көркейткен шағын бөлмесін.
Кетсе де досы өте жас,
Бөлменің сыры көл-көсір.

Көгенделген көп түрлі ой,
Көңілге сыймар киындар.
Матросовпын деп тұр ғой,
Балаға қажет бұйымдар.

Суретін көріп,
Қайталап,
Легін жырдың сезді ішім.
Кездесу барын білуші ем,
Қарашы тілек келгішін.

Үмітім менің ақталды,
Әр кезенді бұлдайық.
Балалар көп сыр ақтарды,
Тоқтатпай сөзін тыңдайық.

Кішкентай ғана сары қыз,
Ысылған қанша ат жаттап.
Таң қаламыз бәріміз,
Сөйлесе Валя тақпақтап:

Елгезек бала қостағы,
Ісі үлкен, өзі кіші еді.
Сыйлайтын бүкіл достары,
Соңынан қалмай үш елі.

Әмбеге ортақ білгені,
Ұйымшыл, камкор, жәдігер,
Мәрттігі де үлгі еді,
Детдомның үздік сәні дер.

Сепсіз ойнап кеткен жоқ,
Балыққа құмар болды аушы.
Төс қаппады өктем боп,
Әлсізге болды қорғаушы.

Қатерге досты қимайтын,
Ауырға өзі түседі.
Ұстаздар да сыйлайтын,
Детсоветке мүше еді.

Жұмыста артық сөзі жоқ,
Жақсыдан жанға нәр алған.
Шашы қара, көзі көк,
Дембелшең шымыр жаралған.

Жанары толы жылулық,
Көрген жан көңіл бұратын.
Көкірегіндегі сұлулық,
Жүзінде ойнап тұратын.

Төңіректен әдейі сұраңыз,
Білуші атын көп еді.
Беретін оған жұбаныш,
Әркімге еткен көмегі.

Біздерге қымбат бұл кеңес,
Демессіз бекер, мақтау сөз.
Бар еді дәлел іздемес,
Детдомдас досы айтқан сөз.

Отыз алтыншы жылдың жазында,
Мертікті досы Синягин.
Ұшыққан аяқ жазылмай,
Жүргізбей көп-көп қинады.

Жазғы лагерь «Жеті емен»,
Бұлағы жанды баураған.
Еркелік көптік ете ме,
Көгалда ойнап, аунаған?

Гүлдерден аңқып хош иіс,
Толтырса жұпар ауаны,
Аурудың жаны тым-тырыс,
Жалғыздық таппас дауаны.

Өзгелер ерсе асырға,
Сашаның жүгі мол еді.
Жарымжан достың қасында,
Жәдігер жалғыз сол еді.

Атқарған іске беріліп,
Биіктеу етсе бітікті,
Қоларбаға жетіліп,
Ваняны жаздай күтіпті.

Екінші әңгіме

– Өжеттік оның бастауы,
Қатерден шошып үрікпеді.
Жалтақтық деген қас жауы,
Шындықтан бойын ірікпеді.

Қою түн. Еділ жағалау.
Тоғайдың шеті оймауыт.
От жағып отыр балалар,
Ай қараңғы, мол қауіп.

Бір кезде қатты састырды,
Шұрқырап құлын кісінеп.
Балалар көрді қасқырды,
Үйірлі жылқы ішінен.

Құлынға қасқыр оңдалып,
Шошытса өңшең баланы,
Ұмтылды Саша қолға алып,
Оттағы жанған шаланы.

Үйірге үркек қосылып,
Құлыншақ есен қалыпты.
Өзгелер қашса шошынып,
Ерлігін Саша танытты.

Түскендей қапа басқа мұң,
Балалар шошып үрпиген.
Білдірмей жанға сасканын,
Сол жерде Саша үлкейген.

Есімі жетсе алқапка,
Қасқырдан құлын қорғаған,
Қорғаушы болып әр шақта,
Елестейді ол маған.

Осындай ғажап әдемі,
Баурады сөзі жанымды.
Әдемі Валя әуені,
Не айтса бәрі нанымды.

Осы үйдің бұл да баласы,
Ізеті көп ағалық.
Сашаны сыйлар санасы,
Қарындасы саналып.

Қызығы шексіз,
Қолдау көп,
Көңілім әңгімесінде.
Нәзипа сондай болды-ау деп,
Болжау да болды есімде.

Соғыс жоқ көптен елімде,
Балалар үйі бар бірақ.
Кетеді сұрақ кейінге,
Келеді қайта жаудырап.

Сүйсінсе сөзге кең жиын,
Ішімнен мен де тебіренем.
«Ата-анаң қайда?..» деу қиын,
«Шіркін-ай, шіркін!..» дей берем.

Сынбасын бала сағы да,
Сұраққа біздер бармаймыз.
Матросов жайлы тағы да,
Әңгіме-дүкен жалғаймыз.

Үшінші әңгіме

Сөйлейді Валя құлшынып,
Көкейге түйген бағытпен.
Тербелер нәзік гүл шыбық,
Әсершіл ерке шабытпен.

Орайлы сөзге құмартып,
Сүйсінген жаным дір етер.
Балаға кайтем сын артып,
Айтқанын жаным жыр етер.

Матросовтық туады-ау,
Валяның ертең өзінен.
Сәби ниет шын адал,
Құлшыныс сезім сөзінен.

Тыңдаймыз елтіп баланы,
Кідіртпей ешбір сөз бөліп.
Сөйлейді жанып талабы,
Үлкенсіп өңі өзгеріп:

– Жалын боп жаны жанғанда,
Емес-ау оған бәрібір.
Қос дзотты алғанда,
Тасадан туды тағы бір
Өңеші жылдам тарылғыр.

Гранат колда таусылды,
Винтовка оғы ол бітті.
Борады нөсер атқан оқ,
Үшінші дзот өндірді.

Шабуылға ұмтылған,
Артында достар қыруар.
Жеткізді намыс бұл сынға,
Әйтпесе бәрі қырылар,
Жер бітті кейін бұрылар.

Әйтпесе...
Жау желігер,
Қайтадан қаны қызынар.
Әйтпесе... оның несі ер,
Әйтпесе, бұйрық бұзылар.

Уақыттың шапшаң тезіне,
Уытын сезім тамызған.
Елестеп кетті көзіне,
Прометей алыс аңыздан.

Ар-ұят төзбес кемдікке,
Ол – Советтің түлегі.
Жеткізді оны ерлікке
Корчагиншіл жүрегі.

Жалын боп жаны жанғанда,
Емес-ау оған бәрібір.
Қос дзотты алғанда,
Тасадан шықты
Тағы бір...

Еңбектеп жетсе дзотқа,
Есінде Еділ жағасы.
«Тайсалма, – деді, – бұл оттан», –
Елестеп қайран анасы.

Шайлықса егер дзоттан,
Дұшпаны елді табалар.
«Тайсалма, – деді, – бұл оттан», –
Детдомда қалған балалар.

Ұмтылса отты дзотқа.
Ар-намыс жеңді жүрегін.
Шайлықпай отқа,
Лап берсе,
Жарк етті көзге Ленин.

Ол адал, таза өткізді
Фашиспен соңғы ұрысты.
Дзотқа оны жеткізді
Сүйгендігі Русьті.

Дақ түспесін теңдікке,
«Қарсылас,
Осы үкім!» дер.
Жеткізді оны ерлікке,
Советтік біздің бүкіл ел!

Төртінші әңгіме

– Тынды ғой дзот үні өшті,
Чернушки жаудан алынды.
Қостады достар бұл көшті,
Ерлікке тың жол салынды.

Жау жалтарып қаша ма,
Тұншықты дзот. Тұншықты.
Туған ел разы Сашаға,
Фашистің жаны түршікті.

Өлімге болмас кім қапы,
Маңызын ұқсаң салмақтап,
Көтерілді бір саты,
Адам деген ардақты ат.

Салса да соғыс сан бүлік,
Әділет бұзбас күзетті.
Оны да құшты мәңгілік,
Ол құшканда дзотты.

Дүние дүр сілкінді,
Аруак жанын қысқандай.
Онсыз да аз күлкі іркілді,
Кім шыдар жауға сұстанбай?!

Қайталаған бұл істі,
Ерлердің, міне, тізімі, –
Деп алды бала тынысты,
Бәсеңсіп қайсар қыз үні.

Ой бармаған жер бітіп,
Телміртті қайда терең көз?
Жіберді бойды сергітіп,
Баймағамбетов деген сөз.

Құшақтап дзот өңешін,
Өртеніп кеткен өкінбей,
Ленинград үшін ол есім,
Неваның бауыр етіндей.

Тың өлке оны сыйлайды,
Есінен ұлын тастамай.
Ол үшін егін жинайды
Күлшесі күмбез Қостанай.

Кейінгі ұрпақ сыйлайды,
Ерлікке сондай қансақ біз.
Ол үшін егін жинайды,
Қарындасы Кәмшат қыз.

Бесінші әңгіме

Сөйлейді бала тағы да,
Бір арна өжет бағытпен,
Жанарда ұшқын жағыла,
Сөйлейді ұшқыр шабытпен:

– Қалса аты өмір төрінде,
Білінер көп сыр сөзімнен,
Барған жоқ Саша өлімге,
Санасыз соқыр сезіммен.

Арайлы болса таң шағы,
Қырандай еді қиялы.
Әрине, ол да аңсады
Болуды үлкен ұялы.

Тау суындай ағынды,
Бойында жігер тасыған.
Сүйгенін ол да сағынды,
Кеудесін кернеп ғашық ән.

Жеткізді бізге бұл сырды,
Майдандас тірі солдаттар, –
Деді де Валя біртүрлі
Нұрланды,
Көзде жанды оттар.

– Хат куә шыққан қалтадан,
Лида қыздың есімі.
Уақытым жетсе айта алам,
Тым ұзақ сырдың шешімі... –

Деп бала сөзін жалғады,
Байсалды сақтап реңін.
– Лида атты арманы
Болғанын анық білемін. –

Сыр сарқылып қалмады,
Дәлел мен себеп бәрі асыл.
Анасын аңсау жалғады,
Детдом мен дзот арасын.

Өссең де кейін қай қолда,
Бір түйсік бар басында.
Шықсаң да ауыр қай жолға,
Жүрмей ме анаң қасыңда?!

Сөз емес айтқан жаңылыс,
Лида десе нанасың.
Толтырған сол бір сағыныш,
Дзот пен детдом арасын.

«Қайдасың, кайда, каламқас?!»
Дегім кеп тұрдым әлемге.
Кетті талай қыршын талай жас,
Ғашыққа жетпей сәлем де.

Батыр бол, әлде дана ма,
Жастықтың ортақ жолдары.
Қуаныш сезім балаға,
Жүректе үміт болғаны.

Есімін айтпай гүлдетпес
Ғашықшыл жүрек асыры.
Ата-анасын іздетпес
Жетімнің дос пен ғашығы.

Жас бала айтқан әңгіме,
Уақыт та кеш боп қалыпты,
Келгендей едік әлгіде.

Эпилог үшін

Түсер ме өмір оңайға,
Демеймін үнсіз тұйықпын.
Өлеңім кетсе әр ойға,
Тағдырдан тәбділ жиі ұқтым.

Әлемге үлгі әйгілі,
Құмарым сыры биіктің.
Жанымды баурап айбыны,
Сұңқардың сырын жиі ұқтым.

Ұраным ойлы мықтылық,
Сыры емес жырым сұйықтың.

Жылт еткен көкте тұп-тұнык,
Жұлдыздың жөнін жиі ұқтым.

Матросов қой көргенім,
Сондықтан мен де биікпін.
Сезімтал кезім ол менің,
Естіген сөзге ұйыппын.

Күмілжіп кейде қалдым ба,
Қозғамай жүрек жарасын;
Майданға жүрер алдында,
Іздепті туған анасын.

Анасын іздеп сенделткен,
Үмітшең біраз күн көрді.
Бомбылап елді бір шеттен,
Соғыс та жетіп үлгерді.

«Лида қайда, ақыным?»
Дегенге жауап айта алман.
Бармады сөзге батылым:
«Оралмай... – деуге... – майданнан».

Өзімді де қылдым зар,
Сыйғызбай ешбір бөлімге.
Махаббат сыйлар үлгім бар,
Қимай да жүрмін өлімге.

Не керек, көкірек, тізіп қой,
Сашаның ол да жұлдызы.
Ғашық боп өткен қызық қой,
Туған ел ғажап бір қызы.

Білерміз,
Құмар қайтады,
Тосумен келер бір хабар.
Мен айтпасам айтады,
Расул жазған тырналар.

Аспанында Еділдің,
Матросов атты тұр жұлдыз.
Сүйіктісі елімнің,
Жұлдыздан жұлдыз... мың жұлдыз...

Сөз термедім амалдан,
Жеңілдік намыс сақтай ма?
Не керек түгел тәмамдап,
Жалғасып қиял жатпай ма?

Алдағы күнге сендірсем,
Жыр жалғар талай бесті асау.
Ол жайлы өлең, мен білсем,
Бітпеуге тиіс ешқашан!

Шарпуы қайтпас жігердің,
Сәулесі болса іңкәрім,
Ағытып мен де жібердім,
Көңілдің жүйрік тұлпарын.

Әдейілеп іздеп тапқанда,
Оңай ма жүрек жалғамау?
Төсімен дзот жапқанға
Дастаным болсын – мәңгі алау!

Қыркүйек, 1978.

Ивановка – Ульяновск – Москва

Екі поэманы оқығанда	3
----------------------------	---

БІРІНШІ БӨЛІМ. Өлеңдер

Өтті ғасыр	9
Әрі сәлем, әрі алғыс	10
Көгілдір өлкем Көкшетау	13
Көкшедегі көрініс	14
Бурабай таны	15
Сәскедегі Бурабай	16
«Шанқай түсте Бурабай...»	17
«Жадымнан шықпас ешқашан...»	18
«Тау ішінде...»	19
«Бурыл тартқан...»	19
«Біреулер жүр...»	20
«Сүйемін, Көкше...»	20
Қайдасыңдар?	21
Сөкпей өтем досымды	22
Көкшетаудың қаласы	23
Көл шетінде кешқұрым	24
Көкшедегі кездесу	25
Қызылжар	27
«Бұлт сүйіп тұр...»	27
Көкшетау театр ашқанда	28
Альбомға	29
«Қатты кетсе...»	30
Тосқауыл	30
Кел, билейік, қарындас	31
Өзгесін көре жатармыз	32
Ғасыр үні	32
Кім асау?	33
Назқоныр	34
Егделік	35
Сағыныштан жаралдым	35
Романс	36
Күзгі романс	36
Немерелер	37
Ұлттық үміт	38
Абылай	39

Көзіне көзім түскенде	41
Қызыл жаға	41
Зиялылық занғары	43
Қасым аға	45
Есенгелді құрылысшының айтқаны	47
Аралдың кездескендер айкасында	47
«Жастық шақпен...»	49
Көңіл ашар	50
Еркін аға ескерткіші алдында	50
Самолеттегі экспромт	52
2000 жылғы Наурыз	52
«Сүйдім де...»	54
Қажыбай әнші тамсантты	55
Мәруа апай	56
Бір сүю	57
«Қай қияға...»	57
Қасқатай берген домбыра	58
Сал домбыра әуені	60
Қалмасын де жүрегіміз салқындап	61
Сырым Хабиевке	63
Айтылмаған әнім бар	63
Ақ тілек	64
Ермек тәтем	65
Риза болдым Тұрханның өнеріне	66
Ақылы мол жігітсін	68
«Ескерткішті...»	69
Кел, Жаңа жыл!	70
Мың-мың алғыс жеңгеме	71
Бажама	72
Жалындай көкке атылды	74
Түсімде	76
Қыз-қыран	77
Дәрігерлер	78
«Келіншек көрдім тамаша...»	79
Талдықорған	80
Мәнгілікке жол тартты	80
Қарт Ұлытау жалғады	81
«Өмірдің ағысына берілмедім...»	82
Ойланшы, құрбым, ойланшы... ..	84
Низамидің тілегі	84
Билейік	85

Жұпар женгей	86
Мақтанайын	87
Сөздердің өзі сөйлейді	89
Жездемнің сыйы	91
Қызыл арша	91
Құдаша	92
Бүлдірген	93
Бұл сайраның қай сайран?	93
Жазықты фотоаппарат	94
Қыңырлық	95
Не керек?	95
«Кетші әрі!»	95
Жидегім	96
Қарымта	96
Суретшіге тілек	97
Оразбекке	97
Ауылдас қыздың сөзі	97
Бәшпай жапқан	98
Жағымпазға ескертпе	98
Сұрақ пен жауап	99
Тың жауап	99
Көрініс	99
Шайхсламның айтқаны	99
Сыншының өкініші	100
Әзілге әзіл дәл келді	100
«Тасушы еді...»	100
Дәм үстінде	101
Кешкі қиял	101
Токсандағы толғаныс	102
Қойбағардың әулеті	103
Мұқаштың әңгімесі	104
Курортта	105
Балдызыма	105
Махбуба	105
Қыздардың қызғанышы	106
Француз әзілі	107
«Қызық кой болашақ...»	107
Ерке қыз	108
«Ару жықпай тілекті...»	108
«Ұрғашы үйрек...»	109
Қойшы ағайдың айтқаны	109

Мода және модельер	110
Токта деме... ..	111
Қырымдағы тамаша	111
Пушкин күндерінде	112
Әбділданың сөзі	113
Жігіт әні	114
Жасыл шам	114
«Немеремді құшкым кеп...»	114
«Күндер өтіп...»	115
Ата болдым	115
Қимай тұрмын	116
Афродита	116
Қуаныш	117
Жана түрі тәртіптің	117
«Қызығар сұлу көрсе...»	118
«Түнде де бар...»	118
Құдашама жауабым	118
Бір мінезің	119
«Мадам Батерфляйға»	119
Бибігүлдің жауабы	120
Қиын жері өмірдің	120
Бір жігіттің өлені	121
Аталықтың амалы	121
Өкініш	122
Альбомға	122
«Шыдашы»	123
Бәйбішенің арманы	123
Қоршаған орта қолдаса	123
Кім Мыржықты күндемес?	124
Бәйбішеме тілегім	124
Немерелер	125
Мұрның күліп... ..	125
Әнуарбек Байжанбаевқа	126
Құрбыма	126
Сенгенім бар	127
Тапқыр келіншек	127
Немерем туған күнгі ескерту	128
Лауазым	129
Бибігүлдің жауабы	129
«Обал-ай...»	130
Әттең, шіркін... ..	130

«Бұзып өтер...»	131
Жабық сыр	131
Немеремнің сақтығы	132
Сен келсеңші...	133
Досыма жауап	133
Өмір сыры	133
Расул Ғамзатовтың жауабы	134
Құдашама	134
Сақтық	135
Заманың түлкі болса...	135
Тарихи шындық	135
...Мен барайын	136
Жеңешем аты – Қамажан	136
«Ақ дидарын бір көріп...»	137
Зейнікешті көргенде	137
Қалымтайдың бастығына айтқаны	138
Дихан аға жауабы	138
Жас ақынның сұрағы	139
Хамит аға айтқан сөз	140
Экономистің ақылы	140
Қос бұрым	141
Өсекшіге	141
Жаналық	141
Нарық-қыз	142
Жаркенттегі құдаша	142
Құдаша неше жылдық болады екен?..	143
«Адам сүйер...»	144
Ауладағы көріністер	144
Орынбекке	146
Үміттену	147
Алты жасар аттасымның өлеңі	147
Сүндет тойы	148
Биағама тың хабар	149
Алпысым	150
Кездесерміз көбірек	151
Автопортрет	151
Мені іздеген	152
«Дос едік-ау...»	152
«Мадонна Литта»	153
Ашық серт	153
Лоранның айтқаны	154

Тығылмақ	154
Театрға жана келген директор	155
Билеп едік	155
Реформатор министр	155
Жүрегіме қатал сын	156
Осы қыз	156
Қорқыту	157
«Кел бері...»	158
Өзгеріс	158
Наталья Николаевнаның сөзі	159
Әйелдердің мінезі	159
Кекесін	160
Сықак	161
Мазак	161
Келемеж	161
Клараға	161
«Сен» деген де...»	162
...Қалмаймын	163
Семейдегі құдағиға	163
Бір бастықтың пәлсапасы	163
Ақын аға айтқаны	164
Тойдағы есеп	165
«Алаңсыз мен де серпілдім...»	166
Шымкенттегі келіншек	166
Ауылдан келген құданың батасы	167
Қасым Қайсеновтің сөзі	167
Сейілбек Түгелбаевтың айтқаны	168
Тұрғанбек Қатаевтың айтқаны	168
Тойдағы экспромт	169
Ғашық болдым	169
Арызым	170
Сырғалым-ау, сырғалым	171
Қайтеді?	172
Орташаға	172
Жеңешеме өсиет	175
Ерен ерлік	175
Қойшы ағайдың айтқаны	176
Ақын сөзі	178
Сенен артық сұлу жоқ	178
Нариман Қаражанның айтқандары	179
Шуға келдік	180

«Таң алыс...»	181
«Еріндерін сүйісуге жаралған...»	182
Шәкірге	183
Құрдастықтың қысымы	183
Мақтайға	184
Досымыздың тәуірі	185
«Адам бойда...»	185
«Ертістің түбі...»	186
Жаңалық керек әйелге	186
Аманжолдың айтқаны	187
Жүз тенге	187
Ескендірге ескертпе	189
Табысым	189
Жігіт сол ғой ең ірі	190
Көпенге	190
Бөркін-ай	191
Қажымұраттың айтқаны	192
Қаудырдың айтқаны	192
Сағындықтың сөзі	193
Көк тарак	193
Дариконың айтқанына қосымша	194
Зәрубай Әбілевтің айтқаны	195
Тығылмақ	196
Шәкір айтқан ақыл сөз	197
Тірідей көргім келеді	197
Бағдат қыз	198
Қос балтыр	199
Сері қыз	200
Нағима	200
Токсандағы шалдың айтқаны	201
Жанатқа айтқан құпия	202
«Прагадағы» сурет	202
Өткірін-ай көзіннің	203
Қикарлық	204
Түсіндім...	205
«Қыздардың...»	205
Ормандағы диалог	205
Ұсақ арман	206
Супер ақсақал	206
«Біздің Бағлан...»	206
Қайтадан орал құшаққа	207

Сырағанның «ашуы»	208
Махмудтың атасының айтқаны	208
Қаражанның айтқандары	209
Жетпісім	209
Қой десем де.....	210
Тайталас	210
Қайраттың шәкірт қызы ән салғанда	211
Біздің ауыл қыздары	211
Тыныштықтың сыңғыры	213
Құдағиды құттықтау	214
Кенжегүлге	214
Көктемді көксеу	215
Сұраған Ерденовтің әні	215
«Жасайды біреу жүз жас...»	216
Нұрия құдағига	217
Тентек Оспан	217
Қос құдағи	218
«Кең көйлекпен қызық ең...»	219
Ұлытаудың құдасы	219
Тойдағы экспромт	221
Тоқмұхамбет Садыковтың айтқаны	221
Жаңыл жеңгеміздің айтқаны	222
Әнші келіндерге алғысым	223
Салт қамшы	224
Кеңес Үшбаевтың айтқаны	225
Автобуста жазылған өлеңдер	225

ЕКІНШІ БӨЛІМ. Поэмалар

Кенесарының соңғы сөзі	239
Үкілі Ыбырайдың абақтыда қалған сөзі	258
Мамырда қар жауғанда	272
Әкеге хат	289
Ақын Тайжан	303
Ғасырға тендес бір мезет	334

КӘКІМБЕК САЛЫҚОВ
ШЫҒАРМАЛАРЫ
ЖЕТІНШІ ТОМ
ТУҒАН ЕЛ ҚҰШАҒЫНДА

ӨЛЕҢДЕР МЕН ПОЭМАЛАР

Жауапты редакторы *Қуат Құрмансейіт*
Техникалық редакторы *Раушан Тұрлынова*
Суретші-дизайнер *Жеңіс Қазанқапов*
Корректоры *Бибісара Рахатова*
Компьютерде беттеген *Динара Кенжебекова*

Басуға 02.07.09. қол қойылды. Пішімі 84х108 $\frac{1}{32}$. Қаріп түрі «Таймс».
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 18,9.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 0147.

ISBN 9965-35-738-2



«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш.Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш.Айманов көшесі, 13